

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒИ,  
ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫ:  
ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

**ӘӨЖ**

**ББК**

Пікір жазғандар:

Сапаров Қ.Т. – география ғылымдарының докторы, қауымдасқан профессор (Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті)

Сұлтанғалиева Г.С. – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)

Бекназаров Р.А. – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті)

Сергеева А.М., Әбденов А.Ж., Мамедов А.М., Сүлейменова Г.Ж., Досмуратов Ф.С. Ақтөбе облысының табиғи, тарихи-мәдени мұралары: қорғау және тиімді пайдалану: – Жоғары оқу орындары студенттеріне, колледж, гимназия, лицей және орта мектеп оқушыларына, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған./

**ISBN**

Ақтөбе облысының табиғи, тарихи-мәдени мұралары: қорғау және тиімді пайдалану мәселелеріне арналады. Кітапта Ақтөбе облысының табиғи, тарихи-мәдени мұралары, оларды қорғау мен тиімді пайдалану мәселелері қарастырылған.

**ӘӨЖ**

**ББК**

**ISBN**

© Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы, 2016



Алғысөз

Кіріспе

**1 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒИ МҰРАЛАРЫ**

1.1 Ақтөбе облысының географиялық орны

1.2 Ақтөбе облысындағы табиғи ескерткіштердің таралу ерекшеліктері

1.3 Ақтөбе облысындағы палеонтологиялық ескерткіштер

1.4 Ақтөбе облысы аумағында өңірлік табиғи парк, табиғат ескерткіші, табиғи нысандар түрлерін ұйымдастыру

**2 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫ**

2.1 Ақтөбе облысының тарихи-мәдени мұраларына жалпы сипаттама

2.2 Ақтөбе облысы бойынша республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштер

2.3 Ақтөбе облысы бойынша жергілікті маңызға ие ескерткіштер

**3 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТАБИҒИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

3.1 Табиғи ескерткіштерді тиімді пайдалану тұрақты дамудың негізгі аспектісі ретінде

3.2 Мәдени және табиғи мұра өңірдің тұрақты дамуының факторы ретінде

3.3 Ақтөбе облысындағы табиғи-мәдени мұраларды туризмде тиімді пайдалану жолдары

ҚОРЫТЫНДЫ

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

## АЛҒЫСӨЗ

Географиялық тұрғыдан қазіргі Ақтөбе облысы XVI-XVIII ғасырда Кіші жүздің құрамында болып, XIX ғасырда Торғай облысының Ақтөбе, Ырғыз, Орал облысының Темір уездерінің аумағын қамтыды.

Қазақ қазақ болғалы, елге қоныс, малға жайылым болған Елек пен Қобда, Жем мен Сағыз, Ойыл мен Қиыл алабы талай тарихтың куәсі болды. Бұл туралы көпті көрген Қашаған жырау:

*Саланың бойы салқын деп,  
Күнелтсін ұрпақ, халқым деп,  
Арқаның кең даласын  
Жайлады қазақ баласы.  
Сырдан төмен кең қоныс –  
Еділ, Жайық, Жем, Сағыз,  
Елек, Қобда саласын,  
Мекенденіп кетіпті,  
Кіші жүздің баласы  
Темірдің басы құба бел,  
Сол жақта қалды бөлініп,  
Әлім аға бөлек ел.  
Еділдің басы – Мыңтөбе,  
Жайықтың басы – Орал тау,  
Електің басы-Есенбай,  
Қобданың басы – Шоңмұрын,  
Жемнің басы – Мұғаджар,  
Ойылдың басы – Ойбұлақ,*

*Қонысқа солай тараған», – деп жырлаған болатын.*

1869 жылдың көктемінен бекініс ретінде салынған Ақтөбенің жаңа тарихы басталды.

Тарихта ешқандай «ақтандақ» болмауы шарт. Қалын жұртшылық, әсіресе жас ұрпақ өз елінің, өз жерінің тарихын басқа емес, өз халқының тарихи санасы тұрғысынан жазылған тарихтан біліп, жадына сақтап өсуі қажет.

Ақтөбе облысында тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізіміне енгізілген 659 ескерткіш бар, оның 9-республикалық, 650-жергілік-

ті маңызы бар ескерткіш болып табылады. Сонымен қатар Абат-Байтақ, Дәуімшар, Қарасақал, Асан-Қожа, «Хан моласы» қорымдары мен Сүндет, Тоқпан мавзолейінің қорғау, құрылыс салуды реттеу және қорғалатын табиғи ландшафты аймақтары анықталып, облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17-сәуірдегі және 2015 жылғы 11-желтоқсандағы шешімдерімен бекітілді.

«Мәдени мұра» ұлттық жобасы аясында Ә.Молдағұлова, А.Жұбанов, Ғ.Жұбанова, Ш.Берсеев, А.Биекенов, Т. Бигельдинов, Ш.Қалдыаяқов, Т.Ахтанов пен Қ.Шаңғытбаевқа, Әйтеке би Бәйбекұлы сияқты көрнекті қоғам, мемлекет, өнер қайраткерлерінің ескерткіштері мен ескерткіш-мүсіндері орнатылды. Ауған соғысы ардагерлеріне, Чернобыль АЭС апатын жоюға қатысушыларға, Ядролық жарылыстан зардап шеккен құрбандары мен Ұлы Отан соғысының құрбандарына ескерткіш белгілер қойылып, аллеялар ашылды. Сонымен қатар Қобда ауданы Жиренқопа ауылында қазақ халқының эпостық қанарманы Қобыланды батырға және Әйтеке би ауданы Қабырға өзенінің Өлкейік өзеніне құяр сағасындағы «Хан моласы» қорымында Қазақ халқының XVIII ғасырдағы даңқты қолбасшысы, сұңғыла саясаткер, көреген мәмілегер, мемлекет қайраткері Әбілқайыр хан Қажысұлтанұлына кесенелер тұрғызылып, мемориалдық кешен және мүзей ашылды.

Тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштерінің Жинағын құрастыру мақсатында облыс аумағындағы тоғыз ауданындағы ескерткіштерге анықтау, сараптау және барлау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде Жинақтар құрастырылып шығарылды. Қалған үш ауданды атап айтқанда Байғанин, Ырғыз және Шалқар аудандарын таяу болашақта аяқтау жоспарлануда.

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған бұл кітап, Ақтөбе облысының табиғаты мен тарихын жас ұрпаққа таныту мақсатында жасалған қадам.

Туған жердің тарихын әрбір азамат жастайынан біліп, санасына сіңіріп өсуі қажет. Қазақстанның, қазақ халқының тарихын толық жазу үшін, аймақтық тарих толық зерттелінуі шарт.

## КІРІСПЕ

Ақтөбе облысы еліміздің солтүстік-батысында орналасқан. Облыс экономикасындағы жетекші салалары болып табылатын қара металлургияның, химия өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының маңызы зор. Сондықтан Ақтөбе облысы өз экономикасын еліміздегі басқа облыстарымен, шетелдермен байланыс орнатып, дамытып келеді. Мұнсыз қазіргі заманғы шаруашылықты серпінді әрі жан-жақты дамыту мүмкін емес. Нақ осы кезеңдегі саяси-әлеуметтік және экономикалық қауырт даму жергілікті жердің табиғат байлықтарына сүйенеді. Оны ұтымды пайдалану ісі мен қорғау ісін қатар жүргізуді заман талабы қажет етіп отыр. Нарықтық экономика жағдайында ойдағыдай жұмыс жүргізу үшін ең алдымен өз облысымыздың тарихы, табиғаты және шаруашылығының өзіндік ерекшеліктерін білуімізді керек етеді.

Ақтөбе облысының шаруашылығын дамытуда өңдеуші өнеркәсіптің жаңа салаларын құру жолымен экономиканың шикізатқа бағыттылығын жою, көлік, байланыс желісін одан әрі дамыту, тауар, валюта рыноктарын тағы басқаларды қалыптастыру процестерін барынша жеделдету міндеті тұр.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жүйесіндегі аумақтық күрделі үрдістердің (шаруашылықтың дамуындағы әртүрлі бағыттар, экономикалық дағдарыстар мен қарама-қайшылықтар, өсу қарқыны, салалық және аумақтық құрылымдық өзгерістер, т.б.) жылдам өзгеруі соншалықты, әлеуметтік-экономикалық, саяси-географиялық ақпараттардың соңынан уақытында ілесіп жүру қиындыққа түседі. Яғни олар жылдам ескіреді немесе ақпараттық жүйелерге жаңа мәліметтердің жинақталуы кешеуілдеп жатады.

Белгілі бір аумақтың табиғат жағдайы мен ресурстар жиынтығы оның табиғи-ресурстық әлеуетін құрайды. Оның құрылымы сол аумақтың, ауданның, мемлекеттің әр түрлі табиғат жағдайлары мен ресурстарының ара-қатынасынан тұрады. Табиғи-ресурстық әлеует деп аумақтың (ауданның, мемлекеттің, экономикалық зонаның) табиғи-ресурстық байлығының тұтас көлемінің құндық мөлшерін айтамыз.

Ақтөбе облысы бүгін Қазақстанның табиғи қорларға бай, белгілі дәрежедегі бәсекелестікке ие және қарқынды даму үстіндегі аймақтарының бірі. Ақтөбе облысы көлемі жағынан Қарағандыдан кей-

ін екінші орында. Ақтөбе облысында жалпы халық саны 711,9 мың адам (2009 жылдың 1-қаңтарындағы санақ бойынша). Облысқа 12 аудан, 410-дей елді мекен кіреді.

Нарықтық экономика жағдайында ойдағыдай жұмыс жүргізу үшін ең алдымен өз облысымыздың табиғаты, тарихы және шаруашылығының өзіндік ерекшеліктерін білуімізді керек етеді. Осы уақытқа дейін жаһандандудың қарқынды дамуы байқалады. Мұндай жағдайда ең бірінші міндет – әлемдік дамудан артта қалмау. Осы бағытта Қазақстанда экономикалық жағдайды жақсартуға байланысты мемлекет саясатында ұзақ және орта мерзімді жоспарлар қарастырылып, нақты шешімдер шығарылуда. Осындай жоспарлардың ішінде 50 ірі бәсекеге қабілетті елдердің біріне айналу бағдарламасы бар. Әрине, міндет ауыр болғанымен экономиканың әр саласын нығайта отырып, қалдықтар мен шикізатты жоғары технологиялық өндірісте қолдану барысында қол жеткізуге болады. Бүгінгі күні, қазіргі заманға сай технологиялармен қамтылған жағдайда жоғары экспортқа шығарылатын өнімдерді өндіру мүмкін емес.

«Ақтөбе облысының табиғи, тарихи-мәдени мұралары: қорғау және тиімді пайдалану» кітабына мәліметтер «Тобыл-Торғай» экология департаментінен, Ақтөбе облыстық табиғи ресурстар мен табиғат пайдалануды реттеу басқармасынан, «Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерватынан, Ақтөбе облыстық гидрометеорологиялық орталығынан, Ақтөбе облысының статистика департаментінен, «Зере Тұр» туроператорынан, облыстық өлкетану мұражайынан, облыстық мұрағаттан, «Ақтөбе облыстық тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы» ММ алынды.

Еліміздің басқа аймақтарындағы сияқты облысымыздағы шиелініскен әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелер көп ретте адамдардың «географиялық факторлардың» ерекшелігі мен орнын жете түсінбеуден пайда болғанын және болатындығын естен шығармау қажет. Орта және арнаулы оқу орындарындағы өз өлкеміздің географиясын барынша тереңдете оқытудың қажеттілігі осыған байланысты. Жергілікті географиялық ерекшеліктерін білу – экономиканың күрделі мәселелерін айыра білуге, облыстағы қазіргі шаруашылық жағдайды дұрыс бағалап, бүгінде саяси дербестік пен тәуелсіздікке ие болып отырған Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ірі өзгерістердің мәнін түсінуге жәрдемдеседі.

Қазір облыс шаруашылығын дамытуда өңдеуші өнеркәсіптің жаңа са-

лаларын құру жолымен экономиканың шикізатқа бағыттылығын жою, көлік, байланыс желісін одан әрі дамыту, тауар, валюта рыноктарын тағы басқаларды қалыптастыру процестерін барынша жетелдету міндеті тұр. Минералды ресурстарды игеруге шетел инвестициясын тарту мен технологиясын пайдалануға үлкен жұмыстар жүргізілуде.

«Ақтөбе облысының табиғи, тарихи-мәдени мұралары: қорғау және тиімді пайдалану» кітабы 3 бөлімнен тұрады. 1-бөлімге Ақтөбе облысының табиғи мұралары арқау болды. 2-бөлімде Ақтөбе облысының тарихи-мәдени мұраларына шолу жасалды; 3-бөлімде Ақтөбе облысындағы табиғи-мәдени мұраларды қорғау және тиімді пайдалану мәселелері талданды.

Ақтөбе облысының табиғи мұраларын саралау барысында Абдулин А.А., Сегедин Р.А., Сотников А.В., Успанов У.У., Новикова А.Г., Стороженко Д.М., Бекмұхаметов М.А., Тюрменко А.Н., Петелина А.М., Агелеуов Е.А., Бөлекбаев З.Е., т.б. ғалымдардың еңбектері өз үлесін қосты.

Ақтөбе облысының тарихи-мәдени мұраларын саралау барысында Әжіғали С.Е., Бекназаров Р.А., Құрманбеков Б.Ж., Құрманбеков Е.Ж., Илиясова Р, Мырзабай Б.Б., Сұлтанғалиева Г.С., Бисембаев А.А., Ізбасарова Г.Б., Мамиров Т.Б., т.б. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Кітапқа ғылыми монографиялар, оқу құралдары, т.б. кеңінен қолданылды. Сондықтан кітап мәтінінде сілтемелер болмағанымен, олар қолданылған әдебиеттер тізімінде берілді.

# 1 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒИ МҰРАЛАРЫ

## 1.1 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНЫ

Ақтөбе облысы – республикамыздың солтүстік-батысындағы көлемді аймақты алып жатыр. Облыс аумағы 300,6 мың шаршы шақырымды құрайды (2009 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша). Аумағының көлемділігі жөнінен еліміздегі облыстар арасынан алдыңғы орындардың бірін иемденеді.

Ақтөбе облысының аймағы солтүстігіндегі Орал маңы үстірттерінен оңтүстіктегі Асмантай-Матай сорлары, Матай құмдарына дейін созылады. Ал батысында Ақтолағай қырқасы, Ақшатау, Доңызтаудан Торғай қолатына дейінгі алапты алып жатыр. Ақтөбе облысының аумағы Еуропа мен Азияда орналасқан. Олардың облыстағы шекарасы Мұғалжар тауларының шығысы, Жем (Ембі) өзенінің арнасымен жалғасады.

Физикалық-географиялық жағдайы жағынан облыстың мынадай ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

- облыс аумағының сейсмикалық салыстырмалы тұрақты болып келуі;
- жер бедерінің басым бөлігінің үстіртті-жазықты болуы;
- Еуразия құрлығының ішкі ауданында орналасқандықтан, климаттық жағдайы қатаң, шұғыл континентті болып келетіндігі;
- аумақтың дала, шөл және шөлейт табиғат белдеулерінде орналасқандығы;
- кен байлықтарының дүниежүзілік және жергілікті жер масштабындағы мол қорларының болуы;
- облыстың оңтүстік бөлігіндегі гидрографиялық желісінің өте нашар дамуы;
- облыс Ресей, Өзбекстан Республикаларының облыстарымен және еліміздің өнеркәсіпті облыстарымен шектес орналасқандығы.

Атап көрсетілген анықтамалардың қай-қайсысы да облысқа тән сипаттарды, белгілерді нақтылы сипаттайды.

Облыс солтүстігінде Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, оңтүстігінде Өзбекстан Республикасының құрамындағы

Қарақалпақстанмен, Қызылорда облысымен; батысында Батыс Қазақстан, Атырау облыстарымен; оңтүстік-батысында Маңғыстау облысымен, ал шығыс бөлігінде Қостанай, Қарағанды облыстарымен шектеседі. Қарағанды облысының Ақтөбе облысымен арадағы шекарасы Жақсықылыш көлінің күнбатысынан басталып, Жыңғылды өзені аңғарына дейінгі сортаңды, құм-төбелі бұйраттармен өтеді. Облыстың шекара бағыттары солтүстіктен оңтүстікке 550, батыстан шығысқа 500 шақырымға созылып жатыр. Облыс аумағы 45°10' - 50°20' с.е. және 53°35' - 64°15' ш.б. аралығында орналасқан.

Облыстың географиялық орнының ерекшеліктеріне байланысты табиғатының сипаты шұғыл континенттік климат, су ресурстарының тапшылығы мен бірқалыпты таралмауы, аридті және семиаридті ландшафтардың басымдылығы анықталған.

Табиғат жағдайының әр түрлілігі облыс аумағының көлемділігімен сипатталады. Облыс аумағының көпшілік бөлігі таулы-қыратты жазық. Солтүстігінде Орал тауының оңтүстік сілемдері орналасқан. Орталық бөлігінде Мұғалжар таулары созылып жатыр.

Облыс аумағының Ресейдің Орынбор облысымен шекаралас болуы шаруашылық жағынан дамуына үлкен әсер етеді. Сондай-ақ іргелес Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Қостанай, Қарағанды, Қызылорда облыстарымен тығыз ішкі экономикалық, т.б. қарым-қатынастары экономикалық-географиялық жағдайының қолайлылығын көрсетеді. Облыстың мемлекетаралық, республикалық көліктік-экономикалық байланыстары шаруашылықтың барлық салаларының кешенді дамуы үшін қолайлы болып отыр.

Ақтөбе облысы батысында Батыс Қазақстан, Атырау облыстарымен, оңтүстік-батысындағы Маңғыстау облысымен бірігіп республикадағы өндірістік қуатты Батыс Қазақстан экономикалық ауданы құрамына кіреді.

Еліміз егемендік алған алғашқы жылдардың өзінде Ақтөбе облысының экономикалық-географиялық жағдайының артықшылықтары, өнеркәсіптің дамуы, оның жаңа рөлін айқындап берді.

Ақтөбе облысының транзиттік жол торабында жатуы, жер бедерінің басым бөлігінің жазық болуы, минералдық ресурстар қорының молдығы, экономикалық-географиялық жағдайының артықшылығы болып табылады.

## 1.2 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТАБИҒИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ТАРАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ақтөбе облысы Жайық, Жем, Елек, Ойыл, Сағыз, Ебейті, Торғай, Ырғыз, Қобда және басқа да өзендер аңғарларының әдемі интразоналдық ландшафтары, олардың өзіндік өсімдік және жануарлар әлемі бар далалық, шөлейтті және шөл ландшафтарын қамтитын әртүрлілігімен сипатталады. Сонымен бірге, жерді ауыл шаруашылық игеру, мұнай-газ және рудалы кен орындарын қарқынды игеру табиғаттың жекелеген компоненттеріне кері әсер етті. Адамдардың табиғат жүйесіне өсіп келе жатқан әсері айтарлықтай үлкен көлемдегі жергілікті табиғи қауымдастықтардың жойылуына, топырақ және өсімдік қабатының бұзылуына, әртүрлі түрлерінің азаюына әкеліп соғады.

Табиғат ескерткіштері қатарына көне заманнан қалған, сирек кездесетін ағаштар мен ағаш топтары, жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлар, шағын ормандар мен тоғайлар, табиғаты жағынан теңдесі жоқ өзен жағалаулары мен аңғарлары, мұз дәуірінен қалған үлкен домалақ тастар, геологиялық шөгінділер, үңгірлер, арасан бұлақтары, сарқырамалар, кейбір көлдер т.б. жатады. Ақтөбе облысының табиғи ескерткіштері көбінесе Хромтау, Қобда, Мұғалжар аудандарында орналасқан (1-кесте).

### 1-кесте. Ақтөбе облысының табиғи ескерткіштері

№	Табиғи ескерткіштер атауы	Орналасқан ауданы
1.	Үйтас	Қобда ауданы
2	Шоқпар орманы	Қобда ауданы
3	Барқын құмы	Ойыл ауданы
4	Көмбетас	Хромтау ауданы
5	Айдарлыаша қимасы	Хромтау ауданы
6	Азбартас	Хромтау ауданы
7	Қарашың	Хромтау ауданы
8	Сарқырама	Қарғалы ауданы
9	Жаманшың кратері	Ырғыз ауданы
10	Ырғыз-Торғай мемлекеттік резерваты	Ырғыз ауданы
11	Ақбота-Сәңкібай шыңы	Байғанин ауданы
12	Ойыншықтау	Шалқар ауданы
13	Көштас-сынтас	Шалқар ауданы

№	Табиғи ескерткіштер атауы	Орналасқан ауданы
14	Төлеубұлақ үңгірі	Мұғалжар ауданы
15	Шуылдақ қимасы	Мұғалжар ауданы
16	Реликті орман (Шевченко ауылының маңы)	Мәртөк ауданы

Ұйтас. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында сақталған 1880-1890 жылдары шыққан карталарда жер-су атаулары бұрынғы қалпында жазылған. Оларда облыс аумағында кездесетін екі ұйтас атауы мен орны көрсетілген. Бірінші ұйтас – қазіргі Хромтау ауданына қарасты Тасөткел елді мекенінің Шот өзені жағасында Екінші ұйтас – Қобда ауданының Қиыл елді мекенінен 20 шақырымдай жерде орналасқан (1-сурет). Қиыл өзенінің шығыс бетіне өтіп, солтүстік бағытқа қарай далада орналасқан. Төңіректе көзге түсерліктей тау-тас көрінбейді. Оншақты шақырым жүріп өткесін жолдың біртіндеп төмендей бастағанын байқауға болады. Биік жарқабақтың кемерінде ұзыннан жиналған шөгінділер ортасында жалғыз киіз үйге ұқсаған үлкен тас бірден көзге түседі. Ойпат деп тұрған орын миллиондаған жылдар бұрын терең теңіздің түбі болғанын байқауға болады.



1-сурет. Ұйтас

Ойпат түрлі өсімдіктер дүниесіне бай. Ұйтас айналасындағы шөгінділер бор дәуірі кезінде толқындар теңізден жағаға үнемі шығарып тастаған жыныстардың жиналуынан пайда болған сияқты. Ғалымдардың пайымдауынша, ертеде Ақтөбе өңірінің жерін екі рет жойқын су басқан. Ең соңғы рет 50 миллион жыл бұрын осы жердегі телегей-теңіз ұзақ тұрып қалып, қайтқан соң сол аймақтардағы жер бедерінің өзгеруіне алып келді. Соның салдарынан Байғанин, Қобда, Ойыл, Мұғалжар, Хромтау аудандарында жойқын су мен күшті желдің әсерінен пайда болған табиғаттың ескерткіштері қалған. Әсіресе, бор дәуірінен жеткендері жақсы сақталған.

Ұйтастың аталуы, геологиялық түзілуі ғылыми зерттеулерді әлі де қажет етеді. Осы ғажайып табиғи ескерткіштердің аталуы түрлі топонимикалық деректерде кездеседі. Мысалы, 1985 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан Б.Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары сөздігі» еңбегінде «Ұйтас – мекен аты. «Киіз үй» көрінісін елестететін жартасты мекендер. Онда тас қорған, обалар, тас мүсіндер де бар. Бұл өңірдің жер бедері негізінен үстіртті, адырлы, төбелі, жазық болып келеді. Ғалымдардың анықтауынша, Ор-Елек үлкен үстіртті аймағы соңғы 50 миллион жыл бұрын теңіз регрессиясына ұшыраған. Бор дәуірінің шөгінділері жағалай қыраттың жиегіне жинала-жинала келе, сан алуан биіктіктерді түзген.

Үйтас тұрған жардың тереңдігі 150 метрдей, кейбір тұстары одан да терең. Сонда толқын лақтырған шөгінділер 150-200 метр биіктікке – бор аралас жардың үстіне жеткені анық. Тынымсыз толқындар шөгінділерді бірінің үстіне бірін қалап, уақыт өтісімен жиналған бор үйінді тасқа айналған. Бордың табиғи қасиеті – су тиген сайын қатая түседі.

Үйтас тұрған төңірек ғалымдар тарапынан зерттелмеген. Кезінде үкіметтің мал жайлауы ретінде пайдаланылғанымен, шаруашылықтар тарап, елде мал басы азайған соң бұл жер ұмытылды. Бор шөгінділерінен тасқа айналған ұтастың бүгінгі биіктігі – 10-15 м, шеңбері – 20-25 м. Қар мен жел, жаңбыр суының әсерінен үгітіліп, шөккен.

Барқын құм Ойыл және Қуырдақты өзендері аралығында, Ойыл ауылының оңтүстік-батысында орналасқан. Аумағы 3,4 мың шаршы шақырым. Шөптесін өсімдіктерден жүзгін, құланқұйрық, құмаршық, жыңғыл, сондай-ақ қарағай да жиі кездеседі. Олар құм көшкінін тоқтату мақсатымен 1873, 1899, 1903, 1907, 1913 жылдары отырғызылған. Бүгінде қарағайлы қалың орман пайда болып шоқ тал, қараған, қара терек, қайың өсіп тұр. Құмның етектеріндегі шалғындарда орхидейдің, шатырлы гүлбұтаның, құртқагүлдің сирек кездесетін түрлері пайда болған. Барқын құмының жер бедер дөңесті және дөңесті тізбекті, кейде барханды кейбір телімдер жазықтық рельефпен сипатталады. Абсолюттік биіктік 100 - 130 м биіктікте ауытқиды. Құмның сумен қамтамасыз етілуі әлсіз, бірақ грунт 3 - 8 м тереңдікте кездеседі.

Ақтөбе облысының аудандары мен елді мекендерінде көз тартар табиғи алқаптар, көңіл мен санада ескермеуі тиіс ескерткіштер, қашан да жадыңнан кетпеуі тиіс тарихи, мәдени орындар аз емес. Мысалы, Ырғыз өңіріндегі белгілі Жаманшың, Хромтау ауданындағы Азбартас, Айдарлыаша геологиялық кесінділерін айта аламыз. Ескіден келе жатқан геологиялық орындар, ел болып ұюдың әр дәуірінен хабар беретін табиғи мен тағылымдық, сабақтастық, яғни елдік үрдістерді жалғайды.

Еліміздегі геопарктердың қарқынды даму мүмкіншілігі бар өлкенің бірі – Ақтөбе облысы. Туризм түрінің жағдайы және даму факторлары: Облыстағы туризм дамуының басты кезеңдерінде, көп қаражат және қиын инфрақұрылымды қажет етпейтін дамытуға тиімді туризм түрі – ормандар, реликті флорасы бар оазистер қызығушылық тудырады. Хромтау ауданындағы Айдарлыаша геологиялық кесіндісі, Мұғалжар ауданындағы Төлеубұлақ үңгірлері, сонымен қатар Байғанин ауданындағы Ақбота-Сәңкібай ақ-борлы таулары туристерді қызықтырады.

Дамытуға қажетті іс-шаралар: Аймақтарды антропогендік күштен қорғап, геологиялық саябақтар құру. Геологиялық туризм саласында мамандандырылған туристік агенттер және операторлар дайындау. Облысымыз табиғи және тарихи ескерткіштерге өте бай. Соның ішінде геологиялық–тектоникалық, жанартаулық, метеориттік, палеонтологиялық – тірі ағза қалдықтарының тасқа айналған түрлері кеңінен таралған. Облыста 12 жерде өлі табиғат ескерткіштері (геологиялық тектоникалық, жанартаулық, метеориттік, палеонтологиялық) сақталған.

Айдарлыаша. Хромтау ауданының аумағында 350 млн. жыл бұрын өткен карбон кезеңінің соңы мен пермь кезеңінің басындағы ежелгі жануарлар мен өсімдіктердің таңбалары сақталған Айдарлыаша қимасы бар. Жер бетіндегі тіршіліктің дамуы туралы толық мағлұмат беретін мекен, оның өзге формасы басқа жерде кездеспейді. Айдарлыаша қимасы 1950-ші жылдардан бері зерттеліп келеді. 1991 жылы әлем ғалымдары пермь жүйесінің 150 жылдығында, осы кезеңге байланысты барлық геологиялық қималарында экскурсиялар өткізді. Ақтөбе облысында 150 жылдыққа байланысты әр елден келген ғалымдар жұмыс жасап, Айдарлыаша қимасы – жердегі өмірдің дамуы туралы, карбон және пермь дәуірлерінен толық мағлұмат беретінін атап айтқан.

Дүниежүзілік маңызы бар «Айдарлыаша» геологиялық ескерткіші Ақтөбе қаласынан 45 шақырым жерде Ақжар ауылының маңында орналасқан (Сурет 2). Шағын өзеннің жағасын қымтай орналасқан, көлемі 3 га болатын, көлденеңі 200 м, ұзыны 1,5 км. Айдарлыаша үлкен сайдың шығыс жақ бетінде созылып жатқан екіге бөліп көрсететін айдар сынды оны екіге бөліп тұр. Аша атауы осы екі өзекекке қатысты болса керек. Табиғаты тарылмаған, сулы жер. Жалпы, 350-360 млн жылға созылған карбон мен 285 млн жылға созылған пермь-палеозой заманының соңғы кезеңдері екен белгілі. Карбонның алдыңғы девон кезеңіне ауа райы ылғалды, әрі жылы болып, алып ағаштар қаулап өсіп, трилобиттер, сауытты жануарлар дәуірлесе, карбонның соңы мен оған ұласқан пермь кезеңінде ауа райы құрғақтанып, бұрынғы тіршілік түрлері бірте-бірте жойылып, жаңа жағдайға бейімделген өсімдіктер мен жәндіктер пайда болды. Карбон мен пермь кезеңдері трилобиттердің құрып біту, қос мекенділердің дәуірлеуі және жорғалаушылардың, бунақденелілердің пайда болып, дамуымен ерекшеленеді. Айдарлыашаның әр кесегінде сол кезеңдердің ізі көрінеді.



2 сурет - Айдарлыаша геологиялық ескерткіші

Айдарлыашадағы ерекшелік осы қиманы зерттеу арқылы жер қыртысының әр кезеңдердегі өзгерістерін, Арал, Каспий маңы, Батыс Қазақстан өңірінің кен байлықтарын, олардың мөлшері, тереңдігі секілді мәліметтерді анықтауға болады. 1996 жылы Қытайда өткен дүние жүзі ғалымдарының Халықаралық геологиялық конгресінде осы қырқада жатқан Айдарлыаша қимасы – бұдан он млн-даған жылдар бұрынғы карбон және пермь дәуірлерінің ізін сақтаған орын ретінде атап өтіліп, әлемде теңдесі жоқ табиғи ескерткіш деп бағаланып, халықаралық геологиялық планетарлық ескерткіштер қатарына қосылыпты.

Шуылдақ. Қазақстан ауқымында көп жағдайда жекелеген фрагменттер (шет-пұшпақтар) түрінде ғана сақталған көптеген көне жанартаулар арасында Оңтүстік Мұғалжар жоталарындағы Шуылдақ (Сурет 3) жанартауы ерекше мәртебеге ие. «Шуылдық» палеожанартаулық кесіндісі Мұғалжар тауының оңтүстігінде Шалқар ауданындағы Шуылдақ өзенінің сол жағасын ұзына бойы 20 шақырым, ені 1 – 3 шақырым жерде созылып жатыр.



3 сурет - «Шуылдық» палеожанартаулық кесіндісі

Мұндағы жете зерттеуге мүмкіндік беретін жанартау сілемдері өзінің бірегейлігімен ерекшеленеді. Бұл сілемдер алғашқы және ортаңғы девон дәуірлерінде (осыдан 350 млн. жылдан астам уақыт бұрын) Орал палеомұхитының түбінде пайда болған. Жанартау әрекетінің қайнар көзі рөлін литосферадағы терең жарылым атқарған және жаңадан қалыптасқан мұхит түбі аталған жарылымның екі жақ қапталына қарай үнемі жылжып отырған. Шуылдақ ауданының бір ауқымды алқап өңірінде (ауданы шамамен 1000 шаршы шақырым) көне жанартауларды сипаттайтын құрылымдық элементтердің барлық түрлері, бойлық бағытта созылған дайкалар (сығылмалар), базальт жамылғылары, гиокластиттер типті жанартау орындары сақталған. Шуылдақ өзеншесінің жағалаулық жарында бойлық бағытта созылған дайкалар (сығылмалар) кешені сақталған, бұлар – жер мантиясына тиесілі тереңдіктерден жоғары көтеріле отырып, литосферадағы жарықтарды иемденіп қатайған магманың сан алуан «тік тұрған» денелерін құрайды. Дайкалар (ағылшынның «dike»–«тас қабырға» сөзінен) мұхит алабы түбінің орталық бөлігін тілгілеген жарық бойына енген мантиялық базальт балқымасының қатаюы нәтижесінде қалыптасқан төмен қарай тік құлайтын қалыңдығы 0,1–3 м аралығындағы тақташа. Олар әдетте бір-біріне жанаса созылады, аракідік бір-бірінен бұрын төгілген базальт ағымдарының шағын бөлікшелері арқылы дара-

ланады. Жекелеген дайкалардың (сығылмалардың) ұзындығы ондаған м-ден аспайды, алайда олар бір-бірін жалғай отырып, ұзақ қашықтықтарға сағаланады. Бұл дайкалар (сығылмалар) девон кезеңі мұхитының «іздері» ретінде бойлық бағытта Орал тауларын сағалай созылады, сөйтіп солтүстік бағытта Қазақстан шекарасын қиып өтеді. Дайкалар (сығылмалар) будасы көбінесе өздеріне тән жолақтар түрінде жер бетінде анық ерекшеленеді, ал мұндай жолақтар дайкаларды (сығылмаларды) жанамалай өсетін дала өсімдіктерінің (көбінесе ақселеудің) тізбектері түрінде айшықталады. Аталған жолақтар әуефотосуреттерде өте әсерлі байқалады, бұл жайт литосферадағы көне жыртылыс орындарын картаға түсіруге айтарлықтай көмектеседі. Базальт жамылғылары – мұхит түбіне төгіліп қатайған лава жайылмалары. Олар көбінесе дөңгелек пішінді лава денелерінен – жекелеген «көпшіктер» жиынтығынан құралады, мұндай «көпшіктер» магма балқымаларының мұхит алабы түбіне сығымдала көтерілуі нәтижесінде пайда болады. Мұхиттың жалпақ жайылған түбі бетінде аталған эллипсоидтармен қатар мөлшері 1-3 м аралығындағы жұқалтай «тасбақалар» да ұшырасады. Ал тік жарлы баурайларда лаврлар піл тұмсығын еске салатын құбыр пішіндес денелер түрінде қатаяды. Олардың көлденең қимасы 1 м-ге дейін, ал ұзындығы 10 м-ге дейін жетеді. Кейде лавалар тасқыны алып тюбиктен сығымдалған тіс пастасына ұқсас денелер құрайды. Кейбір өңірлерде лавалар арасында гиокластиттер – оттай ыстық базальт лавасының мұхит суымен жанасуы сәтінде туындаған қабыршақтардың жұрнақтары болып табылатын базальтты шынылардың сынықшаларынан тұратын таужыныстар ұшырасады. Мұндай сынықша шоғырлары ағымдардың немесе «көпшіктердің» аралықтарын иеленеді, сол сияқты жанартау көмейіне тән қуыс көпшіктердің өзін тоғытады. Лавалар баяу қарқынмен сығымдалған жағдайда гиокластиттер жұмыртқаға ұқсас дербестелмелер түрінде көрініс береді. Бұл жаралымдар жанартау әрекеті орнының жақын маңда орналасқандығын көрсетеді.

Жекелеген жанартау сілемдері лава құбырларының бір-бірінен алшақтау орталықтары түрінде ошарылады. Көпшікті лава ағымдарымен көмкерілген шоқылар көрінісі бұлардан да әсерлі және қомақты болып келеді (Алабас, Жалғызтау, т.б. палеожанартаулар). Бұл құрылымдардың диаметрі 1,5 км-ге дейін жетеді, олар өздерін қоршаған ортадан 80 м-ге дейін биігірек. Бұлар өздерінің барлық көрсеткіштері тұрғысынан қазіргі таңдағы мұхиттардың рифтілі белдемдеріндегі суасты жанартауларымен тетелес құрылымдар. Шуылдақ өңіріндегі көптеген бөлікшелерде мұндай таужыныстар суасты көпшікті базальттары арасында ұшырасады. Көне құрылымның сақталуы бүгінгі таңдағы оған ұқсас мұхиттық рифтілік

белдемдердегі жанартау әрекетінің болмыс-бітімін анығырақ түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай процестердің жай-күйін бүгінгі мұхиттар түбінде қадағалауға ондағы жарықтың жеткіліксіздігі, мұхит түбінің беткі жазықтығы ұйықталғандығы, нақтылы жапсарлардың сирек ұшырасатындығы кедергі келтіреді. Шуылдақ өзенінің аңғарында лава ағымдарының бетін көзбе-көз зерттеуге, жанартау төбесіне көтерілуге ғана мүмкіндіктер туып қоймай, сол жанартауды оның қимасын бұрғылау ұңғымалары көмегімен тесіп өту арқылы зерттеу мүмкіндігі де көп қиындық туғызбайды. Мұның нәтижесінде сөз болған типтегі жанартаулар әрекеті жайлы жаңа мағлұматтар алу мүмкіндігі айтарлықтай артады. Шуылдақ палеожанартаулы ауданы қазірдің өзінде көптеген ғылыми зерттеулер жүргізу және кәсіби экскурсиялар ұйымдастыру аймағына айналып отыр. Жақын келешекте бұл ауданға туристік және ғылыми мақсаттарда жол тарту үрдісі айтарлықтай жандануы тиіс, себебі саяқатшылар мен зерттеушілердің қазақстандық өкілдерінің де, алыс-жақын шет ел азаматтарының да бұл өңірге деген қызығушылығы жыл санап арта беретінге ұқсайды. Осы жайтты ескере отырып, Шуылдақ палеожанартау аймағы – бәсекеге қабілетті геосаябақ [4].

Жаманшың. Ғалымдардың пайымдауынша бұдан 1 миллион жылдай бұрын облыстың оңтүстік-шығыстағы Ырғыз елді мекеніне таяу жерге әлем кеңістігінен алып метеорит құлаған кезде тереңдігі 700 метрей, диаметрі 5,5 шақырым болатын қазан шұңқыр пайда болған. Әлемде теңдесі жоқ, табиғаттың таңғажайып құбылысы болған «Жаманшың» қазан шұңқыры әйгілі геолог-географ ғалымдарының назарын аударып, жан-жақты зерттелді. Жаманшың метеориттік кратері Ырғыз ауданының орталығынан оңтүстікке қарай 40 шақырым қашықтықта орналасқан. Шамамен миллион жыл бұрын бұл мекенге жобамен 36 – 40 млн. тонна ғарыш салмағымен метеорит құлаған. Нәтижеде аумағы 5-6 шақырым, тереңдігі 700 м болатын шұңқыр және кейіннен ғылыми тілмен айтқанда «жаманшиттер» тектиттер «ырғызиттер» деп аталатын төбелер, импактиттер пайда болды. Бұл 1937-1939, 1946, 1957, 1969, 1975-1976, 1980, 1986-1988, 1989 жж. ғалымдар А.Яншин, В.Вохромеев, Е.Бойцов, П.Флоренский, А.Дабажи, Р.Гриев, Д.Гарвин, Д.Шторнер тарапынан жасалған ғылыми зерттеулер кезінде анықталды. Жаманшың – тарих жұмбағы деуге болады. Аталған кратер Ырғыз ауданындағы табиғи қорық болып саналады. Ал таңғажайып құбылыс ретінде туристердің қызығушылығын ұдайы тудырып отырады. Жаманшың кратері Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы аумағында орналасқан. Аудан орталығының оңтүстік-батыс бөлігіндегі 40 шақырым қашықтықтағы бұл жер кезінде Жамантау деп те аталыпты. Жамантаудың ерекше жер екенін байқаған ғалымдар өткен ғасырдың отызыншы жыл-

дарында зерттей бастаған. Негізінде Жаманшың зерттеушілер назарын өткен ғасырдың отызыншы жылдарында аударып бастаған. 1937-1939 жылдары ғалым А. Яншиннің жетекшілік жасауымен осында түсіру жұмыстары жүргізіледі. Геологтар жер бетінен палеозой дәуірінің жыныстарын табады. Жаманшыңның құпияларын табу зерттеуші ғалымдарға тіпті де оңайға түскен жоқ. Сондықтан да бұл жердегі геологиялық жұмыстар 1946, 1957, 1961 және 1963 жылдары одан әрі жалғасын тапты. Өкінішке қарай, олар күткен нәтиже алдан шыға қоймады. Оның орнына қара түсті шлактар, әйнектің ерекше бір түрлері көп кездеседі. Аталған кен үлгілері Мәскеудегі білікті ғалым П. Флоренскийге жіберіледі. П. Флоренский 1975-1976 жылдары Жаманшыңның жарылыстан пайда болған ойпат екендігін ғылыми негіздеді. Осынан табылған ерекше тастарға жаманшит, иргизит деген атаулар берілді. Осыдан кейін барып, яғни 1977 жылдың жаз айында метеориттер жөніндегі комитеттің экспедициясы жұмыс істей бастайды. 1989 жылдың қыркүйегінде АҚШ, Канада, ГФР және Франция елдерінің ғалымдарынан құралған халықаралық экспедиция ұйымдастырылып, Жаманшың әлем назарын аударды. 1 млн-дай жыл бұрын кратер құлаған деп айтады. Жұлдыздар атмосфераның қысымымен түскенде ол 1500-нан 5000 градусқа дейін ыссылықпен түсіп, түскен жерін ойып, кіріп кетеді екен. Сонда ол 700-800 м-ге дейін сіңіп кетуі мүмкін, қазаңшұңқыр пайда болады. Ғалымдар Жаманшыңның шын мәнінде метеорит құлаған орын екендігін, ал әйнек сынды тастар мен кеуектастардың метеорит жарылуы салдарынан балқып кеткен тау жыныстары, яғни, импактиттер екендігін дәлелдеуге тырысты. Импактиттерді жаманшит деп атады. Табылған мөлдір тастарды, яғни тектиттерді иргизиттер деп атады. Бұл бұрынғы совет одағы аумағындағы табылған алғашқы тектиттер болатын. Бұрынғы КСРО елдері аумағында мұндай тектиттер тек Ырғызда ғана кездеседі. Рас, Аустралияда, Чехияда, Словакияда, Филиппинде де тектиттер бар, алайда ол жерлерде кратер болмаған. Осындай тектитті метеорит құлаған жердің табылмағанына таңдаған ғалымдар Жаманшыңды жүйелі түрде зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады. 1989 жылдары кеңестік мамандарды былай қойғанда, Ырғызға АҚШ, Канада, Германия сынды мемлекеттерден де халықаралық экспедиция мүшелері ағыла бастады. Геологиялық барлау нәтижесінде Жаманшың кратерінің метеорит түсуінен пайда болғаны және оның диаметрі 5,5 шақырым, тереңдігі 700 м екендігін нақты анықталды. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, миллиондаған жылдар бұрын жер бетіне аспан денелерінің жаууы салдарынан динозавр, индрикотерий сынды жануарлар қырылып, жер бедері өзгерген. Жер бетінде болған сүтқоректілердің ең үлкені болып есептелетін индрикотерийдің биіктігі бес, ұзындығы 8 м-дей болған деседі. Ол 20-30 млн жыл бұрын тіршілік еткен. XX ғасырдың басында ғалымдар Ырғыз жерінен осы

жануардың сүйегін тауыпты. Жаманшыңның оңтүстігінде Керегешың таулары жатыр. Ал батысына қарай биік жоталар Бөкенбай шоқысына, одан әрі Темірастау, Мұғалжар тауларының тізбегіне жалғасып кетеді.

Төлеубұлақ үңгірлері. Төлеубұлақ үңгірлерінің әдемілігіне сөз жетпейді. Тастары қолмен қалап қойғандай әсем. Әсіресе батқан күннің шапағымен арайланып, алыстан қызартып көрінгенде түрлі мүсіндерге айналады. Күн сәулесінің түсуіне орай Төлеубұлақ үңгірлері біресе көшіп бара жатқан түйелер керуенін көзге елестетсе, біресе бүк түсіп отырған адамның кейпіне ене қалады.

Мұғалжар ауданында табылған Төлеубұлақ петроглифтердің энеолитикалық жасы туралы біз абсолютті сенімділікпен айта алмаймыз. Бұдан да гөрі ертерек мерзім мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды, бұл іс жүзінде іздестіру мүмкін болмайтын ұқсас нақыштамалардың бірегейлігімен байланысты. Бұл жердегі петроглифтер екі жерде орналасқан. Оларды Ембі 1 және Ембі 2 (4 сурет) деп қарастырамыз. Ембі 1 үңгірі шыңды құмдауыттардың ең жоғарғы шөгіндісінің батыс бөлігінде орналасқан. Үңгірдің биіктігі онша жоғары емес (кіре берісте – ең жоғары нүктесінде 70 см). Аумағы – 20 шаршы метр шамасы. Үңгірдің күллі едені әр түрлі типтерге жататын кескіндемелермен көркемделген. Бірдей бейнелеулермен біріккен және алаңы бойынша шамамен тең аймақтарды бөліп қарастыруға болады.



4 сурет - Ембі 1 петроглифтері

Ескерткіштің жоғарғы жағы кесінді параллельдермен және қосалқы параллельдер желісі қатарларымен, сондай-ақ шағын шұңқырлар түріндегі тереңдетулермен жабылған. Орта бөлігі олар арқылы өтетін екі сызықпен тұйықталмаған сопақша фигуралармен толықтырылған. Бейнелеулердің үшінші тобы тостаған ыдыс түріндегі тереңдетулермен ұсынылған. Кейбір шұңқыр тәрізді белгілердің тереңдігі 6 см-ге дейін жетеді, олардың диаметрлері 17-25 см. Мұндай символдар кейбір зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда, Жер бетіндегі ең ежелгілері болып табылады. Ембі 2 петроглифтері «аң стилінде» орындалған. Ембі 2 петроглифтерінде түйе, жылқы

және жыртқыш аңдар: түлкі, қасқыр бейнеленген. Бұл петроглифтер Ембі 1 петроглифтеріне қарағанда бергерек кезде салынған. Бұл петроглифтер облыс аумағында басқа жерде кездеспейді. Төлеубұлақ петроглифтері осы аймақтың ерекше геологиялық туристік нысаны деп айтуға болады.

Ақтолағай үстірті Ақтөбе облысының Байғанин ауданында, оның Атырау облысымен шекарасына жақын маңда, Ақтөбе қаласынан оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай 440 км, Атырау қаласынан шығысқа қарай 250 км қашықтықта орналасқан. Үстірттің адам таңданарлық, тіпті теңдесі жоқ ландшафтысы оны геотуризмнің ең қызығалықты нысандарының біріне жатқызуға толық мүмкіндік береді. Ірі-ірі елді мекендерден қашықтау орналасуы, жол қатынасының нашарлығы экзотикалық табиғаттың шын мәніндегі әуесқойларына кедергі бола алмасы хақ. Ақтолағай нысандарының фотосуреттерін бір көрген адам қашан да оны енді қайта-қайта көруге асығатындығы даусыз. Ақтолағай бор кезеңі пішіндерінің табиғи мұражайы іспетті. «Шахмат Ханшасы(Ақбота-Сәңкібай тауы)», «Титаник», «Құлшар шоқысы», «Алып Бағана», «Сфинкс»... Мұқият іздесеңіз бұл жерден әлемнің ғажайып монументтерінің көшірмелерін түгелге жуық табуға болады.

Ақтолағай – ені 9-10 км, солтүстіктен оңтүстікке қарай 50 км-ге дейін созылып жатқан қырқа. Өзінің жаралу табиғаты мен морфологиясы тұрғысынан алғанда Ақтолағай байырғы үстірт болып табылады, алайда ол әйгілі Үстірт үстіртімен салыстырғанда әлдеқайда кішірек. Ақтолағайдың беткі жазығы оның батыс жапсарында тереңдігі кейде 140 м-ге дейін жететін тік құлайтын кертпешпен шектелген, бұл кертпеште жоғарғы бор-неоген түзілімдерінің бүкіл Орал-Жем мұнайлы облысы үшін тіректі қимасы зерттелген. Кертпеш шатқалдарындағы геологиялық қабаттар бүгінгі Венгрияға дейін көлкіген жылы теңіз түбінде түзілген. Аппақ түсті бор және бор тектес әксай қойнауқаттары миллиардтаған өте ұсақ көне организмдердің қазба қалдықтарынан құралған. Мұнда біршама ірі таснұсқаларды да, мәселен, бор кезеңі акулаларының тістерін, белемниттерді, аммониттердің, тіржандардың, маржандардың, теңіз лалаларының, теңіз кірпілерінің т.б. қазба қалдықтарын да тауып алуға болады. Үстіртті қоршаған гипстенген саздардан тұратын шоқылар да палеонтологиялық қалдықтарды көптеп кіріктіреді және бұлар да біршама әсерлі, себебі олар күн сәулесіне шағыла жалтылдаған гипс кристалдарының шашылымдарымен көмкерілген. Үстіртті қоршаған аймақтардың бедері биіктігі 60-80 м-лік төбелер мен қырқалар түріндегі тұзды күмбездердің күмбезаралық кеңістіктердегі сорлармен және тақырлармен алма-кезек ауысып оты-

руымен сипатталады. Үстіртпен төрт тұзды күмбез жапсарласады, олар Құлдықұдық, Толағай, Шиелісай және Алашақазған күмбездері. Тұзды күмбездер жиі-жиі жарылымдармен оқшауланған әр түрлі пішіндердегі көтерілімдер түрінде көрініс береді. Тереңдіктерде орналасқан ас тұзының қойнауқаттары оларды үстінен жаныштаған қатқабаттар салмағының әсерінен аққыштық қасиетті иеленеді де, әр түрлі жарықтар мен өзге де осал өңірлер арқылы жоғары қарай жылыстайды, осылайша тұзды ядродан тұратын, ал жер бедерде көтерілімдермен сипатталатын арнаулы қатпарлар қалыптасады. Бұл процесс тұз тектоникасы деп аталады. Каспий маңы ойысының көптеген тұзды күмбездері мұнай-газ кен орындарын кіркітіреді. Ұмытылмас ландшафт, палеонтологиялық қалдықтардың алуан түрлілігі және миллиондаған жыл бұрын болып өткен геологиялық процестердің көрнекілігі Ақтолағай үстіртін тек мамандарды ғана емес, барша туристерді де сөзсіз қызықтыратын нысан ретінде даралайды (5-сурет). Әзірге Ақтолағай үстірті бір де бір туристілік жарнама құралдарына енгізілмеген. Алайда үстірттің жаппай туризмінің әйгілі нысаны болу мүмкіндігі ол жөніндегі ақпараттың таралу ауқымына тығыз байланысты екендігін ұғыну қиын емес. Бұл жайт болашақта қажетті инфрақұрылымды жасақтауға және қызмет көрсету сапасын да бірте-бірте сұранысқа сәйкестендіруге мүмкіндік беретін болады.



1 - Ақтолағай



2 - Құлшар шоқысы



3 – Ақбота - Сәңкібай

5 сурет - Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы ақ таулар

Ақбота - Сәңкібай тауы - Миялы құмынан 45 шақырым қашықтықта орналасқан тау Ақбота - Сәңкібай атын иемденген (Сурет 5). Табиғи ескерткіштің өзінде үлкен құпия жатыр. Алып таудың екі шоқысы бар.

Ақбота-Сәңкібай шоқысы. Аңыз бойынша бұл жерде XVII ғасырда өмір сүрген, ақтабан шұбырынды жылдары қалмақтарды Еділ мен Жайықтан асыра қуу кезінде Әжібай би мен Арал батыр бастаған сарбаздарға қолдау көрсеткен Сәңкібай батырдың қызы Ақботаның қорымы жатыр деседі. Байғанин ауданының Қаражар елді мекенінен 40 шақырымдай жердегі борлы тау теңіз деңгейінен 200 м биікте тұр. Аумағы 10 га жерді алып жатыр. Бір қырынан қарағанда шөгіп жатқан бота тәріздес, кейде теп-тегіс жерде тұрған борлы тау су бетінде жүзген аппақ ақ кемеңі елестетеді. «Ақбота-Сәңкібай шоқысы» дүние жүзі геологтары арасында «Шахмат ханшайымы» атауымен белгілі.

Қопа селолық округінен 50 шақырым жерде Азбартас табиғи ескерткіші бар. Азбартасқа барар жолда жер бедері шоқылы болып келеді.



6 сурет - Азбартас

Жолында бірнеше бұлақ көздері кездеседі, әрқайсысының өзіне лайық етіп қойған атаулары бар. Бірінші Айқынбұлақ, Қызылбұлақ (судың түсіне байланысты аталған), Талдыбұлақ, Аққиізбұлақ, Қыдырмабұлақ, Мұхамбетәлібұлақ көздері бар.

Азбартастың әрбір тасы қолмен қаланғандай, үңгірі бар. Жұмбағы көп Азбартастың биіктігі шамамен 11 м, ені 4 м (6 сурет). Табиғи ескерткіштің алып жатқан жалпы аумағы – 100 м. Ақтөбелік белгілі геолог Р.Сегедин: «Азбартас ашық аспан астындағы табиғи ескерткіш, мұндай ескерткіш басқа еш жерде қайталанбайды», - деп жазды. Жергілікті тұрғындар «бұл киелі жер болған, маңайында артық өскен шөп болған жоқ, айналасы тықыр, жерінде гранит тастар жаз айында күнге шағылысып жатқан, кейіннен үңгіріне мал қамап, тастарын қозғағаннан кейін айналасын қалың шөп басып кетті», - дейді. Азбартас келешекте зерттеуді қажет етеді.

### 1.3 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР

Үш ірі геологиялық құрылымдардың Орыс платформасы, Орал қатпарлы жүйесі және Тұран ойпатының қиылысында орналасқан Ақтөбе облысы бірегей геологиялық қиындыларға бай. Геологиялық қиындылар органикалық әлемнің тасқа айналған қалдықтары бойынша жер қыртысының ұзақ уақыт даму жағдайлары мен процестерін көрсететін өткен геологиялық дәуірлердің негізгі құжаттары. Облыста өңірдің қалыптасу кезеңдері және оның жер қойнауы байлығын зерттеу үшін ерекше маңызға ие флора мен фаунаның жақсы сақталған қалдықтары бар бірегей табиғи геологиялық маңызды нысандар бар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қыркүйектегі № 932 «Мемлекеттік табиғи-қорықтық қор объектілерінің тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес Ақтөбе облысы аумағында республикалық маңыздағы мемлекеттік табиғи-қорықтық қорға ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылықты көрсететін жер қойнауы телімдері – бірегей табиғи су нысандары, геологиялық және геоморфологиялық нысандар кірді. Республикалық және халықаралық маңыздағы мемлекеттік табиғи-қорықтық қордың геологиялық нысандар 15 жер қойнауы телімдерімен берілген: Әулие массиві – Ембі қаласынан шығысқа қарай 20-30 км жердегі Әулие жылғасының аңғарындағы жоғарғы девон түзілістерінің жалаңаштануы. Нысан геологиялық зерттеулер мен ғылыми экскурсиялар жүргізуде қызығушылық туғызады. Тікбұтақ жылғасындағы палеогендік және соңғы бор жасындағы өсімдіктер мен жануарлар қалдықтарының бай кен орны – сағасынан 3 және 8,5 шақырымдағы Тікбұтақ жылғасының оң жағалауында орналасқан. ертедегі өсімдіктер жапырақтарының таңбасынан басқа қазынды акулаларды (селяхтардың) көптеген тістері кездеседі. Нысан кәсіби геологиялық-палеонтологиялық зерттеулер үшін қызығушылық туғызады. Ақтасты өзеніндегі төменгі пермь жасындағы цефалопод қалдықтарының бай кен орны – төменгі пермь жасындағы ассельдік, сакмарлық және артиндік жікқабаттарының цефалопод қалдықтарының бай кен орны Ақтасты өзенінен шығысқа қарай 2 км жердегі Жаман Қарғалы өзенінің оң жағасында орналасқан. ұзындығы 2 км шамасында Тілік құмдақтардың алевриттермен және аргилиттермен қабаттасып түсуімен сипатталады. Тіліктегі елеулі маңызды көптеген аммониттерге, тік наутилоидеяларға және бактритоидеяларға бай доломиттенген әктастар алады, олардың арасында брахиоподтар және аздаған фузулиндтер болады. Басаяқты ұлулар, әсіресе, төменгі Пермьнің артиндік жікқабатына

ғана тән аммониттер биостратиграфикалық тұрғыдан маңызды. Аммониттер, фузулинидтер кешендері біртұтас стратиграфикалық шкаласы және барлық Оралдың бірыңғайластырылған өңірлік стратиграфикалық сызбасы бар Ақтөбе Оралмаңын қоса алғандағы көкжиекке дейінгі жікқабаттар тіліктерін салыстыра қарауға мүмкіндік береді.

Ақтөбе қаласынан шығысқа қарай 20 км жерде, Белогорантиклиналының батыс қанатында орналасқан Ақтасты кедертасының төменгі пермь жасындағы сүтекті кедертас әктастары. Кедертас әктастарының денесі Ақтасты өзенінің субендікті бағытының ауысу телімінде орналасқан, мұнда өзен солтүстік және оңтүстік бөлікке бөледі.

Кедертасы әктастар артиндік жікқабаттың сүтекті толқынды-қабатты әктастар көкжиегінде жатыр. Кедертас денесі эрозинді тілікте өзінің орталық бөлігінде 1 км дейін ені болатын 2,5 км меридианды бағытта созылған түзу емес линза көрінетін дене қалыбына ие.

Қазіргі уақытта кедертас денесінің солтүстік, шығыс және батыс бөліктері сақталған, ал оңтүстік бөлігі құрылыс материалдарының карьеріне өңделген. Әктастар күшті карсталған, көбінесе, айтарлықтай жарықшақтары бар мәрмәр тәріздес оникс денесі болады. Оникс, кейде сталактиттер мен сталагмиттер құра отырып, сазды қоңыр темір-сазды материалмен жасалған карстық жолақтарда көрінген. Карьердің жалаңаш қабырғалары кедертастық дененің ішкі құрылысын сапалы зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді.

Бөртебай жылғасындағы әктасты-терригендік қатқабат – девон мен карбон арасындағы шекаралас қабаттардың аса толық қимасының бірі. Астрокодтар, фораминиферлер, конодонттар болатын әктасты-терригендік қатқабат Шалқар ауданы Біршоғыр станциясынан солтүстік-шығысқа қарай 12 км жердегі Шуылдақ өзенінің оң саласындағы Бөртебай жылғасының аңғарында орналасқан. Нысан кәсіби геологиялық-палеонтологиялық зерттеулер үшін қызығушылық тудырады.

Жаманшың шатқалындағы кратер – Ырғыз ауданының оңтүстігіндегі көлемі 7x7 импактілі кратер.

Қызылтөбе қыратындағы олигоцендік жастағы өсімдіктер таңбалары – батыс Мұғалжар маңындағы Құндызды өзенінің сол жақ жағасындағы темір құмдақтар мен алевролиттердегі олигоцендік жастағы өсімдіктер таңбаларының бай орны.

Жалғызтау палеожанартауы – Шалқар ауданында Мұғалжардың оңтүстігіндегі Милыаша өзенінің жоғарғы сағасында орналасқан вулканизмнің арал типтес шлактік конус қалдықтары бар андезитодациттердің ірі, жақсы сақталынған экстрезивтік құрылымы.

Көкжиде құмы – Темір өзенінің ендік бойымен оңтүстікке қарай Жем өзенінің оң жағында, Темір ауданында орналасқан тұщы судың бірегей резервуары. Көкжиде жер асты тұщы суларының кен орны геологиялық құрылымына бор, төрттік және осы заманғы түзілістер қатысқан. Су сыятын түзілістер қуаты 10-12 м дейін болатын түрлі түйіршікті жақсы сіңірілетін құммен берілген. Жер асты суларының минералдануы 0,14-0,48 г/л. Судың толығыуы негізінен атмосфера ылғалының, су тасқыны кезінде су тасқынының сүзгіленуі және борлы түзілістерден жер асты суларының ағып келіп қосылуы есебінен болады.

Оңтүстік Ақтолағай үстірті – кампан, маастрихт, эоцен түзілістерінің тіректі стратиграфикалық тілігі, Байғанин ауданы аумағындағы Ақтолағай қыратында орналасқан.

Оңтүстік Жамантау руда көрінісі – жер бетіне шығып жатқан және Оңтүстік Жамантау тауының басына үйілген Шалқар ауданы Оңтүстік Жамантау тауларындағы бірегей мыс карьерлері бар мыс-магнетитті рудалардың шоғыры.

Әлімбет өзеніндегі серпентиниттік деланж (девон-карбон) - Әлімбет өзенінің оң жағасын бойлай орналасқан субендікті қыраттардың оңтүстік жартастарындағы жалаңаштанған ордалық-силурийлік кездегі жыныстардың ашылуы. Сакмарлық құрылымдық-қалыптық аймақтың батыс бөлігіндегі тектоникалық қабыршақтардың бірін оңтүстік жағынан қоршайды және төменгі орда мен төменгі-орта орда мен силурдің жанартаулық-түнбалы құрылымының терригендік кешенін бөледі. Серпентиниттер қарқынды белдерге бөлінген. Жыныстардың құрамы бойынша көптеген клиптер, блоктар, шойтастар бар. Көгілдір-жасыл ашылымдары бар биік құламалы жағалар көркем бейне береді және туристерге көрсету объектісі болуы мүмкін.

Домбар төбелеріндегі ертекарбондық аммонидтердің жиналған жері – Ақтөбе қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 55 км жердегі Домбар және Алабайтал өзендерінің аралығындағы Домбар өзенінің орта ағысындағы төменгі карбонның әктастардағы аммонидтердің бірегей және бай орны.

Цефалтәріздес фациялар жиналған жерлері жоғарғы висте мен серпуховтік жікқабат генозоны үшін типтес болып табылады. Алғаш рет Руженцев пен Богословскийлер зерттеген (1971ж.). Олар аммоноидеялар бойынша бай осы кен орнын осы топтың эволюциялық даму барысын қалпына келтірді, бұл карбонды стратиграфикалық бөлу үшін негіз болды. Конодонттардың, фораминиферлердің және көне қазбалардың фаунасын кешенді зерттеу және жинау шекара маңындағы интервал жыныстарын литологиялық және седиментологиялық талдау және шекараларының сипатын анықтау үшін үлкен маңызы бар.

Боқтықарын тұзды күмбезі. Төменгі-жоғарғы Маастрихт шекарасы – деректер табылған жоқ.

Шуылдақ палеожанартаулы ауданы – Шалқар ауданының Арыстанбай, Дөңгелек, Ақтоғай қыстаулары, Ысқақ жайлауы ауданындағы Шуылдақ өзені аңғарындағы (ұзындығы 20 км) Мұғалжардың оңтүстік-шығыс бөлігіндегі палеожанартаулы құрылыстар үзіндісі.

Түрлі морфологиядағы лавалар – жастық, құбыр тәріздес, пластты. Көлденең сығымалар, экструзивті-лавалық және гейзерлік құрылымдар.

Республикалық және халықаралық маңыздағы мемлекеттік табиғи қорықтық қордың геоморфологиялық объектілері: Айдарлыаша өзенінің аңғары, Жақсы Қарғалы өзенінің сол жағасындағы карсты ландшафт, сүтқоректілердің сүйек қалдықтарының орны бар Шалқарнұра шыңы.

Айдарлыаша өзенінің аңғары – таскөмір және перм жүйесі шекарасының тірек қимасы, аммоноидтар, фузулинидтер, конодонттар фаунасының орналасқан жері. Қима Новороссийск селосынан (Хромтау ауданы) батысқа қарай 10 км жердегі Айдарлыаша өзенінің оң жақ құламалы жағасында орналасқан. Органикалық қазба қалдықтарының бірегей орны, олар қимада біркелкі бөлінбеген. Қиманың оңтүстік бөлігінде фузулинидтер мен конодонттар басым таралған, аммоноидеялар сирек. Қиманың жалпы қуаты 988 м.

Аммоноидеялар – құрып кеткен басаяқты моллюскілердің қосымша тобына жататын аммониттер. Барлық жер шары бойынша девоннан бордың аяғына дейін белгілі. 1500 жуық түрі бар. Жыртқыштар. Теңіздерде мекен еткен.

Конодонттар – жануарлардың қазба қалдықтары, олардың тұрақты қатыстылығы анықталған жоқ. Кембрийден триасты қоса алғанға шейін-

гі түзілістерде белгілі. Стратиграфиялық палеозойлық түзілістер үшін маңызды.

Фузулинидтер – фораминиферлер жойылған түрі. Таскөмір және пермь кезеңдерінде өмір сүрген. Таскөмір және пермь түзілістерінің стратиграфиялары үшін ерекше маңызы бар.

Айдарлыаша өзенінің аңғары – бірден-бір сақталған қазбал органикалық қалдықтардың бірегей орны. Карбон мен пермьнің шекаралас қабаттарының қимасы белгілі бір жер мен уақытта тірліктің даму деңгейі, климаты, тұнбаның жинақталу жағдайлары туралы ақпарат береді. Қиманың биология, геология, география саласындағы мамандар үшін ғылыми маңызы бар, геология және биология, география мамандықтарының студенттері үшін оқу тәжірибелері мен экскурсиялар өткізу орны, сол сияқты геологиялық туризм үшін объект бола алады.

Жақсы Қарғалы өзенінің сол жағасындағы карстық ландшафтар – Ақтөбе қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 30 км жерде орналасқан, көлемі бірнеше гектар. Карстық жер бедері төменгі Пермьнің кунгур жікқабатының гипс қатқабаттарының дамыған саласында таралған.

Пермь жүйесінің кунгур дәуірі алабы тұздылығының және жағалау желісі сипатының өзгеруін қамтамасыз еткен тұнба тәріздес жаңа жағдайларымен белгілі болды. Бұл ерекшеліктер үш: теңіз жағасының сульфатты-карбонатты-терригендік, сульфатты-терригендік-галогендік және теңіз галогені басым фациялы-түрлі аймақтардың қалыптасуына әкелді. Алғашқы аймақ Ақтөбе облысындағы Аралмаңының жалаңаштанған шығыс бөлігінде таралған хемогендік, сульфаттық және карбонаттық тұнбалардың қалыптасуымен сипатталады, олардың арасында гипс линзаларының қабаттары басым және анықтаушы рөл атқарды. Гипстер жыныстардың барлық комплекстерінің аса әлсізі ретінде, суда ерудегі жоғары дәрежеге ие бола отырып, оңай шайылады және аса жоғары бөліктерден төменгі телімдерге шығарылады, соның нәтижесінде бос кеңістіктер, қуыстар, орлар құрылады, олар жер бетіне шығатын тұнбалы қабаттарда өзіндік карстық жер бедерін қалыптастырады. Карстық жер бедері үшін ой шұңқырлар, шұңқырлар, қазандықтар, үңгірлер тән, олар зерттеушілер үшін де, туристер үшін де қызығушылық тудырады. Мұндай табиғи объектілерді бақылаусыз пайдалану олардың тез бұзылуына және жойылуына әкеліп соғады. Сүтқоректілердің сүйектері қалдықтарының орны бар Шалқарнұра шыңы – Ырғыз ауданындағы Шалқартеңіз сорының солтүстік ернеуі. Бұл олигоцен жасындағы ертедегі мүйізтұмсық-индрикотерийлердің, сол сияқты

басқа да сүтқоректілердің сүйектері қалдықтарының орны. Қуаты 55-67 м болатын свитаның аса толық қимасы Құрсай сайында орналасқан. мұнда үш жікқабат: төменгісі – алевритті-құмдақ, ортаңғысы – сүйек қалдықтары бар сазды-карбонатты және жоғарғысы – құмдақты қабаттар бөліп көрсетіледі. Сүйек қалдықтары бар индрикотерий свитасының сазды-карбонатты жікқабаты ырғақты қабаттар құрылысына ие. Индрикотерийлік фаунаның сүйектерінен басқа тығыз емес бақалшықты әктастардың линзалары (жұқа тұщы сулы гастроподтар), сол сияқты жапырақтар таңбалары бар көмір қабаттары байқалады.

#### 1.4 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДА ӨҢІРЛІК ТАБИҒИ ПАРК, ТАБИҒАТ ЕСКЕРТКІШІ, ТАБИҒИ НЫСАНДАР ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ерекше қорғалынатын табиғи аумақтардың (ЕҚТА) ғылыми негізделген желісі болып биологиялық алуан түрлілікті сақтаудың аса тиімді және оңтайлы түрлерінің бірі есептелінеді, олар тек жекелеген бірегей ландшафтарды немесе экожүйелерді, түрлер мен қауымдастықтарды ғана емес, сонымен қатар, тұтастай алғанда мекен ететін табиғи ортаны да сақтауға мүмкіндік береді.

Облыстың табиғи ландшафтарына антропогендік әсердің жоғары деңгейіне байланысты ЕҚТА жүйесін ұйымдастыру өзекті әрі уақытылы болып табылады. Облыстың табиғи жағдайларының ерекшелігі және жоғары шаруашылық игеру қазіргі жағдайларына және антропогендік бұзылу дәрежесіне қарамастан түрлі табиғи кешендер мен объектілерді ЕҚТА жүйесіне қосу қажеттігін белгіледі.

Ақтөбе облысындағы табиғи әлеуетті пайдаланудың қазіргі жағдайларында өңірдегі экологиялық тепе-теңдікті қолдау және табиғатты пайдалану тәртібін реттеу үшін облыстық деңгейде ерекше қорғалынатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру есебінен ЕҚТА желісін құру ұсынылады. Қазіргі уақытта өзгермеген далалық табиғи ландшафтар іс жүзінде қалмаған далалық аймақта қорғалынатын аумақтарды ұйымдастырудың ерекше маңызы бар. Аумақты ауыл шаруашылығына игеру басқа аймақтармен салыстырғанда ландшафтардың бүліну дәрежесі аса жоғары болуына әкеліп соқты. Табиғи ландшафтардың орнына дәнді-дақылдары, шабындықтары және жайылымдары бар ауыл шаруашылық жерлері кел-

ді. Көшетін құстардың жолындағы облыстың транзиттік жағдайын ескере отырып, ЕҚТА желісіне басты орнитологиялық аумақтарды, сирек және жойылып бара жатқан жыл құстарының түрлерінің жиналатын, ұялайтын және демалатын орындарын қосу ұсынылады. Облыс аумағында өңірлік табиғи парк, табиғат ескерткіші, табиғи заказник сияқты ЕҚТА түрлерін ұйымдастыру ұсынылады.

«Ерекше қорғалынатын табиғи аумақтар туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік өңірлік табиғи саябақ мемлекеттік ұлттық табиғи парк үшін белгіленген тәртіп түрі бар мемлекеттік ұлттық табиғи парктің аналогы болып табылады, сондай мақсаттар қояды және сондай міндеттерді атқарады, бірақ табиғатты қорғау ғылыми мекемесі мәртебесі бар жергілікті маңыздағы ерекше қорғалынатын табиғи аумаққа жатады.

Өңірлік табиғи парктердің негізгі қызметіне табиғи кешендерді, бірегей табиғат телімін, мемлекеттік табиғи-қорықтық қор объектілерін, табиғи және тарихи-мәдени мұраларды сақтау; биологиялық әртүрлілікті сақтаудың ғылыми әдістерін әзірлеу; табиғат шежірелері бағдарламасы бойынша жеке табиғат объектілеріне және экологиялық жүйелерге мониторинг жүргізу; бүлінген табиғи кешендерді, мемлекеттік табиғи-қорықтық қор объектілерін, табиғи және тарихи-мәдени мұраларды қалпына келтіру; экологиялық-ағарту, ғылыми, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда табиғат паркі аумағын және оның қорғау аймағын пайдалануды реттеу жатады.

Облыс аумағындағы Қарғалы су қоймасында өңірлік табиғи парк ұйымдастыру жоспарлануда. Ұсынылған аумақ кішкентай жылғалары мен жыралары, жағажайлары мен көркем сайлары бар өзенмаңы ұсақ шоқысын көрсетеді және бұрыннан жергілікті тұрғындар мен Ресейдің шекаралас аудандарынан келген қонақтар үшін сүйікті демалыс орны болып табылады. Қарғалы мемлекеттік өңірлік табиғи саябағы. Ұйымдастыру себептері – жалпы экологиялық тепе-теңдікті қолдау үшін флора мен фаунаның қызыл кітапқа енген түрлерін және азоналық және интразоналық ландшафтарды, орман шоқтарын, су және су маңы құстарының, аңдардың бағалы түрлерінің (елік, бұлан, қабан, орман сусары, европалық құндыз, суыр) мекен ететін жерлерін сақтау және қалпына келтіру. Аумақты рекреациялық мақсаттарда спорттың қысқы және жазғы түрлерін дамыту үшін жыл бойы пайдалануға болады. Табиғи-қорықтық қордың Қарғалы су қоймасы, Жақсы-Қарғалы өзендері, қатар орналасқан геологиялық (Домбар төбелері, Ақтасты, Ақтасты кедертасы) геоморфологиялық (Жақсы-Қарғалы карстық үңгірлері) объектілері экологиялық және танымдық ту-

ризм объектілеріне қызмет ете алады.

Геологиялық құрылымы – аумақ протерозой мен палеозойдың тұнбалы, жанартаулық, метаморфозды қатқабаттарымен, сол сияқты палеозойға дейінгі, каледондық және герциндік жыныстарымен қалыптасқан Ор-Елек өзен аралығы ауданына жатады. Бұл уақытта суағарлардың тығыз желісімен тілімделген аласа толқынды ұсақ шоқы. Жер бедерінің етегінде төрттік және осы заманғы бос аккумулятивтік түзілістер жинақталған.

Жер бедері салыстырмалы биіктігі 5-25 м құрайды. Су қоймасының жағасы әдемі шығанақтары мен қойнаулары бар құламалы және жайпақ, биік және аласа жазықтық телімдерімен және 300 метрден 400 метрге дейінгі биіктік белгілері бар өзен маңындағы көтеріңкі ұсақ шоқыларды көрсетеді. Аумақ өзен аңғарларымен және уақытша суағарлар аңғарларымен тілімделген. Тегіс жазық беткейлер жыралармен, сайлармен тілімделген.

Климаты шұғыл-континентальды. Жауын-шашын мөлшері 280-300 мм, аязсыз мерзім ұзақтығы 130-150 күн, гидротермиялық коэффициент – 0,8-1,0. Ылғалдылық коэффициенті – 0,40-0,50. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4,5-5,5 сек, солтүстік-батыс бағыттағы жел басым. Ауаның орташа жылдық температурасы +1+2°C, шілдеде +20+21°C, қаңтардағы орташа температура -15-20°C.

Жер бетіндегі сулар: Қарғалы су қоймасы Ақтөбе қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 60 км жерде, Жақсы-Қарғалы өзенінің бас жағында орналасқан. Бөгет жартасты жыныстардан тұрғызылған. Судың жалпы көлемі 186 млн.м<sup>3</sup> құрайды. Су қоймасы 1975 жылдан бері пайдаланылады. Суды босату күзгі-қысқы маусымда 2-3 м<sup>3</sup>/с жазғы маусымда 8-12м<sup>3</sup>/с тәулік бойы жүргізіледі.



*Жақсы-Қарғалы өзенінің аңғары*

Жақсы-Қарғалы өзені – Елек өзенінің оң саласы, өзеннің ұзындығы 114 км. Қуағаш және Көкпекті өзендерінің қосылуынан пайда болады. Өзеннің тұрақты ағысы бар. Қоректену негізінен көктемгі еріген қар суы есебінен, жер асты суымен және күзгі жауын-шашынмен толығу үлесі көп емес. Жер асты сулары кристалл жыныстардың жарықшақ аймағына орайластырылған, 30-75 метр тереңдікте айналады және бұлақтар түрінде жиі жарып шығады. Жақсы-Қарғалы өзенінің аңғарында жер асты сулары 1-ден 18 метрге дейінгі тереңдікте жатыр. Су шығару көкжиегінің қуаты – 5-15 м. судың минералдануы 1-1,2 г/л аспайды. Химиялық құрамында гидрокарбонаты натрий және кальций басым. Минералдануы жоғары сульфатты және хлоридті натрийлі су көп. Толығуы негізінен сутасқыны мерзіміндегі сүзгілену есебінен, жылдың қалған уақытында – атмосфералық жауын-шашынның инфильтрациялануы есебінен, өзен суы молаяды.

Топырақ қабаты сортаңдар аз қоңыр қызыл топырақтың қатысуымен қоңыр-қызыл қарапайым топырақтар таралған. Сортаңды топырақ жоғарғы өзен террасаларындағы еңістіктерде кездеседі. Ерекшелік сипаты сортаңды көкжиектің болуы. Өзендер жайылмаларында аллювиальды-шалғындар, ал еңістіктерде шалғынды-батпақты топырақтар қалыптасқан.

Өсімдік жамылғысында садақбоз (тырса), қызыл боз, бетегебоз басым. Сондай-ақ далада қызыл боз – түрлі шөптерікең таралған. Түрлі шөптер

арасында: қызылбояу, қазтабан, түйнекті қасқыржем, мыңжапырақ және басқалары; шөлге шыдамды түрлер – ақжусан және изен, татар кермегі, мыңжапырақты түймешетен, бот, сораң басым. Қиыршықтасты топырақта қау, садақбоз, қылқұрт, бетеге, сұлыбас және басқалары таралған. жайылмалар мен сайларда шалғындық өсімдіктер: бидайық, айрауық, қоңырбас және түрлі шөптер, орман шоғырла рында қайың, көктерек, тал, терек, итмұрын, тобылғы және басқалары басым өседі.

Жануарлардан далалық түрлер таралған. Сүт қоректілерден түлкі, қарсақ, дала күзені, европалық қара күзен, қабан кездеседі. Орнитофауна көптеген суда жүзетін және су маңы түрлерімен берілген: көкқаз, шиқылдақ, өзен және сүңгуір үйрек, көк тырна, ақбас тырна, дуадақ, безгелдек; ұшып өтетіндер – қызылтамақ қарашақаз, ақбас үйрек, ақкөз қаралаүйрек, ақтырна, сүйрік тұмсықты шалшықшы. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген сирек және жойылып бара жатқан құстардың түрлері: қалбағай, қызылтамақ қарашақаз, дуадақ, ақбас үйрек, ұзын қанат қарлығаш, безгелдек және өзгелері бар. Су қоймасының жағасында, өзендер жайылмаларында және уақытша суағарлар аңғарларында көлбақа, сүйрік тұмсық бақа, тарбақа, орман алқаптарында жасыл бақа таралған. Бауырымен жорғалаушылардан: кәдуілгі дала ешкемер, сұр кесіртке, даланың сұр жыланы, өрнекті абжылан тән. Өзендер мен су қоймаларының жағасында – сужылан, сарыбас жылан, батпақ және Орта азиялық тасбақалар болады. Су қоймасының ихтиофаунасы жергілікті түрлер: шортанмен, сазанмен, мөңке балықпен, табанбалықпен, алабұғамен берілген. Мемлекеттік табиғи ескерткіштер. Табиғи қорық, ұлттық табиғи парк, табиғи резерват, өңірлік табиғи парк, табиғи заказник сияқты ірі табиғи объектілерді қорғаумен қатар экологиялық, ғылыми, мәдени және рекреациялық маңызы бар кішігірім табиғи аумақтарды қорғауға да көңіл бөлу керек. Әдетте, мұндай аумақтар мен объектілер мемлекеттік табиғи ескерткіштер мәртебесін алады.

Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалынатын табиғи аумақтар туралы» Заңына сәйкес табиғаттың мемлекеттік ескерткіші – экологиялық, ғылыми, мәдени және эстетикалық қатынаста жекелеген құнды, бірегей, орны толмайтын табиғи кешендер.

Қорғалынатын объектінің ерекшелігіне байланысты табиғи ескерткіштер геологиялық, палеонтологиялық, ландшафтық, ботаникалық және басқалары болуы мүмкін. Табиғи ескерткіштер аумағында оның табиғи жағдайы мен сақталынуын бұзатын кез-келген әрекетке тыйым салынады.

Ақтөбе облысы аумағында жергілікті маңыздағы 17 мемлекеттік табиғат ескерткіштерін ұйымдастыру ұсынылады (2 кесте).

## 2 кесте. Ұсынылатын мемлекеттік табиғат ескерткіштері

№	Объектінің атауы	Обектінің сипатта-масы	Орналасқан жері	Пайдалану түрі
Геологиялық				
1	Шиелі	Импактілі кратер	Мұғалжар ауданында, Дмитриев кентінен солтүстікке қарай 7 км	Ғылыми экскурсиялар
2	Жылансай	Тұзды күмбез (Импактілі кратер)	Мұғалжар ауданында, Дмитриев кентінен солтүстікке қарай 7 км	Ғылыми экскурсиялар
3	Шәуішке	Төменгі ордовик қабаты мен вендік кезең түзілістері төселетін аса толық шекаралас қималардың бірі	Қарғалы ауданы, Лушниковка селосынан батысқа қарай 5 км, ұзындығы 1,3 км. Шәуішке және Қопа өзендерінің қосылатын жері	Ғылыми экскурсиялар
4	Қуағаш	Кемпірсай ультра-негізгі алабының шығыс бөлігі байланыс аймағының қимасы	Қарғалы ауданы, Бадамша қткнен солтүстікке қарай 9 км, Жосалы селосындағы Қуағаш өзеніндегі бөгеттен теміржол көпіріне дейін	Ғылыми экскурсиялар
5	Шаңдашы	Кемпірсай ультра-негізгі алабының батыс қоршауының байланыс аймағының қимасы	Никельтау станциясынан ОБ қарай 9 км, Шаңдашы өзенінің сағасынан ұзындығы 3,0 км, ағыс бойынша жоғарыға қарай	Ғылыми, экологиялық туризм

№	Объектінің атауы	Обектінің сипаттамасы	Орналасқан жері	Пайдалану түрі
6	Қияқты	Ырғыз өзенінің сол жақ жағасындағы Қияқты алабының аймағы	Әйтеке би ауданы, Аралтоғай кентінен оңтүстікке қарай 21 км, Ырғыз өзенінің сол жақ жағасы	Ғылыми экскурсиялар
7	Доңызтау	Үстірттің солтүстік шыңдарының құламаларындағы палеогендік түзілістер қимасы (Доңызтау), Солтүстік Арал маңының қайталанбас аңдар және өсімдіктер әлемі	Байғанин ауданы, Үстірттің солтүстік шыңы	Ғылыми, экологиялық туризм
8	Солтүстік Александров	Александров селосындағы, тас карьеріндегі перм кезеңі күнгүр және ұфа жікқабаттарының шекарасы	Қарғалы ауданы, Александров селосынан СБ қарай 1,2 км, Жақсы-Қарғалы өзенінің оң жағасы	Ғылыми, экологиялық туризм
9	Батыс-Қызылжар	Қызылжар селосынан батысқа қарай Пермнің қазан және татар жікқабаттарының шекарасы	Қарғалы ауданы, Қызылжар селосынан батысқа қарай 0,5 км, Құндызды сайының сол жағасы	Ғылыми, экологиялық туризм

№	Объектінің атауы	Обектінің сипаттамасы	Орналасқан жері	Пайдалану түрі
Палеонтологиялық				
10	Медес	Мұғалжар және барлық Оңтүстік Орал аумағындағы төменгі ордовиктің трилобиті фаунасының орналасқан жері	Қарғалы ауданы. Медес өзенінің оң жағасы (жылға аңғары және шығыстан қосылатын шоқы), Қосағаш өзенінің сағасынан оңтүстікке қарай 2,0 км	Ғылыми экскурсиялар, Экологиялық туризм.
11	Өрнектассай	Планетарлық маңызы бар жоғарғы девон әктастарындағы кремнийдің бай жері	Хромтау ауданы. Өрнектассай жылғасының аңғарында, Қызылжар жылғасы саласының оң жағасы	Ғылыми экскурсиялар
12	Канкоус	Шағырай үстірті құламасындағы орта олигоцен флорасының орналасқан жері	Шалқар ауданы, Шағырай үстірті	Ғылыми, экологиялық туризм
13	Каракөл	Орта эоценнің лавр, шамшат және басқа да субтропикалық өсімдіктер таңбаларының орналасқан жері	Жем өзенінің бастауы	Ғылыми, экологиялық туризм
14	Романкөл	Жоғарғы палеогендік флора мен фаунаының орналасқан жері	Хромтау ауданы, Бадамша қаласы ауданында	Ғылыми, экологиялық туризм

№	Объектінің атауы	Объектінің сипаттамасы	Орналасқан жері	Пайдалану түрі
<b>Ландшафттық</b>				
15	Ебейті шатқалы	Кембрийге дейінгі және төменгі палеозойдың интрузивтік, метаморфоздық және шөгінді жыныстарының жартастарын көрсететін көркем шатқал	Қарғалы ауданы. Ебейті өзенінің сағасы және оған жақын жатқан сол жақ жағасындағы аңғар	Ғылыми, экологиялық туризм
<b>Ботаникалық</b>				
16	Көктоғай	Сирек кездесетін алма ағаштарының шоғыры	Қарғалы ауданы, Жайық (Орал) өзенінің сол жақ жағасы, Көктоғай аулынан оңтүстік-батысқа қарай 1,4 км	Ғылыми экскурсиялар, Экологиялық туризм.
17	Таңатар	Таңқурай бұталары бар шоғыр	Қарғалы ауданы, Жайық (Орал) өзенінің сол жақ жағасы, Таңатар таулары	Ғылыми экскурсиялар, Экологиялық туризм.

Ұйымдастыру ұсынылған барлық табиғат ескерткіштерінен геологиялық ескерткіштер басым, бұл көптеген жылдар бойғы геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде Ақтөбе облысының аумағы геологиялық жағынан жақсы зерттелгендігімен түсіндіріледі.

Геологиялық жыныстар шөгінді және метаморфозды жыныстар қабатында бейнеленген, климат пен органикалық әлемнің өзгеруінің ықпалымен болған жер қыртысының ұзақ уақыт дамуынан бұрынғы геологиялық жағдайлардың артефакты. Табиғаттың палеонтологиялық ескерткіштері сол дәуірлерде өмір сүрген флора, фаунаның сақталған қалдықтары мен климаттық жағдайларының оларға тән геологиялық дәуірлерінің бөліктерін сипаттайды. «Геологиялық дәуірлер құжаттары»

жер бетінен жойылып кетпеуі үшін ерекше қорғау тәртібі бар табиғи ескерткіштер түріндегі ерекше қорғалынатын табиғи аумақтар құру және олардың аумағын ғылыми және танымдық мақсаттарда пайдалану қажет.

Флора мен фаунаның бағалы және сирек түрлерін мекендеуі және өсіп жетілуінің негізі ретінде бірегей және көркем аумақты сақтау қажет деп танылған ландшафтық және ботаникалық табиғат ескерткіштерін құру ұсынылады.

Облыс аумағында тек экологиялық, ғылыми ғана емес, сонымен бірге рекреациялық қызығушылық та тудыратын табиғи объектілер өте көп екенін атап көрсету керек. Ұсынылған табиғи ескерткіштер тізімі түрлі дәрежедегі ерекше қорғалынатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру кезінде аумақты егжей-тегжейлі зерттеу нәтижесінде толықтырылуы мүмкін. Бірақ табиғи ескерткіштердің бүлінуін, қирауын немесе толық жойылуын шектеу үшін олар орналасқан аумақтарда қолданыстағы заңнамаға сәйкес қорықтық тәртіп орнату қажет.

Қазіргі уақытта мемлекеттік заказниктер табиғи кешендерді қорғауды және аумақты дәстүрлі шаруашылыққа тұрғындар мен табиғи ландшафтар үшін зиянсыз пайдалануды үйлестіруге мүмкіндік беретіндіктен ерекше қорғалынатын табиғи аумақтар аса кең таралған түрлері болып табылады.

Мемлекеттік табиғи заказник – мемлекеттік табиғи қорықтық қордың бір немесе бірнеше объектілерді сақтауға және өсіруге арналған шаруашылық қызметтің тәртібі бар ерекше қорғалынатын табиғи аумақ.

Барлық ұсынылған заказниктер жергілікті тұрғындардың тіршілік әрекетінің жалғыз көзі болып табылатын дәстүрлі ауыл шаруашылыққа игерілетін аумақтарда орналасқан. Сондықтан оларды ұйымдастыруда ауыл шаруашылығы айналымынан қайтып алмай, бірақ шаруашылық қызметін жүргізуді қоршаған ортаға зиян келтірмей жүргізе отырып, заказник тәртібін сақтау ұсынылады. Облыс аумағында жергілікті маңызы бар 13 заказник ұйымдастыру ұсынылады (3 кесте).

3 кесте. Ұсынылатын мемлекеттік табиғи заказниктер

№	Атауы	Типі	Қорғау объектілері	Табиғи аймақ/ қосымша аймақ
1	Қобда	Кешенді	Бірегей ландшафтар, орман шоғырлары. Су және су маңы құстары мен аңдарының мекендейтін жерлер. Бұлан, елік, қабан, құндыз, орман сусары, суыр, құр, суда жүзетін және су маңы құстары. Флора мен фаунаның қызыл кітапқа енген түрлері	Бірқалыпты қуаң дала
2	Ебейті	Кешенді	Бірегей ландшафтар. Қандығаштан, қайыңнан, теректен тұратын орман шоғырлары. Флора мен фаунаның қызыл кітапқа енген түрлері. Бұлан, елік, қабан, құндыз, суда жүзетін және су маңы құстары.	Қуаң дала
3	Мәртөк	Кешенді	Бірегей ландшафтар. Қандығаштан, қайыңнан, теректен тұратын орман шоғырлары. Флора мен фаунаның қызыл кітапқа енген түрлері.	Қуаң дала
4	Озерный (орнитологиялық)		Екі Әйке және Шалқар-Қарашатау телімдерімен. Ұшып өтетін және ұялайтын авиафауна (көкқаз, сыбырлақ аққу, кішкентай аққу, ақбас қаз, қызылсирақ балшықшы, бұйра бірқазан, сүкүзғын; қоныстарда қызғылт бірқазан, жалбағай, қызыл жемсаулы қарашақаз және басқалары ұялайды) үшін аса маңызы бар ұшып өтетін маңызды трансконтинентальдық жолдағы батпақ-көл алқаптары. Мұнда республикалық маңыздағы табиғи-қорық қорының жұмыс істеп тұрған объектісі – Әйке көлі орналасқан.	Құрғақ дала

№	Атауы	Типі	Қорғау объектілері	Табиғи аймақ/ қосымша аймақ
5	Көкжиде-Құмжарған	Кешенді	Республикалық маңыздағы нысан – Көкжиде құмы, аса таза тұщы су резервуары; Құмжарған құмындағы орман алқабы; флора мен фаунаның қызыл кітапқа енген түрлерінің мекендейтін жері; Темір және Жем өзендерінің аңғарларында суда жүзетін және су маңы құстарының ұшып өтетін және ұя салатын жерлері	Шөл дала
6	Орқаш	Кешенді	Орманжәнебатпақты-су алқаптарымен қатарлас орналасқан барқан құмдардың бірегей табиғи кешені. Елік, бұлан, қабан, суда жүзетін және батпақты-су құстары. Құстар қайтқан кездегі демалатын орны.	Құрғақ дала
7	Ойыл	Кешенді	Ландшафтық жазира – Барқан құмындағы бірегей қарағай орманы (1896 ж. отырғызылған), ілесе жүретін жыныстар- терек, үйеңкі, қайың. Ойыл өзеніндегі жайылма орман алқабы. Өңір үшін өте сирек кездесетін ірі ақ-қызғылт гүлдері бар тікенекті кеуел өсетін жерлері бар, борлы Ақшатау тауының таңқаларлық жер бедері. Флора мен фаунаның сирек түрлерінің мекендейтін жерлері.	Құрғақ дала, шөл дала
8	Мұғалжар	Кешенді	Жусанды дала жазықтықтарының, қайың-терек шоғырлары мен қара қандығаштар телімдері сақталынған құрғақ дала ландшафтары. Флора (мұғалжар тақыршөбі, Комаров жоңышқасы) мен фаунаның (дала қыраны, бүркіт, көк тырна, ақбас тырна, тарғақ) сирек, эндемикалық және реликтік түрлері мекендейтін жерлері. Бұланның қыстайтын жері.	Құрғақ дала, шөл дала

№	Атауы	Типі	Қорғау объектілері	Табиғи аймақ/ қосымша аймақ
9	Кіші Борсық	кешенді	Құм алаптарының экожүйесі, флора (Комаров жоңышқасы, Борщов қызғалдағы, жапырақты сораң, жүзгін) мен фаунаның (төрт жолақты абжылан; шұбар күзен, сабаншы, ергежейлі боз қосаяқ, қарақұйрық, шағыл мысығы, дала қыраны, безгелдек, жорға дуадақ, қарабауыр бұлдырық және басқалары) қызыл кітапқа енген түрлері	Шөл дала
10	Үлкен Борсық	кешенді	Құм алаптарының экожүйесі, флора (Комаров жоңышқасы, Борщов қызғалдағы, жапырақты сораң, жүзгін) мен фаунаның (төрт жолақты абжылан; шұбар күзен, сабаншы, ергежейлі боз қосаяқ, қарақұйрық, шағыл мысығы, дала қыраны, безгелдек, жорға дуадақ, қарабауыр бұлдырық, ақбауыр бұлдырық және басқалары) қызыл кітапқа енген түрлері. Қарағай мен сексеуіл отырғызу.	Шөл дала
11	Шырқалы	кешенді	Эндемикалық бор флорасы, жер бедерінің экзотикалық түрлері бар тау жұрнақтарының бор үстірті (бүршік тәріздес төрткөл қалдықтары). Қызыл кітапқа енгізілген флораның (бор зығыры, бор маренкасы) және фаунаның (ірі көрсоқыр, дала қыраны, тазқара, дуадақ, ақбас тырна, тарғақ) жойылып бара жатқан және сирек түрлері	Бос жатқан шөл

№	Атауы	Типі	Қорғау объектілері	Табиғи аймақ/ қосымша аймақ
12	Сағыз	Кешенді	Табиғи әртүрлілік. Құм алаптары мен өзен аңғарларының экожүйесі, флораның, фаунаның қызыл кітапқа енген түрлерінің мекендейтін жері; суда жүзетін және су маңы құстарының қайтып бара жатқанда ұялайтын және демалатын жері	Шөл дала
13	Ақтолағай	Кешенді	Жер бедерінің көркем түрлері бар Ақтолағай бор қырқасы. Оңтүстік Ақтолағай геологиялық объектісі. Флора мен фаунаның қызыл кітапқа енген түрлері	Шөп дала

### **Қобда мемлекеттік табиғи заказнигі (кешенді).**

Ұйымдастыру себептері – табиғи кешендер мен даланың сақталып қалған түрлі шөпті-бозды телімдерін, Кіші Орал үстіртінің бірегей орман шоғырларын, суда жүзетін және су маңы құстарының ұшып өткенде демалуы және ұя салуы үшін қолайлы телімдер ретінде Елек және Үлкен Қобда өзендеріндегі ағаш-тоғайлы қалың нуы бар таяз сулы ескі арналарды, өсімдіктер мен аңдардың қызыл кітапқа енген түрлерінің мекендейтін жерлерін сақтау және қорғау.

Орналасқан жері – Қобда ауданы



*Елек өзеніне құйылатын жердегі Қобда өзені*

*Жер бедері* – екі жайылмасы және екі аккумулятивті террасалары бар өзендер аңғарларының, ескі арналары, тармақтары бар Елек және Үлкен Қобда қос өзенінің аралығындағы Кіші Орал үстірті. Қос өзен аралығының жер беті толқынды, кей жерлері шоқылы. Қырқалардың, жондардың және күмбез тәріздес шоқылардың салыстырмалы биіктігі 50-60 метрге жетеді. Жер бедерінің ең биік белгілері 100-ден 200 метрге дейін. Климаты мұғыз континентті, орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 260-280 мм, аязсыз мерзім ұзақтығы 140-160 күн, гидротермиялық коэффициент – 0,7-0,8. Ылғалдылық коэффициенті – 0,35-0,45. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4,5-5,5 сек, солтүстік-батыс бағыттағы жел басым. Орташа жылдық температура +1,5+2,5°C, шілдеде +21+22°C, қаңтарда -16-20°C.

*Жер бетіндегі су:* Елек өзені қар суымен және жер асты суымен толығады, бұл ағыс тәртібінде анық көрінеді. Көктемгі су тасқыны деңгейінің көтерілуі қарқынды өтеді. 3-10 күн ішінде су деңгейі ең жоғары биіктікке жетеді және 3 күннен артыққа бармайды, сонан соң 4-12 күн ішінде қарқынды төмендеуі байқалады. Мамырдың басында тұрақты сабасы басталады. Өзендердегі жоғары деңгей сең жүргеннен кейінгі

алғашқы күндері байқалады. Көктем басындағы деңгейдегіден жоғарғы деңгей әдетте, 1-3,5 м құрайды, су көп жылдары 5 метрге жетеді. Көктемгі су тасқынында жылдық ағынның 80-90% өтеді. Су тасқыны негізгі бір толқынмен байқалады, кейіннен төменгі саба орнайды. Қысты күндері өзен қатады. Өзендердің еруі наурыздың басында – сәуірдің алғашқы жартысында байқалады және әдетте сең қоса жүреді (1-3 күн). Қардың астынан мұз ашылғанға дейінгі 5-8 күн ішінде су пайда болады. Өзендердегі судың орташа минералдануы су тасыған уақытта 0,2-0,4 г/л, жаздағы ең төменгі саба кезінде 0,7-0,9 г/л дейін артуы мүмкін.

*Жер асты сулары:* жоғарғы бор суы бар кешендерінде, құмдақтас-малтатас және жарықшақты мергелдік-бор тұнба жыныстарында жатыр. Судың химиялық құрамы шұбар, минералдануы 1-1,5-нан 5-7 г/л дейін, су пункттерінің шығыны 1-2 л/с. Су жатқан жердің тереңдігі 10-30 м және одан да көп. Елек, Қобда аңғарларының аллювиальды түзілістерінің сулары таралған. Жер асты сулары жайылмаларда және төменгі террасаларда 0,5-5 м, жоғарыда 15-20 метрге дейін. Судың минералдануы 1 г/л аспайды, құрамы гидрокарбонатты, гидрокарбонатты-сульфатты кальцийлі немесе кальцийлі-натрийлі. *Топырақ жамылғысы* құрамында гумус көп болады. Азот пен фосфорға бай қарапайым және сортаңды қызыл-күрең топырақ таралған. Сортаңды топырақ жазықтық еңістерінде және жоғарғы өзен террасаларында кездесенді. Үлкен Қобда өзенінің аңғарында құрамында гумус 4% дейін болатын аллювиалды-шалғынды топырақ дамыған. Шалғынды топырақтар тар жолақ болып, жиі үзіліп қалады, ені бірнеше ондаған немесе жүздеген метр. Гумустік көкжиек қуаты 30-дан 60 см-ге дейін ауытқиды. Өсімдік жамылғысы ақжусан, қара жусан, бұталар, садақбоз (тырса), қызыл боз, бетегебоз басым болатын даланың қызыл боз – түрлі шөптерімен, шымқабатты астық тұқымдастармен – түрлі шөптермен берілген. Түрлі шөптер арасында: қызылбояу, қазтабан, түйнекті қасқыржем, мыңжапырақ және басқалары; шөлге шыдамды түрлер – изен, татар кермегі, мыңжапырақты түймешетен, сораң басым. Жайылмаларда, сайларда, ескі арналарда шалғындық типтегі өсімдіктер тараған: бидайық, айрауық, шалғын қоңырбасы, сібір, ешкі, күл тал бұталарымен бірге түрлі шөптер берілген. Орман тоғайлары қайың, көктерек, көне түрдегі және бұталы тал, итмұрын, тобылғы және басқалары өседі.



*Қобда өзеніндегі жылым*

Жануарлар әлемі далалық және тоғайлық түрлермен берілген. Сүт қоректілерден: қабан, түлкі, қарсақ, дала күзені, европалық су күзені, құндыз, аққалақ мекендейді. Орнитофауна көптеген суда жүзетін және су маңы түрлерімен: көкқаз, шәукілдек, өзен және сұңгуір үйрек, көктырна, ақбас тырна, дуадақ, безгелдек берілген. Ұшып өтетіндерден – қызылтұмсықты қарашақаз, ақбас үйрек, ақбас қарала үйрек, жұқа тұмсықты шалшықшы, ақтырна кездеседі. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген, сирек және жойылып бара жатқан құстардың түрлерінен: қалбағай, қызылтұмсықты қарашақаз, қара үйрек (турпан), дуадақ, ақбас үйрек, безгелдек, ұзынқанат қарлығаш және басқалары бар. Қосмекенділер: өзендер жайылмасында, ескі сайлар жағасында көлбақа және сүйіртұмсық бақа, кәдуілгі тарбақа таралған, орман алқаптарында жасыл құрбақа мекендейді. Бауырымен жорғалаушыларға: дала агавасы, сұр кесіртке, даланың сұр жыланы, өрнекті абжылан тән. Өзендер мен су қоймаларының жағасында – су жылан, сарыбас жылан, батпақ және Орта Азиялық тасбақалар болады. Ихтиофауна жергілікті түрлермен: мөңке балығы, табан, алабұғадан таралған.

### **«Ебейті» мемлекеттік табиғи заказнигі (кешенді)**

*Ұйымдастыру себептері* – аумақты қарқынды шаруашылық игеру кезінде кездейсоқ сақталып қалған түрлі шөп-жусанды даланың эталондық телімдерін; қайыңнан, қандыағаштан, теректен тұратын далалық аймақтың бірегей шоғыр ормандарын; флора мен фаунаның қызыл кітапқа енген түрлері мекендеген жерлерді, Жайық, Ебейті, Теректі өзендерінің аңғарларындағы көркем телімдерді сақтау. Аңдардың кәсіптік түрлері: бұлан, елік, қабан, құндыз, суда жүзетін және су маңы құстары мекен ететін жерлерді; құстар қайтып бара жатқанда демалатын және ұя салатын жерлер ретінде тоғайды және ағаш-бұта өскіндерін; көптеген археологиялық нысандарды – қола дәуірінің қорғандары мен көне мекендерінің қалдықтарын; республикалық маңыздағы объектілеру – ордалық-силурийлік кездегі жыныстардың ашылуын – Әлімбет өзеніндегі серпентиндік меланжды қорғау.

*Орналасқан жері* – Қарғалы ауданы



*Ебейті өзенінің орта ағысындағы таспалы орман аңғарлары бар өзен маңындағы ұсақ шоқы*

*Жер бедері* – жер бедерінің жоғарғы белгілері 300-400 м болатын және салыстырмалы артықшылықтары 25 метрден аспайтын Жайық өзенінің солтүстік жағалауының өзен бойындағы ұсақ шоқы. Аумақтық көп бөлігі тегіс-ұсақ шоқылы. Қиялай еңкейген ұсақ тізбектер мен бөктерлер оларды құрайтын жыныстардың құрылуына сай бойлық бағытта бағдарланған. Аумақ Ебейті, Теректі, Сырғалы өзендерінің аңғарларымен және уақытша суағарлармен тілімделген. Аса жоғары жағы жоғарғы белгілері 400-422 м болатын аумақтың батыс бөлігінде еңістердің тізбекті Жер бедері және жазық суайрық үстірттері айқын көрінеді. Мұнда тізбектер мен айдар тәріздес шыңдар сақталынған. Оңтүстік және шығыс бөлігінде толқынды тегіс телімдер көрінеді.



*Ебейті өзені алабындағы өзен маңы ұсақ шоқысы*

*Климаты* шұғыл континентті, жауын-шашын мөлшері 280-300 мм, аязсыз мерзім ұзақтығы 130-150 күн, гидротермиялық коэффициент – 0,8-1,0. Ылғалдылық коэффициенті – 0,40-0,50. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4,5-5,5 сек, солтүстік-батыс бағыттағы жел басым. Орташа жылдық температура шілдеде +20+21°C, қаңтардағы орташа температура -19-20°C. *Жер бетіндегі су:* Жайық өзенінің сол жағындағы Ебейті, Қалымбай, Теректі сағаларымен және уақытша суағарлармен берілген. Өзендер ба-

сым бөлігінде қар суымен толығады, жаңбыр мен топырақ суының үлесі елеусіз. Көктемде су еріген кезде жылдық ағынның 87% дейінгі су өтеді. Өзендердегі мұздың тұрақты қатуы қарашаның ортасында басталады және 140-тан 160 күнге дейін созылады. Өзендердегі судың орташа минералдануы су тасыған уақытта 0,2-0,4 г/л, жаздағы ең төменгі саба кезінде 1 г/л дейін артуы мүмкін.



*Ебейті өзеніндегі жылым*

*Жер асты сулары* конгломератты-құмдақтыға, әктасқа, жоғарғы девон-төменгі карбон доломиттеріне орайластырылған жарықшақты-карсты, сирегірек жарықшақты. Су 30-дан 120 метрге дейінгі тереңдікте жатыр. Судың минералдануы 0,8-1 г/л, көбінесе гидрокарбонатты кальций немесе араласқаны басым. *Топырақ жамылғысы* зональдық кең таралған қара топырақты. Оңтүстігі қалыпты, аз қалыптасқан карбонатты қара топырақпен берілген; бір тектес және жазық телімдер жер өңдеу үшін толық дерлік игерілген. Өзендердің жайылма алқаптарында, түрлі еңістіктерде жиі кездесетін сортаңдар мен шоқылардағы толық қалыптаспаған қара топырақ аз таралған. Сортаңды қара топырақтар қарапайым қара топырақ арасында ақтаңдақ болып кездеседі немесе сортаңмен бірге құрылады. *Өсімдік жамылғысы* садақбоз (тырса), қызыл

боз, бетегебоз басым болатын даланың қызыл боз – түрлі шөптерімен, шымқабатты астық тұқымдастармен – түрлі шөптермен берілген. Түрлі шөптер арасында: қызылбояу, қазтабан, түйнекті қасқыржем, мыңжапырақ және басқалары; шөлге шыдамды түрлер – ақжусан және изен, татар кермегі, мыңжапырақты түймешетен, бот, сораң басым. Орман шоғырлары қара қандыағаштан, жабысқақ қандыағаштан, қайыңнан, көктеректен, бұталар: итшомырттан, ұшқаттан, қарағаннан, қарақаттан, тобылғыдан, шәңкіштен, түрлі шөптер: бүлдіргеннен, шалғын бедесінен, шайқурайдан, жұпаргүлден, шалғын қырықбуынынан, қара бүлдіргеннен, шатыраштан және басқаларынан тұрады. Қызыл кітапқа енген түрлері – жабысқақ қандыағаш, Комаров жоңышқасы, Талиев гүлкекіресі, Мұғалжар тақыршөбі. *Жануарлар әлемінен* далалық түрлер таралған. Дала ландшафтары үшін көктырна, ақбас тырна, қызғыш, қарала шалшықшы, шалшықшы торғай, тарғақ, шәукілдек, күйкентай, дуадақ, бүркіт, лашын, дала қыраны, дала, шалғын ителгісі және басқалары тән. Орман жадырақ торғайы, бау сандуғашы, көк сандуғаш, содырғы, көк және кішкентай шыбыншы торғай, кәдуілгі және ашушаң шыбыншы торғай, көк тағанақ, бозторғай (түз, дала, кішкентай, мүйізді, қара, аққанат бозторғай), шақшақайлар (кәдуілгі, биші, шөл дала) және түз жадырақ торғайы тән. Өзендер жайылмасы мен су қоймаларының жағаларында отүйрек, италаүйрек, барылдауық үйрек, көк үйрек, шүрегей, қызыл тұмсықты сүңгуір үйрек, ақмаңдай қаз және т.б. бар. Ұшып өтетіндерден – жұқа тұмсықты шалшықшы, ақтырна кездеседі. *Сүт қоректілер:* Эверсман атжалманымен, орман, түз және қаптесер тышқандармен, зорман, кішкентай саршұнақтармен, өзендер жайылмаларында кәдуілгі аламанмен және өзгелерімен берілген кеміргіштер аса көп. Жыртқыштардан қасқыр, түлкі, аққалақ, сасық күзен мекендейді. Қамыстарда су тышқаны, қабан жүреді. Бұлан, елік кездеседі. *Қосмекенділер:* өзендер жайылмасында, көлдер жағасында және уақытша суағар аңғарларында көлбақа және сүйіртұмсық бақа, кәдуілгі тарбақа таралған, орман алқаптарында жасыл құрбақа мекендейді. *Бауырымен жорғалаушыларға:* дала агавасы, сұр кесіртке, даланың сұр жылан, өрнекті абжылан тән. Өзендер мен су қоймаларының жағасында – су жылан, сарыбас жылан, батпақ тасбақасы болады. *Қызыл кітапқа енген түрлерден:* төрт жолақты абжылан, европалық су күзені, шұбар күзен, дала қыраны, қарақұс, ителгі, көктырна, ақбас тырна, безгелдек, тарғақ, дуадақ.

### «Мәртөк» мемлекеттік табиғи заказнигі

*Ұйымдастыру себептері* – далалық аймақ үшін тән табиғи кешендер мен эталондық учаскелерді сақтау. Қайыңнан, қара қандыағаштан, теректен, қарағайдан тұратын далалық аймақтың бірегей шоғыр ормандарын; флора мен фаунаының қызыл кітапқа енген түрлерін, бұлан, елік, қабан, құндыз, суырлар, суда жүзетін және су маңы құстары мекен ететін жерлерді қорғау. Мұнда үшінші дәуір жұрнағы – қырыққұлақтың жалғыз орны бар.

*Орналасқан жері* – Мәртөк ауданы



### Қырыққұлақ

*Жер бедері.* Аумақтың көп бөлігі жоғарғы белгілері 300-400 метр болатын бөктерлі-төбелі жазықтықпен берілген. Өзендердің күрделі тармақтарының желісімен тілімделген жазықтықтың жоғарғы бөлігінің кей жерлері түрлі кескіндердегі аласа төбешіктермен күрделенген. Суайрықтары шегіндегі шамамен алғанда орташа артықтық 20-дан 35

метрге дейін, сұайрықтарының жоғарғы белгілері 200-ден 360 метрге дейін ауытқиды. Жоғарғы бөлігі биігірек және Қиялы-Бөрте өзендерінің салаларының аңғарларымен тілімделген. Аласа төбешіктер мен бөктерлер жазық түрге ие. Тек өзендер мен уақытша суағарлар ғана өз аңғарларында жоғарылығы 2-ден 6 метрге дейінгі эрозиялық кертпештер құрады.

*Климаты* шұғыл континентті, жауын-шашын мөлшері 280-300 мм, аязсыз мерзім ұзақтығы 130-150 күн, гидротермиялық коэффициент – 0,8-1,0. Ылғалдылық коэффициенті – 0,40-0,50. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4,5-5,5 сек, солтүстік-батыс бағыттағы жел басым. Орташа жылдық температура +1+2°C, шілдеде +20+21°C, қаңтардағы орташа температура -17-19°C.

*Жер бетіндегі су:* Жайық-Қиялы-Бөрте (Күшікбай, Абдан, Таранғұл, Жосасай, Үңгір салаларымен) өзендерінің солтүстік салаларымен және Бөрте (Қарағаш-1, Қарағаш-2, Таранғұл) өзенімен және көптеген бұлақтардан бастау алатын ұсақ уақытша суағарлармен берілген. Өзендердегі су жыл бойына тұщы, құрамы гидрокарбонатты-кальцийлі.

*Өзендер* елеусіз, ені 3-20 м, тереңдігі 1-2 м. Ағысының жылдамдығы 2 м/сек артпайды. Жайылмалары кең емес, ашық, ағаш-бұта және шалғын өсімдіктері өскен. Жағалары, әдеттедей, еңіс, бірақ кейде құламалы, 2-6 метрге дейін, 10 метрге дейін сирек кездеседі. Ұсақ өзендер мен уақытша суағарлардың көпшілігі су қоймасын құрайтын бөгеттермен бөлінген.

*Жер асты сулары:* құмдақтармен, құмайтастармен, гравелиттермен берілген төменгі пермь триасының терригендік және сульфатты-терригендік түзілімдеріне орайластырылған. Жер асты сулары жарықшақты және жарықшақты-карстылы типте. Жер бетіне шығар жерлерінде қысымсыз, қырқалар етегінде, өзен аңғарларының еңістерінде бұлақтар құрайды немесе еңіс жерлерде 10-12 метр, сұайрықтарында 100-140 метр тереңдікте. Сульфатты натрий басым, кейде гидрокарбонатты натрий құрамы бар 0,2-2,5 г/л минералданған тұзы аз және тұщы су кең таралған. Қиыршық тас пен малтатас және нашар цементтелген құмтастары бар жоғарғы триас-юра жыныстарында құрамында гидрокарбонатты, сульфатты натрий немесе кальций болатын 0,3-тен 2 г/л дейін минералданған тұзы аз және тұщы су қалыптасады.

*Топырақ жамылғысы* аумақта қара топырақтаралған. Оңтүстігі қалыпты, карбонатты қара топырақты; бір тектес және жазық телімдер жер өңдеу

үшін толық дерлік игерілген. Өзендердің жайылма алқаптарында кездесетін сортаңдар мен шоқыларда толық қалыптаспаған қара топырақ аз таралған. Сортаңды қара топырақтар қарапайым қара топырақ арасында ақтаңдақ болып кездеседі немесе сортаңмен бірлесіп құрылады.

*Өсімдік жамылғысы.* Аумақта садақбоз (тырса), қызыл боз, бетегебоз басым. Далада қызыл боз – түрлі шөптер, шымқабатты астық тұқымдастар таралған. Түрлі шөптер арасында: қызылбояу, қазтабан, түйнекті қасқыржем, мыңжапырақ және басқалары; шөлге шыдамды түрлері – ақжусан, көкжусан және изен, татар кермегі, мыңжапырақты түймешетен, бот, сораң басым. Орман шоғырлары қара қандыағаштан, жабысқақ қандыағаштан, қайыңнан, көктеректен, еменнен, қарағайдан; бұталар: сынғыш итшомырттан, итмұрыннан, ұшқаттан, қарағаннан, қарақаттан, тобылғыдан, шәңкіштен, түрлі шөптер: бүлдіргеннен, шалғын бедесінен, шайқурайдан, жұпаргүлден, шалғын қырықбуынынан, қара бүлдіргеннен, шатыраштан және басқаларынан тұрады. Аумақтағы өсімдік жамылғысында облыс үшін сирек кездесетін өсімдіктер түрлері: қырыққұлақ – үштік дәуір жұрнағы; ірі басты көкбас, ирек тісті алабұта, жоңғар сылдырмағы және басқалары бар.



Қайың орманы

*Жануарлар әлемі.* Өзендер жайылмаларында, көлдер жағасында және уақытша суағарлар аңғарларында көлбақа, сүйірік тұмсық бақа, тарбақа, орман алқаптарында жасыл бақа таралған. *Бауырымен жорғалаушыларға:* кәдуілгі дала ағавасы, сұр кесіртке, даланың сұр жылан, өрнекті абжылан тән. Өзендер мен су қоймаларының жағасында – су жылан, сарыбас жылан, батпақ және Орта азиялық тасбақа болады. *Құстар:* көктырна, ақбас тырна, қызғыш, қарала шалшықшы, шалшықшы торғай, тарғақ, шәукілдек, күйкентай, дуадақ, бүркіт, лашын, дала қыраны, дала, түз, шалғын ителгісі және басқалары тән. Далада орман жадырақ торғайы, бау сандуғашы, көк сандуғаш, содырғы, көк және кішкентай шыбыншы торғай, кәдуілгі және ашушаң шыбыншы торғай, көк тағанақ, бозторғай (түз, дала, кішкентай, мүйізді, қара, аққанат бозторғай), шақшақайлар (кәдуілгі, биші, шөл дала) және түз жадырақ торғайы мекендейді. Өзендер жайылмасы мен су қоймаларының жағаларында отүйрек, италауірек, барылдауық үйрек, көк үйрек, шүрегей, қызыл тұмсықты сүңгуір үйрек, ақмаңдай қаз және т.б. таралған. Ұшып өтетіндерден – жұқа тұмсықты шалшықшы, ақтырна кездеседі. *Сүт қоректілер* негізінен далалық түрлермен берілген. Орман, түз және қаптесер тышқандармен, зорман, кішкентай саршұнақтармен, өзендер жайылмаларында кәдуілгі аламанмен және өзгелерімен берілген кеміргіштер аса көп. Жыртқыштардан қасқыр, түлкі, қарсақ, аққалақ, сасық күзен мекендейді. Қамыстарда су тышқаны, қабан жүреді. Бұлан, елік кездеседі. Қызыл кітапқа енген түрлерден: европалық су күзені, шұбар күзен, балықшы тұйғын, дала қыраны, дала күйкентайы, безгелдек, ақсұңқар, үкі және басқалары таралған.

### **«Озерный» мемлекеттік табиғи заказнигі (орнитологиялық)**

*Ұйымдастыру себептері* – ұшып өтетін және ұялайтын авиафауна үшін аса маңызы бар ұшып өтетін маңызды трансконтинентальдық жолдағы батпақ-көл алқаптарын қорғау. Көкқаз, сыбырлақ аққу, кішкентай аққу, ақбас қаз, қызылсирақ балшықшы, бұйра бірқазан, сүкүзғын; қоныстарда қызғылт бірқазан, жалбағай, қызыл жемсаулы қарашақаз және басқалары ұялайды. Мұнда облыстық маңыздағы табиғи-қорық қорының жұмыс істеп тұрған объектісі – Әйке көлі.

*Жер бедері* – аумақ Торғай құрылымдық-денудациялық жазығына жатады. Жер бедері өзендер аралығына тән жекелеген тау жұрнақтары болатын тегіс жазықтыққа ие. Биік жерлері 250-280 м-дей ең төменгі жерлерін Арал теңізі алабындағы ертедегі суағарлар аңғарларының үзінділерімен берілген және солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа созылып жатыр. Олар

ертедегі суағар жылғалар ізімен бойлық бағытта тартылған, тұйық көлдерге мол. Осы көлдер арасында ірі, көбінесе кеуіп қалатын көлдер көп.

*Климаты* шұғыл континентті. Жауын-шашын мөлшері 280-300 мм, аязсыз мерзім ұзақтығы 130-150 күн. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4,5-5,5 сек, солтүстік-батыс бағыттағы жел басым. Орташа жылдық температура шілдеде +20+21°C, қаңтардағы орташа температура -17-19°C.

*Гидрологиясы.* Арал теңізі алабына және ішкі ағынсыз өңірге жатады. Өзендер қар-жаңбырмен толығады. Тұрақты ағуы қар еріген және көктемгі жаңбыр кезінде ғана байқалады. Суы тұзды және ащы-тұзды болатын кішігірім таяз өзендер көп. Аса ірі көлдері Әйке, Бұлақкөл, Қаракөл, Шалқар-Қарашатау, Соркөл.

*Жер асты сулары:* жоғарғы олигоценнің кең таралған құмдарымен және төрттік аллювийлі, көлдік, эолдық түзілістермен байланысты. Түрлі түйіршікті, көбінесе, жұқа және ұсақ түйіршікті кварц құмдары, құмайт және саз басым болатын біркелкі жайылмаған қалыңдығымен көрінеді. Аумақтың көп бөлігінде суы бар жыныстар жоғарыға шығады. Суы бар түзілімдер қуаты әртүрлі. Жер асты сулары 1-ден 15 м-ге дейінгі, кейде 20 м-ге дейінгі тереңдікте жатыр. Атмосфералық жауын-шашынның және еріген судың іркіленуінен толығады. Жер асты суларының қозғалысы өзен аңғарлары мен көлдерге қарай бағытталған. Су негізінен гидрокарбонатты немесе сульфатты-гидрокарбонатты.

*Топырақ жамылғысы.* Сортаң далалық шалғынды-күрең топырақпен үйлесімділіктегі карбонатты және сортаңды қара-күрең топырақ. Сортаңды топырақ жазықтық еңістерінде және көлтабандар маңында таралған. Карбонатты топырақ күшті тілімделуімен және гумустық көкжиектің күшті жарықшақтығымен ерекшеленеді. Ірі көлдер маңында сортаңды шалғындық қара топырақпен үйлесімділіктегі шалғынды-дала сортаңымен бірге шалғынды сортаң топырақ күшейген.

*Өсімдік жамылғысынан* боз-бетегелі, тырса-жусанды, бетегелі-бозкең таралған. Астық тұқымдастардан қылқұрт (тырса), бетегебоз басым. Шалғынды шөптерден арпабас, шалғын түлкіұйрығы, бидайық, айрауықтар таралған. Бұршаққаптардан: жоңышқа, атбұршақ, мия және басқалары өседі. Тұзды көлдер маңында – қамыс нуы және гидрогаллофильді шалғынды түрлі шөптер, көл маңы террасаларында – жартылай гидроморфтық жартылай бұталар және бұталар қауымдастығы бар.



«Озерный» табиғи заказнигі.

*Жануарлар әлемі.* Көлдер жағаларында және уақытша суағарлар аңғарларында көлбақа, сүйрік тұмсық бақа, тарбақа, сужылан, сарыбас жылан, батпақ және ортаазиялық тасбақалар таралған, орман алқаптарында жасыл бақа таралған.

Мұнда суда жүзетін және су маңы құстарының негізгі ұшу жолдарының бірі өтеді: ұшып өтетіндерден көкқаз, көкүйрек, барылдауық үйрек, отүйрек, бізүйрек, шүрегей, сұңгуір шүрегей, қызыл тұмсықты сұңгуір үйрек, сарыайдар үйрек, сұңқылдақ аққу, сыбырлақ аққу және басқалары кездеседі. Ұя салатын құстардан дала қыраны, қарабауыр бұлдырық, қолаңтөс, қарақұс, ителгі, жорға дуадақ және басқалары тән.

*Сүт қоректілерден* кеміргіштер өте көп: кіші саршұнақ, тұз тышқаны, аламан, дала алақоржыны, суыр және басқалары. Мұнда елік, аққоян, орқоян, байбақ, қарсақ, сасық күзен, шықылдақ таралған. Қызыл кітапқа енген түрлерден: дала қыраны, безгелдек, жорға дуадақ, қарабауыр бұлдырық, ақбас тырна және басқалары бар.

### «Орқаш» мемлекеттік табиғи заказнигі

*Ұйымдастыру себептері* - Орқаш шатқалының құм төмпешіктеріндегі бірегей орман алқаптарын (жапырақты және қарағай), батпақты-су алқаптарымен араласқан шағыл құмдарының бірегей табиғи кешендерін сақтау. Батпақты-су құстарының мекендейтін жерлерін және құстар қайтқан кездегі жыл құстарының тоқтайтын жерлерін, флора мен фаунаының қызыл кітапқа енген түрлерін қорғау.

*Орналасқан жері* – Мұғалжар ауданы.



Орқаш шатқалындағы бекітілмеген құмдар мен қарағай орманы

*Геологиялық құрылымы.* Аумақ мезозой мен кайнозойдың саздақты және құмды-саздақты жыныстарынан тұрады. Жазықтыққа қосылатын құмдар, малтатастар мен қиыршықтастар қосындысы бар құмдақтар мен саздақтар бордың, палеогеннің түрлі жыныстарында шайылып жатыр. Эолды алқаптардың болуы қазіргі уақытта үзілуге ұшыраған ерте- және орта төрттік кездегі аллювиальды түзілімдерді қалдырған ертедегі өзен аңғарларының көлемі мен жағдайын көрсетеді.

*Жер бедері.* Аумақ уақытша суағарлармен, сайлармен және кең жыралармен, төбелі-жонды жазықтықпен қатар жатқан төмпешікті жартылай бекітілген құмдар алабы бар. Биік жерлері – 300-400 м. Құмдар жартылай бекітілген және бекітілмеген. Жақын жатқан жазықтық тегіс, еңіс әрі, нашар тілімделген. *Климаты* шұғыл континентті. Жауын-шашынның от-

аша жылдық мөлшері 200-240 мм; аязсыз мерзім ұзақтығы 160-180 күн. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4,0-4,5 сек, оңтүстік, оңтүстік-шығыс бағыттағы жел басым. Орташа жылдық температура +3,0+6,0°C, қыста -20-22°C.

*Жер бетіндегі сулар* Ащысай және Шиелі өзендерінің бастауларымен, кішігірім көлдермен, уақытша суағарлармен тілімденген. Ірі көлдері – Сабындыкөл, Ащыкөл, Қамыстыкөл.



*Тоғай-шалғынды өсімдіктері бар көлдер*

Эол түзілімдеріндегі жер асты сулары төбешіктер астында 0,5-1 метрден еңістік жерлерде 5-15 метрге дейінгі тереңдікте жатыр. Үзілген және нашар бекітілген құмдарда құрамы 0,1-ден 1 г/л дейінгі гидрокарбонат немесе сульфаты-гидрокарбонатты кальций немесе натриймен минералданған жер асты сулары қалыптасады. Көбірек минералданған сулар (2-3 г/л) бекітілген құмдар қабатында жатыр, құрамы сульфаты-гидрокарбонатты, натрийлі.

*Топырағы.* Құмды және ашық қызыл қалыпты топырақ таралған. Құмдарда генетикалық көкжиектер анық көрінбейді. Жер асты сулары жақын жатқан жерлерде шалғынды-батпақты топырақ қалыптасады. Шалғынды-батпақты топырақ арасында ауыр механикалық құрамның әртүрлілігі басым.

Өсімдігі жусанды-бозды, шөлдің жартылай бұталары таралған. Далалық бірлестіктің басым түрлері: көде, тырса, боз, шөл және жыңғыл тәріздес бидайық. Шөл бірлестіктерінде ақжусан, майқара, сортаңды жусан, алабота, итсигек, көкпек және басқалары өседі. Бірегей орман алқаптары қайыңнан, көктеректен, қарағаш, қарағайдан және шалғынды түрлі шөптерден тұрады.



*Орқаш шатқалындағы қайыңнан тұратын орман алқаптары*

Еңістігі батпақты жерлерде орман қырықбуыны кездеседі. Облыс үшін сирек кездесетін өсімдік – батпақ қалқаншасы, шытырлақ өседі. Осы жерде Қазақстанда өте сирек кездесетін қызыл кітапқа енген түр – жәндік қоректі өсімдік, шымтезекті (сфагнумды) батпақтарды, кейде дымқыл құмда өсетін шықшылдық өседі. *Жануарлар әлемі.* Бауырымен жорғалаушылар негізін шөл даланы мекендейтін: Орта Азиялық тасбақа, шиқылдақ, көк және сидамсаусақты кесірткелер, тақыр, құлақты және домалақбасты құйқылжық, дала ешкемері, аусыл, жылдам және шығыс айдаһарлары және оқжылан құрайды. Уақытша суағарлар аңғарларында, көлдерде – көлбақа және сүйірітұмсық бақа, тарбақа болады. Құстар – бозторғай, шөл дала және бишікеш шақшақайлары, балшықшы тырна және сарысағақ шүрілдек, дала қыраны, қарақұс, ителгі, кәдуілгі күйкентай және т.с.с. кездеседі. Осы жерден суда жүзетін және су маңы құстарының ұшып өту жолдарының бірі өтеді. Құстар қайтқан уақытта (сәуір-мамыр,

тамыздың соңы мен қазан) құстардың саны өседі. Ұя салатын құстардың арасынан дала қыраны, қарабауыр бұлдырық, қолаңтөс, қарақұс, ителгі, ақбас тырна, жорға дуадақ және басқалары тән. Сүт қоректілерден ең көбі тарақ құйрық сарышұнақпен, кішкентай қосаяқпен және Северцов қосаяғымен, құмтышқанмен және басқаларымен берілген кеміргіштер тобы болып табылады. Бұл, елік, қабан мекендейді. Кеміргіштер мен құстар соншалықты көп жерде түлкі, қасқыр, күзен таралған.

### **«Көкжиде-Құмжарған» (кешенді) мемлекеттік табиғи заказнигі**

*Ұйымдастыру себептері* – өңірдегі елді-мекендер мен вахталық кенттерді ауыз сумен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын Батыс Қазақстандағы ең таза тұщы су резервуарын қалыптастырудың негізгі республикалық маңыздағы бірегей, маңызды объектісі – Көкжиде құмының табиғи кешенін сақтау. Құмжарған құмымен Жем өзені аңғарының арасындағы бірегей көнезамандық таспалы орман алқабын сақтау. Мұнда құстардың қайтар жолында ұя салатын, демалатын орны ретіндегі басты орнитологиялық аумақ орналасқан: белгілі Үстірт киіктерінің маусымдық миграциялық жолы өтеді.

*Орналасқан жері* – Мұғалжар ауданы.

*Жер бедері.* Жартылай бекітілген құм өзен бойымен кең жолақ болып тартылып жатыр, құмның айтарлықтай алаңы бекітілмеген. Төмпешіктер ретсіз орналасқан, кейде қысқа тізбектер құра отырып, бірінің соңынан бірі тартылады. Ембі (Жем) өзенінің және оның салалары – Темір, Атжақсы өзендерінің аңғарларымен, Құмжарған, Талды уақытша суағарларының сайларымен, жылғалармен және жыраларымен қиылысатын біршама көтеріңкі нашар тілімделген жазықтық. Жем өзенінің оң жағында көне заманғы ұяшықты, жартылай бекітілген және жылжымалы Көкжиде құмы және бекітілген және жартылай бекітілген Құмжарған құм төмпешіктерінің алқабы орналасқан. Құм төмпешікті-ұяшықты, құм төбелердің биіктігі 4-8 м, еңістігі жайдақ.



*Қамысты-ағаш-бұта өсімдіктері бар Құмжарған құм алабындағы төмпешікті-ұяшықты телім*

Төмпешіктер тізбегі әртүрлі бұрыштарда бөлінеді және кейде орталықтарында ұяшықты құрылым құра отырып, іс жүзінде тіке қиылысады. Еңістіктердегі төмпешік-ұяшықтар арасында ылғалданудың ерекше жағдайы салдарынан еріген және жаңбыр суы конденсатының жиналуының тұйық жүйесі қалыптасады. Ұяшықтардың көлемі мен тереңдігіне байланысты оларда бұталы-ағашты қауымдастықтар қалыптасады. Құмжарған алабының ірі ұяшықтарында қамыстан шет жағында ағаш-бұтаға дейін өсімдіктердің шеңберлі қауымдастығы құрылады.

Құмжарған алабындағы құм төмпешіктерінің еңістерінде теректер мен көктеректердің табиғи таралуы байқалады.

Көкжиде алабының солтүстік-батыс бөлігіндегі бекітілген және нашар бекітілген құм төмпешіктер таралған.

*Климаты* шұғыл континентті. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 200-240 мм; аязсыз мерзім ұзақтығы 160-180 күн; гидрометриялық коэффициенті 0,5-0,6; ылғалдану коэффициенті 0,20-0,30. Желдің орташа

жылдық жылдамдығы 4,0-4,5 сек, оңтүстік, оңтүстік-шығыс бағыттағы жел басым. Орташа жылдық температура шілдеде +23+24°C, қаңтарда -15-19°C.

*Жер бетіндегі сулар* Жем өзенімен және оның салалары бар. Өзендер Мұғалжар тауының батыс беткейінен басталады және Атырау облысындағы Каспий теңізінен шамамен 5 км-дегі сортаң арасында батпаққа айналады. Тек су көп болған жылдары ғана Каспийге дейін жетеді. Өзеннің ұзындығы 712 км, су жинау көлемі 40,4 мың км<sup>2</sup>. Өзенге ұзындығы 30 км астам 12 саланы келіп құяды. Олардың арасында аса ірілері ұзындығы 212 км болатын Темір өзені. Су тасқыны кезінде судың минералдануы 0,18-0,20 г/л, ал бас жағындағы сабасында 0,65 г/л, ағыстың төменгі жағында кейде 1,0 г/л жетеді, 1 г/л асатын кезі сирек. Өзен саласы ирелеңдеген. Жағалары кей жерде жайпақ, кей жерлерде тік жартасты. Тереңдігі 0,5 м өткелдер өзеннің барлық бойынан табылады. Толығуы – қардың еруі есебінен болады. Желтоқсанның басында қатады, наурыздың соңында ериді. Су жайылған кезде орташа деңгейден 1,5-2,0 м көтеріледі, бірақ 5-7 күн ішінде түседі.

*Жер асты суына* қуаты 10-15 метрге дейін болатын ұсақ және орта көзді құмның эолдық түзілістеріне орайластырылған. Олардағы су еңістіктерде 0,5-1 метрден төмпешіктер астында 5-15 метрге дейін жатыр. Жыл бойына олардың деңгейі айтарлықтай ауытқушылыққа ұшырайды. Құмдардағы судың қайтуы жоғары емес – 0,01-ден 0,3 а/к дейін ауытқиды. Өзен маңы жолақтарында су шығыны 0,4-0,6 а/к дейін артады. Үзілген және нашар бекітілген құмдарда минералдылығы 0,1-ден 1 г/л дейінгі гидрокарбонатты немесе сульфатты-гидрокарбонатты натрийлі жер асты суы айналады. Одан гөрі минералданған сулар (2-3 г/л) бекітілген құмдар қабатында жатыр, құрамы сульфатты немесе сульфатты-гидрокарбонатты натрийлі. Жем өзені аңғарындағы сулар жайылыста 0,5-5 м және төменгі террасаларда 15-20 метр тереңдікте жатыр. Құрамы көбіне гидрокарбонатты, гидрокарбонатты-сульфатты кальцийлі немесе кальцийлі-натрийлі, минералдануы 1-2 г/л.

*Топырақ қабаты* құммен және гумустың аз болуымен және құрылымының нашар болуымен, гумустік көкжиек қуатының аздығымен ерекшеленетін ашық-қызыл топырақпен берілген. Құмдардағы генетикалық көкжиек анық байқалмайды. Дегенмен, жоғарғы қабатта гумус біршама жиналады (0,1-0,2%).

*Өсімдік қабаты* шөл даланың жартылай бұталарымен және далалық бос шымқабатты және тамырлы өсімдіктермен берілген, жусанды-боз және

жусанды-бетегелі кешен басым. Далалық қауымдастық өсімдіктері: бетеге, тырсық, тырса, боз, шөл бидайығы және тарақ тәріздес бидайық, жусан, аласа қараған бұталары. Далалық қауымдастықтарда ақжусан, майқара, сортаңды жусан, алабота, итсигек, көк және басқалары басымдыққа ие. Жырмалар мен эрозиялық еңістерде шайқурай және түйесіңір, сирек тісті шаршыгүл, жабайы қасқыржем, қояншөп және басқалары өседі.

*Өзендер* аңғарларында жиыңылды және бұталы тал, татар ұшқаты, итмұрын, ақ жыңғыл тұратын тоғайлар, сол сияқты жиде, қаратерек, талдың көне түрлері таралған. Шөптен айрауық, жағалау қамысы, ботташық, австралия қамысы, шалғын қоңырбасы, Комаров жоңышқасы, сиырбұршақ, мия және басқалары кездеседі.

Құмжарған құмының оңтүстігіндегі орман алқабында: қайың, көктерек, терек, шаған, жиде, көне түрдегі және бұталы талал, әртүрлі орман шөптерінен итмұрын, шалғын атбұршағы, сынғыш сасықшөп, кәдуілгі талқурай, сары маралоты, дәрілік торғайшөбі, ботакөз, су қымыздығы және басқалары бар.

*Жануарлар әлемі.* Бауырымен жорғалаушылар негізін 12 түрмен: Орта Азиялық тасбақа, шиқылдақ, көк және сидамсаусақты кесірткелер, тақыр, құлақты және домалақбасты құйқылжық, дала ешкемері, жылдам және шығыс айдаһарлары және оқжылан шөл дала кешені құрайды. Аса көптері құлақты және батбат кесірткелер. Шөл далаға кішкентай бозторғай, шөл дала және бишікеш шақшақайлары, сарыторғай, балшықшы тырду және сарысағақ шүрілдек, дала қыраны, қарақұс, ителгі, кәдуілгі күйкентай және т.б. тән.

*Құстар* қайтқан уақытта (сәуір-мамыр, тамыздың соңы мен қазан) олардың саны көбейеді. Бұл жерде суда жүзетін және су маңы құстарының ұшатын жолдарының бірі өтеді. Құстардың суға тәуелділігіне байланысты олар мамырдың соңы мен маусымның ортасына дейін тұрақтауы мүмкін. Ұя салатын құстардың арасынан дала қыраны, қарабауыр бұлдырық, қолаңтөс, қарақұс, ителгі, ақбас тырна, жорға дуадақ және басқалары тән. Сүт қоректілерден ең көбі тарақ құйрық сарышұнақпен, кішкентай қосаяқпен және Северцов қосаяғымен, құмтышқанмен, секіргіш қосаяқпен және атжалманмен берілген кеміргіштер тобы. Қызыл кітапқа енген түрлерден: төрт жолақты абжылан; шұбар күзен, алып соқыртышқан, сабаншы, дала қыраны, ақбас тырна, безгелдек, жорға дуадақ, қарабауыр бұлдырық бар.

Өзендер жайылмаларында, уақытша суағарлар аңғарларында көлбақа және сүйіріктұмсық бақа, тарбақа болады.

### **Ойыл мемлекеттік табиғи заказнигі (кешенді)**

Ұйымдастыру себептері – табиғи кешендерді сақтау, 1873, 1899, 1903, 1907 және 1913 жылдары отырғызылған Барқан құмындағы бірегей қарағайлы орман алқабын; әдемі талдардан, теректен, үйеңкіден, қарағаштан, жеміс ағаштарынан және бұталардан тұратын жайылмалы орманды қорғау. Суда жүзетін және су маңы құстарының ұшып қайтқан кезде мекендейтін және ұя салатын жерлерін, жыл құстарының тұрақтайтын жиналатын жерлерін, флора мен фаунаның қызыл кітапқа енген түрлерін, өңір үшін сирек кездесетін ірі ақ-қызғылт гүлдері бар тікенекті кеуел өсетін жерлері бар борлы Ақшатау тауының таңқаларлық жер бедерін; аңдардың кәсіптік түрлерінің: қабанның, борсықтың, түлкінің, еліктің, ақкістің, құрдың және өзгелерінің мекендейтін жерлерін қорғау.

*Орналасқан жері – Ойыл ауданы*



*Барқан құмды алабындағы қарағайлар*

*Жер бедері* – Ойыл өзенінің аңғарларымен және Барқан құмымен бірге Төменгі Орал үстіртімен қосылатын, биік жерлері 100-ден 200 м-ге дейін жететін жайпақ толқынды денудациялық жазықтық. Жер беті жет-

кілікті дәрежеде тығыз аңғарлы-сай желілерімен кішкентай су бөлетін алқаптарға тілімделген. Жазықтық батысында және оңтүстік батысында 75-100 м-ге дейін төмендейді. Тұз төбешіктер дамыған аумақта олардың көтеріңкі қанаттарында айқын көрінетін асимметриялық беткейлер мен жер бедерінің куэсталық-қырқалық түрдегі куэсталық қырқалар дамыған. Су айыратын үстірт пен куэсталық қырқалар елеусіз тілімделген, биіктіктер амплитудасы 3-5 метрден аспайды. Жер бедері түрінің негізгі назар аударарлығы – бекітілген және жартылай бекітілген Барқан құмының реликтік алабы, Ойыл өзенінің аңғары және Ақшатау тауы. Құм алқабы Ойыл өзенінің аңғарында орналасқан, төбешікті, төбешікті-қырқалы және барқанды, барқанды-қырқалы құмның және тегістелген толқынды телімдердің үйлесімділігімен ерекшеленеді. Қырқалардың биіктігі 1,5-нан 4 метрге дейін, кейде одан биік. Төбешіктер ретсіз орналасқан, кейде қысқа қырқалар құрады.



*Жартылай бекітілген құммен шекарадағы Барқын алқабының қарағай шоғырлары*



*Куэсталық беткейлері мен өзен аңғарлары және көкжиекте Ақшатау алқабы бар жайпақ еңкіш жазықтық*

*Климаты* шұғыл континентті. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 237 мм шамасында; аязсыз мерзім ұзақтығы 160-180 күн; гидротермиялық коэффициент 0,5-0,6; ылғалдылық коэффициенті 0,20-0,30. Тұрақты қар жамылғысы желтоқсанның бірінші онкүндігінде құрылады, тұрақты қар жамылғысының бұзылатын күні 29 наурыз. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 3,3-тен 5,6 м/сек. дейін, солтүстік-шығыс және шығыс бағыттағы жел басым. Шілдедегі орташа температура +24,5 °С, қыс айларындағы орташа температура -16 °С.

*Жер бетіндегі су* Ойыл өзенімен және оның салаларымен берілген. Ойыл Орал-Ембі үстіртіндегі бұлақтан бастау алады және Бүйрік және Тайсойған құм алқаптарындағы сорлар мен көлдер арасында аяқталады. Өзеннің ұзындығы 800 км, су жинайтын көлемі 31,5 мың км<sup>2</sup>. Өзеннің ені 14-тен 80 метрге дейін, тереңдігі 0,5-тен 3,0 метрге дейін, ағысының жылдамдығы 0,2 м/с дейін. Суы тұщы. Түбі жабысқақ және құмайт, түбі құмды бар терең емес өткелдер көп. Жағасы, әдетте, төмен, жайпақ, иреңдеген жерлерінде құламалы (2-8 м). Өзеннің аңғары кеуіп қалған салалармен және ескі арналармен тілімделген. Қар суымен толығады. Су тасқыны қысқа және наурыздың аяғынан мамырға дейін созылады.

*Жер асты сулары* жайылмада 0,5-5 метрден жоғары террасаларда 15-20 метрге дейінгі тереңдікте жатыр. Жоғарғы жағындағы минералдануы 1 г/л аспайды. Құрамы көбінесе гидрокарбонатты, гидрокарбонатты-суль-

фатты кальцийлі немесе кальцийлі-натрийлі. Борлы түзілістердегі судың тереңдігі 10-30 м және одан да көп, минералдануы 1-ден 5-ке дейін, сирегірек 10 г/л дейін. Құрамы гидрокарбонатты, гидрокарбонатты-хлоридті, сульфатты-хлоридті және хлоридті натрийлі. Тұзды күмбездер әсерінен кей жерлерде минералдану күшейеді.

*Топырақ қабаты* құммен және қуаты аз гүмус көкжиегімен және гүмустың аз болуымен ерекшеленетін ашық-қызыл топырақты. Ашық-қызыл сортаңды топырақ басым. Құмдардағы генетикалық көкжиек анық көрінбейді. Дегенмен, жоғарғы қабатта гүмустың біршама жиналуы болады (0,1-0,2%). Ойыл өзенінің аңғарында аллювиальды және сортаңды жерлері бар аллювиальды-шалғынды топырақ дамыған.

*Өсімдік қабаты* шөл даланың жартылай бұталарымен және далалық бос шымқабатты өсімдіктердің кешенімен берілген. Далалық қауымдастықтың басымдары мыналар: бетеге, тырса, боз, шөл бидайығы және тарақ тәріздес бидайық, жусан, аласа қараған бұталары. Далалық қауымдастықтарда ақжусан, майқара, сортаңды жусан, алабота, итсигек, көк және басқалары басымдыққа ие. Жырмалар мен эрозиялық еңістерде шайқурай және түйесіңір; жабайы қасқыржем және басқалары орайластырылған. Өзендер аңғарларында – биіктігі 30 метрге дейін жететін көне талдан, ақтерек пен қара теректен, үйеңкіден, қарағаштан, доланадан, жабайы алма ағашынан тұратын жайылма орман бар. Шөптен айрауық, жағалау қамысы, ботташық, австралия қамысы, шалғын қоңырбасы, маралоты, сиырбұршақ, мия және басқалары, өзеннің ескі арналарында – қоға, қияқөлең және басқа да су бетіндегі өсімдіктер кездеседі.

*Барқан құмының орман алқаптарында:* қарағай, қайың, көктерек, терек, шаған, жиде, талдың екі түрі (кішкентай және ергежейлі), итмұрын бар.



*Барқан алқабындағы жапырақты орман*

Борлы Ақшатау тауларында өңір үшін сирек кездесетін ірі ақ-қызғылт гүлі бар өсімдік – тікенекті кеуел өседі.

*Жануарлар әлемі.* Қосмекенділерден көлбақа және сүйірік тұмсық бақа, кәдуілгі тарбақа таралған. Бауырымен жорғалаушылардан: Орта Азиялық тасбақа, шиқылдақ, көк және сидамсаусақты кесірткелер, тақыр, құлақты және домалақбасты құйқылжық, дала ешкемері, т.б. мекендейді. Құстардан кішкентай бозторғай, шөл дала және бишікеш шақшақайлары, сарыторғай, балшықшы тырду, сұқсыр үйрек, әуілдек, үлкен ақтырна, мықи, ірі шұбар тоқылдақ, дала қыраны, қарақұс, ителгі, көкқарға, бөктергі, кәдуілгі күйкентай және т.б. тән.

Ойыл өзенінің аңғарларынан және жақын аумақтан суда жүзетін және су маңы құстарының ұшатын жолдарының бірі өтеді. Құстардың суға тәуелділігіне байланысты олар мамырдың соңы мен маусымның ортасына дейін тұрақтауы мүмкін. Ұя салатын құстардың арасынан дала қыраны, қарабауыр бұлдырық, қолаңтөс, қарақұс, ителгі, ақбас тырна, жорға дуадақ және басқалары тән. Сүт қоректілерден ең көп таралған тарақ құйрық сарышұнақ, кішкентай қосаяқ және Северцов қосаяғы, құмтышқан, секіргіш қосаяқ және атжалман сияқты кеміргіштер тобы. Қызыл кітапқа енген

түрлерден: төрт жолақты абжылан, шұбар күзен, дала қыраны, ақбас тырна, безгелдек, жорға дуадақ, қарабауыр бұлдырық және басқалары бар.

### **«Мұғалжар» мемлекеттік табиғи заказнигі**

*Ұйымдастыру себептері* – қызыл кітапқа енген түрлерді және флора мен фаунаның сирек, эндемикалық және реликтік түрлері мекендейтін жерлері бар аласа таулы Мұғалжар тауының алқабының а зоналық экожүйесін сақтау. Сай мен жыралардағы орман шоқтары өсімдіктер мен аңдардың зоналық, а зоналық және интразоналық түрлерін үйлестіретін далалық және шөлдегі аса бай экожүйені сақтаудың негізі болып табылады. Мұғалжар алқабы мен оған жақын жатқан аумақ геологиялық және палеонтологиялық ескерткіштердің үлкен жинағына ие. Бұл жерде халықаралық маңыздағы басты орнитологиялық аумақ – ұшып қайтатын құстардың ұя салатын және демалатын жері бар.

*Орналасқан жері* – Мұғалжар және Шалқар аудандары

*Геологиялық құрылымы.* Мұғалжар таулары Орал тауының жалғасы болып табылады. Ірі желілік тектоникалық аймақтарды құрайтын палеозойға дейінгі және палеозойдың жартасты жыныстары кең таралған. Конгломерат-құмдақтармен, доломиттермен, әктаспен, төменгі және орта карбонның сазды тақтатастарымен құрылған үйілген синклиналды құрылымдар мен гранитоидты алқаптар кең дамыған. Шеткі аймақтары қуаты 100-350 м дейінгі юраның, палеогеннің және неогеннің кремнийлі-карбонатты тұнбаларымен, құмдақтармен және құмдақ-саздақтармен, ал өзендер аңғарлары төрттік аллювиальды құрылымдармен жиі жабылған. Үйілген мульдаларда мезозой-кайнозойдың салыстырмалы түрде алғанда қуатты борпылдақ түзілістері берілген.



*Аласа таулы Мұғалжар алқабы еңістігінің көктемгі көрінісі*

*Жер бедері* - Мұғалжар тауаралық ойпаңдарға бөлінген, екі бұйраттан тұратын, Орал тауының оңтүстік аяғы бойлық. Мұғалжардың аса көтеріңкі батыс бөлігі бойлық бағытта созылған және нашар көрінетін кезеңмен өзара мойындармен бірлескен, жүйесіз орналасқан көптеген кішігірім биіктіктерден тұрады. Тау беткейлері ұсақ жыралар мен еңсіз салаларға тілімделген. Батыс беткейлері шығысына (10° дейін) қарағанда тігірек (15-20° дейін). Ең жоғарғысы Үлкен Боқтыбай (657 м) және Екі ағайынды (634 м) таулары. Негізгі жоталар бойымен бойлық жайпақ еңкіш ұсақ қырқалар мен жондар тартылған.

*Климаты* шұғыл континентті. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 200-220 мм; гидротермиялық коэффициент 0,5-0,6. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4-4,5 м/сек., жыл бойына оңтүстік, оңтүстік-шығыс бағыттағы жел басым. Шілдедегі орташа температура +25+26°С, қантар айындағы орташа температура -17-20°С.

Солтүстік бөлігінің топырақ қабаты сортаң топыраққа сәйкес карбонатты, фосфоритті және қызыл-қоңыр. Оңтүстік бөлігінде ашық-қызыл топырақ, қоңыр шөл және шөл дала сортаңымен үйлесімділіктегі қызыл топырақ таралған. Ойыстар шалғынды-аллювиальды топырақты. Құмның шеттерінде сортаңды сорлар, тақырлар кездеседі.

*Жер бетіндегі сулар.* Мұғалжардан бастау алатын өзендер Каспий және

Арал теңіздерінің алабына, ал уақытша суағарлар ішкі ағынсыз аумаққа жатады. Бұл жерден Жем өзені және оның салалары Әулие, Құндызды, Атжақсы, Тамды саласымен Ор, Шетырғызды құрайтын Тамды, Шуылдақ, Сырлыбай, Қайыңды басталады. Өзен ағысының негізгі үлесі көктемгі мерзімге келеді. Кеуіп қалатын сағаларда, сайларда су тек қар еріген және көктемгі жаңбыр мезгілінде ғана болады.

*Жер асты сулары.* Палезойға дейінгі және төменгі-орта палезойдың жартасты жыныстарында жер бетіне еркін шығатын жарықшақты су басым дамыған. Жарықшақты аймақ қуаты 30-дан 100 метрге дейін ауытқиды. Жер асты сулары 30-50 метрге дейінгі тереңдікте айналады, шеттерінде 250-300 метрге дейінгі тереңдікке кетеді. Жер асты сулары барлық жерде тұщы, 0,1-ден 1 г/л дейін, көбінесе гидрокарбонатты натрий, кальций және магний сирек кездеседі. Эффузивтік-интрузивтік жыныстардың мүжілу қыртысында минералдылығы 1,5-3 г/л және одан көп болатын сульфатты-хлоридті немесе хлоридті натрийлі су қалыптасады. Шеткі бөліктерінде жарықшақтық-карстық, сирегірек жоғарғы девон төменгі карбонның конгломератты құмдақтарына, әктасқа, доломитке орайластырылған жарықшақты су тараған.

Түрлі беткейлердің өсімдік жамылғысында негізгі макроқешендер бөлініп көрсетіледі: 1 – тасты-далалық жусанды-бозды (бетегебоз басым): шөлейттік жартылай бұталы және далалық шымтезекті бос шымтезекті және тамырлы өсімдіктермен берілген, олардың арасында бетеге, тырса, боз, шөл бидайығы және тарақ тәріздес бидайық, ақжусан, майқара, селитралы және сортаңды жусан, итсигек, көкпек; 2 – жазық далалық жусанды-боз (биөрген, қаражусан, қау араласқан бетегебоз басым); жазық аңғарлық сортаңды сораңды-жусан; 3 – бозжусан, ақжусан, тұран жусаны және қара жусан, сораңдардан биөрген, қараматау, теріскен, күйреуік. Эфемерлердің және эфемероидтар – қоңырбас, баданалы қоңыршөп, шөл шытыры, жуалар, қызғалдақтар және т.б. барлық жерде болады.

Жырлар мен ойыстарда бұталары (тобылғы, итмұрын, тал) және түрлі шөптерге бай (жусанның үш түрі, жолжелкен, қазтабан, сүттіген, сарғалдақ, аюқұлақ, қымыздық, аспарагус, маралоты, бежір, боз, жабайы гладиолус, бүлдірген, қырықбуынды қылша, жуа және басқалары) шоқ қайыңдар кездеседі. Қызыл кітапқа енген түрлері: гүлкекіре, Шренк қызғалдағы, баршынгүл.



Шоқ қайыңдар

*Жануарлар әлемі.* Қосмекенділер: Уақытша суағар аңғарларында көлбақа, тарбақа, жасыл бақа таралған. Бауырымен жорғалаушылардан: тақыр, құлақты және домалақбасты құйқылжық, дала ешкемері, төрт жолақты абжылан және басқалары. Құстардан: кішкентай бозторғай, шөл дала және бишікеш шақшақайлары, сарыторғай, ақбас тырна, балшықшы тырду және сарысағақ шүрілдек, дала қыраны, қарақұс, ителгі, кәдуілгі күйкентай және т.б. тән. Синантропты түрлерден: торғайлар, үй қарлығашы, байғыз, бәбісек, айдарлы бозторғай.

*Сүт қоректілер:* кішкентай және сидамсаусақты кесірткелер, тікқұлақ қосаяқ, кішкентай және Северцов қосаяғы, шұбар күзен, ергежейлі боз қосаяқ. Бұл жерде құм қояны, қарсақ, түлкі, аққалақ тараған. Бұл жерде жиі келеді.

Қызыл кітапқа енген түрлерден: төрт жолақты абжылан; шұбар күзен, ергежейлі боз қосаяқ, дала қыраны, безгелдек, жорға дуадақ, қарабауыр бұлдырық, қолаңтөс, үкі кездеседі.

### «Кіші Борсық» мемлекеттік табиғи заказнигі (кешенді)

*Ұйымдастыру себептері* - флора (Комаров жоңышқасы, Борщов қызғалдағы, жапырақты сораң, жүзгін) мен фаунаның (төрт жолақты абжылан, шұбар күзен, сабаншы, ергежейлі боз қосаяқ, қарақұйрық, шағыл мысығы, дала қыраны, безгелдек, жорға дуадақ, қарабауыр бұлдырық, ақбауыр бұлдырық және басқалары) сирек, эндемикалық түрлер мекендейтін құм алаптары экожүйесін сақтау. Өңірдің жалпы экологиялық тепе-теңдігін қолдау.

*Орналасқан жері* – Шалқар ауданы

*Жер бедері* негізінен жазық, кей жерлерін сайлар мен жыралар тілімдеген. Биік жерлері - 100-150 м дейін. Төбелер ретсіз орналасқан, кейде қысқа тізбектер құрады. Кіші Борсық Торғай жазығының ең биік бөлігіндегі депрессияны алады және ені 2-ден 15 км дейінгі жолақпен солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған. Құмдар төмпешікті, шөп және бұта өсімдіктерімен жартылай бекітілген, құм төбелердің биіктігі 4-тен 10 метрге дейін, беткейлері жайпақ.



### Төбешікті-ұяшықты құмдар

**Климаты.** Орташа жылдық жауын мөлшері 120-140 мм, гидротермиялық коэффициент 0,3-0,4. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4-4,5-нан 4,5-5,5 м/сек. дейін, жыл бойына шығыстан және солтүстіктен соғатын жел басым болады. Шілдедегі орташа температура +25+26°C, қаңтарда -15-17°C.

**Жер бетін суы.** Аумақ ішкі ағынсыз өңірге жатады. Су кейіннен кеуіп қалатын жырларда, шұңқырларда көктемде тек қар еріген және көктемгі жаңбыр кезінде ғана болады. Құм алқабы маңында суы тұзды кішкентай таяз көлдер (сорлар) кездеседі.

**Жер асты сулары:** құмның солтүстік бөлігінде су болатын тереңдік 1-4 метрден оңтүстік бөлігінде 4-20 метрге дейін ауытқиды. Құмның шеткі саздақты жерлерінде 15-20 м, сортаңды еңістіктерде 1-4 м. Су жиналатын қыртыстар қуаты 3-тен 30 метрге дейінгі ұсақ- және орта құмдармен берілген, олардың қалыңдығы жерлерде төбешік астындағы 10-15 метрге дейінгі ойпауң 0,5-1 м тереңдікке жетеді. Қарқынды алмасу аймағында 1 г/л дейін минералды тұщы су кең тараған. Су құрамы гидрокарбонатты кальцийлі және натрийлі. Бекітілген құмдарда ол 1-3 г/л дейін көбейеді, құрамы сульфатты-карбонатты немесе сульфатты натрийлі. Құмдар маңында минералдану 5-10 г/л дейін жетеді, кейде одан да көп болады.

**Топырақ жамылғысы** сұр топырақтан, шөлді сортаңдардан, аз дамыған және қырқалы төбешікті жартылай бекітілген және бекітілмеген құмнан тұрады. Сұр топырақ биік телімдерде және шоқы аралық жазық жерлерде қалыптасады. Қырқалы жартылай бекітілген құм ұсақ, сусымалы, топырақ құрайтын процестермен аз жабылған. Құмның өсу шамасына қарай оларда шөлді құм топырағы қалыптасады. Құмның дымқыл қазан-шұңқырларында шалғынды-аллювиальды топырақ дамыған. Құмдар маңында сор-сортаңдар, тақырлар дамыған.

**Өсімдігі:** шөлейтті, шөптерден (жусан, бетеге, биөрген) және жартылай бұталардан (жыңғыл, жүзген) тұрады. Құмда бозжусанды дәнді-дақылдар өсімдіктері басым. Ойпауыттарда және құмдарда бұталар кездеседі, сексеуіл кең таралған.



*Кіші Борсықтағы жас сексеуілдер*

Ақбас жусандар, құм жусандары, еркек, бетеге, бозжусан, Лерховтік жусан, тұран жусаны, қара жусан, құм жусаны, астрахань жусаны, эфедра, қияқ, сүттіген, түйесіңір, ешкісақал, ащы шөптерден – биөрген, қараматау, теріскен, күйреуік және басқалары басым. Эфемерлер және эфемероидтардан – баданалы қоңыршөп, шөл шытыры, коллодиум, жуалар, қызғалдақтар және т.б. өседі. Қызыл кітапқа енген түрлерден Комаров жоңышқасы, Борщов қызғалдағы, жалпақ жапырақты соран, жүзгін кездеседі.



*Конллидің құм қарағаны*

*Жануарлар әлемі.* Бауырымен жорғалаушылардан: орта азия тасбақасы, шіңкілдек, сұр және Каспий геккондары, тақыр, құлақты және дөңгелек басты кесіртке, дала ешкімері, жылдам аусыл, құм және шығыс айдаһары және оқжыландан кездеседі. Аса көп кеш таралған жорғалаушылар құлақты және дөңгелек басты кесірткелер. Шөл дала ландшафтарына кішкентай жапалақ, дала шақшақайы және бишігеш, ашуланшақ сары торғай, балшықшы тырду және сарысағақ шүрілдек, дала бүркіті, тазқара, қырғи, қарапайым күйкентай және т.б. тән.

Ескі суағар жыралардағы сорлар мен сортаңдар арқылы суда жүзетін және су маңында болатын құстардың қайтар жолы өтеді. Ұя салатын құстар арасында дала қыраны, қарабауыр бұлдырық, қолаңтөс, қарақұс, ителгі, кәдуілгі күйкентай және т.б. тән. Сүт қоректілерден жұқа табанды саршұнақ, кішкентай саршұнақ, құм саршұнағы, кішкентай тарбаған, кішкентай қосаяқ және Северцов қосаяғы, үлкен құмтышқандар арқылы берілген кеміргіштер тобы ең көбі болып табылады. Қызыл кітапқа енген түрлерден: төрт жолақты сарыбауыр қарашұбар жылан, шұбар күзен, сабаншы, сұры ергежейлі қосаяқ, жейран, құм мысығы, дала бүркіті, безгелдек, жорға дуадақ, ақбауыр бұлдырық, қарабауыр бұлдырық және басқалары кездеседі.

### **«Ұлы Борсық» (кешенді) мемлекеттік табиғи заказнигі**

*Ұйымдастыру себептері* – құмды алаптардың экожүйесін сақтау. Құмдағы орман мелиорациясының (қарағай мен сексеуіл отырғызу) табысты тәжірибесін зерттеу. Флора мен фаунаның құнды және жойылып бара жатқан түрлеріне баспана болатын бірегей табиғи ландшафтар. Құстар қайтып бара жатқанда демалатын және ұя салатын орнын қорғау.

*Орналасқан жері* – Шалқар ауданы.

*Жер бедері* – Ұлы Борсық оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 10-20 км жолағымен созылып жатыр және негізінен қырқааралық бөлшектелуі 20 метрге дейінгі тереңдікте болатын қырқалы, төбелі және төбелі-ұяшықты құммен бекітілген және жартылай бекітілген. Төбешіктердің орташа биіктігі 5-10 м, ең биігі 20 метрге дейін. Ұяшықты құмдар арасында шағыл телімдер көп. Төбешіктер арасында шағын жазық құм телімдері, ал ойпаттарда кішкентай сортаңды алаңдар кездеседі. Жер бедерінің жоғары белгілерінің 170-200 м басым. Жақын маңдағы жазықтық жерлер бедері төбелі, жер-жерлерде жыралармен және ойыстармен тілімделген. Ойпауыттарда сортаңдар, сорлар және жиі тартылып қалатын ұсақ өзендер басым. Жоғары белгілері – 100-150 м. Батысында құм бойымен тұзды көлдері және сортаңды ойпаттары көп ойпауыттар кеңінен созылып жатыр.



*Ұлы Борсықтағы қарағай шіліктері бар жусанды даладан көрініс.*

*Климаты шұғыл континентті.* Орташа жылдық жауын мөлшері 120-140 мм, гидротермиялық коэффициент 0,3-0,4. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4-4,5-нан 4,5-5,5 м/сек. дейін, жыл бойына шығыстан және солтүстіктен соғатын жел басым. Шілдедегі орташа температура +25+26 °С, қаңтардағы орташа температура -16-20 °С.

*Жер бетінде су жоқ, аумақ ішкі ағынсыз өңірге жатады.* Жер бетіндегі су тек қар еріген және көктемгі жаңбыр кезінде болып, кейіннен кеуіп қалатын жыраларда, шұңқырларда көктемде ғана болады. Құм алқабы маңында суы тұзды кішкентай таяз көлдер (сорлар) кездеседі.

*Жер асты сулары:* су жиналатын қыртыстар қуаты 3-тен 30 метрге дейінгі ұсақ- және орта құмдар. Олардың қалыңдығы жер асты суы төбешік астындағы 10-15 метрге дейінгі ойпаттарда 0,5-1 м тереңдікте жатады. Дебиттері 0,1-0,5 л/сек өзгеріп тұрады, кейбіреулері су деңгейінің 5,5 м төмендеген кезінде 5-10 л/сек дейін жетеді. Қарқынды алмасу аймағында 1 г/л дейін минералданатын тұщы су кең тараған, құрамы гидрокарбонатты кальцийлі және натрийлі. Бекітілген құмдарда ол 1-3 г/л дейін көбейеді, құрамы сульфатты-карбонатты немесе сульфатты натрийлі. Құмдар маңында минералдану 5-10 г/л дейін жетеді, кейде одан да көп болады. Эолдық құрылымдардағы жер асты сулары атмосфералық жауын-шашынның сүзгіленуі нәтижесінде қалыптасады, оған құмның жақсы сүзгіштігі, жер бедерінің төбелі және шөгінділердің жақын болуы ықпал етеді.

Топырақ жамылғысы сұр топырақтан, шөлді сортаңдардан және қырқалы төбешікті жартылай бекітілген және бекітілмеген құмнан тұрады. Сұр топырақ биік телімдерде және шоқы аралық жазық жерлерде қалыптасады. Жайылмалы көкжиектің болмауымен, қарашірікті қабаттың аздығымен, дәнді құрылымның тығыздығының нашарлығымен сипатталады. Қырқалы жартылай бекітілген құм ұсақ көзді, сусымалы, топырақ құрайтын процестермен аз жабылған. Құмның өсу шамасына қарай оларда шөлді құм топырағы қалыптасады. Құмның дымқыл қазан шұңқырларында шалғынды-аллювиальды топырақ дамыған. Құмдар маңында сор-сортаңдар, тақырлар дамыған.

Өсімдігі шөлейтті, шөптерден (жусан, бетеге, биөрген) және жартылай бұталардан (жыңғыл, жүзген) тұрады. Құмда жусанды дәнді-дақылдар өсімдіктері басым. Ойпаң мен құмдарда бұталар кездеседі, сексеуіл өседі. Ақбас жусандар, құм жусандары, еркек, бетеге, бозжусан, Лерховтік жусан, тұрандық жусан, қара жусан, құм жусаны, астрахань жусаны, эфедра, қияқ, сүттіген, ешкісақал, ащы шөптерден – биөрген, қараматау, теріскен,

күйреуік және басқалары басым. Эфемерлердің және эфемероидтар – баданалы қоңыршөп, шөл шытыры, коллодиум, жуалар, қызғалдақтар және т.б. таралған. Қызыл кітапқа енген түрлерден Комаров жоңышқасы, Борщов қызғалдағы, жалпақ жапырақты сораң, жүзгін кездеседі. Құм алабының солтүстігінде қолдан қарағай отырғызылған.



*Құм қарағаны (жыңғыл)*

*Жануарлар әлемі.* Бауырымен жорғалаушылардың негізін шөл жануарлары: орта азия тасбақасы, шіңкілдек, сұр және Каспий геккондары, тақыр, құлақты және дөңгелек басты кесіртке, дала ешкіемері, құм және шығыс айдаһары және оқжылан құрайды. Дала табиғат знасынан кішкентай жапалақ, дала шақшақайы және бишігеш, ашуланшақ сары торғай, балшықшы тырду және сарысағақ шүрілдек, дала бүркіті, тазқара, қырғи, қарапайым күйкентай және т.б. тән.

Ескі суағар жыралардағы сорлар мен сортаңдар арқылы суда жүзетін және су маңында болатын құстардың (қоңыр үйрек, қоңыр қаз, шүрегей үйрек, отүйрек, сарыалаүйрек, аққу және басқалары) қайтар жолы өтеді. Сүт қоректілер: жұқа табанды саршұнақ, кішкентай саршұнақ, құм

саршұнағы, кішкентай тарбаған, кішкентай қосаяқ және Северцов қосаяғы, үлкен құмтышқан, секіргіш қосаяқ, шұбар күзен, сұры ергежейлі қосаяқ, Эверсман аламаны мекендейді. Мұнда құм қояны, қарсақ, кішкентай шақылдақ тышқан тараған. Қызыл кітапқа енген түрлерден: төрт жолақты сарыбауыр қарашұбар жылан, шұбар күзен, сабаншы, сұры ергежейлі қосаяқ, құм мысығы, дала бүркіті, безгелдек, қарабауыр шіл кездеседі.

### **«Шырқалы» (ландшафты) мемлекеттік табиғи заказнигі**

*Ұйымдастыру себептері* – эндемикалық бор флорасы бар үстірт (бүршік тәріздес төрткөл қалдықтары) жер бедерінің экзотикалық үлгілерін сақтау. Үстіртке танымал киіктердің жайлайтын және қыстайтын жері. Қызыл кітапқа енгізілген флораның (бор зығыры, бор маренкасы) және фаунаның (ірі көрсоқыр, дала бүркіті, тазқара, дуадақ, ақсұңқар және басқалары) құрып бара жатқан және сирек түрлері кездеседі. Аумақ үстірт киігінің көшетін жері.

*Орналасқан жері* – Байғанин ауданы

*Жер бедері.* Жер бедері экзотикалық үлгілер – шошақ тәрізді төрткөл-қалдықтары бар ерекше қыраттармен берілген. Қыраттар тік, кей жерлерде құлама жарлар болады. Төбелер мен қыраттардың биіктігі шамамен 50-100 м. Төбелердің беткейлері ойпаундар және құрғақ салалармен тілімделген. Ойпаундардың ені 5 метрге дейін, тереңдігі 1-2 м. Жоғары белгілері 170-тен 270 метрге дейін.

*Климаты шұғыл континентті.* Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 180 мм, гидротермикалық коэффициент 0,3-0,4. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4-4,5-нан 4,5-5,5 м/сек, жыл бойына шығыстан және солтүстіктен соғатын жел басым. Қары аз түседі, бірқалыпты салқын қысымен сипатталады. Шілденің орташа температурасы +25+26 °С, қаңтардағы орташа температура -15-19 °С.

*Жер бетінде* тұрақты су жоқ, аумақ ішкі ағынсыз өңірге жатады. Уақытша суағарларда, құрғап қалатын жылғаларда, ойпаундарда су тек қар еріген кезде және көктемгі жаңбыр кезінде ғана болады.

*Жер асты сулары* бор шөгінділеріне негізделген және атмосфералық жауын-шашын есебінен толығады. Химиялық құрамы ала-құла, сульфатты-гидрокарбонат, сульфатты, хлоридті натрий басым. Суы ащылау, судың минералдануы 3-5 г/л және одан да көп.

*Топырақ жамылғысы* сұр топырақтан, шөл сортаңынан, эрозияға ұшыраған, қырқа аралық жартылай бекітілген және бекітілмеген құмнан тұрады. Сұр топырақ қыратты телімдерде төбе аралық жазықтарда қалыптасады және кеңістікті көкжиектің болмауымен сипатталады.

*Өсімдік жамылғысы* шөлейтті, шөптен (жусан, бетеге, биөрген) және жартылай бұтадан (жыңғыл, жүзген) тұрады, олардың арасында сұржусанды-биөргенді өсімдік қауымдастығы үстемдік етеді. Құмда дәнді-жусанды өсімдіктер басым. Ойпаундар мен құмда бұталар кездеседі, сексеуіл өседі. Ақбас жусандар, құм жусандары, еркек, бетеге, бозжусан, Лерхов жусаны, тұран жусаны, қара жусаны, құм жусаны, астрахань жусаны; эфедра, қияқ, сүттіген, ешкісақал, ащы шөптерден – биөрген, қараматау, теріскен, күйреуік және басқалары басым. Эфемерлердің және эфемероидтар – баданалы қоңыршөп, шөл шытыры, коллодиум, жуалар, қызғалдақтар және т.б. өседі. Қызыл кітапқа енген түрлерден Комаров жоңышқасы, Борщов қызғалдағы, жалпақ жапырақты соран, жүзгін кездеседі.

*Жануарлар әлемі.* Бауырымен жорғалаушылардан: орта азия тасбақасы, шіңкілдек, сұр және Каспий геккондары, тақыр, құлақты және дөңгелек басты кесіртке, дала ешкіемері, құм және шығыс айдаһары және оқжыланнан тұрады. Дала ландшафтарына кішкентай жапалақ, дала шақшақайы және бишігеш, ашуланшақ сары торғай, балшықшы тырду және сарысағақ шүрілдек, дала бүркіті, тазқара, қырғи, қарапайым күйкентай және т.б. тән.

Ұя салатын құстар арасынан дала бүркіті, қарабауыр шіл, қолаңтөс, тазқара, қырғи, тырна, жорға дуадақ және басқалары тән. Сүт қоректілердің көбісі кеміргіштер тобынан: жұқа табанды саршұнақ, кішкентай қосаяқ және Северцов қосаяғы, жыңғыл құмтышқаны, секіргіш қосаяқ, Эверсман аламаны тұрады. Қызыл кітапқа енген түрлерден: төрт жолақты сарыбауыр қарашұбар жылан, шұбар күзен, сабаншы, дала бүркіті, безгелдек, жорға дуадақ кездеседі. Ақбөкендер кең таралған.

### **«Сағыз» (кешенді) мемлекеттік табиғи заказнигі.**

*Ұйымдастыру себептері* – флора мен фаунаның сирек, эндемикалық және реликтік түрлері мекендейтін жерлері бар құм алабы мен өзен алқаптарының экожүйесін сақтау. Суда жүзетін және су маңында болатын құстар қайтып бара жатқанда демалатын және ұя салатын жері, болашағы бар негізгі орнитологиялық аумақ.

*Орналасқан жері* – Байғанин ауданы.

*Жер бедері* тегіс абсолюттік биіктігі 200 м, уақытша су ағарлар жырып тастаған аздаған шоқылы. Сағыз өзенінің оң жағасында еңсіз жолағы өзенге ішіне енетін аққұмсағыз құм алабы орналасқан. Жер бедері қырқа аралық, сай тәріздес жылғалары және сай маңындағы белдерінің қалдықтары бар жазықтық. Эолдық шөгінділер ұсақ-, сирек орта құмдармен берілген. Сағыз аңғары – кең (1-ден 4 км дейін), ашық, кей жерлерінде қамыс өскен және батпақтанған, жылғалармен тілімделген, кеуіп қалатын салалары, қазындылары бар жайылма; жағалары жалпақ, кей жерлерінде жарлары бар (7 метрге дейін).

*Климаты* шұғыл континентті. Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 120-140 мм, гидротермиялық коэффициенті 0,3-0,4. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4-4,5-нан 4,5-5,5 м/сек, жыл бойына шығыстан және солтүстіктен соғатын жел басым болады. Бірқалыпты салқын -15°C шөлді. Шілденің орташа температурасы +25+26°C, қаңтар айындағы орташа температура -15-17°C.

*Жердің бетіндегі су* Қызыләділсай және Дауылды өзендерінің қосылуынан құралатын Сағыз өзенімен берілген, тұрақты суағары бар және Мақат станциясынан оңтүстікке қарай 10-12 км Тентексор сортаңында жерге сіңіп кетеді. Өзеннің жалпы ұзындығы 510 км, су жинау көлемі 19,4 мың км<sup>2</sup>. Суы тұзды. Өзеннің ені 3 метрден 48 метрге дейін, тереңдігі 0,3 метрден 2,0 метрге дейін, ағысының жылдамдығы 0,1 м/сек. Суы жоғары минералдығымен ерекшеленеді, әсіресе, көктемде – су тасқынында 0,8-0,9 г/л, аутқиды. Өзен қарашаның аяғында қатады, наурыздың аяғында еруді, мұздың қалыңдығы 1,0 м жетуі мүмкін. Көктемгі су тасқыны сәуірдің басында және 15-20 күнге созылады. Құрғақ жылдары тұрақты ағын болмайды. Сағыз өзені жекелеген жылымдарға айналады.

Аумақтағы жер асты сулары солтүстігінде 1-4 метрден 4-20 метрге дейінгі тереңдікте жатыр. Құмның жынысты маңдарында 15-20 м, сортаңды еңістіктерде – 1-4 м. Су сиятын шөгінділер қуаты 3-тен 30 метрге дейінгі ұсақ-, және орта құмдармен берілген, олардың қалыңдығында топырақ суы 0,5-1 м, еңістіктерде 10-15 метр төбелер астында жатыр. Қарқынды су алмасу аймағында минералдануы 1 г/л дейін болатын құрамы гидрокарбонатты кальцийленген және натрийленген тұщы су кең тараған. Бекітілген құмдарда ол 1-3 г/л дейін көбейеді, құрамы сульфатты-карбонатты немесе сульфатты натрийлі. Құм маңында минералдану 5-10 г/л дейін жетеді, кейде тіпті көп болады. Сағыз өзенінің жайылмасындағы және төменгі

трассадағы топырақ суы 0,5-5 м, жоғары жағында 15-20 метрге дейінгі тереңдікте жатыр. Сағыз аңғарында жоғары минералдану – 15 г/л дейін байқалады. Толығуы тасқынды судың, аз дәрежеде атмосфералық жауын-шашын есебінен болады.

*Топырақ жабыны* сортаңды шөлмен, қоңыр шөлейтті сортаң топырақпен және жартылай бекітілген және бекітілмеген қырқа аралық құммен үйлесіміндегі ашық-қызыл қоңыр сортаңды топырақпен берілген. Қырқалы жартылай бекітілген құм ұсақ көзді, сусымалы, топырақ құрау процесіне аз ұшыраған. Құмның өсу шамасына қарай оларда шөлді құм топырақ қалыптасады. Ылғалды қырқа аралық қазаншұңқырларда шалғынды-аллювиальды топырақ дамыған.

*Өсімдік жамылғысы* шөлейтті жартылай бұталардан (жыңғыл, жүзген) және даланың дәнді-дақылдарынан (бетеге, селеу көде, боз, шөл және ескек тәріздес еркекшөп) тұратын кешендермен берілген бетегелі-жусанды. Сексеуіл шоғырлары кездеседі. Ақбас жусандар, құм жусандары: еркек, бетеге, бозжусан, Лерховтік жусан, тұрандық жусан, қара жусан, құм жусаны, астрахань жусаны; эфедра, қияқ, сүттіген, ешкісақал, ащы шөптерден – биөрген, қараматау, теріскен, күйреуік және басқалары басым. Эфемерлер – баданалы қоңыршөп, шөл шытыры, жуалар, қызғалдақтар және т.б. болады. Дымқыл ойпаңдарда, бидайық, атқонақ, және әртүрлі шөптер, шалғынды өсімдіктер кездеседі.

*Жануарлар әлемі.* Бауырымен жорғалаушылардан орта азия тасбақасы, шіңкілдек, сұр және Каспий геккондары, тақыр, құлақты және дөңгелек басты кесіртке, дала ешкімері, құм және шығыс айдаһары және оқжылан бар. Құстары: кішкентай жапалақ, дала шақшақайы және бишігеш, ашуланшақ сары торғай, балшықшы тырду және сарысағақ шүрілдек, барылдауық үйрек, қызыл тұмсықты сүңгуір үйрек, шалғын ителгісі, сұр құр, ақбас тырна, дала бүркіті, тазқара, қырғи, қарапайым күйкентай және т.б. бар. Сүт қоректілерден: жұқа табанды саршұнақ, кішкентай саршұнақ, құм саршұнағы, тарбаған, кішкентай қосаяқ және Северцов қосаяғы, жыңғыл құмтышқаны, секіргіш қосаяқ, шұбар күзен, тырбық қосаяқ, Эверсман аламаны, арал маңы қалың құйрықты қосаяқ, қарсақ, киік кең таралған. Мұнда қоян, қарсақ, киік көп. Қызыл кітапқа енген түрлерден: төрт жолақты сарыбауыр қарашұбар жылан, шұбар күзен, сабаншы, тырбық қосаяқ, жейран, құм мысығы, дала бүркіті, қарабауыр шіл және басқалары кездеседі.

### «Ақтолағай» (кешенді) мемлекеттік табиғи заказнигі

Ұйымдастыру себептері – теңіздің тұнған шөгінділеріндегі эрозиялық жер бедерінің бірегей түрін ғылыми, танымдық және рекреациялық мақсаттарда сақтау және қолдану. Объект нысаны - Оңтүстік Ақтолағай үстірті – кампан, маастрихт, эоцен шөгінділерінің стратиграфиялық қимасы.

Орналасқан жері – Байғанин ауданы.



Жер бедері – тілімделіп жоталанған үстірт тәріздес биіктікті – Ақтолағай қырқасын көрсетеді. Батысында биіктіктің тік еңістері бар (10-20°).



Аумақ уақытша суағарлар аңғарларымен тілімделген.

Климаты шұғыл континентті. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4-5 м/сек. Жазда батыстан және оңтүстіктен соғатын, қыста шығыстан және солтүстік-шығыстан соғатын жел басым болады. Маусымдық және тәуліктік температуралардың ауытқуы жоғары, жауын-шашын мөлшері аз – 180 мм жуық. Жазы құрғақ, ыстық, шілденің орташа температурасы +25+30°С.

Гидрологиясы. Аумақ ішкі ағынсыз өңірге жатады. Уақытша суағарларда, құрғап қалатын жылғаларда, ойпаңдарда су тек қар еріген және жаңбыр жауатын көктемгі мерзімде, ал жазда тұзды саз су ұстайтын болғандықтан жаңбырдан кейін екі-үш сағат бойы ғана болады.

Жер асты сулары бор шөгінділеріне негізделген және атмосфералық жауын-шашынның сүзгіленуі есебінен толығады. Суы бар кешендер әртүрлі құммен, құмдақтармен және құмды-сазды жыныстармен берілген. Химиялық құрамы ала-құла, сульфатты-гидрокарбонатты, сульфатты, хлоридті натрий басым. Суы ащылау, судың минералдануы 3-5 г/л және одан да көп. Топырақ жамылғысы сұр топырақтан, шөл сортаңынан, эрозияға

ұшыраған, аз дамыған және қырқа аралық жартылай бекітілген және бекітілмеген құмнан тұрады. Сұр топырақ қыратты телімдерде және төбе аралық жазықтарда қалыптасады және кеңістікті көкжиектің болмауымен сипатталады.

*Өсімдік жамылғысы* шөлейтті, шөптен (жусан, бетеге, биөрген) және жартылай бұталардан (жыңғыл, жүзген) тұрады, олардың арасында сұржусанды-биөргенді өсімдік қауымдастығы үстемдік етеді. Құмда дәнді-жусанды өсімдіктер басым. Ойпаңдар мен құмда бұталар, сексеуіл өседі. Ақбас жусандар, құм жусандары, еркек, бетеге, бозжусан, Лерховтік жусан, тұрандық жусан, қара жусан, құм жусаны, астрахань жусаны; эфедра, қияқ, сүттіген, түйесіңір, ешкісақал, ащы шөптерден – биөрген, қараматау, теріскен, күйреуік және басқалары басым. Эфемерлердің және эфемероидтар – баданалы қоңыршөп, шөл шытыры, коллодиум, жуалар, қызғалдақтар және т.б. өседі.

*Жануарлар әлемі* шөл дала түрлерімен берілген. Бауырымен жорғалаушылардан: орта азия тасбақасы, шіңкілдек, сұр және Каспий геккондары, тақыр, құлақты және дөңгелек басты кесіртке, дала ешкімері, құм және шығыс айдаһары және оқжыланнан тұрады. Құстардан: кішкентай жапалақ, дала шақшақайы және бишігеш, ашуланшақ сары торғай, балшықшы тырду және сарысағақ шүрілдек, барылдауық үйрек, қызыл тұмсықты сұңгуір үйрек, шалғын ителгісі, сұр құр, ақбас тырна, дала бүркіті, тазқара, қырғи, қарапайым күйкентай және т.б. бар.

*Сүт қоректілерден:* жұқа табанды саршұнақ, кішкентай саршұнақ, құм саршұнағы, тарбаған, кішкентай қосаяқ және Северцов қосаяғы, жыңғыл құмтышқаны, секіргіш қосаяқ, шұбар күзен, тырбық қосаяқ, Эверсман аламан, арал маңы құйрықты қосаяқтар тән. Мұнда қоян, қарсақ, киік кең тараған. Қызыл кітапқа енген түрлерден: төрт жолақты сарыбауыр қарашұбар жылан, шұбар күзен, сабаншы, тырбық қосаяқ, жейран, құм мысығы, дала бүркіті, қарабауыр шіл және басқалары кездеседі.

## 2 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫ

### 2.1 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫНА ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

Өңірдің мемориалды-ғұрыптық ескерткіштері аз зерттелген және ерте замандарда-ақ зерттеушілер мен саяхатшылардың қызығушылығын оятқан. Батыс Қазақстанның ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер ортағасырда елшілер мен саяхатшылар өткен кезде жазыла бастады.

Арал-Каспий өңірі соңғы жылдары негізінен осы аймақта орналасқан мұнай-кен орындарының қарқынды игерілуіне байланысты жиі аталады. Бірақ, өкінішке орай, Арал-Каспий аймағының, әсіресе, оның орталық, шөлейт-дала аймағының бірегей тарихи-мәдени маңызына тиісті дәрежеде көңіл бөлінбей келеді. 1829 жылы Солтүстік Каспий өңірінде болып қайтқан А. Гумболд өзінің «Asia Centrale» атты еңбегінде Қара теңізден Шығыс Арал өңіріне дейін созылып жатқан ойыс кеңістіктің аса маңызды географиялық ерекшеліктерін сипаттай келіп, бұл аймақты әлемдегі ең ірі қазаншұңқыр немесе «кратер елі» деп атап өткен болатын. Кейін де жаратылыстанушы мамандар Арал-Каспий аймағын және оның ерекшеліктерін зерттеумен аз шұғылданған жоқ. Құрамына Тұран жазық елі, Каспий өңірі мен Орал тауларының оңтүстігіндегі аумақтар кіретін Арал-Каспий тарихи аймағын мамандар ежелден-ақ Еуразиядағы этногенетикалық және этномәдени үрдістердің аса маңызды ошағы ретінде бағалап келеді. Арал-Каспий аймағының солтүстік бөлігі біртіндеп аса ірі тарихи-мәдени кеңістіктің – Ұлы дала белдеуінің құрамдас бір бөлігіне айналады.

Ұлан-байтақ аймақтың орталық бөлігін – яғни тар мағынада Арал-Каспий өңірін – Батыс Қазақстан мен оған жалғас Маңғыстау түбегі, Үстірт, Солтүстік Арал және Каспий өңірлері алып жатыр. Осы жинағымызда негізінен осы біршама ірі Еуразия шөл далалы аймағының, әсіресе, Ақтөбе облысының тарихи-мәдени маңызы, оның ескерткіштері туралы баяндауды жөн санаймыз.

Ежелден бұл аймақта көшпенді малшылардың ерекше мәдениеті қалыптасу үрдісі жүріп, ол, атап айтқанда, Батыс Қазақстан қазақтарының

және басқа да халықтардың дәстүрлі мәдениетінен көрініс тапты. Аймақтың тұрғындары үш мың жыл бойы (б.д.д. I мыңжылдықтан б.д. II мыңжылдығына, XX ғасырдың бас кезіне дейін) көшпенді тұрмыс салтымен өмір сүргеніне қарамастан, баға жетпес мұра болып табылатын тарихи-мәдени маңызы зор көптеген ескерткіштер қалдырды. Осы тұста Батыс Қазақстан аймағын теңдесі жоқ бірегей тарихи-мәдени аймақ деп бағалауға болады.

Біздің дәуірімізге дейінгі II мыңыншы жылдарға қатысты аймақ көшпенділері мен жартылай көшпенділерінің мемориалды-діни сәулет ескерткіштерінің кешені Арал-Каспий өңірінің тарихи-мәдени мұрасының неғұрлым репрезентативті бөлігі болып табылады. 25 жылдық зерттеулерге негізделген есеп бойынша дейді белгілі зерттеуші, ғалым Серік Әжіғали, Батыс Қазақстан мен оған іргелес аймақтарда кем дегенде 50 мың тарихи-мәдени және көркемдік маңызы бар ескерткіштер сақталған.

Орта ғасыр дәуірі мен жаңа кезеңнің мемориалды-діни сәулетшілігінің сантүрлі ескерткіштері – мешіттер, күмбезді кесенелер, архитектуралық қоршаулар, құлпытастар мен қабіртастар және тағы басқалары – Батыс Қазақстанның барлық аймақтары мен көрші облыстарда да тараған. Олар негізінен ірі және шағын қорым, бейіттерде, діни кешендерде шоғырланған.

С. Әжіғали жалпы мемориалды-діни ескерткіштерді өзіндік сипаты бар екі топқа бөледі: 1. оңтүстік топ - Маңғыстау-Үстірттік, мұнда қабір басындағы құрылыстар көптеп жаппай тұрғызылған, олар бейнесінің көнелігі, көбінесе ерте ортағасырлық қорымдар мен бейіттерде шоғырлануымен ерекшеленеді; 2. солтүстік топ – мұнда кәдуілгі (тастан қашалған) ескерткіштер азырақ және оңтүстік пен орталық қазақстандық сәулетшілік дәстүрлерінің біршама ықпалы байқалады деп есептейді.

Қалыптасу кезеңіне қарай кешендердің негізгі үш топқа бөлінетіні назар аударарлық: 1. ортағасырлық оғыз-қыпшақ кезеңіне қарасты кешендер (Шопан ата, Сұлтан Әпе, Шақпақ ата, Қараман ата, мүмкін, Балғасын); 2. кейінгі ортағасырлық – XIV (сирек ұшырасады), XV-XVIII ғғ. ескерткіштері (Қаңға баба, Кентті баба, Үштам, Масат ата, Сисем ата, Абат-Байтақ, Қарасақал, Асан қожа және басқалары); 3. жаңа кезеңдегі - XVIII-XIX ғғ. (Қарашық, Қызылсу, Сағындық, Бейсембай, Алып ана, Дәуімшар, Тайлан, Дәуіт ата, Үлкен Жыбысқы, Хан моласы және т.б.). Барлық кешендердің уақыттық жоғары шегі XIX ғ. және XX ғ. басы болса керек.

Сонымен, географиялық тұрғыдан Батыс Қазақстанда ескерткіштердің айрықша ерекшеленетін 7 аймақтық тобы бар: Олар: Маңғыстау, Үстірт, Солтүстік Үстірт (Доңызтау), Ембі-Сағыз, Солтүстік Каспий өңірі (Атырау, Бөкей Ордасы, Шығыс Жайық өңірі кіші топтармен), Қобда-Елек, Солтүстік Арал өңірінің топтары.

Мешіттер әсіресе, Маңғыстауда, Солтүстік Үстіртте, Солтүстік Арал өңірінің жекелеген аудандарында кеңінен таралады. Шақпақ ата, Қаңға баба, Бекет ата, Досжан ишан (Қайнар), Ишан ата, Дүйсенбі ақын, Истай мешіттері үздік ескерткіш үлгілеріне жатады. Ал күмбезді мавзолейлер («тамдар», «күмбездер», «кесенелер», «мазарлар») – барлық жерде тараған мемориалды құрылыстардың неғұрлым белгілі түрі. Бұл ескерткіштер біркамералы және көпкамералы болып екіге бөлінеді. Арал-Каспий өңірінде жалпы аймақтық, тіпті бүкіләлемдік маңызы бар бірегей кесенелер кездеседі. Мысалы, Баланды, Көккүмбет, Абат-Байтақ, Балғасын, Қарағұл, Алмат Тобабергенұлы.

Сонымен, Арал-Каспий өңірінің сәулет ескерткіштері өзінің көп сандығы, әртүрлілігі және маңызды тарихи-мәдени ақпарат беру жөнінен бірегей деп топшылауға болады. Бүгінгі таңда оларды қорғауға алу мәселесі өткір қойылып отыр. Өйткені олардың көбі аймақтағы мұнай мен газ қарқынды өндіріліп жатқан аудандарда орналасқан. Сондықтан көпшілікке ұсынылып отырған осы басылымда бүгінгі таңда экономикалық және саяси мүдделер аймағына айналған өңірді мекен еткен көшпенділер мен жартылай көшпенділердің сәулет өнеріндегі тамаша жетістіктері ұлттық мақтаныш сезіміне бөлейтінін және оның қазақ халқының ғана емес, барлық түркі тілдес халықтар үшін тарихы мен мәдениеті ежелгі Тұран жеріне байланысты басқа да көптеген халықтар үшін баға жетпес игілік екенін есте сақтау қажеттігіне назар аударуды жөн көрдік.

Батыс Қазақстан Еуразияның географиялық картасында маңызды табиғи-географиялық орынды иеленеді. Табиғи-экологиялық ортасының аймақтылығы мен көрінетін, солтүстігінде далалық аумағымен, ортасында жартылай құрғақ шөлімен және оңтүстігінде Сам, Үлкен және Кіші Борсық сияқты құмды массивтермен, Үстірт тастақ шөлді жазығымен танылатын, зерттелетін тарихи-мәдени ауданның өзіндік ерекшелігі арал-каспий аймағына адамның ерте заманнан қоныстануына жағдай туғызды. Бұл аумақ солтүстігінде Орал тауларының жоталарымен, батысында Волга және Каспий теңізімен, шығысында Сарыарқа тауларымен, Оңтүстігінде Арал теңізімен шектелген, меридиандық тұрғыдан алғанда Оңтүстік Орал тау жүйесінің сілемі – Мұғалжармен бөлініп жатыр. Жоғарыда аталған

факторларға орай, зерттеліп отырған аймақ мыңдаған жылдар бойына және ендік бағыттар бойынша өтіп жатқан көптеген тайпалар мен халықтардың көші-қон маршруттарының қиылысында болды; Еуразияның ертедегі тарихында көрнекті орын алған көптеген айшықты және төлтума мәдениеттердің шоғырланған және қалыптасқан орны болып шықты.

Атап өтерлік жайт, Батыс Қазақстан тарихының бастапқы кезеңі жөніндегі жинақтар атымен жоқ. Расында Қазақстан тарихы жөніндегі ұжымдық монографияларды жазу кезінде бұған жекелеген ұмтылыстар жасалды. Бірақ, тұтастай алғанда бұл жеткілікті болған жоқ және басқа аймақтар мен тарихи дәуірлердің пайдасына жасалды. Сонымен бірге Арал-Каспий тарихына арналған бірқатар жұмыстарды көшпенділердің архитектурасының дамуына қатысты С.Е.Әжіғали зерттеді.

Батыс Қазақстандағы революцияға дейінгі зерттеулердің материалдарына ден қойғанда Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы мүшелерінің қызметін, бірінші кезекте И.А. Кастаньені назардан тыс қалдыруға болмайды. И.А. Кастанье Ақтөбе уезінде, қаланың маңында сонымен бірге Орал уезінде, Покровка селосының жанында ұзақ жыл жұмыс істеді.

1910 жылы Орынборда И.А. Кастаньенің басты еңбегі «Ертедегі қырғыз даласы және Орынбор өлкесі» жарық көрді. Бұл жұмыс Қазақстанның ескерткіштері туралы кең мәліметтерді, бай этнографиялық материалдарды қоса отырып арқау етеді. Бұдан басқа ортағасырлық жерлеуді, археологиялық ескерткіштерді зерттеумен белсенді түрде А.Л.Аниховский, А.В.Попов, М.Л.Юдин және басқалары да шұғылданды.

1925-1927 жылдары П.С.Рычков қазіргі Батыс Қазақстан облысының Үлкен және Кіші Өзен және Чижә өзені бассейні аумағындағы ескерткіштерді зерттеумен шұғылданды. Ортағасырлық жерлеу орнынан алынған материалдар кейінірек жинақтаушы жұмыстарда пайдаланылды. Бір мезгілде Терекла өзенінің сол жағалауында Ақтөбе және Орынбор облыстарының шекарасында КСРО Ғылым Академиясының М.П.Грязнов және М.В.Комарова басқарған кешенді экспедициясы жұмыс жасады, мұны Одақтық және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі Ерекше комиссия ұйымдастырды.

1928 жылы Орал өзенінің сол жағалауында жобаланатын гидроэлектрстанцияларының ауданында археологиялық барлау мен қазбалар жүргізілді. Б.Н.Граков қазіргі Ақтөбе облысының Қарғалы ауданында әрқайсысы алты қорғаннан бар ортағасырлық көшпенділердің

Құдайберген III және Құдайберген IV молалары ашылды. Революцияға дейінгі қолда бар археологиялық ескерткіштер жөніндегі мәліметтер мен қазбалардың 1930 жылға дейінгі материалдары Б.Н.Граковке Қазақстандағы археологиялық зерттеу саласындағы орын алған проблемаларға шолу жасауға және негізгі міндеттерін белгілеуге және оны шешу жолдарын қарастыруға мүмкіндік берді. Ол алғашқы кезектегі міндет ретінде ескерткіштерді картографиялаудың қажеттігін және оларды жоспарлы кешенді зерттеуді анықтады.

Осылайша, біз зерттеп отырған аумақ көптеген өркениеттерді ертедегі кезеңнен қызықтырды. Бірақ ең шындыққа сай және алғашқы мәліметтерді біздің ойымызша мынадай саяхатшылардың еңбегінен алуға болады. Мысалы, Византия елшісі Земарх Киликийский Түрік қанағатына (568 ж) сапары, мұнда Арал теңізі Их (Жем) және Даих (Орал) өзендері аталады. Жананма ақпаратты сонымен қатар араб миссионері Ибн-Фадланның (921-922 жж.) жолжазбаларынан алуға болады. Мысалы, Каспий маңы ойпатын мекен еткен тайпалар туралы айтылады. Бізге ортағасырлық Моңғол империясы күшейген кездегі еуропалық саяхатшылардың да пікірін ескеру керек. Бұлардың қатарына Плано Карпини (1245-1247 жж.) мен Гельом де Рубрукті (1253-1255 жж.) жатқызған жөн. Бұл зерттеушілердің маршруттары тікелей Солтүстік Арал маңынан өтті. Плано Карпини Қазақстан бойынша өзінің жолын Волгадағы Сарай қаласынан бастады, каспий теңізінің солтүстігімен жүріп отырып, Орал, Жем өзендерін қиып өтті және арал теңізінің солтүстік жағалауы мен Сырдария өзенінің бассейніне қарай түсті. Гельом де Рубрук өзінің маршрутын солтүстікке қарай құрды, біздің аймақты Мұғалжар ауданы аумағында кесіп өтті.

Солтүстік Арал маңын XVIII ғасырда тікелей зерттегендер, дәлірек айтсақ, маршрутты топографиялық жағынан баяндап, картасын құрастырумен шұғылданғандар Д.Гладышев пен М.Муравиннің экспедициялары (1741-1742).

1820 жылдың жазында Орынбордан Бұқараға 700 түйеден тұратын керуен аттандырылды. Жорық «Негри миссиясы» деген атауды иеленді, өйткені, оны Сыртқы істер министрлігінің нағыз статс кеңесшісі, белгілі дипломат, жазушы Александр Федорович Негри (1784-1854) басқарды. Жорықтың ресми мақсаты Ресей мен Бұқар хандығының сауда байланысын кеңейту болып табылды. Ал нақты мақсаты тіпті кең ауқымда болды. Мұны экспедицияның құрамынан да аңғаруға болады. Бұған натуралист Э.А.Эверсманн, гвардиялық бас штабтың капитаны Е.К.Мейендорф және басқалар кірді. Мысалы, соңғысына «Орск пен Троицк бекіністерінен бастап

Сырдария өзеніне дейінгі аралықта жол бойына бекініс болуға ыңғайлы жерлерді белгілеу» тапсырылды. Бұл қаракеттер «Бұқария мен Хиуаға баратын керуен жолдарының қауіпсіздігін» қамтамасыз ету үшін қажет болды. Офицерге ендік пен бойлықтың астрономиялық айқындамасын жүргізу, жолдың маршрутын құрастыру, осының негізінде «Жалпы бас картаны» дайындау және «Бұқараға бару мен кері қайтудың» журналын жүргізу тапсырылды. Экспедиция маршруты ескі керуен жолымен Орынбордан Бұқараға Елек өзені, Мұғалжар, Үлкен және Кіші Борсыққұм Сапаққұм, Аралмаңы Қарақұмы, Сырдария өзені, Қызылқұм арқылы сзылды. Бірінші экспедиция мүшелері сапар аяқталысымен маршруттың картасын «көптеген өзендер мен рельеф элементтері» бойынша дұрыс мәліметтерді келтіріп құрастырды.

П.И.Рычков Ақтөбе облысының территориясындағы ерте замандағы құрылыстар мен ескерткіштер туралы өте құнды мәліметтер бере келе, Қобда өзені бойындағы Абат-Байтақ мавзолейі туралы тұңғыш ғылыми деректі осы П.И.Рычковтың «Топография» деген еңбегінен кездестіреміз. Б. Құрманбеков: «...Оның мәліметтерінің шындығы ол сипаттаған ескерткіштер мен ескі қала құрылыстары орындарының біздің заманымызға дейін сақталып жеткендігімен дәлелденеді», – дейді. Осылайша ол өз жазбаларында Б. Құрманбеков Елек өзенінің жағалауындағы Елек бекінісі маңында кірпіштен қаланған құрылыстар туралы, Байтақ қонысындағы ескі ғимаратты (Абат-Байтақ), Мәулімберді қонысы т.б. туралы сөз етеді. Осы кезеңде П.С. Паллас, И.П. Фальк еңбектерінде ғұрыптық кешен Балғасын, Әбілхайыр хан ескерткіші туралы алғашқы жазбалар пайда бола бастайды.

XIX-XX ғ.басында архитектуралық ескерткіштер туралы мәліметтер толығымен түседі. Ол кезде тарихи-мәдени мұраларды зерттеуде ғылымилық басым екені байқалады. Э.Эверсман Ақтөбе қаласының оңтүстігінде Елек және Тамды өзендері бойындағы ежелгі молалардың барын айтады.

Ал А.И. Левшин болса өзінің «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей» еңбегінде өткен замандағы шығармаларға сүйеніп Үлкен Қобда бойындағы Байтақ қонысындағы ежелгі құрылыстардың бар екенін, сонымен қатар Торғай, Сағыз, Ойыл өзендері бойындағы көне молаларды жазып кетеді.

Батыс Қазақстандағы революцияға дейінгі зерттеулердің материалдарына ден қойғанда Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы мүшелерінің қызметін, бірінші кезекте И.А. Кастаньені назардан тыс қалдыруға болмайды. И.А. Кастанье Ақтөбе уезінде, қаланың маңында сонымен бірге Орал

уезінде, Покровка селосының жанында ұзақ жыл жұмыс істеді.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Батыс Қазақстанның өткен тарихын зерттеуге А. Харузин (Бөкей Ордасы), И.А.Кастанье Орал және Торғай облыстарына бет бұрады. 1910-1911 жылдары Орынбор ғылыми мұражайлық комиссия мүшесі И.А.Кастанье Қазақстан ескерткіштеріне арналған екі негізгі еңбегін шығарады. Бұл еңбектер ғылымилығы жағынан қазақстандық ескерткіштерді неғұрлым толық қамтылған жазбалар еді. Сонымен қатар Попов А.В., Матов А., Баннов С.П. сынды комиссия мүшелері де өз баяндамаларында өңірдің ежелгі ескерткіштері туралы бірнеше рет сөз еткен болатын.

Оның ішінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Шалқар қаласынан 55 шақырым солтүстікте орналасқан «Балғасын мұнарасы» туралы А.Матов, И.Хохлов, И.Кастанье өз жазбаларын да қалдырады.

XX ғ. ортасында отандық тарих ғылымының дамуына байланысты Батыс Қазақстанға Т.К. Бәсенов және М.М. Меңдіқұлов сияқты көрнекті ғалымдар келеді. 1946 жылы Т.К.Басенов Байғанин ауданында (Жем өзенінің ортаңғы ағысынан Сам құмдарына дейін) зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Мемориалды-ғұрыптық архитектуралық ескерткіштерге М.М.Меңдіқұловта аз еңбек арнаған жоқ. Ол Маңғыстау, Үстірт, Жем өзені бойындағы,(мысалы, Асан-қожа, Нұрмамбет, Әсіреп-Мүсіреп және т.б.) ірі ескерткіштерге мақсатты бағытталған зерттеулер жүргізіп, ғұрыптық-жерлеу құрылыстарының классификациясын жасап, олардың пайда болу, даму мәселелерін қарастырды.

Осы жылдары Батыс Қазақстан, Үстірт территориясында С.П.Толстов бастаған Хорезмдік археологиялық-этнографиялық экспедициясы барлау жұмыстарын жүргізді. Дәл осы кезде белгілі археолог Ә.Х.Марғұлан Абат-Байтақ қорымында болып кеткен.

Батыс Қазақстанның архитектуралық ескерткішін зерттеудегі жаңа кезең ол XX ғасырдың 70-ші жылдары еді. Сол кездегі саясаттың басты мақсаты ескерткіштерді анықтау, есепке алу және құжаттау, қалпына келтіру болды. Мәдениет министрлігінің, ескерткіштерді қорғау қоғамының ұйымдастырушылығымен тарихи-мәдени мұра объектілері көптеп анықталды.

Бұл зерттеулердің 70-80 жылдары қарқыны өзгереді. Мәдениет министрлігі 1978-1980 жылдары; ескерткіштерді қорғау қоғамы 1982-1984 жыл-

дары; тарих, археология және этнография институты 1987-1988 жылдары; 1990 жылдары С.Е.Әжіғалидің басшылығымен зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Маңғышлақ, Үстірттен басқа Солтүстік Аралмаңы да зерттелді.

Солтүстік Арал маңы аумағында уақытша және стационарлық қоныстардың өмір сүргені туралы кейде «ұстатпайтын» іздерге қарап, «жанама түрде – әдетте қыстаулардың дәстүрлі аудандарында және оның жанындағы аумақтарда орналасатын үлкен рулық молалар ретінде» білуге болады. Профессор С.Е.Әжіғали атап өткендей, «мемориалдық-табынушылық сәулет өнерінің Солтүстік Арал маңындағы аудандардың ескерткіштерімен салыстырғанда өзгеше ерекшеліктері бар және Сарыарқа мен Сырдария өзенінің төменгі жағының архитектуралық дәстүрлерінің белгілі бір ұқсастығы байқалады (күйдірілген кірпішті пайдаланып, кеңінен кесенелер салу)». Ерекше назар аударуға, әрине, Балғасын ескерткіші тұрарлық, мұны жергілікті халық қалашық деп атайды. Дәл осындай пікірді Д.Д. Букин те білдіреді. Балғасын кесенесімен аттас сағана С.Е.Әжіғалидің пікірінше XV ғ. соңына XVI ғ. басына жатады.

С.Е.Әжіғалидің жетекшілігімен Арал-Каспий аймағынан 130-дан астам қорымдар мен бейіттер (бөлек тұрған ескерткіштерді есептемегенде) кешенді түрде, оның ішінде 4 мыңнан астам құрылыстар бөлшектелініп зерттелінді. Зерттеушінің «Генезис традиционный погребально-культурной архитектуры Западного Казахстана» монографиясында 1978-1984 жж. зерттеулердің нәтижелері жарияланады. Сонымен қатар, Ақтөбе облысы территориясында жүргізілген экспедицияның материалдары «Ескерткіш – ел тарихы» атты кітабында жарық көреді.

1980-ші жылдардың соңында Арал-Каспийдің солтүстік аймақтарының архитектуралық ескерткіштерін зерттеуде басқа да экспедициялар жұмыстар жүргізеді («Казпроектреставрация» Институты), олардың басты мақсаты ескерткіштерін құжаттарын әзірлеу болды.

1984 жылдан бастап Ақтөбе облысы ескерткіштерінде алғашында облыстық мұражайдың археологиялық тобын басқарған, кейін Ақтөбе педагогикалық институты негізінде экспедиция құрған С.Ю.Гуцалов жұмыс істеді. Ірі бейіттерді жоспарлы қазба жұмыстарын жүргізген бұл экспедиция тарихи-өлкетану мұражайы қорының мұраларын бірнеше есеге көбейтуге өз үлесін қосты.

XX ғасырдың 90-жылдарында археология саласындағы өздерінің дер-

бес қызметін В.В.Ткачев пен А.А.Бисембаев бастады. Олардың елеулі қызметінің арқасында аймақтың тарихы жөніндегі дереккөздер базасы әлдеқайда толықты.

1998 маусым-шілде айларында С.Әжіғалидың басшылығымен Ақтөбе облысының Хромтау, Әйтеке би, Ырғыз және Шалқар ауданының кей бөліктерінде этномәдени зерттеу бағытында экспедиция ұйымдастырылады. Экспедицияның бір бөлімшесі тек ғана тарихи және мәдени ескерткіштерді зерттеумен айналысты. Ол бөлімше алдымен Хромтау ауданының үш кешенін зерттеді. Алғашқысы Бекқұл әулие қорымы (XIX ғ. мен XX ғ. басы), табындардың Айғыржал зираты және ауданның ірі мемориалды-діни кешені - Ойсылқара қорымы.

Әйтеке би ауданында да экспедиция кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеудің ерекшелігі жалпылама этнографиялық ақпараттардың молдығы болды, тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тарихи және этнографиялық мәліметтері, сонымен бірге жерлеу рәсіміндегі ерекшеліктерге аса мән берілді. Әйтеке би ауданы территориясында қазақтардың мемориалды-діни сәулетшілігінің сантүрлі ескерткіштері шоғырланған. Олардың ішінде: Қосым-ишан зираты, Нияз-тамы мавзолейі (XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы), Сары-ишан зираты мен мешіті, Байжігіт бейіті, Ақтам мавзолейі, Хан моласы қорымы т.б.

Қазақтардың мемориалды-діни сәулетшілігі ескерткіштерін зерттеу үшін экспедицияның бөлімшелері 1998 жылы Ақтөбе облысының Ырғыз және Шалқар аудандарында жұмыстар жүргізеді. Ырғыз ауданы ескерткіштері: Назар-тамы мавзолейі, Төре қорым зираты, Жарбасы мешітінің қалдықтары және т.б. зерттеуден өтеді.

С.Е.Әжіғали арнайы ізденіс-зерттеуімен біздің дәуіріміздің II мыңыншы жылдығындағы ертедегі Арал-Каспий өңірінің мал шаруашылығымен айналысқан тұрғындарының ғұрыптық ескерткіш кешендеріне зертту жұмыстарын жүргізеді. Оның айқын көрінісі ретінде 2002 жылы жарық көрген – «Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона)» еңбегін атауға болады, сонымен қатар 2006 жылы автордың «Кратер елінің» асыл мұрасы: көшпенді Арал-Каспий өңірінің тарихы мен мәдениеті туралы» ғылыми-танымдық сипаттағы еңбегі мен басқа да қолжазбаларының рөлі зор.

Ерекше атап өтетіні, соңғы жылдары ескерткіштерді танып-білу, зерттеуге жергілікті зерттеушілер мен өлкетанушылардың да ат салысуы болып

отыр. Олардың қатарында, танымал Р.А. Бекназаров, А.А. Бисембаев, Б.Б. Мырзабай, Р. Илиясқызы және басқалары бар.

Ақтөбе облысы әкімдігі, Облыстық тарих, этнография және археология орталығы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті бірігіп – «Батыс Қазақстан тарихы» атты екі томдық жинақты басылымға шығарады (2006 ж.). Жинаққа еліміздің белгілі ғалымдары: А.А.Бисембаев, Г.Б.Избасарова, С.Ю.Гуцалов және Р.А.Бекназаровтар басшылық жасаған. Алғашқы томында соңғы жылдардағы далалық археологиялық және этнографиялық зерттеулердің мәліметтері беріліп, материалдық және рухани мәдениеттің аспектілері талданса, екінші томда XVIII ғасырдан бастап қазіргі күнге дейінгі Батыс Қазақстан өңірінің тарихы қарастырылады.

XI ғасырдың басында облыстық әкімдіктерінің Қазақстанның мәдени мұрасын зерттеу жөніндегі бағдарламаларын қаржыландырудың елеулі түрде өсуіне байланысты Археология институтының Батыс Қазақстанның ертедегі мәдениет ескерткіштерін зерттеуге қатысы белсенді сипат алды. Осылайша, ҚР БҒМ АИ отрядтары Оралдың жанындағы ертедегі қала Жайықты (Г.Ахатов), Қобдадағы Абат-Байтақ кесенесін (Е.К.Смағұлов) қазуды, сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысындағы палеолит ескерткіштерін зерттеуді (О.А.Артюхова) жүргізді.

Күні бүгінге дейін өзі де, атауы да жұмбақ болып келе жатқан әйгілі Абат-Байтақ кесенесі де алтын ордалық қаланың орнында қалған көне ескерткіш. Ол Ұлы Қобда өзенінің бұрын тек Байтақ аталған жерінде әлі тұр. XVIII ғасырда қала үйлерінің қабырғалары және жақын жерде су шығару жүйесі болғандығы анықталған. Ескерткіш Абат-Байтақ аталғанымен ол ескерткіштің атауы емес жердің атауы деуге меңзейтін секілді. Себебі кесене туралы аңыз-әңгімелердің атауына байланысты тарихи шындықтарға жанаспайтын жерлері көп. Абат-Байтақ – адамның есімінен гөрі өзені, суландыру жүйесі бар нулы, әрі ірі мекен болғандықтан көрікті, көркем, үлкен алқапты жердің балама атауына жақын.

Көне Қобда өңірінің Жиренқопа қонысында әйгілі Қарақыпшақ Қобыландының асыл сүйегі жатқан жерге сәулетті мемориалдық – туристік кешеннің салынуы. Қобыланды кесенесінің бой көтеруі – тарих зердесін берік, алғаусыз сақтай білген ұлтымыз үшін үлкен қуаныш, бойға қуат, ойға серпін, рухқа құлшыныс берер мақтаныш. Бұрын атадан бала жетіп келе жатқан аңызға ұқсас әңгіме бар еді. Жұрт қазіргі Жиренқопаны Қобыланды батырдың мекені деп келеді. Аруақты ер Қобыланды осындағы Жиреккөлге ат суарғанын көл үстінде күні бүгінге дейін көшіп

жүретін «Құртқаның бұлты» барын, тіпті сол маңдағы обалардың бірінде Құртқаның алтын асасы, Көкілан кемпірдің жүгі жатқанын, сол өңірдегі алып тастың «Қобыландының қайрағы» деп аталатынын, осы әсем өлке «Қобыландының қонысы» екенін осы өңір халқының жатқа білетіні де, жырдың Нұрпейіс Байғанин жырлаған нұсқасында мұның айқын баяндалатыны да өз алдына, батыр кесенесінің қай тұста тұрғанын көзімен көрген тарихшылар да бар. Әуелгі кезінде Ноэль Шаяхметов қазып әкеткен батырдың сүйегі табылып, ғылыми тұрғыда дәлелденіп, өз орнына жерленіп, басына белгі қойылды. Одан соң Алматы, Мәскеу ғалымдары әйгілі Герасимов зертханасында батырдың бет пішінін қалпына келтірді.

Қазақстанның саяси тарихында Әбілқайыр ханның рөлі сөзсіз орасан, соңғы бірнеше жылда профессор С.Е.Әжіғалидің жетекшілігімен жүргізілген кешенді зерттеулердің нәтижесінде әйгілі қолбасшы, ханымыз Әбілқайырдың Ақтөбе облысының аумағындағы «Хан моласы» қорымында жерленгендігі дәлелденіп, нәтижесінде Әйтеке би ауданы аумағында көптен күткен мемориалдық кесенесі ашылды.

Қазіргі таңда мемлекетіміздің тәуелсіздігіне 25 жыл толуы қарсаңында ғылыми және практикалық жүргізілген жұмыстарды қорытындылап, алға қойылған мақсаттарды айқындап, Ақтөбе өңірі, Арал-Каспийдің саналуан табиғи, тарихи-мәдени мұраларын зерттеудің маңызы зор екендігі анықталды.

## 2.2 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕР

Қазақстанның республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштері жеке құрылыстар, белгіленген құрылыстардың тарихи аумақтарының ғимараттары мен құрылыстары, мемориалдық үйлер, кварталдар, қорымдар (ескілікті қалалардағы мазарлар) мавзолейлер мен жекелеген қабірлер, монументалды өнер туындылары, тас мүсіндер, жартастағы бейнелер, Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштері Мемлекеттік тізіміне енгізілген және тарихи, ғылыми, сәулет, көркем және мемориалдық құндылықтар болып табылатын еліміздің тарихы, мәдениеті үшін айрықша маңызы бар әлеуетті нысандар болып табылатын археологиялық ескерткіштер. 1982 жылғы 26 қаңтарда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қаулысымен Республикалық маңызы бар Қазақ КСР-нің Тарихи және мәдени ескерткіштерінің Мемлекеттік тізімі бекітілді. Аталған

Қаулыға 6 рет өзгерістер енгізілді. 2008 жылғы 21 наурызда Қазақстан Үкіметінің Қаулысымен Республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің жаңа Мемлекеттік тізімі қабылданды. Тізімге 218 тарихи нысандар енгізілді. Мәдени мұра нысандарын сақтау, қорғау және пайдалану саласында Қазақстан Республикасының 1992 жылы 2 шілдеде № 1488-ХІІ Заңы шықты. Заңға сәйкес тарихи және мәдени ескерткіштер Қазақстан халқы үшін бірегей құндылыққа ие және әлемдік мәдени мұраның ажырамас бөлігі болып табылады. Заң көпұлтты Қазақстан халқының қазіргі және келешек ұрпақтарының мүдделері үшін мәдени мұра нысандарының сақталуына кепілдік етеді.

Ақтөбе облысы бойынша республикалық маңызы бар тарихи-мәдени сипаттағы 9 ескерткіш бар (4-кесте).

4-кесте. Ақтөбе облысы бойынша республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштер

№ р/с	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Орналасқан жері
1	Абат-Байтақ кешені: мавзолей, құлпытастар, XIV-XX ғ.ғ.	Ансамбль	Қобда ауданы, Талдысай ауылынан 12 км, оңтүстікте
2	Дәуімшар қорымы: мавзолей, сағанатам, құлпытастар XVII-XX ғ.ғ.	Ансамбль	Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылынан 37 км. ОБ-та
3	Қарасақал қорымы: мавзолей, сағанатам, құлпытастар XVII-XX ғ.ғ.	Ансамбль	Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылынан 60 км. ОБ-та
4	Асан-Қожа қорымы: сағанатам, құлпытастар XVII-XX ғ.ғ.	Ансамбль	Байғанин ауданы «Оймауыт» ауылынан 50 км. ОБ-та
5	Сүңдет мавзолейі, XIXғ. Дәулетнияз шебер	Қала құрылысы және сәулет өнері	Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылынан 68 км. ОБ-та

№ р/с	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Орналасқан жері
6	Тоқпан мавзолейі, XIXғ.	Қала құрылысы және сәулет өнері	Шалқар ауданы, Жаңа қоныс ауылынан 35 км. СШ-та
7	Теміржолшылар Мәдениет үйі, 1928 ж.	Қала құрылысы және сәулет өнері	Ақтөбе қаласы, Ш. Уәлиханов көшесі, 39
8	Совет Одағының Батыры Ә. Молдағұловаға орнатылған ескерткіш, 1960 ж. Мүсінші: Е.Н.Штамм, сәулетші: Л.В.Рапутов	Қала құрылысы және сәулет өнері	Ақтөбе қаласы, Шернияз көшесі
9	Совет Одағының Батыры ұшқыш-космонавт В.И.Пацаевқа орнатылған ескерткіш-бюст. 1976ж. Мүсінші: Ю.А. Тур, сәулетші: А.Заварзин	Қала құрылысы және сәулет өнері	Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы

**Абат Байтақ қорымы: мавзолейлер, құлпытастар, XIV-XX ғғ.**



Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Талдысай ауылынан 12 шақырым оңтүстікке қарай.

Абат-Байтақ - зират, Батыс Қазақстандағы діни - жерлеу кешені. Халық аузындағы аңыздарға қарағанда, кесене атақты ойшыл Асан қайғы жыраудың ұлы Бесқопа аңғарында кенеттен қайтыс болған Абат батырға арналып, бүкіл аймақ халқының қатысуымен тез арада тұрғызылған. Сондықтан, оның атына «Байтақ» деген сөз қосылған («кең»). Бірақ құрылыстың сәулеттік құрылымы оның төрелерге тән екенін байқатады.

Абат – Байтақ кесенесі туралы алғаш рет XVIII ғасырда подпоручия және инженер Ригельман айтқан болатын. Оның деректерінде және тарихшы П.И.Рычковтың деректерінде кесене «Байтан» деп аталынған. Толық түрде ескерткіш Я.Я.Полферовтың Орынбор ғылыми архивті комиссиясының мүшелерімен және ғалым Жозеф Кастаньемен суреттелген.



*Абат-Байтақ қорымы, И.А.Кастанье*



*Реставрацияға дейінгі Абат Байтақ кесенесі*

Кейінгі уақытта ескерткіш біржола қиратылып, ғылыми зерттеулер үшін мәңгі жоғалған қайіпте болды. Тек 1980 жылдарының бас жағында Қазақстанның Мәдениет Министрінің экспедициясы аясында археолог Серік Әжіғалиев іс жүзінде оны қайтадан ашты.

Қорым оңтүстіктен солтүстікке, шығыстан батысқа қарай 600м-ге созылып жатыр, құрамында 220 құлпытас, 3 мавзолей (біреуі күйдірілген кірпіштен, екеуі күйдірілмеген кірпіштен) бар. Қорымның ортасындағы Абат-Байтақ мавзолейі күйдірілген кірпіштен салынған. Кейіннен қазақ молалары Абат-Байтақ мавзолейінің батысына орналаса бастады. Олар дөңгелек жер үйіндісі, кірпіштен қаланған қоршаулар ретінде кездеседі. Батыс бөлігінде көркемделген қабірусті құлпытастардың негізі қатты жынысты құмдақты әктастан жасалған. Қорымның құлпытастар композициялық және декоративті түрге жатады. Тегіс рельефті және ірі қашаулармен жазылған ру таңбалары бар.

Зират сәулетті – жоспарлық және көркем өнер шешімімен ерекшеленетін әртүрлі мемориалдық құрылыстардан тұрады. Зираттың ортасында 9,52×9,8 м көлемді, екі бөліктен тұратын 11 – қырлы дағыра мен конустық күмбезді Абат – Байтақ кесенесі орналасқан. Кесене күйдірілген кірпіштен салынған. Ішкі қаланған қабаттарда қаттама кірпіш қолданылған. Кесенеге жақын жерде XVIII ғасырда Абат – Байтақ кесенесіне ұқсас шитті күйдірілмеген кірпіштен салынған басқа кесене орналасқан. Халық арасында оны «Қыз моласы» немесе «Әулие Қыз» деп атайды.



1982 жылы зират мемлекеттік маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің қатарына енгізілді және мемлекет оны өз қорғауына

алды. 2004-2006 жж. Абат-Байтақ кесенесін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.



*«Қыз моласы» немесе «Әулие Қыз»*

### **Дәуімшар қорымы.**

XVII ғ. аяғы XX ғ., басы. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылынан 37 шақырым оңтүстік батыста.

Қазақстанның Батыс аймағына тән өрнектермен көркемделген 200-ден аса мазарлар, тас мавзолейлер, сағана там, сандықтас, құлпытас, қойтастар кешені болып табылады.



*Мырза-Мұрын тамы*

Дәуімшар қорымының солтүстік-батыс жағында екі бейіт орналасқан. Ол адай руының қырықмылтық бөлімшесінен шыққан батыр Дәуімшар бейітінің негізгі эпонимі болып табылады.

Қорымның ішіндегі ең ерекше ескерткіштер дулығаға ұқсас күмбездері бар кесілген блоктардан салынған үш кесене бар. Өзінің айқын формасымен көзге түсетін қорымның солтүстік-батыс бөлігіндегі Мырзамұрын кесенесі. Кесене тіктөртбұрышты, оңтүстік қасбеті айқын көрінеді (парапет, тұра ойық).



*Дәуімшар қорымы, қойтас.*

Ішкі жағында ою-өрнектер ашық түске боялған.

XIX ғ. екінші жартысына жататын қорымдағы төрт күйдірлімеген кірпіштен салынған кесене де қызықты, олардың бірінде төбесі сақталмаған. Бұлар қазақ кесенелерінің «ұйтам» типінің әртүрлі нұсқалары болып табылатын күмбезді құрылыстар.

Қорымдағы ескерткіштерді үш топқа бөлуге болады: сандықтас, қойтас және құлпытас деп. Қорымның жалпы аумағы 4 га.

### **Қарасақал қорымы, сандықтас.**

Қарасақал қорымы XVII ғ. XX ғ. басы. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылынан 60 шақырым оңтүстік батыста.

Қорым 15 гектардай жерді алып жатыр, онда мыңға жуық бейіттер бар, көпшілігінің тек орындары қалған.

Қорымның Қарасақал әулие жерленген солтүстік-батыс жағы ең ерте-

ректегі бөлігі болып табылады.

Қорымның сипаттамасына оралсақ оны екіге бөлуге болады: оңтүстік (ертеректегі) және XIX ғ. ортасы – XX ғ. басына жататын солтүстік бөлігі деп. Қорымның орталық бөлігінде қабір үсті ескерткіштер аз. Оңтүстік бөлігінде негізінен қоршаулар, құлпытас бар тақтатастан қаланған қоршаулар қойылған. Қорымның солтүстік бөлігі (әсіресе солтүстік-шығыс шеті) ескерткіштердің әр алуан (сәулет-көркем) типтеріне толы. Қорым кесене мен сағанатамдар типтерінің түрлілігімен ерекшеленеді. Олардың арасында сәулет өнері мен тас өңдеу өнерінің керемет үлгілері кездеседі.



*Қарасақал қорымы, нысан 146, мавзолей.*

Қорымдағы ерекше ескерткіштердің бірі – Індібай мавзолейі ақ бордан дайындалған кірпіштерден қаланған. Негізгі құрылымы төрт бұрышты төменгі бөлік пен дулыға тәрізді күмбезден тұрады. Сырты біршама тегістеліп өрнектелген, ішкі бөлігі боялып өрнектелген. Қорымның біраз бөлігі ақ бор мен құмнан әзірленген құмақ кірпіштен қаланған бағанатамдар алып жатыр. Қорым Жем бойы қазақтарының XVII ғ. мен XX ғ. басындағы өлген адамдарды жерлеу рәсімдерінен мол хабар беретін Батыс Қазақстандағы ерекше ескерткіштер жиынтығы болып табылады.




*Қарасақал қорымы, Індібай мавзолейі жөндеуден кейін*

### **Асан-Қожа қорымы.**

XVII–XX ғасырдың басы. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Оймауыт ауылынан батыс оңтүстік батысқа қарай 43 шақырым қашықтықта орналасқан.

Жем өзенінің сол жақ атырабында орналасқан жаңа дәуірдегі қазақ елінің ең ірі қорымдарының бірі. Қорым ауданы шағын, әртүрлі қабірүсті ғимараттарға (барлығы 264 нысан анықталған) бай.



*Асан-Қожа қорымы: нысан 2, сағанатам.*

Олардың ішінде борлы әктастан қаланған мавзолей, қашалған тастардан сағанатамдар, тас және саз кірпішті қоршаулар, сандықтас, құлпытас, «қойтастар» бар.



*Асан-Қожа қорымы: нысан 147, құлпытасты қоршау.*

Көп жағдайда құлпытастар басқа ескерткіштермен біріктіріліп қондырылған. Нысандар ішінде сәулет және сурет өнерінің туындысындай үйлесім тапқан ХХ ғасырдағы 13 және 164 нысан ескерткіш сағанатамдары ерекшеленеді. Бейіттің батыс жақ бөлігінде өзінің реликті пішінімен қызықты сандықтастар орналасқан. Құлпытас, қойтастардың азғантай тобын көруге болады. Олардың ішінде анық бөліктермен анық кесу тәсілімен жасалынған архаикалық, жаңа түрлері кездеседі. Құлпытастың батыс бөлігінде негізінен қазақ тіліндегі араб жазбалары тамғамен байланыстырылып жазылған. Қорымның көптеген ғимараттары жоғары техникалы кесу (қашау, тесу, тегіс рельефті және бөлшектерді көлемді көрсету) әдісімен жасалынған.

### **Сүндет мавзолейі**

Сүндет мавзолейі, ХІХ ғ. екінші жартысы. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылынан 68 шақырым оңтүстік батыста.

Батыс Қазақстанның көне қазақ сәулет өнерінің көрнекті ескерткіштерінің бірі болып табылады. Мавзолей күмбезді, сегіз қырлы, оңтүстік-батыс қыры парапет және кіреберіс тереземен ерекшеленген. Цилиндр үстіндегі күмбезі киіз үйдің керегесі іспетті. Сегізқырлы құрылыстың қабырғасы екі қатарлы қашалған тастан қаланған, арасы ұсақ тастармен және топырақпен тығыздалған. Интерьерде қабарғалардың сегізқырлылығы сегіз троп арқылы ортаға шоғырланған. Оның үстінде ескерткіштің күмбезі орналастырылған. Сыртында кесененің қырларында терең емес төртбұрышты қуыстар бар, беті контурлы өрнектермен бе-

зендірілген, оңтүстік-батыс қасбеті парапетінің фризі түйе табан оюы негіз болған бедерлі оюмен өрнектелген. Кіретін терезе түсірілген перде түрінде безендірілген. Интерьерде әрбір қырда табанмен ажыратылған екі қуыстан жасалған. Олардың бедері боялған контурлы өрнектермен безендірілген. Осы солтүстік-шығыс қырында «қойтас» типті қабір үстіне қойылған ескерткіш орнатылған, шығыс қырында құлпытас жатыр.

Ескерткіштің территориясында мавзолейден басқа бір сандықтас, 20 шақты тас қабірүсті қоршаулар және 6 құлпытас кездеседі.

Керемет сәулет өнерінің ескерткішінің құрылысын Дәулетнияз шебер салған.



*Сүндет мавзолейі*

### **Тоқпан мавзолейі**

Бір бөлікті қасбетті күмбезді мавзолей, кіру бөлігі оңтүстікке қаратылған. Ескерткіштің салыну құрылыс жоспары тікбұрышты (8,0 x 8,5 м) кішкене мұнаралармен шығарылған. Мавзолей жспары бұрыс 8 қырлы ішкі қуыс бұрыштардан тұрады. Мавзолей жабындысы бұрыштық мұнаралармен жоғарыға қарай кішірейтіле, бекітілген. Қалыңдығы 1 м мавзолей қабырғасына сай күмбез қойылған. Мавзолей кіреберісінде доғалық қойма түрінде жасырылған өтпелі аралық бар. Ішкі қуыстар мавзолей интерьерінде сонымен қатар доғалық жабындылар негізінде жасалынған. Ғимарат күйдірілген саз балшықтан жасалып, шикі кірпіштен күйдірілген кірпішті араластыра қапталынған. Интерьердің әр жерінде боялған жасыл және сары түсті гүлдер бөлшектері сақталынған.



*Тоқпан мавзолейі, XIX ғ. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Жаңақоныс ауылынан 35 шақырым солтүстік-шығыста.*

Мавзолейдің жерлеу бөлігінің батыс жағында өрнекті және араб таңбалары бар стелла құлпытас орналасқан. Мавзолейдің жақсы сақталған бөлігінің биіктігі 3,5 м.

### **Теміржолшылар мәдениет үйі**

Сипаттамасы: Ғимарат конструктивизм стилінде XX ғасырдың 30-шы жылдарында салынған. Сыртқы пішіні паровозды еске түсіреді. Түрліше келген әр бөлігі түрлі қызмет атқарады. Ең биік бөлігі – дөңгелек-дұрыс параллелолипед тәрізді. Ғимарат қызыл кірпіштен салынған. 1967 жылы ғимаратқа мемориалды тақтайша орнатылды: «1942 жылы 26 қаңтарда мұнда қала жұмысшыларының жиналысында А.Н. Толстой сөз сөйледі», - деген жазу берілген.



*Теміржолшылардың мәдениет үйі, 1928 ж. Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Ш. Уәлиханов көшесі, 39 үй.*

### **Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың ескерткіш мүсіні, 1960 ж. Ақтөбе қаласы, Шернияз көшесіндегі Ә.Молдағұлова атындағы гүлзарда.**

Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұлова (шын есімі Илия, майдандас достары «Лия» деп атапты) (1925 ж. 15 маусым (кейбір деректерде 25 қазан, 20 сәуір), Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қазақ КСР – 1944 ж. 14 қаңтар, Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники, Казачиха ауылы, РКСФР) Кеңес Одағының Батыры (1944), мерген, ефрейтор. 1925 ж. 25 қазанда Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлақ ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында дүниеге келген.



1944 ж. 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники ауданында қаза тапты.

Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға 1944 ж. 4 маусымда Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды.

Ескерткіш төртбұрышты гранитті стилобад (3,3мx3,3м) түріндегі архитектуралық мүсін. Ортасынан трапеция тәрізді биіктігі 2,6м, ені 0,6м төрт қырлы тұғыр көтеріледі. Тұғырда батыр қыздың биіктігі 1,3м мүсіні орнатылған. Мүсін белден жоғары әскери гимнастерка киімде және басында пилоткамен бейнеленген. Кеудесінде Кеңес Одағының Баты-

ры деген жұлдызша бар. Тұғырда жартылай бұрмаланған тақтайшада «Әлия Молдағұлова Кеңес Одағының Батыры» деген мәтін бар. Мүсінші: Е.Н.Штамм, сәулетші: Л.В.Рапутов.

**Кеңес Одағының Батыры ұшқыш космонавт В.И.Пацаевтың ескерткіш мүсіні, 1976ж. Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан даңғылы.**

Виктор Иванович Пацаев - КСРО-ның ұшқыш-ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры. 1933 жылы 19 маусымда Ақтөбе қаласында туған. Пенза индустрия (қазіргі политехникалық) институтын бітіргеннен кейін (1955), КСРО Гидрометеорология қызметінің Орталық аэрология обсерваториясында және конструкторлық бюрода қызмет етті. 1969 жылы ғарышкерлер отрядына қабылданды. 1971 жылы 6 маусымда «Союз-11» ғарыш кораблімен сынаушы ретінде Г.Т. Добровольский және В.Н. Волковтармен бірге ғарышқа ұшты. Сол жылғы 7 маусымда «Союз-11» ғарыш кораблі «Салют» ғылыми станциясымен түйісу операциясын ойдағыдай жүзеге асырып, ғарышта 23 тәулікке жуық барлығы 25 тәулік болды. Ұшу бағдарламасы толық аяқталып, Жерге қону кезінде түсу аппаратының герметикалылығы бұзылуы салдарынан экипаждың басқа мүшелерімен бірге қаза тапты. Ленин орденімен марапатталған. Қызыл алаңда Кремль қабырғасына жерленді. Пацаев атында Ақтөбеде көше, алаң, мектеп, шаруашылық ұжымдары бар.



Ескерткіш мүсін трапеция тәрізді сатылы стилобадтан тұратын архитектуралық мүсін. Ортасында биіктігі 4 м болатын қызыл қашалған граниттен тұрғызылған бес бұрышты стелла бар. Ол стеллаға ескерткішті аспанға ұмтылған етіп көрсететін екі метрлік Батырдың бейнесі орнатылған. Алдында мемориалды тақтайша орнатылған. Мүсінші: Ю.А.Тур, сәулетші: А.Заварзин.

### 2.3 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗҒА ИЕ ЕСКЕРТКІШТЕР

Алғашқыда бекініс ретінде салынып, 1891 жылы қала мәртебесін алған Ақтөбе біржарым ғасырға жуық уақыт өңір тарихында елеулі орын алды.

Ресей империясы Орынбор өлкесін Ресейдің саяси-экономикалық қажеттілігі үшін игеріп, осы уақытта қазақтар қоныстанған өлкенің барлық тарихи ресурстарын орыс мемлекетінің мүддесіне қызмет ететін шараларды жүзеге асыруды негізге міндет деп санады. Осы міндеттердің ішінде Ақтөбе облысының аумағында Ресей өңеркәсібінің шикізат көзі ретінде мал шаруашылығын өркендету, өңірдің әртүрлі мекендерінде жәрмеңкелер ашу, Ақтөбе өңірінің аумағын транзиттік сауда жолы ретінде

пайдаланып, Ресейдің орталық қалаларын Бұхара, Хиуа, Ташкент, Қоқанд және Қашқармен байланыстыру мәселелері тез арада шешу қажеттілігіне баса назар аударды.

1810 жылы Елек және Бердянка аралығындағы кең байтақ жер қазақтардан тартып алынды да, 1817 жылдан бастап осы өңірде бекіністер мен форпосттар салынып, аймақты сыртынан көшіп келгендермен қоныстандыру процесі басталды.

1834 жылы граф Перовский Орынбор бекінісінен Сібір шекарасының аралығында бекіністер салу жобасын жасап, бекіністер салынған қазақ жерлерінің Орынбор әскери қазақтарының иелігіне берілуіне негіз жасады. Сөйтіп қазіргі Ақтөбе облысының аумағына Орынбор әскери қазақтарының қоныс аударуының алғышарты жасалынды. Алғаш 1845 жылы Ырғыз бекінісі салынып, Қарабұтақ форпосты бақылау пунктіне айналды. Бұл бекіністер 1863 жылы генерал Черняевтің Орынбор аумағын Сібірмен байланыстыру мақсатында жасалған Шығыс жорығын бастап, Түркістан өлкесін - Оңтүстік Қазақстанда отарлау ісін жүзеге асыруға мүмкіндік жасады.

1869 жылы жаңадан құрылған Торғай облысының құрамына Орынбор қырғыздары облысының Орта және Шығыс бөліктері кірді, ал Орал облысының аумағы Батыс бөлік пен Орал әскери қазақтарының жерлерін қамтыды.

1869 жылы жаңа Ереженің жариялануына байланысты Орынбор өлкесіндегі Орал, Торғай облыстарында толқулар басталды. Осы толқулардан қауіптенген Ресей үкіметі 1869 жылдың көктемі мен жазы және күзінде Кіші жүз территориясына жазалаушы отрядтарын аттандырды. Сөйтіп осы жазалаушы отрядты өлкеде тұрақты ұстау үшін қазіргі Ақтөбе өңірінде бекініс салу мәселесі күн тәртібіне қойылды.

1869 жылы көктемде Орынбор қазақ-әскери батальонының әскери бөлімдері күшімен Ақтөбе әскери бекінісінің негізі салынды. Бұл бекінісінің салынуы Торғай даласында үкіметке қарсы халық қозғалысын басып-жаншу қажеттілігінен туындаған болатын.

Ақтөбе бекінісі салынған жер қазақтар үшін өте киелі жер еді. Осы жердің қазақтар үшін киелілігі туралы полковник Ю.А. Борх әскеріне жол көрсеткен қазақ, болашақ бекініс салынатын Елек өзенінің арнасының жанында шоғырланған ақ төбелер туралы қазақтардың арасында кеңінен

тараған аңызды айтып берген еді. Домбырасын шерте отырып, аңызшы былай деген екен: «Ертеде бұл өңірде халық қорғаны болған қуатты, күшті Қарасай деген батыр өмір сүрген. Оны шайқаста ешкім жеңе алмаған. Сондықтан оны жаулары алдап қолға түсіріп өлтірген. Олар батырдың денесін көмуге ұзақ уақыт бойы ешкімге рұқсат бермеген. Бірақ жай халық оның денесін ұрлап алып жерлеп, қабірдің үстіне ақ балшық топырақтан үлкен төбе тұрғызған. Бұл өңірде талай жылдар бойы көптеген жаулардың әскерлері басып өтіп, даланы болат қылыштың бір-біріне соғылған үні мен садақ оғының ысқырығына бөлеген. Қарасай батырдың моласы осы сансыз оқиғалардың үнсіз куәгері болып тұрғанына көп жылдар өткен».

Жазушы Құрал Тоқмырзин «Әулие Әжібай би немесе Дала данышпандары» деген кітабында Ақтөбенің салынуына байланысты халық арасына кең тараған мынадай аңызды келтірді:

«Орыстар 18 есекті шхунамен ағаш және басқа құрылыс бұйымдарын әкелгесін, Елек өзенінің сол жағындағы қыратты төңіректен саман соғып, қару-жарақ қоймалары мен тұрғын үйлер сала бастайды. Оның себебі – ол кезде Елек өзені жазғытұрым қатты тасушы еді. Арнаға сыймаған су жазыққа шығып, қзіргі темір жол аймағы тұрған жерде үлкен көл жатады екен. Сондықтан орыстар мекенді қырдың нақ басына орнату тиіс тұғын. Алайда, қырдың басын тұтас алып үлкен қорым жатады. Кәрі көздердің айтысынша ол қорым Ноғайлы хандығы тұсынан қалған еді.

Белгілі академик Сайын Баймұқановтың айтуынша ақын Нүрпейіс Байғанин Ақтөбе атауының қайдан шыққаны туралы мынадай әңгіме айтқан екен: « бұл ман ертеде ер Мамайдың жайлауы болған екен. Бір жазда ойламаған жерден оның Қырыс ханзадасына ұзатылғалы отырғын сүйікті қызы қайтыс болады. Мамай бұл қазаға қатты қайғырыпты. Қызын биік төбе басына жерлеп, алыстан аппақ боп көрініп тұрсын деп кесек-кесек бор тастап алдырып қойдырады. Кейін сол тастар жаңбыр суынан еріп, төбені ақ түске бояпты деседі. Сөйтіп, бұл жер Ақтөбе атанып кеткен екен».

1869 жылы Ақтөбе бекінісінің жер аумағы 8900 десятина жер болды. Бекініс салу үшін жергілікті қазақтардың қыстаулары орналасқан жерлер мемлекет қарамағына алынды. Олар: Артықбай Көтібар қыстауы, Өтеміс қыстауы, Балапан қыстауы, Тұрмамбет қыстауы, Сексенбай қорымы, Елек өзені, Қарғалы өзені, Әділ қыстауы, Құсым қыстауы, Ақтемір қыстауы, Ақтұдай қыстауы, Ақтөбе бекінісі, Түктібай қыстауы, Қаражылан қыстауы, Бектұрған қыстауы, Лекер, Мұхамет – қазы қыстауы.

Бекініс айналасындағы бұл көрсетілген қыстаулар қазақтардан бірте-бірте тартып алынып (ал қорымдар бұзылған), ақыры XIX ғасырдың соңында, яғни Ақтөбенің ірге тасы қаланғаннан кейін отыз жыл уақыт өткенде, қала аумағы үш есе өсіп, 27101 десятина жер болды.

1883 жылы Елек уезінің басқармасы Ақтөбе бекінісіне көшірілді. Ақтөбе бекінісінің қалыптасып дамуының алғашқы кезені 1870-1880 жылдардың арасын қамтиды. 1880-1905 жылдар арасы Ақтөбе бекінісінің әкімшілік және сауда орталығы ретінде даму кезеңі.

1904 жылдың аяғы мен 1905 жылдың басында қоныстану басқармасының ерекше тапсырмалар бойынша қызметкері И.А.Молодыхтың бастамасымен Торғай облысының Қостанай жіне Ақтөбе уездерінде қоныстанушылардың шаруашылық жағдайларын зерттеу жұмысы жүзеге асырылды. Зерттеу жұмыстарының тек Ақтөбе және Қостанай уездерімен ғана шектелуі Торғай облысының Ырғыз және Торғай уездерінің жерінің құнарсыз сортаң болғандығына байланысты қоныстанушы шаруаларды қызықтырмай, қоныстану басқармасы бұл уездерді назардан тыс қалдырды. Қоныстанушыларды негізінен жері құнарлы егін шаруашылығына қолайлы Қобда, Елек және Ойыл өзендерінің алқабы ғана қызықтырды. 1905 жылдың басына дейін Ақтөбе уезіне 1340 отбасы көшіп келді, оның құрамында 8840 адам болды. Ақтөбе уезіне қоныс аударушылар Ресейдің 26 әртүрлі губернияларынан көшіп келген болатын. Оның ішінде Воронеж губерниясынан 202 отбасы, Самара губерниясынан 191 отбасы, Орынбор губерниясынан 122 отбасы көшіп келіп, Ақтөбе уезінің Аралтөбе, Теректі Ақтөбе және Тұзтөбе болыстарын мекендеді.

1869 жылы негізі қаланған уездік бекініс- Ақтөбе қаласының қалыптасу кезеңінде 1887 жылы хан ұрпақтары – сұлтандардың 64 шаңырағынан жерлері бекініс қаланың аумағын кеңейту үшін алынды. Ойсылқара деп аталатын отырықшы болыстың өзінің шешімі бойынша сұлтандарға қыстау және тұрақты жайлау ретінде, 1882 жылы облысаралық съезд ортақ жайлау ретінде бекіткен Шилі жерін осы жерге мүдделі Торғай, Орал және Закаспий облыстарының көшпенділерінің пікірлерін ескерместен бөліп берген болатын.

1907 жылы Ақтөбе уезінде 13 орыс болыстығы және 64 поселке болды. 1913 жылы 1- қыркүйекте Ақтөбе уезінде 28 орыс болыстығы, 147 таза орыс поселкелері және 19 қазақ болыстығы, 134 қазақ ауылдары болды.

*Ақтөбе облыстық жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері туралы ақпарат*

## АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

***Әбілқайыр хан ескерткіші, 2000 ж. Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, Облыстық әкімшілік ғимаратының алдында.***

Әбілқайыр (Әбілқайыр хан) (1693 -12 тамыз 1748) хан, қолбасшы, 1718 -1748 жж. билік құрған Кіші жүз ханы. Ол – кейін өзінің күшімен, айласымен, шабуылды ұйымдастыра білушілігімен даңқы шығып, хандыққа қол жеткізген, батырлығы мен өркөкіректігі, ақылдылығы, саяхатшылығы мен бірбеткейлігі астасқан қайшылығы мол күрделі тарихи тұлға. Әбілқайыр жастайынан батылдығымен танылып, дарынды әскербасы және білгір қолбасшы болды. 1726 жылы үш жүздің қазақтары бас қосқан құрылтайда билер мен батырлар бірауыздан Әбілқайырды Қазақ хандығы әскерінің бас қолбасшысы етіп сайлады. Ал, Әбілқайырдың хандық дәрежеге қалай жеткендігін 1736 жылы оның Ордасына келген ағылшын суретшісі Джон Кэстль былайша түйіндейді: Ол зор тұлғалы, сымбатты, аппақ жүзі қызыл шырайлы, түсі сондай жылы кісі, сонымен қатар зор денсаулық пен қайраткүш иесі, садақ тартуға келгенде шынымен-ақ бүкіл ұлтта оған тең келетін кісі жоқ.



Ескерткіш күрделі композициядан тұрады: скульптура, тұғыр, іргетас және төмпешік. Төмпешік топырақтан үйілген, алдыңғы бөлігі қызыл гранит баспалдақпен көмкерілген. Іргетас пен тұғыр тік тұртбұрышты гранитпен қапталған бетонды блоктарды құрайды.

Тұғырда аттың үстінде отырған ханның бейнесі сомдалған. Ханның үстінде ұлттық киім шапан, басында бөрік, аяғында саптама етік, белбеуінде семсер ілінген. Сол қолы аттың жүгенін ұстап отыр, ал оң қолы жоғары көтеріліп тұр. Тұғырдың алдыңғы жағында «Әбілхайыр хан» деп жазылған.

Ескерткіштің жалпы биіктігі 12,3м, Мүсіннің биіктігі 2,8м, тұғырдың ұзындығы – 5,8м, ені – 2,1 м. Тұғыры қордай гранитінен жасалған. Салмағы 11,2 т. Авторы: Ескен Сергебаев- ҚР еңбек сіңірген қайраткері. Сәулетшілері - Б. Егімбаев, Н. Қожағұлов.

### **Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың (1925-1944) мемориалдық кешені, 2005 жыл.**



Ә.Молдағұлованың мемориалдық кешені Ақтөбе қаласындағы Ә.Молдағұлова даңғылы мен ағайынды Жұбановтар көшесінің қиылысындағы гүлзарда. Ескерткіш ашық алаңда көлемі 830,0 шаршы метрді алып жатыр. Гранитпен қапталғаны 915,0 шаршы метр, тротуар-плиталары төселген алаң 658,0 шаршы метр, көгалданған алаң 602,0 метр. Гүлзардың жалпы алаңы 2175 шаршы метрді құрайды.

Батыс жағында екі жартысфера тәрізді барельефте қазақ халқының тарихы бейнеленген. Барельефтің биіктігі - 2м, ұзындығы – 13,8 м. Архитектуралық ансамбльге гүл егетін орындар, жарық түсіретін шамдар, демалып отыратын орындықтар, көгалдандыру алаңдары кіреді. Қола мүсіннің биіктігі 3,5 м, гранитпен қапталған тұғырдың биіктігі 2,43 м. Мемориалдық кешен 1944 жылы Москваны қорғауда ерлікпен қаза тапқан Әлия Молдағұлованың 80 жылдық мерейтойына арнап салынған.

**Кеңес Одағының Батыры Василий Георгиевич Козенковтың (1923-1945) ескерткіші, 1966 ж.**



Ақтөбе қаласы, Промзона ауданы, 664., АЗФ тің ауласында орналасқан.

Василий Георгиевич Козенков (1923, Ресей, Орынбор облысы, Қуандық ауданы, Қуандық қаласы - 7.4.1945, Калининград облысы, Кенигсберг қаласының маңы) - 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, гвардия майоры, эскадрилья командирі. Козенковтың балалық және жастық шағы Ақтөбе қаласында өтті. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Авиация мектебін, кейін училищені бітірді. Кенигсберг қаласына шабуыл жасау кезінде Козенков ерлікпен қаза тапты. Неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен оған қаза болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (19.4.1945). Ақтөбе қаласындағы ферроқорытпа зауытының үйінде мемориалдық тақта орнатылған. Ақтөбедегі бір көше және №22 мектеп батырдың есімімен аталады. Ескерткіш үш бөлімнен - стилобаттан, тұғырдан және монументтен тұрады. Стилобаттың үстіне тұғыр мен жұмысшы В.Г.Козенковтың мүсіні орнатылған. Ескерткіш қоладан құйылған, жұмыс киімімен, оң қолымен белбеуін және сол қолымен жұмыс құралын ұстап тұр. Стилобат пен тұғыр керамикалық плиткалармен қапталған.

**Кеңес Одағының Батыры Рауф Ибрагимович Кутуевтің (1925-1944) ескерткіш-obeliskісі, 1974 ж. Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Т.Ахтанов көшесі 48 орналасқан.**



Р.И. Кутуев Самарада дүниеге келген. 1930 жылы ата-анасымен бірге Ақтөбе қаласына көшіп келеді. 7 сыныпты бітіріп, 1942 жылдың басында зауытқа слесарь шәкірті болып түседі. 1943 жылы қаңтарда Қызыл Армия қатарына шақырылады. Сол жылдың тамызынан бастап - майданда. 1944 жылы кіші лейтенанттар курсы бітіреді. 1944 жылы 20 қыркүйекте екі аяғынан жараланады, алайда көп ұзамай қатарға қосылады. 1944 жылы желтоқсанда кіші лейтенант Кутуев 2-ші Украина майданы 46-шы армиясы 99-шы атқыштар дивизиясы 1-ші атқыштар полкінің взводуын басқарды. Венгрияны азат етуде ерекше көзге түсті. 1944 жылы 5 желтоқсанда Кутуевтің взводу Эрчи қаласының маңында Дунайдан сәтті өтіп, плацдармды алу және ұстап тұру ұрыстарына белсене қатысты. Ұрыста Кутуев жараланғанмен, ұрысты жалғастыра берді. Жаудың төртінші қарсы шабуылына тойтарыс беру кезінде қаза тапты. Кутуевтің взводуының әрекеті плацдармды кеңейтуге, ондағы негізгі күштердің одан ары қарайғы шабуылдарына сәтті ықпал етті. КСРО ЖК Президиумының 1945 жылғы 24 наурыздағы Жарлығымен Дунайдан өту және оның оң жағалауындағы

плацдармды ұстап тұру кезінде көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін кіші лейтенант Рауф Қутуевке қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Қутуевтің есімі Ақтөбедегі бір көшеге берілген және сонда ескерткіші бар. Ескерткіш-обелиск күрделі сәулеттік композициядан құралған. Оның негізі қызыл және сұрғылт түсті гранитті блокты стилобаттан, тікбұрышты пирамида тәрізді сатыдан тұрады. Стилобаттың сыртқы жағында 3-4 гранитті плитка жазуымен орнатылған: 1) Р.И.Қутуев.; 2) Қаза болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді және 3) 1941-1945. Сол жағында гүл егетін орындар орналасқан. «Актюбрентген заводы» бірінші жылдары рентген аппараттарының бес түрін шығарды, кейіннен: электроагрегаттар, рентген аппараттары, стабилизаторлар, мәдени-тұрмыстық заттарын 32 елге экспортқа шығарып отырды. Завод ұжымы мамандандырылған тәжірибелі қызметкерлер тәрбиеледі.

#### **Генерал-лейтенант Ж.Кереевке (1930-1983) ескерткіш мүсін.**

1999 жыл. Ақтөбе қаласы, теміржол вокзалы ғимаратына қарама-қарсы Ж. Кереев көшесіндегі гүлзарда орналасқан.



Жансен Кереев 1930 жылы Ақтөбе облысы, Темір ауданында, Бабабай ауылында дүниеге келген. Балалық шағы соғыс кезіне тап болғандықтан, мектепті тастап, пошта қызметкері болып орналасты. Ол жұмыстың қиыны сол, суық хабарды тарататын болды. Соғыс аяқталған соң ол оқуын Ақтөбе қаласындағы №6 мектеп-интернатында жалғастырып, 20жасында мектепті аяқтап шығады. Әскери борышын Курил аралдарында өтейді. 1951-53 жылдары командирлерінің ұсынысы бойынша Благовещенск қаласындағы жаяу әскер училищесінде оқиды. 1953-56 жылдары Чита түбінде әскери қызметін өтеді. 1956-62 жылдары қызметі бойынша Герман демократиялық республикасындағы советтік топта болды. 1962жылы М.В.Фрунзе атындағы әскери академияға түсіп, 1965жылы үздік бітіреді. Оның есімі Академия жарына жазылған. Ол бұл тізімге енген қазақ болатын. Және алғаш осы оқу орнын бітірген қазақ болатын. Одан соң Ленинград әскери округына жолдама алып, 1971жылға дейін сонда әскери қызмет атқарды. 1971жылы Генеральный штабтағы әскери академияға түсіп, 1973жылы полковник атағымен бітіріп шықты. 27-ші гвардиялық мото-атқыштар орденіне командир етіп жіберілді. 1979-82жылдары штаб басшысы және Еділ бойы әскери округінің әскери мүшесі болды. 1982 жылы Вьетнам халықтық армиясына жоғарғы кеңесші қызметіне тағайындалады. 1983 жылы СССР-ға қайтып келісімен науқастанып, Мәскеудегі Бурденко атындағы госпитальде қайтыс болады. Д.Қонаевтің араласуымен Алматыда жерленеді. 1983жылы қаза тапқаннан кейін Вьетнам Социалистік Республикасының Отан соғысының жоғары әскери орденімен марапатталады.

Ескерткіш мүсіннен, тұғырдан және стилобаттан тұрады. Стилобат төртбұрышты, ұзындығы 160см, ені 148см. шағын гранитті блоктардан тұрады. Ортасында биіктігі 390см тұғыр бар. Мүсінде қара гранитпен генерал лейтенант Ж.Кереев әскери киімде бейнеленген. Ескерткіштің жалпы биіктігі 500 см. Мүсінші: Б. Абишев, сәулетші: Б. Егимбаев.

**Ескерткіштің атауы мен мерзімі: Интернационалист жауынгерлерге орнатылған ескерткіш-белгі, 2007 ж. Ақтөбе қаласы, Есет Батыр көшесі мен Абай даңғылының қиылысында орналасқан.**



Олар өрімдей жастар еді. Алаңсыз Отан алдындағы міндетін өтеп жатқан... Халықтың тілегімен санаспай, бөтен елдің ісіне араласып, соғысқа қатысу жайлы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Саяси бюросы шешімімен 1979 жылы 25 желтоқсанда КСРО әскерлері Ауғанстан шекарасынан өтіп, онда 1989 жылдың 15 ақпанына дейін соғыс қимылдарын жүргізді. Оған 22 мың қазақстандық қатысты. Ауған жерінде 2238 күнге созылған ұрыста 924 жерлесіміз қаза тауып, 1015 жауынгер мүгедек болып қалды және 21 адам хабарсыз жоғалып кетті. 14453 адам ауған даласында шейіт болды. Қазақ даласынан аттанған әскери қызметкерлердің ішінде 86 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанды.

Интернационалист жауынгерлерге орнатылған ескерткіш-белгі ұшар басында бесжұлдыз бейнесі бар ортасынан қақ жарылған құлпытас түрінде көлемі – 0,5 м. х 1,6 м., биіктігі – 4,5 м. тұтас қызғылт граниттен қашалған. Екі бөлінген құлпытастың төменгі бөлігінде биіктігі – 1,6 м. қоладан құйылған гүл бейнеленген. Көлемі – 2,65 м. х 1,55 м. қызғылт гра-

нитпен қапталған тас тұғыр-тіреу көлемі – 6,1 м. х 6,1 м. х 0,3 м. ақшыл-көк гранитпен қапталған іргетасқа орнатылған. Мүсінші Ж.Т. Кенбай.

**Композитор А.Қ.Жұбановтың ескерткіші мен Ғ.А.Жұбанованың ескерткіш-мүсін кешені.**

2006, 2007 жылдар. Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Жеңіс даңғылы 31, Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармония алаңы.



Сипаттамасы: Ахмет Қуанұлы Жұбанов (1906-1968) - қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер. Қазақстанның халық әртісі (1944), өнертану ғылымының докторы (1943), профессор (1948), академик. Ол Ақтөбе облысы Темір ауданында 1906 жылы 29 сәуірде өмірге келген. Ахмет Қуанұлы қазақтың музыкалық мәдениетін зерттеп тануда, жүйелеп насихаттауда жаңа сапалы биіктен көрініп, кезеңдік мәні бар қажыр-қайрат көрсеткен тұлға. А.Қ.Жұбанов 1933 жылы Алматы музыкалық драма училищесіне ұстаздық қызметке келеді. Осы кезден бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін ол қазақтың музыкалық мәдениеті деген жалпылама ұғымды ұлт болмысындағы нақты категориялық мәні бар

рухани құбылысқа айналдыру үшін тыным таппастан еңбек етті. Бұл ретте, Ахмет Қуанұлы адам қабілетінің қандай құдіретті болатынын нақтылы да нәтижелі істерімен көрсете алды. Алғашқы музыкалық әліппе, қазақ музыкасын зерттейтін ғылыми кабинет, музыкалық сынақ шеберханасы, Ғылым академиясындағы өнертану секторы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімі, Қазақтың халық аспаптары оркестрі, Қазақтың мемлекеттік филармониясы, Қазақ консерваториясы, ондағы халық аспаптары кафедрасы, Қазақтың музыкалық театры, қазақ музыкасы туралы оқу құралдары, міне, осының бәрінің ұйтқысы А.Қ.Жұбанов болды. Мұның сыртында дирижерлік, ұстаздық, ғылыми-зерттеушілік, қоғамдық, әсіресе шығармашылық жұмыстарының өзі сала-сала болып, құнарлы арналарға ұласады.

Жұбанова Ғазиза (1927-1993) - сазгер, Қазақстанның және КСРО-ның халық артисі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор. Қазақтың қазіргі замандық музыкасының негізін қалаушы. Ғ.А. Жұбанова - өзін ұлағатты ұстаз ретінде танытқан тұлға. Ғ.А. Жұбанованың ықпалымен музыкалық мектептер құруы, фольклор және композиторлық шығармашылық мәселелері бойынша диссертациялар қорғала бастады.



Қоладан құйылған дирижер костюміндегі композитор А.Жұбановтың ескерткіші екі жақ ұзындығы – 2,9 м., алдыңғы ені – 1,4 м., трапеция тәрізді биіктігі – 1,55 м., арқалығының биіктігі – 5,2 м., көлденеңі – 2,9 м. қызғылт гранитпен қапталған тас тұғырға орнатылған рояль алдында оң қолына дирижер таяқшасын ұстап ойланып отырған бейнесі сомдалған. Ескерткіштің сол жағында жалпы диаметрі 38,0 м. жарты шеңбер тәрізді 4 сатылы қызғылт гранитпен қапталған іргетас тұғырға биіктігі – 7 м. ақшыл мрамормен қапталған 7 колонналар орналасқан. Жарты шеңбердің сол жақ шетінде А.Жұбановтың ескерткішіне қарама-қарсы көлемі – 2,5 м. x 3,1 м., биіктігі – 3,4 м. қызғылт гранитпен қапталған тұғырға қызы композитор Ғ.Жұбанованың ескерткіш-мүсіні орнатылған. Мүсініші: Е.Сергебаев, сәулетші: Ж.Айнабеков 2006 ж., Ж.Т.Кенбай 2007 ж.

**Қалалық мешіт, 1908 ж. Ақтөбе қаласы, Ш.Берсиев көшесі 22 үйде орналасқан.**



Қалалық мешіт жергілікті мұсылман тұрғындардың қаржысына салынған. Оның ішінде белсенді болған көпестер: Ибрагимов Махмутбай, Садықов Ахмет және т.б. Алғашында салынған кешенге: екі қабатты мешіт ғимараты, ауылдан келгендерге жатақхана, тастан өрілген құдық, аспалар, мешіт қызметкерлеріне тұрғын үй, азаншыға арналған үй, мал байлайтын

жер, жазда намаз оқитын алаң және биіктігі төрт, қалыңдығы бір аршын болатын тас қоршау.

1932 жылы мешітті облыстық баспа ғимараты етіп беріледі. Соғыс жылдары тас қоршау және де тағы да басқа құрылыстары «Рентгензавод», «Сельмаш» цехтарының құрылысына алынған. 1989 жылы мешіт қайтадан жергілікті мұсылман қауымына қайтарылды. Мешіттің биіктігі 6,7 м.

### **Мөңке би Тілеуұлының ескерткіш-мүсіні, 2003 ж.**

Ақтөбе қаласы, 101 атқыштар бригадасы көшесіндегі гүлзарда орналасқан.



Мөңке би, Ноғайлы Мөңке би, Шекті Мөңке би (шамамен 1675 - өлген жылы белгісіз) – белгілі би, Әбілқайыр хан кеңесшілерінің бірі, жырау. Қазіргі Ақтөбе облысы Шалқар ауданы маңайында дүниеге келген. Ата тегі шежіре бойынша өз әкесі Тілеу әрі қарай Айт, Бөлек, Қалу, Сирақ, Мұса хан, Уақас би, Нұраддин болып жалғаса береді. Әбілқайыр хан дүние салған соң Нұралы ханның билігін тану туралы Ресей патшайымы Елизавета Петровнаға

жолданған хатқа Кіші жүздің 30 би, батырларымен бірге қол қойған. Мөңке би өз заманында «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би», келер күнді айнытпай болжайтын сәуегей және дала даналығының көрінісі іспетті ой-тұжырымын тағылымды поэтикалық жырға айналдырған жырау ретінде танылды. Оның философиялық толғаулары, риторикалық сұрақ-жауап, болжау, билік, кесім, шешім түріндегі мұралары өзіндік ерекшелігімен көзге түседі.

Ақшыл гранит тастан қашалған Мөңке би Тілеуұлының ескерткіш-мүсіні (биіктігі - 1,30 м.) көлемі - 0,64 м. x 0,88 м., биіктігі - 2,62 м. Ескерткіш мүсіннің негізін сұр түсті гранитпен қапталған төрт сатылы стилобад құрайды. Мүсінші: К. Егізбаев, сәулетші: Б. Егімбаев.

Халық ақыны Н.Байғанинге орнатылған ескерткіш, 1999 жыл. Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан көшесінде Нұрдаулет сауда орталығының жанында орналасқан.

Нұрпейіс Байғанин (1859-1945жж) Ақтөбе облысы Байғанин (бұрынғы Табын ауданы) ауданында дүниеге келген. СССР-дің халық ақыны, еңбек сіңірген өнер қайраткері. Совет өмірінің шынайы өлеңдері мен эпикалық шығармалардың талантты шебері. Оның шығармаларында қазақ поэзиясының барлық жанры кездеседі.



Ескерткіш мүсіні жоғарғы және төменгі тұғырдан тұрады. Жалпы биіктігі

3,60 метр. Іргетасы цементті блок, көлемі 12,2 x 6 м. Тұғыры ақшыл-сұрғылт түсті мрамор, төменгі өлшемі 4,6 x 6,1 м, жоғарғы өлшемі 1,36 x 2,5 x 2,9 м. Мүсін цементті асбесттен жасалған, сырты мыспен қапталған. Биіктігі 2,3 м. Мүсін солтүстік-шығысқа қарап орнатылған. Мүсінші Г. Г. Элизбарашвили, сәулетші А. Әжіғалиев.

### **101 дербес атқыштар бригадасы жасақталып, штабы орналасқан үй, 1936 жыл.**

Ақтөбе қаласы, Н. Қобыланды көшесі, 2 үй, қазір М. Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат ғимараты.

101-дербес атқыштар бригадасы 1941 жылғы 25 желтоқсанда, Ұлы Отан соғысының алғашқы ауыр кезеңінде Ақтөбе қаласында жасақталған. Оның 80 пайызын - қазақтар, 10 пайызын - орыстар, 3,7 пайызын - украиндар, 1,8 пайызын - өзбектер және өзге ұлт өкілдері 4 пайызын құраған. Бригада запастағылар мен бұрын әскер қатарында болмаған 18-19-дағы жастардан құралған. Бұлардың көпшілігі Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарынан келгендер екен. 101-дербес атқыштар бригадасы 1942 жылғы тамыз айына дейін Ақтөбе қаласында болады. 1942 жылғы қазанның 24-і күні Мәскеу түбіндегі Погорелое қаласында эшелоннан түсіп, 200 шақырым жаяу жүріп, Дулово селосы төңірегінде Калинин майданының құрамына кіреді. 101-атқыштар бригадасы 1944 жылы шілдеде таратылып, 47 және 90-атқыштар дивизияларының құрамымен біріктірілді. 1941 жылы 101 дербес атқыштар бригадасы жасақталып, штабы орналасқан үй - 3 қабатты, қазіргі уақытта М. Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатының ғимараты. Кіре беріс есіктің сол жағында көлемі - 30x50 см. екі мрамор-тақтайшаға қазақ және орыс тілдерінде «Бұл үйде 1941 ж. қараша-желтоқсан айларында 101 дербес атқыштар бригадасы ұйымдастырылды» («В этом здании в ноябре-декабре 1941 г. формировалась 101 отдельная стрелковая бригада») деген жазулар қашап жазылған.



### **1930-1950ж.ж. саяси қуғын-сүргін құрбандарына «Түйетөбеге» орнатылған ескерткіш-белгі. 1990 жыл.**

Ақтөбе қаласы, Пригородный ауылынан шығыста, 6,5 км. орналасқан.

Кеңестік билік жергілікті тұрғындардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген жала жауып, халықтың да оларға деген теріс көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасады. Халықтың қамын жеген ұлт қайраткерлерінен сескенген тоталитарлық билік өкілдері тығырықтан шығар жолды іздеді. 1925 жылы қыркүйекте Қазақстанға басшылық қызметке Ф.И. Голощекиннің келуі елде орын алып отырған жағдайды одан бетер ұшықтырды. Ол Қазақстанды кеңестік өзгерістерден тыс қалған деп санап, онда «Кіші Қазан» төңкерісін жүргізу саясатын ұстанды. Оның жүргізген саясаты ұлт зиялыларын жаппай қуғындауға ұласты. Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдың ортасынан Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Ұлт қайраткерлеріне негізінен КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды.



Жер үйіндінің үстіне стилобад, тұғыр және монумент қойылған. Жер үйіндіге екі жағынан көтерілетін баспалдақ бар. Үйіндінің ортасына қыш тақтайшамен қапталған цементті блоктан стилобад (4x6x0,4 м), оған сұр түсті гранитті блоктан тұғыр (0,6x2x1 м) орнатылған. Ескерткіш белгі тұғырдың ортасына орнатылған. Сопақша доңгелек тәрізді гранитті монолит биіктігі 2,5 м, ені 1,5 м және қалыңдығы 0,5 м. Тас белгіде «Жазықсыз жазаланғандар рухына тағзым», «Жертвам репрессии 30-50-х годов от благодарных потомков. Смерть Ваша безвинна, память о Вас вечна» деген сөздер жазылған табиғи тас. Сәулетші А. Әжіғалиев.

### **Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы кейіпкерлеріне орнатылған ескерткіш-белгі, 2008 ж.**

Ақтөбе қаласы, Есет батыр көшесі мен Абай даңғылы қиылысындағы гүлзарда орналасқан.

Қазіргі заман қазақ әдебиетінің кесек туындыларының авторы, көрнекті қаламгер Әбдіжәмил Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясында адам тағдырын алапат төңкеріс, сұрапыл оқиғалармен астастырған осы бір үздік шығармасы туралы кезінде Одақ көлемінде де, қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдеби сынында да талай көркемдік-теориялық тұжырымдар жасалды. 1974 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған «Қан мен тердің» көркемдік көкжиегі кең.



«Ымырт», «Сергелдең», «Күйреу» атты үш кітаптан тұратын шығарма қазақ дейтін халықтың тарихи бір дәуірдегі өмір кезеңін қамтиды.

Жазушы жекелеген адам тағдырлары арқылы тұтас бір халықтың тарихи тағдырын суреттеді. Берекесі кеткен ел тұрмысының тұтас суреті қамтылған трилогияда қиуы қашқан тірліктен жоғын іздеп, жоғалтқанын табам деп тас басып, теңіз кешіп жүрген тағдырлар бар.

«Қан мен тер» қалай бара жатыр» деген мақаласында Зейнолла Серікқалиев 1965 жылы роман жанрының биік көркемдік талаптары мен болашақ тағдыры тұрғысынан ой толғап отырып былай дейді: «XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың бірінші жартысы Англия мен Францияда мәдениет тарихына роман дәуірі боп енді. Көкірегінде қызуы бар жүректің күллі ықылас-ыждаһаты талант ұлылығына табынды. XIX ғасырдың екінші жартысы орыс романымен дүниені дүр сілкінтті. Мұның бір ғана сыры болды. Роман адам туралы жыр шертті, жай жыр емес, кейіпкер құдіреті көрінген ерлік, өрлік жыры, кең тынысты жыр: Адам тағдыры, заман шындығы, дәуірлік ғаламат құбылыстар!.. суреттелді.

Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы кейіпкерлеріне орнатылған ескерткіш-белгі (биіктігі – 2,1 м.) қоладан құйылып, қызғылт қалақтаспен әрленген, ұзындығы – 5,75 м., ені – 2,90 м., биіктігі – 1,55 м. шоқы тас

тәрізді тұғырға және көлемі – 12,0 м. x 12,6 м. x 0,44 м. қызғылт гранитпен қапталған 2 сатылы төрткүл (крест) тәрізді іргетасқа орнатылған. Трилогиядағы Бел-Аран шоқы тасы символының үстінде жақсы өмір мен бостандыққа ұмтылған Еламан мен Қален, сенімсіз сұлу Ақбала, оның әкесі Сүйеу қарт, олардың артында жалқау Судырахмет пен өсекшіл Қарақатын және басын тік ұстап, итін ерткен Тәңірберген бейнеленген. Мүсінші Е. Жауымбаев, сәулетші Е. Жауымбаев.

### **Әйтеке би Бәйбекұлының ескерткіші, 2008 жыл.**

Орналасқан жері – Ақтөбе қаласы, Т. Ахтанов көшесі, қала әкімдігі ғимаратының алды.



Әйтеке Байбекұлы (1644 -1700 жж.) қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әмір-Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ жұрты «Синесоф буа» (жаны пәк жан) атаған Сейітқұл әулиенің үшінші ұрпағы. Әбілқайыр ханға дейін Кіші жүздің сөзін ұстаған қазақтың биі. Есім хан тұсында Әйтеке ер жете келе билікті мақал-нақылмен мәнерлеп, айтатын, дауды еділ шешіп кесе-кесе сөйлейтін өте әділетті, білгір шешен би болған. Сон-дықтан да ол аға би атанып Кіші жүз елін ұзақ

жылдар басқарған. Тәуке ханның Төле би, Қазыбек би сияқты кеңесші бас билерінің бірі, «Жеті жарғы» заңын жасасқан азамат.

Әйтеке бидің шешендік сөздерін қастерлей жинап, ол жөнінде зерттеу мақала жазған білгір ғалым Балтабай Адамбаев былай жазады: «Қазақ руларының басын біріктіріп бір орталыққа бағындырған және туысқан қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарын одақтастырып, жоңғар-қалмақ шапқыншылығына қарсы бірыңғай халық майданын құрған Тәуке ханның кеңесші, көмекшілерінің бірі Әйтеке болған. Сайып келгенде, Әйтеке - шешендігімен бірге кезінде ел басқарған, заң жасасқан, феодалдық қазақ мемлекетін құрысып, нығайтуға үлес қосқан қоғам қайраткері».

Қазақ билерінің мол пішілген шапаны мен құндыз бөркін киген, оң қолына Тәуке ханның «Жеті Жарғы» Заңының мәтінін ұстаған қоладан құйылған Әйтеке би Бәйбекұлының ескерткіші (биіктігі - 4,25 м.) қызғылт гранитпен қапталған, жалпы биіктігі - 4,0 м. 4 сатылы тұғырға және 4 баспалдақты іргетасқа орнатылған. Мүсінші: Ж. Жұбанғосов, сәулетші: А. Құбай.

### **Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, 1950 жыл.**

Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Ы.Алтынсарин көшесі, 14.



Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі 1929 жылы өлкетанушылардың бастамасымен ұйымдастырылған, 1966 жылдан бастап музей бұрынғы көмір тресі, онан кейін қонақүй болған екі қабатты ғимаратта орналасқан, тастан (жженный кирпич) салынған, ғимараттың

алдында төрт колоннасы бар - екі жағынан екеуден, сыртқы жарлар қасбетке арналған бояумен боялған, ішкі жарлар бояумен ақталған, фойе киізбен және ағаштан жасалынған, экспозициялық залдардың едендері паркет-ағашынан, фойенің едендері мрамор тасынан салынған. Күрделі жөндеу 2003 жылы, ағымдағы жөндеу 2012 жылы өткізілді. Ғимараттың жалпы жер көлемі 2023 м2, оның ішінде: пайдалы алаңы – 726м2 экспозициялық – 516,8м2: әкімшілік: 105,8м2, шаруашылыққа жататын орындар – 103,4м2 оның ішінде: вестибюль, қойма т.б. Қосымша құрылыс: 122,4м2 сақтау қоры: 274,6м2 қосымша құрылыс – 9,9м2 , гараж – 38,0м2 қойма – 29,6м2 шеберхана – 27,5м2 қосымша құрылыс – 5,4м2 .

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайында табиғат, археологиялық, архитектуралық және этнографиялық бөлімдері жұмыс істейді.

### **Облыстық телерадиокомпаниясының ғимараты, 1918 жыл.**

Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Т.Ахтанов көшесі, 54 а.

Ғимарат 2 қабатты. Жары күйдірілген қызыл кірпіштен салынған. Жалпы ауданы 947,9м2. Құрылыс алаңы 741,1 м2. 1914, 1938, 1958 жылдары салынған.

1918 жылы 5-ші ақпанда осы ғимаратта большевиктердің алғашқы ұйымдасқан жиыны өтті. Құрылған кезде ұйым мүшесі 37 адамнан жыл соңына 150 адамға жетті. 1934жылы Ақтөбеде болып өткен Коммунистік партияның және Кеңес үкіметінің көрнекті қайраткері С.М. Киров сөз сөйледі. 1941жылы Кеңес үкіметінің Батыры С.В. Вавилов жұмыс жасады (1908-1943жж). Мұғалім мамандығын игерген Вавилов, Ақтөбе обком партияның инструкторы болды. Ол Ростов-на Дону түбіндегі шайқаста өшпес ерлік көрсетті. Салы түбінде шайқасқа қатысты. Горст түбінде тең емес шайқаста болып, неміс әскерінің 40 шақты танкасына қарсы күресте соңғы жауынгер құлаған сәтте батареяның кіші политругы С.В.Вавилов бірнеше гранатаны біріктіріп алып неміс танкасының алдына шықты. Бұл оның мәңгілік ерлігі еді. 22.02.1943 жылы 606-шы атқыштар полкінің кіші политругы С.В.Вавиловқа жоғары атақ-Советтер Одағының Батыры атағы берілді. 2013жылы меншік иесінің (жеке меншік) ауысуына байланысты 2013-2014 жылдары күрделі жөндеу жұмыстары жалғасуда.

### **Ескерткіштің атауы мен мерзімі: Даңқobelisk, 1970 жыл.**

Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы мен Есет-Батыр көшесінің қиылысында.



Даңқobelisk Кеңес өкіметі билігін құру мен нығайту барысында және Ұлы Отан соғысы жылдарында елі үшін күрескен ақтөбелік батырларға арнап қойылған. 1941-1945 жж. соғыста облыстың еңбеккерлері, барлық халықпен бірлесе Мәскеуді, Сталинградты, Днепрде Белоруссия мен Украина территориясындағы партизандық отрядтарда соғыса отырып Отанды жаудан қорғады.

Фашизмге қарсы батырлығы мен ерлігі үшін 29 ақтөбелікке Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Алты кавалер 3-дәрежелі даңқ орденімен марапатталады.

Ақтөбе облыстық Коммунистік партиясы және еңбекші депутаттардың Ақтөбелік Кеңесінің шешімімен 1970 жылы мәңгі алауы бар Даңқobeliskі ашылады.



*Орыс-қырғыз 2 кластық училищесі, 1883 жыл. Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Шернияз көшесі, 59.*

Бұл ғимаратта Ақтөбе уезіндегі алғашқы оқу орны болып 1881 жылы орыс-қырғыз 2 кластық училищесі ашылды. 1883 жылы оқу орны ретінде салынып бітті. 1884 жаңа оқу жылына қарай училище Бөрте тоғайлысынан жаңадан салынған оқу ғимаратына көшіріліп, біздің заманымызға дейін сақталып тұр. Алғашқы ұстаз Арсений Мазахим Қазан мұғалімдік семинариясын бітірген, атақты профессор И.Ильминскийдің шәкірті. Ақтөбе уезінде халық ағарту ісіне көп еңбегін сіңірген Ы.Алтынсарин. Ол 1879 жылы училищелерді бақылайтын инспектор етіп тағайындалды.

Ғимарат П әрпі етіп салынған. Бір қабатты, тастан салынған. Қазір ғимарат «Облыстық тері-венерология диспансерінің» стационары ретінде пайдаланылып отыр. Ғимараттың жары – күйдірілген кірпіштен қаланған, соңғы жылдары жарға арналған изовер панельмен қапталған. Ғимараттың жалпы алаңы -988,5 м2, Оның ішінде: құрылыс ауданы- 1500м2 Бөлмелер саны: 59. Қорғау тақтайшасы орнатылған. Соңғы күрделі жөндеу 2009-2010 жылдары жүрген.



*Орыс-қырғыз әйелдер мектебі, 1894 ж. Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Некрасов көшесі, 114.*

1894 жылы Ақтөбе қаласында орыс-қырғыз әйелдер мектебі Ақтөбе уезіні қазақтарының қайырымдылық қорынан жиналған қаржыға 17.10.1888 жылғы император жанұясының қиындықтан құтылған жақсы жаңалығының құрметіне салынған

Орыс-қырғыз әйелдер мектебі архитектуралық құрылысы жағынан тартымды әрі қолданысқа ыңғайлы ғимарат. Ғимарат бір қабатты, тастан салынған. Биіктігі – 3,80 м. Жалпы көлемі – 121,80м. Мектепте 25 орындық қазақ қыздарына интернат, мұғалім бөлмесі, 2 оқу және қолөнер бөлмесі болған.

#### **«Пионер» кинотеатрының ғимараты 1918 ж.**

Советтердің 2-ші Ақтөбе уездік съезі өткен, 1915 ж. Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Әйтеке би көшесі, 49.

Ескерткіш Ақтөбе облысында Кеңес билігін орнату тарихымен байланысты. «Пионер» кинотеатрының ғимаратында 1918 ж. 20-25 тамызында Советтердің 2-ші Ақтөбе уездік съезі өтеді. Съезд қызыл Әскердің бөлімшелерін құру мәселесін қарастырады. Ғимарат 1915 ж. салынған. Мемориальды тақта 1957 жылы қойылады. Ондағы текст: Текст: «Здесь 20 августа 1918 года состоялось открытие второго Актюбинского уездного съезда Советов рабочих, крестьянских и мусульманских депутатов» деп жазылған. Жазу қазақ және орыс тілдерінде жазылған.



1920 жылы ақпан айында Ташкенттен Москваға барар жолда М.В.Фрунзе мен Д.А.Фурманов Ақтөбе қаласына тоқтады. Олар он бір күн болып, қаланың шаруашылық өміріне, совет және партиялық ұйымдарға көп көмектерін тигізді. 1920 жылдың 11 ақпанында Ақтөбеде Фурмановтың басшылығымен жергілікті партиялық, советтік және профсоюз ұйымдарымен, Түркістан фронтының саями бөлім басшыларымен біріккен жиын өтті. Жиын партия мектептері, сауат ашу мектептерін ашу арқылы саяси қызметті профсоюздар мен кооперативті қозғалыстарға қазақтарды тарту арқылы күшейтпек болды. 1941 жылы бұл ғимаратта Совет одағының Батыры Г.П. Мясоедов жұмыс жасаған.



Облыстық халық шығармашылығы үйі, 1920 ж. Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Әйтеке би көшесі, 39.

**Тілеу Айтұлы, 2015 ж. Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы мен Тілеу батыр көшесінің қиылысы.**

Тілеу Айтұлы - аты ерлігімен тарихта қалған және өзінің билігімен ерекшеленген тұлға. 1680 жылы Түркістанда қазақтың игі жайсандары Салқам Жәңгірдің бел баласы әз Тәукені хан сайлағанда Тілеу де қатысып сөз алған би әрі батыр. Күлтөбеде өзінің пікірін, ойын білдірген белгілі ер, Сайрам шайқасының сардары. Тілеу батыр Айтұлының тарихтағы орны жөнінде 2001 жылы шыққан «Ақтөбе» энциклопедиясында былай деп жазылған: «Айтұлы Тілеу (1630 қазіргі Ақтөбе облысы -1684, Сайрам қ.) белгілі би, әрі батыр қолбасшы. Мындаған санды ел Тілеу есімімен аталады. Алаш жұртына әйгілі Мөңке бидің әкесі. Күлтөбеде әз Тәукені хан сайлауға, Сұпы Әжіні пір сайлауға қатысып, ұсыныс жасап сөйлеген... 1681-1684 жылдары қазақ тағдыры талқыға түскен Сайрам соғысына 17 мың қол жинап, қасына баласы Жолдыаяқ, інісі Қалдыбай батырларды ертіп, бастап барып қатысқан сардар және сол соғыстың даңқты қаһарманы. 1684 ж. Сайрам қаласын қорғаудағы шешуші ұрыста өзі де баласы Жолдыаяқ батыр да опат болған. Екеуінің де сүйегі Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген. Есімдері кесенедегі ескерткіш тақтада жазулы».



Саясаткер, қолбасы, атадан асып туған Тілеу ежелгі Тұранның бесігі мен есігі атанған түркі дүниесінің тәжі –қасиетті де киелі Түркістаннан айрылсақ, келе жатқан түнектің ақыры немен тынарын бірден сезеді. Осы Сайрам соғысына біздің Батыс аймақтан әрісі Маңғыстау, берісі Бершүгір, Ұлы Борсық, Арал өңірі, Сағыз-Жем, Темір өзендерін жайлаған қалың елден шамамен он жеті мыңға жуық қол жинап, Түркістанға аттанады. Әз Тәуке ханның алдынан өткен соң, соғысқа келіп кіреді. Ол заманда он жеті мың сарбаз - өте көп күш болатын, тыңнан қосылған мол қол қазақ жауынгерлерінің рухын көтерді. Сайрам түбіндегі үш жылға созылған текетірес соғыста шебер қолбасы Тілеудің абыройы артып, атақ-даңқы жауына үрей тудырды. Үш жылға созылған Сайрам соғысының соңғы 1684 жылдың жазында адамның сұңқары атанған Тілеу батыр қазақ елінің тәуелсіздігі үшін қан майданда ат үстінде шейіт болады. Ұлтының азаттығы мен бостандығы, болашағы үшін жанын қиған жаужүрек ұл, дана қолбасы Тілеу Айтұлы әскербасылары мен сарбаздардың ұйғаруы бойынша Тәуекел баһадүр хан, Салқам Жәңгір жатқан қасиетті Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген.

2015 жылы Ақтөбе қаласында Тілеу Айтұлының ескерткіші ашылды.

## АЛҒА АУДАНЫ

**Ескерткіштің атауы және мерзімі: Есет батыр Көкіұлының кешені, XVIII-XX ғ.ғ.**

Орналасқан жері: Алға ауданы, Бестамақ ауылынан 3 шақырым шығыста.



Сипаты: Есет Көкіұлы (1667-1749) қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресте есімі елге танылған әйгілі батырларының бірі. Есеттің әкесі Базарқұлұлы Көкі де заманында аты шыққан батыр болған. Жауға үнемі тайсалмай тұра шабатындықтан «Таймас батыр» деген ат алған. Тарихшылар Салқам Жәңгір хан жоңғардың Батыр Қонтайшысының 50 мыңдық әскеріне 600 жауынгермен қарсы тұрып, шайқасып жатқанда 20 мың әскермен көмекке келетін Жалаңтөс баһадүрдің әскерінің ішінде осы Көкі батырдың да болғандығын, сонда оның шеп бұзып, үлкен ерлік көрсеткенін жазады. Жауынгерлік заманда туып, күреспен есейіп, ер жеткен тұрғыластары сияқты Есет те ел қорғау жорығына ерте араласады. Жеке ерлігімен көзге түсіп, батыр атанады. Тәуке ханның тұсындағы жеңісті шайқастарда Есет батыр Кіші жүз қолын бастайды. Есет батыр әйгілі «Ақтабан шұбырындыдан» кейін ел болып бірігіп, жоңғарларға алғашқы

алапат соққы берген Бұланты шайқасына қатысып, езілген елдің еңсесін көтерткен Ұлы жеңіске өз үлесін қосады. Ал тарихи бетбұрыс жасаған Аңырақай соғысында ол Кіші жүз құрамының туын көтерген атойшы болады.

Есет батырдың кейінгі өмірі Әбілқайыр ханның саясатымен тығыз байланысып жатады. Ханның қасында болып, ақыл кеңесін береді, хан мен халық арасына түскен жарықшақты дәнекерлеп бітірушісі болады. Әсіресе, орыс патшасының қол астына өтер кездегі хан басына үйірілген қауіп бұлтын сейілтуде ол сол кездің тарихи ірі тұлғалары Бөгенбай батыр, Жәнібек батырлармен бірлесе отырып, оған үлкен көмек көрсетеді. Ресеймен қарым қатынасты жақсартудағы сіңірген еңбегі үшін патша үкіметі оған 1743 жылы «тархан» атағын берді. Есет батыр сексен екі жасында өзінің атамекенінде, өз ажалынан қайтыс болады.

Алға ауданының аумағындағы Бестамақ ауылы жанында құлпытасы бар тас қоршаулардан, шырақшы үйінен және 1992 жылы бұрынғы бұзылған орнына салынған Есет батыр Көкіұлы мемориалдық кешені орналасқан. Есет батырды халық қасиетті, әулие жер деп толассыз тәу етуде.



*Ескерткіштің атауы және мерзімі: Шәкен ишан мешіті, XIX ғ.*

Орналасқан жері: Алға ауданы, Маржанбұлақ ауылынан 15 шақырым оңтүстікте.

Шәкен ишан (Шәймерден) мешіті XIX ғасырдың басында тұрғызылған

және бірегей архитектуралық ескерткіш болып табылады. Мешіт бір қабатты, үш бөліктен тұрады және іргесі қалақ тастардан қаланып күйдірілген кірпіштен салынған. Қазан шеберлерінің солтүстік және батыс, орталық Қазақстанға салуға қолайлы деп ұсынған осы жобамен біздің өлкемізде көптеген мешіттер түрі, көлемі беркелкі шағын қарапайым бірақ өте мықты етіп салынып отырған.

Шәкен ишан мешіті тік төртбұрышты (10,0 x 24,0 м.) батыстан шығысқа қарай созыла, азан шақыратын биіктігі - 9,0 м. дөңгелек мұнара (михраб) шығыс жақ бетінде орналасқан. Биіктігі - 3,5 м. табиғи қара тастан саз балшықпен қаланған қабырғасының қалыңдығы - 1 м-ге жуық, XIX ғ. аяғында салынған ғимараттың кіреберіс есігі шығыс жақ бетіндегі мұнара-михрабтың астына орналасқан. Мешіттің екі қабырғасында 5 терезеден 10 терезе, мұнара-михрабтың екі жағында 2 терезе бар. Мешіттің төбесі 1950 жылдары, солтүстік батыс бұрышы 1998 жылы құлатылып, қиратылған.

## ӘЙТЕКЕ БИ АУДАНЫ

### ***Ескерткіштің атауы және мерзімі: «Хан моласы» қорымы, XVIII-XX ғ.ғ.***

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Өлкейік пен Қабырға өзенінің қиылысар жерінен 4 шақырым батысқа қарай.

Сипаттамасы: Хан моласы қорымы XVIII ғасырда пайда болған қазақ бейіті. Оның пайда болуын 1748жылы Кіші жүз ханы мен Орта Жүз ханы Барақ сұлтанның арасында болған тең емес шайқаста қаза тапқан жерімен байланыстырады. Ханды жерлеген жерде кейін үлкен қорым пайда болып, «Хан моласы» атанады. Қорымда мыңнан аса саздан тұрғызылған бейіттер уақыт келе шөгіп қорған тәрізді төмпешікке айналған. 2015 жылы ұзақ зерттеулердің нәтижесінде Әйтеке би ауданы территориясында «Хан моласына» арнайы кесене салынды.



***Ескерткіштің атауы және мерзімі: Кепер-тамы мавзолейі, XIX ғ. II-жартысы.***

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Қарабұтақ ауылынан 40 шақырым ШСШ-та орналасқан.

Сипаттамасы: Кепер тамы мазары сегіз қырлы күмбезді, оңтүстік қырында кіреберіс ойығы бар. Сегіз қырлы қабырғаларының ішкі жағында тік бұрышты қалақшалар жеті қатарлы цоколь және нашар сақталған ернеу бар. Мазар өңделмеген кірпіштен салынып 8x16 - 32 см көлемдегі күйген кірпішпен қапталған. Кепер тамы мазары мемориалды кейінгі қазақ сәулет өнерінің тамаша үлгісі болып табылады. Ескерткішті алғаш рет 1987 жылы Батыс Қазақстанның этнографиялық экспедициясы (жетекшісі С.Әжіғалиев) зерттеді. Мазар төртқара, оның ішінде құламан-жүзбай руынан шыққан бай Кеперге арнап салынған болатын.

Қарама-қарсы бұрыштардың ара-қашықтығы – 9,50м; сақталған биіктігі – 6,50 м.



**БАЙҒАНИН АУДАНЫ**

***Ескерткіштің атауы және мерзімі: Үлкен Жыбысқы діни-ғұрыптық және тұрғын кешені. XIX- XX ғ.ғ.***

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ақтұмсық ауылынан 22,5 шақырым шығыс солтүстік шығысқа қарай.


Ескерткіштің сипаттамасы: Кешен терең сайдың беткейінде орналасқан және сол жағында үлкен қорым бар. Ғимараттың көп бөлігі қызыл құмтастар мен тақтайша тастардан тұрады. Негізгі басымдық циклопты қоршаулы қорымға берілген. Сонымен қатар шикізатты қоршаулар, сағанатам, мавзолей бар. Тастан қашалған бейіттің ескерткіштері (құлпытастар, сандықтастар) көне, айшықталған мәнерімен ерекшеленеді.



**Ескерткіштің атауы және мерзімі: Сүлікті діни-ғұрыптық және тұрғын кешені, XIX ғ. ортасы XXғ. басы.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ақтұмсық ауылынан 50 шақырым ОБ-та.

Сипаттамасы: Ескерткіш XIX ғ. 40-50 жылдарында табын руының шөмішті тармағының көктем мен күзде көшетін жолында уақытша тұрақ әрі ғұрыптық орын ретінде пайда болды. Тұрғын кешен: ғұрыптық орындардан, адам тұратын, шаруашылық және қабірусті құрылыстарынан тұрады. Үстірттің ең шетінде орналасқан. Кешеннің ортасындағы мешітте шаруашылық, қызметкерлерге арналған, тұрғын үй бөліктері бар. Бір-бірімен жалғасып жатқан құрылыстың бұл тобында 20-ға тарта бөлік бар. Оңтүстікке қарай негізгі құрылыс мазар орналасқан. Сәл солтүстікке қарай бескамералы үйдің тас жарлары және шаруашылық құрылыстары сақталған. Аса ерекшеленетіні Сүлікті қабірусті құрылыс кешені. табындардың қарапайым тастан қаланған молаларынан көркемді ерекше келеді. Қашалған әктасты-блоктардан жасалған сағанатамдар ерекшеленеді. Кешеннің аумағы – 1,0 га.



**ҚАРҒАЛЫ АУДАНЫ**



**Ескерткіштің атауы және мерзімі: Қызылтам мавзолейі, XVI-XVII ғ.ғ.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Ақтөбе қаласынан 56 км. солтүстік-шығыста Қарғалы су қоймасының солтүстік - батыс жағасында.

Сипаты: Қызылтам мавзолейі - Қобда-Елек тобының маңызды ескерткіштерінің бірі Ақтөбе қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 56 шақырым жердегі Қарғалы су қоймасы жағалауында орналасқан. Бұл жердегі Естектау атты төбенің басына әдебиеттерден таныс кейінгі

ортағасырлық Қызылтам кесенесінің қалдықтары орналасқан.

Я.Я.Полферовтың жазып алған аңызы бойынша ескерткіштің пайда болуы XVII ғасыр басындағы Хиуа ханы Араб-Мұхамедтің қалмақтың Бадмай атты қолбасшысының қызына сәтсіз құда түсуі тарихымен байланысты. Бірақта архитектуралық және құрылымдық белгілерінің кешені Қызылтамды Абат-Байтақ пен Челябині облысындағы Кесенемен қатарластыруға болады және қарастырып отырған ескерткішті XV-XVI ғғ. деп жобалаған.

Қызылтам мавзолейі квадрат тәрізді (6,05×6,05 м.) кесене, оның бұл өлшемдері Челябиндегі Кесене өлшемдерімен сәйкес келеді. XX ғ. басындағы И.А.Кастаньенің берілімдері бойынша кесене аркалық негіздегі (тромп) екі күмбезді болған. Жоғарыда көрсетілген кесенелер тәрізді Қызылтамның сыртқы күмбезі шатырлы болып келуі мүмкін. Ескерткіш өлшемдері 24×24×5, 5-6 см (Абат-Байтақ кесенесі секілді) құрайтын күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Қазіргі таңда төрттіктің солтүстік-солтүстік-батыс жары мен кейбір аралық бөлшектері сақталған. Солтүстік-батыс бұрышындағы интерьерде парусты-негіздің табандары сақталған. Ескерткіштің сақталып қалған жарының биіктігі - 3,75 м.

Көршілес төбелер мен баурайларда бірнеше ондаған құлпытастары батыс жағына қойылған тасты қоршау ретіндегі бейіт үсті ескерткіштері орналасқан. Бұлар стелаларының типі жағынан Қобда-Елек тобына кіреді, бірақ олардың ішінде өзіне тән түрлеріде кездеседі мысалы: басы дискі тәрізді құлпытастар, шар тәріздес элементтер. Бұдан басқа осы қорымның қашалған стелалары (сонымен қатар Целинный ауылының бейіттерінде) Батыс Қазақстандағы тас қашау өнерінің зерттелгендерінің ішіндегі неғұрлым солтүстікте орналасуы маңызды мәнге ие.

## ҚОБДА АУДАНЫ



### **Ескерткіштің атауы және мерзімі: Ауылдық мәдениет үйі.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Бұлақ ауылы.

Сипаты: Бұл ғимараттың іргетасы 1985 жылы қаланған. Ғимарат кірпішті, 2-қабаттан тұрады, ұзындығы 14 метр және ені 9 м-ді құрайды. Жалпы аумағы 1200 га. оның ішінде 936 ш.м. пайдаланылуда. Ғимарат 2005 жылы күрделі жөндеуден өткізіліп, Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың 80 жылдық мерей тойы қарсаңында «Әлия» патриоттық тәрбие беру облыстық орталығы болып қайта ашылды.



**Ескерткіштің атауы мен мерзімі: Қобыланды батыр мемориалдық кешені, 2007 жыл.**

Орналасқан жері: Қобда ауданы, Жиренқопа ауылы, Қобыланды батыр көшесі, 1 а.

Сипаты: Тоқтарбайұлы Қобыланды (XV ғ.) – аты аңызға айналған халық батыры. Шыққан тегі – Қыпшақ, оның ішінде Қара Қыпшақ. Халық жадында сақталған әңгімелерде, халық шежірелерінде оны көбіне «Қара Қыпшақ Қобыланды» деп атайды.

Шежіре деректеріне қарағанда, Қара Қыпшақ Қобыланды Жошы ханның Шайбан деген баласының тұқымы Әбілхайыр ханның тұсында (XV ғасыр) өмір сүрген, соның белгілі қолбасшыларының бірі болған адам. Қазақ хандығының бөлінуіне де осы Қобыланды батыр себеп болған делі-

неді. Бұл жөнінде Шәкәрім шежіресінде: «Біздің осындағы арғындардың атасы Дайырқожа Әбілхайыр ханның сүйікті қазысы екен. Билікті әділ айтқандықтан «Ақжол» атаныпты. Және Қара Қыпшақ Қобыланды да ханның сүйікті адамы екен. Екеуі іштей жауласып жүргенде, бір күні Қобыланды Дайырқожаны далада өлтіріп кетті. Мұны әз-Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шариғат бойынша қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілхайыр берейін десе, көп қыпшақ бұзылатын болған соң, бере алмай, үш кісінің құнын ал деген соң, бұған Жәнібек өкпелеп, бөлініп кетеді» деген дерек беріледі. Бұл оқиғаның тарихи шындық екенін Дайырқожаның әкесі Қотан жыраудың өлген баласының денесін айналып, қайғырып, қан жұтып жүріп айтқан: «Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным? Сексен асып таянғанда тоқсанға. Тұра алмастай үзілді ме жұлыным» деп басталатын толғауы да дәлелдей түседі.

Мемориалдық кешен Қобыланды батырдың сүйегі қайта жерленген мавзолейден, Даңқ залынан және белгі тастардан тұрады. Төбесінен қарағанда кешен қалқанның үстіне қойылған батырдың дулығасына және жанында жатқан садаққа ұқсайды.



Мавзолейдің негізгі қабырғасы Ресейде жасалған күйдірілген қызыл кірпіштен биіктігі – 7,0 м. жуық 15 үшкіл тіреулер тәрізді қаланып, сыртқы

пішіні батырдың дулығасы тәріздес күмбезделген. Оңтүстік-шығыс бетінде биіктігі 5,0 м. кіреберіс-пештақ орналасқан. Мавзолейдің жалпы биіктігі – 17,5 м., диаметрі – 16,0 м. Мавзолейдің сыртындағы жалпы диаметрі – 78,0 м. дөңгелек шеңбер-қалқанды айнала 29 меңгіртастар символы көгілдір түсті шамдалдар кіреберістен оңтүстік шығысқа қарай биіктігі – 2,0 м. қызғылт гранитпен қапталған 20 үшкіл балбал тастар символы орнатылған.

Кешеннің екінші бөлігі мавзолейдің батыс бөлігіндегі жалпы аумағы – 447,0 шаршы метр батырдың садағы бейнелі Даңқ залынан, холлдан және әкімшілік-шаруашылық бөлмелерінен тұрады. Кешенде Қобыланды батырдың қайрақ тасы, сүйегі қайта жерленгенде орнатылған тас белгілер орналасқан. Кешен Жиренқопа ауылының шығысындағы Ұлы Қобда өзенінің бойындағы жалпы аумағы – 2,06 га жерді алып жатыр. Оның – 3370,0 шаршы метр жері көгалдандырылған, 820,0 шаршы метр асфальтталған. Сәулетші Б. Ыбыраев.

## МҰҒАЛЖАР АУДАНЫ



**Ескерткіштің атауы мен мерзімі: Қарағұл-тамы, ХІХ ғ. аяғы.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Борлы ауылынан 10 км ОШ-та.

Сипаттамасы: Мавзолей күмбезді, сегізқырлы, күйдірілген және күйдірілмеген кірпіштен аралас қаланған, арасы құмды сылақ. Іргетасы жоқ. Жарға 17 қырлы барабар жалғасып, сфера тәрізді күмбезге айналды. Мавзолейге кірер есік жандарында терезелері бар. Ішкі келбеті жебе тәрізді терең ойықтармен салынған, іші саманды-құмды балшықпен сыланған. Еденде жерлеу камерасында екі мәйіт жерленген ойыс бар. Мавзолейдің биіктігі – 6,70 м, сыртқы қырлардың ара-қашықтығы – 7,70 м.

2007-2009 жж. Қарағұл-тамы мавзолейі қайта қалпына келтірілді.



**Ескерткіштің атауы және мерзімі: Жәлімбет мавзолейі, ХІХ ғ.- ХХ ғ. басы.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жаңажол ауылынан 10 км ШСШ-та.

Сипаттамасы: Мавзолей қасбетті-күмбезді, төртбұрышты, күйдірілген, күйдірілмеген кірпіштен қаланған, іргетасы тұрмыстық тастан, арасы балшықпен сыланған. Оңтүстік қасбетінде орналасқан бетше босағасында пилондар сақталған. Ғимараттың қаңқасы нақты бұрышты конструкцияны құрайды. Ғимараттың сыртқы жағында айқын ойықтардың арасында камералар орналасқан. Мавзолейдің жарынаға өріп қалаған жалпақ барабан күмбез болып жалғасып кеткен. Жар құрылысында бұрыш ойықтарының арасында терең жебе тәрізді ойықтар бар. Камераның сырты тегістеліп ақталған, арканың төменгі бөлігінде өсімдік және геометриялық ою-өрнектердің іздері сары және қара түсте сақталған. Сақталған биіктігі – 6,00 м, ауданы 9,70 x 9,70 м.

## ОЙЫЛ АУДАНЫ

### **Ескерткіштің атауы және мерзімі: Азамат соғысында қаза тапқан Бауырластар зираты.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосы.

Қазақстанда Кеңес өкіметіне қарсы қарулы күрестің негізгі күштері Орынбор, Сібір, Орал, Жетісу казак әскерлері, өнеркәсіп орындарының бұрынғы қожалары, кезінде Ресейден қоныс аударып келушілердің ауқатты топтары, қазақ ауылының бай-шонжарлары және солардың мүдделерін қорғайтын саяси партиялар мен ұйымдар болды (кадеттер, эсерлер, ұлттық және діни саяси ұйымдар). Алашорда үкіметі азамат соғысының алғашқы кезінде Кеңес өкіметіне қарсы күштермен байланысып, қазақ халқының мүддесін қорғауға тырысты. Үкімет мүшелері Қазақстанға жақын қалаларға орналасқан Кеңес үкіметіне қарсы құрылған үкіметтермен-Самарадағы құрылтай жиналысы мүшелерінің комитетімен (Комуч), Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен, одан кейін Колчак диктатурасымен, Орынбор және Орал казак әскерлерінің басшылығымен келісімге келуге ұмтылды.



1918 жылы жазда төңкеріске қарсы күштер Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарының көптеген аудандарын, соңынан Жетісу облысының бірқатар аудандарын басып алып, Кеңес өкіметін құлатты. Кеңес өкіметі Батыс Қазақстанның кейбір аудандары мен оңтүстік өлкесінде сақталды. Қазақстанда азамат соғысының Ақтөбе, Орал және Жетісу майдандары құрылды, олардағы соғыс әрекеттері Азамат соғысының ірі майдандарындағы, ең алдымен Колчак әскерлеріне қарсы құрылған Шығыс майдандағы қимылдарға тығыз байланысты жүргізілді. Сондықтан Қазақстандағы азамат соғысының тағдыры негізінен Қызыл Армияның Шығыс майданындағы күресіне тәуелді болды. Қазақстан жеріндегі соғыс қимылдары өз кезегінде Кеңес еліндегі жалпы жағдайға әсер етті. Қазақстан азаматтары Қызыл Армия қатарында да, “ақтар” басып алған аудандарда жасақталған партизандық жасақтар құрамында да азамат соғысына қатысуға мәжбүр болды. Қазақстандағы шешуші соғыс қимылдарына “қызылдар” жағынан М.В. Фрунзе, В.В. Куйбышев, В.И. Чапаев, И.П. Белов, И.С. Кутяков т.б., ал “ақтар” жағына А.И. Дутов, С.П. Толстов, Б.В. Анненков, т.б. басшылық етті. Торғай далаларында “ақтарға” қарсы күресте А. Иманов, Батыс Қазақстанда Хамит Чурин, Бейсен Жәнекешев, т.б. көзге түсті. Ал Әліби Жангелдин азамат соғысы қызу жүріп жатқан кезде (1918 ж. күзі) Мәскеуде жасақталған қару-жарақ керуенін Түркістан майданына жеткізді. 1920 жылдың көктемінде Қазақстандағы азамат соғысы Кеңес өкіметінің жеңісімен аяқталды. Бауырластар зиратының үстіне жоғарғы бөлігі туға айналған тіктөртбұрышты, биіктігі - 4,5 м ескерткіш-белгі орнатылған. Оны көлемі 3x3 м. болатын бетон тұғырға орнатқан. Ескерткіш-белгінің алдыңғы жағында «История освобожденного пролетариата, обязанного вам свободой и счастьем, навсегда запомнит Ваши славные имена» М.В. Фрунзе деген сөздер жазылған тақтайша бекітілген. Төменгі жағында Азамат соғысында қайтыс болған жауынгерлердің аты-жөндері жазылған. Ескерткіш-белгі 1977 жылы тұрғызылған.

### **Ескерткіштің атауы және мерзімі: Ш. Берсиевтің ескерткіші.**



Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қаратал ауылы.

Сипаты: Шығанақ Берсиев (1881-1944 жж.) Асан қайғы бабамыз «Ойыл көздің жасы еді, Ойылда кеңес қылмадың, Ойылдан елді көшірдің...» деп Жәнібек ханға зілді сөйлеп, Ойылдың орны бөлек екенін айғақтады. Осы Ойыл өңірінен шыққан текті тұлғаның бірі - Шығанақ Берсиев.

Ақтөбе облысының Ойыл ауданындағы «Құрман» колхозының звено жетекшісі, тары өсірудің әйгілі шебері. Ол әуелі «Құрман» колхозында мұрап, 1938 жылдан звено жетекшісі болып істеді. Шөлейтті аймақтың ауа райына қарамастан, ұзақ жыл бойы Берсиев тарыдан мол өнім алды. Оның звеносы әр гектардан: 1939 ж. 25,5; 1940 ж. 155,8; 1941 ж. 165; 1942 ж. 175; 1943 ж. 201 ц өнім жинады. Берсиев тарыға арам шөптен таза, құнарлы жер таңдап алып, оған қой қиын төкті. Сеялкамен әр гектары 20 кг-нан тоғыспалы әдіспен 5–6 см тереңдікке тұқым сеуіп, топырақты ауыр ағаш катокпен тегістеді. Өсімдіктің өсіп-жетілу кезеңінде егістікті 4 рет суарып, 2 рет үстеп қоректендірді. Ш. Берсиев жаз бойы егістіктің 3 рет арам шөбін отап, кейде оған күл мен құс саңғырығын шашты. Ол тарыны пісуіне қарай таңдап оратын.

Жыл сайын ойыл ақ тарысының сабағы майысып тұрған күлтелерін таңдап, оның ірі дәнін ғана тұқымға іріктеп алды. Сөйтіп, тарының жақсартылған жаңа сортын өсірді. Жазушы Мұстафиннің «Шығанақ» ро-

маны Берсиев өмірінен жазылған. Осы еңбегін бағалап, Кеңес үкіметі Берсиевті Ленин орденімен (1940) марапаттады. Байлардың мал-мүлкін тәркілеу мен оған ұласқан аштық, одан кейінгі отыз жетінің сойқаны ел-жұртты есеңгіретіп тастағаны былай тұрсын, тұтас елдің жер бетінен жоғалу қаупі туғанда кез Ойылдағы Шығанақтың белсеніп еңбек еткен кезеңіне түспа-түс келеді. Ол аштықтан қырыла бастаған ел-жұртын аман сақтап қалудың бірден-бір жолы - тары өсіріп, жұрттың өзегін жалғау деп ұғынды. Өз үйінің көмбесінен алған ақ тары тұқымы Ойылға ауған жұрттың жаппай қырылып қалуына жол бермеді. Сол уақыт өткеннен кейін Қызыл Армияның мұқтаждығына жұмсалды.

Осыған байланысты Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті және Қазақ КСР-ның Министрлер Кеңесі 1946 жылы Ш.Берсиевтің туған жеріне ескерткіш-мавзолей салу туралы қаулы шығарды. Архитекторы Т.К.Басенов.



**Ескерткіштің атауы және мерзімі: «Әйгілі тары өсіруші Ш.Берсиевтің бейіті және Даңқ мұнарасы», 1947 ж.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қаратал ауылы.

Сипаты: Ш.Берсиевтің бейіті саман кірпіштен тұрғызылып цемент балшықпен сыланған, бейіттің үстіне «Әйгілі тары өсіруші Шығанақ Берсиев (1881-1944 ж.ж)» деген мәтіні бар қоладан мемориалды тақта орнатылған. Бейіт күйдірілген кірпішпен қоршалып, солтүстік-батыс жағында обелиск орнатылған. Ескерткіштің айналасы металл қоршаумен жымқырыла қоршалған.

Мавзолейдің құрылысы дөңгелек, ұйтам тәрізді және кіреберісі аркалы болып келеді. Мавзолейдің оңтүстік-батыс бетіндегі қабырғасында аркамен өтетін кішкентай ғана қасбет орнатылған. Қасбетті айнала баспалдақ орнатылған, сол жағындағы мавзолейдің жоғарғысындағы күмбезге шығады. Мавзолейдің сырты метал қоршаумен қоршалған. Қабырғаның сыртқы диаметрі - 5,2 м, жалпы биіктігі - 4,4 м. Мавзолей 1947 жылы салынған.



**Ескерткіштің атауы және мерзімі: Керуен сарай тарихи-архитектуралық кешені, XIX ғ.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосы.

Сипаты: «Керуен-Сарай» тарихи-архитектуралық ансамбльдің аумағында сауда қатарлары және жәрмеңке комитетінің ғимараттары орналасқан. Алғашқыда 1869 жылы екі қатарлы сауда қатары тұрғызылған, солтүстіктен-оңтүстікке қарай созылып жатыр. Әрбір сауда қатары 5 бөліктен тұрады: әрбір бөлік төртбұрышты (5,30x80,0 м) және жалпы ұзындығы 400 метрді құрайды. Әрбір бөлікте 18 есік (1,60 x1,60 м) және терезенің орындары бар (0,70x1,50 м), жалпы ғимараттың биіктігі 4,10 м.

**Ескерткіштің атауы және мерзімі: Шаруа жастарының мектебі, XIX ғ.**



Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосына қарасты Талтоғай елді мекені.

Сипаты: 1898 жылы Күмісбаев Меңдібай салдырған. Ағаштары Орынбордан түйе арбамен әкелінген. «Қызыл мектеп» алғашында екі кластық орысша-қазақша мектеп болған. Оны бертін келе «Шаруа жастар мектебі» деп атаған. Бұл оқу орны әр кезде әрқилы мақсатқа пайдаланады. Мұндағы балалар үйі 1952 жылға дейін қызмет етті. XX ғасырдың елуінші жылдардың ортасынан жетпісінші жылдарға дейін өкпе ауруымен ауырғандарды сауықтандыратын санаторий болды. Қазірде санаторий атымен аталады.



Шаруа жастар мектебінің ұзындығы 30 м, ені 20-23 м, ал биіктігі 3,5 м болады. Шатырының жерден алғандағы биіктігі 5 м, үйдің жоғарғы төбесінен алғандағы арқалығы 6-7 м. Онда 20 бөлме бар. Дәлізінің ені 4 м, ұзындығы 20 м. Қосымша құрылысының ұзындығы 15 м, ені 7-8 м, биіктігі 4 м. Мұнда сегіз бөлме болған.

## ТЕМІР АУДАНЫ

**Ескерткіштің атауы және мерзімі: Ахмет Халфе мешіті, XX ғ. басы.**



Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Темір қаласы.

Сипаты: Мешіт төрбұрышты (10x22 м) екі қабатты құрылыс. Қабырғасы өңделген қоңыр текше тастардан цемент балшықпен қаланған. Солтүстік бетінде 8 қырлы мұнарасы ағашпен жабылып, қаңылтырланған, ұшар басы алты жақты тіктөртбұрыш тәрізді, оған жарты айшық орнатылған. Осы бетте жарты күмбез тәрізді жабылған құбыла мінәжат қуысы орналасқан. Ішкі беті үш қызмет бөлмесіне бөлініп, орталықтағы екі қабат намаз бөлмесі мен шығар есікке жалғасқан.

**Ескерткіштің атауы және мерзімі: Шіркеу, XIX ғ. II жартысы.**



Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Темір қаласы.

Сипаты: Шіркеудің сыртқы көрінісі төрбұрышты (11x29 м) солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла орналасқан. Шіркеу күйдірілген қызыл кірпіштен, ақ бор аралас цемент балшықпен қаланған. Шіркеуге кіретін есіктер оңтүстікте, батыста және шығыс жақ беттерінде орналасқан оның ішінде шығыс жағындағы есік көшеге шығатын есік болып табылады. Қабырғасының орта деңгейінде жоғарғы жағы жартылай иіліген терезелер жолақ қаңылтырлармен қуалай жиектеліп қиылыстырыла көмкерілген. Шіркеу ғимаратының құрылысы үш құрылымнан тұрады. Шіркеудің ішкі бетіне сылақ жүргізіліп, жасыл бояумен боялған, шіркеудің басты бөлмесінде қабырғаға салынған іздер байқалады.

Шіркеудің биіктігі - 13,25 м.

**Ескерткіштің атауы және мерзімі: Досжан Ишан ата қорым-мешіті, XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы.**



Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кентінен оңтүстікте 5 шақырым жерде орналасқан.

Сипаты: «Досжан ишан қорымы» деп аталған жер негізінен XIX ғасырда өмір сүрген аймаққа әйгілі діни тұлға Досжан Қашақұлының салдырған мешіті мен асыл сүйегінің жерленген орны. Қазіргі таңда XIX ғасырдың 70 жылдары бой көтерген Досжан ишанның мешіті орны және қасында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында бой көтерген үлкен қорымнан тұрады.

Бұл тарихи жерді «Досжан ишан қорымы» дегеннен гөрі «Досжан ишан діни – тұрғын кешені» деуге тұрарлық. Оған себеп бой көтерген «қорыммен» қатар, мешіттің, тұрғын үйлердің, шаруашылық жайлардың, құдықтың орындарының әлі күнге дейін сақталғандығы.

«Досжанишан» қорымның ортасында бейіттердің ескі бөлігі орналасқан, енді соған тоқталсақ. Қорымның ескі бөлігі негізінен, топырақтан үйілген көбелерден, топырақ қоршаулардан, тас қоршаулардан және төрт бұрышты қалыпта төмен өрілген сұрғылт өңді тастан тұрғызылған төрт құлақтардан тұрады. Ұлу тастан жасалған құлыптастардың бірнеше түрі бар. Ол құлыптастардан көбісі құлап қалған.

Осы құлыптастардың 19 данасының эпитафиясында жазылған мәліметтердің мазмұны аударылды. Бұл құлыптастар XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жасалған.

Құлыптастардағы эпиграфикалық мәліметтерге қарағанда қорымда

жерленген адамдардың негізі: осы жерді мекендеген шүрен руының жан-жан шүрен тайпасы, шөмішті табын руының қоңыр тайпасы өкілдеріне тиісілі. Сонымен қатар: кердері, адай, т.б. ру өкілдері жерленгендері көрініп тұр.

Құлыптастардағы жазылған эпитафиясының мазмұны барлық қазақ құлыптастарында тән мазмұннан тұрады, тек жазудың құрылымында ғана өзгешіліктер бар. Осы айтылған мешіт жанында сақталған қоныс-жайлардың жобалық және жарнамалық сызбалары, өлшемдері және фотографиялық суреттері алынды.

## ШАЛҚАР АУДАНЫ

**Ескерткіштің атауы және мерзімі: Балғасын кешені, XIII-XVIII ғғ.**


Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Талдықұм ауылынан 15 шақырым оңтүстік-батыста.

Сипаты: Орта ғасырлардан сақталған көне қорым. Балғасында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының мүшелері А. Матов, И. Хохлов, Ж. Кастанье болған.

1979-1980 жылдары Қазақстан Мәдениет министрлігінің экспедициясы (жетекшісі С.И.Әжіғалиев) зерттеген.

Қорым Балғасын мұнарасының қалдығынан, Оңалбек ата (шамамен XVII-XVIII ғасыр) кесенесінен және шикі кірпіш пен тақта-тастан салынған көптеген бейіттерден тұрады. Көркем стела немесе құлыптас жоқ, сиректеу ғана өңделмеген дәрекі белгілер кездеседі. Олардың кейбірінде шекті руының таңбасы ойып салынған. Мавзолейдің биіктігі – 8,80 м.

Балғасын қорымын моңғол дәуіріне жатқызады, себебі «балғасун» топонимі моңғол тілінен аударғанда «бекініс», «қала» дегенге сай келеді.



*Балғасын қорымы, Оңалбек ата мавзолейі, XVII-XVIII ғғ. Балғасын қорымы, панорама*

### **Ескерткіштің атауы және мерзімі: Есет-Дәрібай кесенесі, XIX ғ.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Байқадам ауылынан 12 шақырымда.

Есет Көтібарұлы (1803-1889ж.ж.) Шекті руынан шыққан белгілі тарихи тұлға. Ол азаттық үшін күрескен халық батыры. 1853-1858 жылдары шекті жұртының халық-азаттық қозғалысының басшысы, 1868-1880 жылдары Ырғыз уезі бастығының көмекшісі болған. Көтібар батырдың үлкен ұлы.

Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың башысы. Кіші жүздің Қабақ руының басқарушысы болған. Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы Шалқар көлінен жеті – он шақырым жердегі Ақши бойында дүниеге келген.

Есет – Дәрібай кесенелері XIX ғасырдың қаһарман батырлары Есет (1803 – 1888) және Дәрібай (1805 – 1891) Көтібар ұлдарына тұрғызылған ескерткіш. Кесененің бірінші нұсқасы 1890 жылы төртбұрышты шикі және күйген керпіштен күнбезбен өріліп, қабырғалары әшекейленіп салынған. Бірақ, уақыт әсерімен құлаған. Шалқар өңірі халқының бастамасымен бұл кесене екінші рет, қазіргі заманның сәулет өнерінің талаптары ескеріліп, ұлттық нақышпен 1993 жылы қайтадан салынды. Кесене құбылаға қарағанда оң жағындағысы Есеттің, сол жағындағысы інісі Дәрібайдың тамдарынан тұрады.

Есет Жоламан Тіленшіұлы қозғалысына қатысқан. Ырғыз, Торғай, Сырдария өңірлерінде орыс бекіністерінің салынуы Есет Көтібарұлының патшалы Ресейге қарсы өшпенділігін туғызды.

1847 жылы Ембі өңірінде Есет Көтібарұлы қазақтар мен хан жасақтарына

шабуыл жасады. Осы көтерілістен кейін Есет отрядты Ембінің жоғарғы жағалауына Арыс-Бөрте, Имелі-Шашан өңірлеріне бекінді. Бұдан кейін ол Хиуа феодалдарына қарсы күресте Жанқожа Нұрмұхамедов батырмен уақытша бітім жасады.

1853 жылы Есет бастаған қозғалыс күшейе бастады. 1855-1858 жылдар патша әкімшілігіне қарсы белсенді қозғалыс кезеңдері болды.

1859 жылы бір топ сұлтандармен бірге Петербургке шақырылды. 1860 жылы 28 тамызда делегацияны ІІ Александр қабылдады. Ол 1861 жылдан бастап Қабақ руының старшыны, 1869 жылдан Ырғыз уез бастығының кіші көмекшісі болды. 1873 жылы Хиуа жорығына қатысқаны үшін оған медаль берілді. 1879 жылдан пенсияда. Оған 300 сом мөлшерінде зейнетақы тағайындалды. Есет Көтібарұлы Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының Шолақжиде деген жерінде жерленген.

## ЫРҒЫЗ АУДАНЫ

### **Ескерткіштің атауы және мерзімі: Алмат-тамы мавзолейі, XIX ғ.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылынан 22 шақырым ОШ-та.



Сипаттамасы: Алмат-тамы мавзолейі XIX ғасырда өмір сүрген Ырғызға атағы шыққан қайраткер Алматтың отбасы жерленген ерекше декорацияланған күрделі композиция. Құрылыс төртбұрышты (12,70м

х 12,10м), күрделі, көпкамералы. Мавзолейге кірер есік солтүстік батыс қасбеттің оң жағымен ұзынша дәлізден аралық камераға кіріледі. Одан оңға қарай жүріп орталық шеңбер тәрізді камераға өтіледі. Дәліз әрі қарай шығыс бөлігімен ғимараттың келесі бұрышына дейін созылып жатыр. Орталық бөлменің диаметрі 5,50м басқа бес камералармен аралары аркамен бөлінген. Төрт камера дөңгелек пішінде (3,00 м), ал солтүстік шығыстағы камера – төртбұрышты (3х3 м). Барлығының төбесі күмбезделіп жабылған. Бөліп тұрған аркалар жартышеңбер түрінде архивольттармен айрықшаланған. Барлық камераларда адам жерлейтін ақымдарды арқалықтар бөліп тұр. Ортаңғы залдың фризы декоративті жолақтармен әдеміленіп арасында ою-өрнек соғылған ганча тақтайшалары бар. Фриздің беті сылақпен сыланып әктелген. Ескерткіштің сыртыда безендірілген.

**Ескерткіштің атауы және мерзімі: Жаныс мавзолейі, XIXғ.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Жаңа-Құрылыс ауылынан 20 шақырым ОБ-та.

Сипаттамасы: сегізқырлы симметриялы мавзолей, оңтүстік-батыс қырында тікбұрышты ойығы бар. Композициялық тұрғыда ескерткіш айқын сегізбұрышты, 41 қырлы одан соң 8 қырлы екі қатар жарғақшасының үсті еңістеу пирамида тәрізді күмбезбен көмкерілген.

Мавзолейдің жары күйдірілген кірпіштен тұрғызылып, арасы балшықпен сыланған, екі сатылы тұғырға қаланған. Тұғыр жардан 10см сыртқа қарай шығыңқы. Іргетас байқалмайды. Сегізқырдың жоғарғы жақтарында күйдірілмеген кірпіштер кездеседі.

Мавзолейдің ішіне төртбұрышты тура ойық апарарды. Ішкі еден кіреберіске қарағанда төмендеу. Жарлары іштен қарағандада сегізқырлы.

Күмбездің қалануы сыналы-радиалды. Жерде төрт камера. Екеуінің үстінде күйдірілмеген сағана, екеуінің үсті қамыс жабындымен жабылған.

2009-2011 жылдары мавзолей қайта қалпына келтірілді.



**Ескерткіштің атауы және мерзімі: Дүйсенбі ақын мешіті, XIXғ.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Жайсаңбай ауылынан 7 шақырым солтүстікте.

Сипаттамасы: Дүйсенбі ақын мешіті – Солтүстік Аралмаңы аймағының көрнекті ғұрыптық ескерткіші. Мешіт 1909-1913 жылдары жергілікті халықтың қаржысына шөмекей-тоқа руынан шыққан Дүйсенбі Имашұлы ақынның (ишан) басшылығымен Орынбордан шақыртылған шеберлерге салғызылған.

Мешіт төртбұрышты (9,60 x 24,20 м), СШ-тан ОБ-қа созыла орналасқан. Жарлары күйдірілген кірпіштен қаланған. Төбесі әуелі бөрене-балкалармен жабылған, кейіннен шифермен алмастырылған, қазіргі таңда мүлдем қирап бүлінген. СШ қасбетінен сегізқырлы минарет бой көтерген (жалпы биіктігі 19м). Күмбезі шатерлі, темір қаңылтырмен жабылған. Қарама-қарсы қасбетінде михрабтың апсидасы тұр. Жарларда ойықтар, терезелер, екі есік бар, бірі ОШ-та, бірі СШ-та. Есіктер мен ойықтардың үсті сына және садақ тәрізді арка етіп қаланған. Архитектураның бұл түрінде солтүстік Поволжьеңің әсері байқалады. Ғимарат әуелде екі бөліктен тұрған: бірі минарет жағы ағаш баспалдақты, екіншісі үлкен қызметкерлердің бөлігінде михрабта молда жұма намазын оқитын ағаш мінбер тұр. Мешіт оңтүстігінен, СШ-нан тұрғын және шаруашылық құрылыстардың орындары, кірпіш күйдірген орындар айнала шоғырланған.

### **Ескерткіштің атауы және мерзімі: Өлкейік өзеніндегі тақта көпір (Тақтакөпір), XIXғ.**

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Дүкен ауылынан 14 шақырым солтүстікте.

Сипаттамасы: көпір XIX ғасырдың басында Өлкейік өзенінде Ырғыз және Торғай бекіністерінің арасында бұрынғы Торғай облысы Ырғыз уезі жерінде салынып, халық арасында «тақтакөпір» деп аталып кеткен.

Көпір екі армирленген тіреуден және темір аралық рамалардан тұрады. Көпір ОБ-тан СШ-қа қарай орналасқан. Көпірдің тіреулерінің қалыңдығы төменгі жағы 1,70м-ден жоғары қарай 1,50м болып жіңішкереді. СШ бөлігінің ұзындығы 5,50м және ОБ бөлігі 4,20 м. Беріктік үшін тіреулер темір шыбықпен арасы торланған.



Темір қабырғалардың өлшемдері 4,10x16,0м, биіктігі – 1,10 м ОБ тіреуге тірелген. Төрт бөліктен тұратын темір рамалар өзара қалыңдығы 1,5-2см темірмен бекітілген. Оған ағаш тақтайлар төселіп, халықтан «тақта көпір» деген атауды иеленген. Қазіргі таңда ағаш тақтайлары мүлдем жоқ. Көпірдің ОБ және СШ бөліктерінде 25-30м дейін жететін жер үйінділер сақталған.

## 3 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТАБИҒИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### 3.1 ТАБИҒИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Дүниежүзілік табиғи және мәдени мұраларды қорғау туралы Конвенцияда табиғи мұраның айқын анықтамасы орын алмаған, онда осы категорияға жатқызылған нысандар аталған:

- Эстетикалық және ғылыми тұрғыдан көрнекті әмбебап құндылығы бар физикалық және биологиялық құрылымдармен, немесе сондай құрылымдардың тобымен жасалған табиғи ескерткіштер;

- Сақтау немесе ғылым тұрғысынан көрнекті әмбебап құндылығы бар қауіп төнген жануарлар мен өсімдіктердің ареалдарын білдіретін қатаң шектелген зоналар, геологиялық және физика-географиялық құрылымдар;

- Сақтау немесе табиғат әсемдігі, ғылым тұрғысынан көрнекті әмбебап құндылығы бар қатаң шектелген табиғат зоналары немесе аймақтың көрікті жерлері.

Конвенцияның екінші бабына сәйкес нысанды әлемдік табиғи мұра қатарына алу мен оны тізімге енгізу үшін кем дегенде келесі критерийлердің біреуіне толық сәйкестігі талап етіледі. Нысан: рельефтің маңызды геоморфологиялық немесе физиографиялық ерекшеліктерін, жер беті пішінінің дамуында болып келе жатқан салмақты геологиялық процестер, ежелгі өмірдің ізін қоса алғанда жер тарихындағы негізгі кезеңдердің бейнесінің көрнекті мысалы болуы, немесе жануарлар мен өсімдіктердің бірлестіктерінде, жағажайлық және теңіздік, өзендік, жер бетілік экожүйелердің дамуында және эволюциясында болатын маңызды және созылмалы экологиялық және биологиялық процестердің көрнекті мысалы болуы немесе эстетикалық маңызды территорияның ерекше

табиғат әсемдігін немесе бірегей табиғат құбылыстары енген, немесе биологиялық алуантүрлілікті сақтау тұрғысынан аса маңызды және мәнді табиғи ареалдар, сонымен қатар табиғатты сақтау және ғылым тұрғысынан көрнекті әлемдік игіліктерді танытатын жоғалу алдындағы түрлердің ареалдары енген болуы керек.

Бұл жауапты тарихи миссияның іске асуы тікелей мұраның жағдайына байланысты екені сөссіз. Осы жағдайды ұғыну мұраны сақтауды қамтамасыз ету жөнінде халықаралық қауымдастықтың белсенді жұмысына түрткі болуда.

Сонымен қатар әмбебап маңызға ие нысандарды көрсететін «аралас мұра» термині қолданылады. Біз «табиғи-мәдени мұра» терминін қолдануды ұсынамыз, себебі жиі ескерткіштің табиғи немесе мәдени мұраға тиесілігін анықтау мүмкін емес, ал ұсынылған термин ескерткіштің әмбебаптығын көрсетеді. Қазіргі уақытта мұра нысандарының классификациясын реттелген деп есептеуге болады. Барлық мұра екі үлкен класқа бөлінеді: жылжымайтын (бірнеше топтарға бөлінеді: өнер ескерткіштері, архитектура және қала құрылысы, археология және тарихи ескерткіштері) және жылжымалы ескерткіштер (музей коллекциялары, антиквариаттар және т.б.)

Жылжымайтын тарихи және өнер ескерткіштері құрылымында бір мезетте табиғи мұра ескерткіштері болатын мынадай ескерткіштер топтарын ерекше атап кеткен жөн. Оларды жиі тарихи қалалар және қоныстар, музей қорықтар; ландшафтық архитектураның қорғауға алынған нысандары; ғибадатхана және үй-жай кешендері; шайқас алаңдары, саны аз халықтар тұратын этноэкологиялық аудандар; тарихи өндірістік территориялар, жолдар және бағыттар; археологиялық территориялар кіретін тарихи-мәдени территорияларға жатқызады.

Басқа көптеген атақты шайқас алаңдары тиісті қорғауға алынбаған. Жекелеген жағдайларда оларға мемориалдар орнатылған, шайқас туралы малұмат жергілікті өлкетану музейінде болуы мүмкін, бірақ көп жағдайларда тарихи шайқас алаңының дәл өзі музейлендірілмеген және қорғалмаған.

Тарихи өндірістік территориялар қайталанбайтын және ерекше индустрия ескерткіштерінің кешенін сақтап қалған бұрынғы өндірістік немесе басқа да шаруашылық нысандарымен сипатталады. Ресейде олар аз қалды, бірақ тек қана жалпыресейлік ғана емес әлемдік маңызы бар

тарихи өндірістік аймақтарды бөлектеу үшін жеткілікті алғышарттар бар. Орал территориясының ежелгі тау-кен байыту аймақтары, пайдалы қазбалардың белсенді өндіру аймақтары, кеме жасау верфтері, ерекше өндірістік және энергетикалық нысандар осыларға жатқызыла алатын еді. Төменгі Тагилде (Свердлов облысы) музей зауыты жасақтау жобасы іске асырылуда. Бұндай көзқараста ежелгі шахталар мен кен өндіру орындары, іргелес ауылдары мен қоса зауыттар сақталған Челябин облысы перспективалы болып табылады, ежелгі механизмдер мен технологияларды қайта қалпына келтіру мүмкіндігі бар.

Мұра әрдайым бірнеше бағалы мінездемеге ие, жиі ол бүтіндей арсеналға да ие болуы мүмкін. Мұра нысандарын оның бүгінгі мен перспективті бағалы мінездемесін есепке ала отыра, кешенді бағалау керек. Осылайша Орлова Э.А.: «Өткеннің мәдениетіне байланушылықтың артуы оның тіршілік етуінің жаңа контекстімен байланысты» - деп атап өтеді. Бұл жағдайда өткеннің мәдени құндылықтарының заманауи функцияларын бөліп көрсетуге болады:

Бағыттаушы - тұлға өткеннің мәдениет нысандарын эталон ретінде қабылдап және өзінің заманауи тәжірибесін соған негіздейді;

Аналогтық - бүгінгінің өткен жағдайлармен ұқсастығы ісдестіріледі.

Еліктегіштік - өткеннің мәдениетін меңгерумен оның үлгілерін ұстану жеке тұлға өмірінің салтына айналады;

Аспаптық - тұлға, өткеннің мәдени құндылықтарын оларға байланысы жоқ мақсаттарға (саяси, әлеуметтік-беделді және т.б.) жету жолында құрал ретінде, пайдаланады.

Осы механизмдердің іс-әрекеті арқасында өткеннің мәдени потенциалы адамдардың бүгінгі қарым-қатынасы мен іс-әрекетінде өзектеледі. Бүгінгі күні ресейліктердің рухани өміріне бір кездері ұмыт болған мәдениет қабаттары қайта оралуда: дін құндылықтары, ежелгі орыс әдебиеті, музыка, сәулетшілік, қолөнер. Осылайша мұра қоғамның әлеуметтік мәдени дамуындағы негізгі түсінікке айналады.

М.Ю. және Е.В.Евдокимовтар бөліп көрсеткен табиғи-мәдени мұраларды қарастырудағы тәсілдерге көңіл аударарлық:

1. Мұра адам мен табиғат арақатынасының тарихи тәжірибесінің көрінісі ретінде;

2. Алуантүрлілігі берілген территорияның табиғи мұрасының байлығына байланысты болатын табиғи және тарихи-мәдени ортаны сақтауға мүмкіндік беретін, жеткілікті ірі территорияны қамтитын территориялық. Неғұрлым экологиялық және әлеуметтік маңызы бар ареалдар мұраны қорғауға алынған территорияларына бөлінеді, олардың ішінде көбіне таралғаны табиғилар: ұлттық парктер, қорықтар, қорықшалар;

3. Мұра жүйелі құрылым ретінде, мұраның жекелеген нысандары бір-бірімен және оларды қоршаған ортамен байланыссыз сақтауға алынбайды. Жекелеген нысандар, территориялар, табиғи және мәдени мұра заттары, мәдени ландшафт нысандары жиі экологиялық қаңқа, не болмаса қаңқа қызметін атқаратын желілердің әр түрін қалыптастырады, бұл өз кезегінде жекелеген аймақтарды дәл осындай негізде – элементтері тұтастың бөлігі болып табылатын аумақтың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін белгілі бір қаңқа ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Осылай бола тұра, қаңқа орталығы (ядрасы) мәдени мұра нысандарымен де, қорғауға алынған территория мұрасы, нүктелік, жергілікті жер мұра нысандарымен де көрсетілген. Әр түрлі тәсілдер мен әр түрлі концепцияларды бір жүйеде қатар қолдануға мүмкіндік беретін мұндай кешенді тәсіл тұрақты даму стратегиясын әзірлеуде негіз бола алады. Бұдан бөлек, мұраны жалпы әлемдіктен жергіліктіге дейінгі иерархиялық деңгейде ұсынуға болады. Осылайша, әлемдік деңгейде мұра нысандары негізінен Әлемдік мұра тізімі шегінде тіркеуге алынады. Жекелеген елдер мен аймақтар деңгейінде – қорғалатын аумақтарды жасақтаудың ұлттық стратегиясы, мәдени мұра нысандарын мемлекеттік есепке алу, ұлттық траст бағдарламалары шегінде. Жекелеген аудандар, елді-мекендер, қала агломерациялары деңгейінде – территориялық және салалық (табиғатты қорғау) жоспарлау құжаттары, қоғамдық бастамалар шегінде. Бүгінгі таңда мәдени мұра нысандарының жаңа категориялары – мәдени ландшафттар, өнеркәсіп мұрасы, мәдени туризм, ауызша дәстүрлер пайда болғандығы мойындалды. 1992 жылдан бастап Әлемдік мұрада жаңа субкатегория-мәдени ландшафттар бөліне бастады. Құжаттар бойынша олар мәдени мұраға жатқызылады, бірақ олардың анықтамасын олардың адам мен табиғаттың біріккен туындысы екендігі атап көрсетілген. Жекелеген мәдени ландшафттар мәдени және табиғи қабаттардың, дәстүрлі және инновациялық мәдениет, мұра мен заманауи мәдениет арақатынастарымен ерекшеленеді. Әдетте кешен 4 түрге бөлінеді: қалалық, ауылдық, үй-жайлық және ғибадатханалық. Мәдени ландшафт тұтас аумаққа тән ерекшеліктерді танытумен қатар, жеке территориялық

кешенге тән дара белгілерді де көрсетуі мүмкін. Ол адамзат қоғамының табиғат ресурстарын, қолда бар өндіріс күштерінің даму деңгейінде, пайдалану арқылы табиғи ортаға бейімделуі мен рухани мәдениет жиынтығынан қалыптасады. Мәдени ландшафттардың тұрақтылығы өткен мәдениет элементтерінің сақталуымен және табиғи ортаның тұрақтылығымен анықталады, ал өзгермелілігі – технологияның өзгеруімен (сырттан алып келінген даму) немесе табиғи және антропогендік сипаттағы экологиялық апаттармен, сонымен қатар миграциялық белсенділік немесе антропогендік ауыртпалықтың артуымен (территориядағы халықтың жинақталуы, қоныстардың әр түрлі түрлерінің пайда болуы, табиғи ресурстарының эксплуатациясы және т.б.) байланысты мәдениеттердің ауысуымен анықталады. Қазіргі таңда тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау саласында халықаралық құқықтық нормалар жүйесі қызмет атқарады. Осылайша, 1954 жылғы қарулы қатығыстар кезінде мәдени құндылықтарды қорғау туралы Гаага конвенциясында қарулы қақтығыс жағдайында мәдени құндылықтарды қорғау нормаларын біріктірген бірінші халықаралық келісім болды. Онда мәдени құндылықтарға келтірілген залал, барлық адамзатқа келтірілген залал деп атап көрсетілген. 1970 жылы мәдени құндылықтарға жеке меншік құқығын заңсыз өзгеге беру, елден шығару мен кіргізудің алдын алу мен тиым салуға бағытталған Париж конвенциясы қабылданды. Ол мәдени құндылықтарды заңсыз сату мен ұрлаудың алдын алуға шақырады. Онда мемлекеттің мәдени құндылықтарын қорғаудың тәсілі ретінде халықаралық ынтымақтастықтың керектігі айтылады. Конвенцияда әлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау дегеніміз конвенцияға қатысушы жақ-мемлекеттерге мұраларды анықтау мен сақтауға бағытталған талаптарына халықаралық ынтымақтастық пен көмек көрсету жүйелерін құру деп түсіндіріледі. Конвенциямен Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің мүмкіндігінше мәдени және табиғи мұраларды қорғауды жалпы жоспарлау бағдарламасына қосуға бағытталған ортақ саясат жүргізуге тырысатындығы анықталған. Сонымен қатар мемлекеттер:

- Егер құрылмаған болса, өзіне жүктелген міндетті атқаруға мүмкіндік беретін қызметкерлер мен жабдықтары бар мәдени және табиғи мұраны қорғауға, сақтау мен танымалдылығын арттыруға бағытталған бір немесе бірнеше қызметтер құруға;
- Мемлекеттің мәдени және табиғи мұрасына залал келтіруі мүмкін қауіп-қатердің алдын алуға мүмкіндік беретін жұмыс әдістерін жақсарту, ғылыми және техникалық зерттеулерді дамытуға;
- Сол мұраны танымал ету, сақтау, қорғау, анықтау үшін тиісті құқықтық,

ғылыми, техникалық, әкімшілік және қаржылық шаралар қабылдауға;

- Мәдени және табиғи мұраны сақтау, қорғау саласында ұлттық және аймақтық орталықтардың құрылуы мен дамуына ықпал етуге, сонымен қатар осы саладағы ғылыми зерттеулерді ынталандыруға міндетті.

Айта кететін жәйт, жүз жылдан астан қызмет етіп келе жатқан еуропалық мұраны қорғау мен пайдалану жүйесінде басымдылық ескерткіштерді қорғау әдістеріне тиесілі.

1960 жылдардың аяғында басталып, қолдануды меңзеген қорғаудан сақтауға өту назарды жекелеген ескерткіштерден ансамблдерге және территорияларға дейін кеңітті. Бүгінде кең тараған сақтаудың мақсатты бағытталған қорғау ретіндегі анықтамасы, мұраны қорғау бойынша функциялардың сапалы құрамы, іріктеу категорияларын көтеруге мүмкіндік берді. Бұл критерийлер территорияның регенерациясы және реабилитациясы қорғау дәрежесінде қолдана отырып менеджмент негізінде мүмкін болатындығы анықталғанда одан әрі кеңейе түсті. Соңғы критерийлердегі өзгеріс, тарихи реликтерді өнім ретінде қабылдау арқылы оларға нарықтық бағыт беруді негізге алады.

Жиі күрделі қаржыландыру құрылымы бар мұраны сақтап қалу жобалары мен шараларына мемлекет, аймақтық және жергілікті билік өкілдері, тұрғындар, мамандандырылған қоғамдық ұйымдар, жеке кәсіп өкілдері атсалысады. Бұған мысал ретінде кейбір мемлекеттердің, соның ішінде Германия, Ұлыбритания, Норвегия (мұраны сақтап қалу керектігін алғашқылардың бірі болып түсінген мемлекеттер), табиғи және мәдени мұраны сақтауға қатысты нормативті құжаттарын келтіруге болады.

Ерекше орын археологиялық текті ескерткіштерді қорғауға беріледі. Оларға ғылыми таным негізі қазбалар мен табылған заттардан тұратын әр түрлі дәуір мен мәдениетке тиесілі адамдар, жануарлар мен өсімдіктер өмірінің қалдықтары, ізі, дәлелі болатын жылжыйтын және жылжымалы заттар жатады.

Соңғы кездері жиі-жиі ғылыми басылымдарда өзара байланысты болғанымен, ұқсас болып табылатын «мұра саласындағы менеджмент» және «мұра саласындағы саясат» секілді ұғымдар қолданыла бастады. Мұра саласындағы саясатты нәтижесінде мұра ұғымының түп мәні, сонымен қатар оны сақтау мен трансляциялаудың стратегиясы мен тактикасы анықталатын әр түрлі институттар мен индивидуумдардың: үкіметтік ұйымдардың жаһандық, ұлттық және аймақтық деңгейлері, мемлекеттік

ұйымдар, оқу орындары, мұра саласындағы ғалымдар мен мамандардың және «мұра тұтынушыларының» (мұражай келушілері, туристер және т.б.), көпәспектілі бірлескен іс-әрекет жүйесі ретінде түсіндіруге болады.

Өткен ғасырдың 1980 жылдарының ортасында ЮНЕСКО мамандары осы саладағы менеджмент үшін де негіз болған мәдени мұраға қатысты заманауи саясаттың негізгі ұстанымдарын қалыптастырған болатын. Оларда ең алдымен мұраға қатысты екі негізгі тастулар: сайып келгенде мұраны сақтау мен қорғауға бағытталған саясаттың синонимі болып табылатын «мұраға қатысты зиян келтірмеу» және «игілік жасау», яғни мұраны даму процесіне қосып, оны ең алдымен ресурс ретінде қарастыру, айтылған болатын.

Батыста көптен бері мұран ескерткіштерін туризммен тығыз байланысты белгілі бір аймақтың әлеуметтік және экономикалық стратегиясын жасауға пайдаланып келеді. Бұл әсіресе, жалғыз болмаса басты ресурсы мұра болып табылатын аймақтарда ерекше өзекті.

Соңғы уақытта туризм мәдени құндылықтардың қолжетімділігі және жаппай сұранысқа ие болуының ең тиімді құралы ретінде қарастырылуда. Тез арада мұндай көзқарас мұраның бір жағынан аймақтық және халықаралық дамуының аса маңызды ресурсы ретінде қарастылуына, екінші жағынан оның абстрактілі мәдени мұра ұғымдары қатарынан шынайы экономикалық және басқармалық категорияға айналуына алып келді. Заманауи шетелдік ғалымдардың пікірі бойынша туризмнің дамуы материалдық және рухани мұра саласындағы жаһандандудың әдісі болып табылады. М.Драгичевич-Шешич атап өткендей, мәдени туризм «тарихқа саяхат» ретінде, әсіресе, мәдени-тарихи дәстүрлерінің құндылығы ерекше көрсетілетін мемлекеттерде, сонымен қатар ұлттық сана-сезім дамуына үлкен көңіл бөлінетін жерлерде, әсіресе, мәдени ассимиляцияға қарсы күресіп келе жатқан саны аз халықтар арасында дамыған. Бұл мағынада туризм тарихы үшін XIX ғ. уақыты маңызды болды, бұл кезде Европада ұлттық сана-сезім ояна бастады, саяхаттар, экскурсиялар, қажылық сапарлар онымен байланыстырылды. Басқа жағынан мәдени туризм адамдардың «өзгелермен» өзге дәстүрлермен және мәдениетпен танысуға деген талпынысын, осы саладағы көзбен көргендерін өз еліндегі жағдаймен салыстыру тілегін пайдаланады. Сонымен қатар ол тарихи саяхаттар ретіндегі мәдени туризмнің келесі классификациясын ұсынды, оның ішінде бөліп көрсетуге болады:

- «тарихқа саяхат»;

- Тарихи оқиғаларды қайта қалпына келтіріп, саяхат жасау;
- Тарихи кезеңдерді меңгеру;
- Діни саяхат.

Келесі топқа М.Драгичевич-Шишич мақсаты туристерді қандай да бір шетелдік мемлекетпен, аймақпен немесе қаламен таныстыру болып табылатын географиялық саяхаттарды жатқызды. Мұндай саяхаттар кешенді (таныстыру нысаны қандай да бір бір мемлекет, немесе оның астанасы, олардың мәдени-тарихи көрікті жерлері, заманауи қоғамдық-экономикалық өмірі) немесе мамандандырылған (туристерді тек қана кейбір көрікті жерлермен, жиі мәдени-тарихи ескерткіштермен, табиғатымен не болмаса экономиканың белгілі салаларымен ғана таныстыру) болуы мүмкін.

Үшінші «мәдениеттік» дейтін саяхаттарға өнердегі қандай да болмасын бағыттар, жиі өнертапқыштық (мысалы, «Истриядан Равеннаға дейін», «Боралық қыс» - Вена, Зальцбург, Прага, Мюнхен, т.б.), не болмаса музыка немесе театр өнері саласын меңгеруге байланысты саяхаттар жатады. Бұл классификацияға белгілі бір мұрамен байланысты жоғалтуды сезінуі, «настольгиялық туризмнің» айрықша түрлерін қосуға болады.

Сонымен қатар назар аударарлық және еуропа елдерінде айқын көрінетін мұра саласындағы туризмді ұйымдастырудың тағы бір аспектісін бөліп көрсетуге болады. К.Перье-Д'Итерен Европада мұра саласындағы туризмді әдіснамалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету бойынша кең ауқымды іс-әрекет жүзеге асты деп атап өтті. «Ғылыми және оқу орындары, жиі Еуропалық комиссия көмегімен, мүмкін болатын көптеген бағдарламаларды жасады. Қатысушыларға осы тақырыпты жан-жақты талқылайтын семинарлар, «дөңгелек үстелдер» және пікірталастар өткізіледі, арнайы зерттеулерге тапсырыс беріледі, ескілер қайта қаралады, іс-әрекетке жаңа құжаттар енгізіледі. Мұның барлығы бірінші кезекке білім беру бағдарламаларын іске асыру көмегімен мұра мен туризм арасындағы тығыз байланысты қалыптастыру жүйелерін қояды.

Мұра кез-келген мемлекеттің аймақтық, әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуының маңызды факторы болып табылады.

Тарих және мәдени ескерткіштерін қорғау- бұл адамзаттың мәдени мұрасын қорғау мен сақтау мақсатын алға қойған халықаралық, мемлекеттік және қоғамдық іс-шаралардың жүйесі. Ұлттық және халықаралық маңызы бар әдеби және тарихи ескерткіштер, сәулет өнері, қолөнер туын-

дылары, археологиялық қазба барысында табылған заттар мен кешендер қорғауға алынады. Мұра ескерткіштерін қорғау саласындағы іс-шаралар ғылыми-зерттеу жұмыстарынан (ескерткіштерді меңгеру, классификациялау, тізімдеу және баспаға беру), заңды актілердің шығарылуы мен дайындалуынан (қандай да бір нысанды тарихи және мәдениет ескерткіші ретінде тану, ескерткіштердің шет елге заңсыз шығарылуына, бұзу немесе қайта құрастыруына, бүлдіруге тиым салатын заңдардың қабылдануы; көркем және тарихи ескерткіштерді сақтау және қайта қалпына келтіру, есепке алу туралы нұсқаулық жасау), сақтау және қайта қалпына келтіру жұмыстарынан, ескерткіштерді тарихи мұра ретінде, сонымен қатар мәдени байлық ретінде де танымалдылығын арттырудан тұрады.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта отандық тарих және мәдени ескерткіштерінің ауқымды бөлігінің жойылғанын, жойылу қаупі төніп тұрғанын немесе шаруашылық іс-әрекетінің тікелей не жанама әсерінен, сонымен қатар табиғи процестердің жойқын әсерінен жеткілікті дәрежеде қорғалмауы салдарынан құндылығының күрт төмендеу факторын мойындауға болады.

Мұра ескерткіштері жағдайына қатты әсер ететін экологиялық мәселелер де өзекті болып қала беруде. Қазіргі уақытта мәдени-табиғи мұралар үшін аса өткір мәселелік факторлары келесілер:

- химиялық заттар орта қалыптастыруға себебін тигізетін және табиғи материалдардың, сонымен қатар кірпіш қаланышы, бояу қабаты мен сылақтың бұзылуына алып келетін әуе кеңістігінің өндіріс нысандарымен, автокөліктермен және коммуналды шаруашылықпен ластануы;
- ескерткіш территориясындағы құрылыс қаңқасының биологиялық бұзылуына, беткі су шайылу қабатының бұзылуы мен грунттың ылғалдануына, өрт қаупінің артуына алып келетін қалдықтармен (тұрмыстық, құрылыс, өндіріс қалдықтары) ластануы;
- көлік дірілі көптеген тарих және мәдениет ескерткіштерінің жағдайының нашарлауына себепкер деп танылды
- Грунттық және техногендік су тасулар;
- Мәдени орынның сыртқы түрінің қараусыз қалуы нәтижесінде температура мен ылғалдылық режимінің бұзылуы байқалды (XVIII—XIX ғғ. Ескерткіштердің ішкі құрылысы мен сыртқы қабырғаларының зақымдануы, ғимараттардың желдету жүйелерінің бұзылуы салдарынан;
- Вандализм, яғни ескерткіштердің немесе ескерткіштердің түсті металдан жасалған элементтерінің ұрлануы тіркелген.

Қазіргі заманда еліміздің өңірлерінде ең көп тараған проблемалық жағдайлар қатарында ландшафтардың визуальды бұзылуы әлі күнге дейін бар: ландшафтылық қатынаста маңызды жерлердегі діни ескерткіштермен қала маңындағы массивтердің реттелмейтін құрылысы тығыз орналасқан.

Техникалық қызмет көрсету және қалпына келтіру үшін кететін шығындар жағынан алып қарастырғанда ең қиын мұра нысандарының бірі сәулет ескерткіштері. Бұл қиындық бірқатар себептерге байланысты туындаған. Ең біріншіден, реттелмейтін табиғат факторларының әсері, сонын ішінде шартты түрде сыртқы деп айта алатын, климаттық фактор. Осы әсерлердің нәтижесі ретінде көркемдік қасиеттерін жоғалуға әкелетін материалдардың табиғи ескіруі, ал сайып келгенде ескерткіштердің жойылуы. Сонымен қатар, мемлекеттік ескерткіштер күзеті органдарымен келісусіз және рұқсатсыз ескерткіштерді қалпына келтіру тәжірибиесі тоқтатылмайды.

Мұра саласындағы әлемдік қозғалыстың көне «Эдинбург декларациясы» деп аталатын Конференциясының қорытынды құжатында әлемнің барлық елдеріне « Мұраны сақтау, ұлттық және жергілікті деңгейде де саясаттың қалыптасуына жоғары саяси және қаржылық жай-күйі жасалсын » деген жолдама бар [171].

Әлемдік ең табысты тәжірибе есебіне негізделген құжатта, еліміз үшін бағалы бірқатар құнды ұсыныстар мен қорытындылар бар.

2003 жылдың қараша айында болған келесі Эдинбургтік конференция қазір халықаралық деңгейде мойындалған, мұра облысындағы басты саяси басымдылық болатын ,экологиялық мониторинг сұрақтарына арналды.

Мамандар, тарихи ескерткіштерді сақтау және мәдениет саласындағы аймақтық саясат стратегиясын әзірлеуде, мұраны теріс факторлардың салдары қауіпінен оның ішінде экологиялық қауіптен сақтаудағы келесі маңызды бағыттарды айтады:

- тарихи-мәдени маңызы бар жерлер бойынша жұмыстардың барлық түрлерін келістіру;
- күзетілетін орындар жобасын құрастыру және бекіту;
- жаңа құрылыс жүргізу барысын қадағалау;
- ескерткіштерді сақтандыру;
- тарихи және мәдени бағыттағы жерлерден және ескерткіштер аумақтарынан экологиялық зиянды өндірістерді шығару;
- апатқа қарсы жұмыстар, ескерткіштерді сақтау;

- инженерлік және экологиялық іс-шараларды жүргізу (вибрациядан сақтау, грунттық судың деңгейін азайту, тасқынға қарсы су ағын құрылғылары, жағалауларды бекіту жұмыстары);
- мәдени мұра объектілерінің жағдайын жүйелі түрде қадағалау мақсатында кадрлармен қамтамасыз ету және қаржыландыру.

Мәдениет саясатының негізгі принципі - мұраны комплексті сақтау, оған сәйкес Санкт-Петербург қаласының ұзақ мерзімді жоспарлау және қала құрылысы жобаларының бір бөлігі ретінде тек экономикалық және әлеуметтік даму саясатының шеңберінде қызметі тиімді болып табылады. Мәдени мұраны сақтау қалалық жаңару стратегиясының басты элементі болуы тиіс.

Кешенді сақтау принципі қадағалау және мемлекеттің қызметтерін үйлестіру жұртшылықпен әріптестік дамытуға мемлекеттік басқару сенімділігі мен үкіметтік емес секторды қамтиды. Қолда бар барлық ресурстарды пайдаланып, мұра объектілерін сақтау мақсатында пәнаралық,көп агенттік тәсілді ынталандыру қажет. Мұраны сақтау мақсаты ескерткіштерді қорғаумен ғана емес, сондай-ақ қала құрылысы және сәулет, экономика және индустриялық даму мәселелері үшін жауапты құрылымдар, қоршаған ортаны қорғау ,көлік,абаттандыру,жылжымайтын мүлік, тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету,құқықтық қызмет көрсету және т.б.

Егер әрбір қорғалған нысанға құрамында «шынайы» адамдар немесе арнаулы механикалық немесе автоматты қорғау жүйесі бар стационарлық немесе жылжымалы пост қондырылса, күзет жүйесінің шынайы (жеке) формасы болып қабылданады. Мұндай жүйелер қатарына өрт сөндіру жүйелері де кіруі мүмкін. Ескерткіш иесі немесе қадағалаушылары құрамында жұмыс істейтін мамандар жеке күзет қызметін атқаруына болады.

Анонимді күзет құру мағынасында арнайы техникалық құрал-жабдықтар арқылы қолдау көрсетілмейтін, бірақ ақпарат, ескерту және жауапкершілікті ескерткіш қолданушысына артатын күзет кейіпіндегі арнайы іс-шаралар жиыны түсініледі.Жалған немесе анонимді қорғаудың негізгі нысаны ретінде қауіпсіздік келісімін құруды санауға болады.

Адамдардан басқа табиғат факторлары да ескерткіштердің бұзылуына үлкен себебін тигізеді. Осыған байланысты, күзеттің екі формасы бар - қалпына келтіру және консервациялау. Қалпына келтіру және консерва-

циялау жұмыстарының жасалуын тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау органдарының сарапшылары қадағалайды. Сәулет ескерткіштерін сақтауды бірнеше бағыт бойынша бөлуге болады

- қалпына келтіру – сәулет ескерткіштерінде жүргізілетін ең қиын, комплекстік жұмыс түрі. Оның негізгі мақсаты – ескерткіштің өмірін ұзарту. Қалпына келтіру кейде консервациялау мен жөндеу жұмыстарымен бірдей, ескерткіштің түрін оның көркемдік қасиетін ашып көрсету үшін айтарлықтай өзгертуді де қарастырады;
- ескерткішті жөндеу – бұл ескерткіштерді қолдау үшін периодты түрде жасалатын қарапайым құрылыс әдісімен жүргізілетін жұмыс. Сонымен қатар ереже ретінде, ескерткіштің негізгі құрылысы мейлінше аз көлемде қозғалады. Жөндеу жұмысының негізгі түрлері – шатырды бояу және өзгерту, қабырғалар түсін өзгерту және т.б.;
- консервация, жөндеу практикасына кірмейтін арнайы шараларды қажет ететін ескерткішті сақтау жұмыстары. Мұндай жұмыс жүргізу қажеттілігі кейбір себептермен туындаған ескерткіштердің көңіл толдырмайтын жайы болады.

Соңғы жылдары, ескерткіштерді сақтау үшін басқа жолдарда қолданыла бастады.

Қайта құру сияқты осы әдістер танымалдығына қарамастан, қалпына келтіруден бас тартуда, ескерткіштер материалдық компонент болуы мүмкін емес.

Сонымен қатар, соңғы жылдары көбірек көңіл бөліп жатқан мұра ескерткіштерін жекешелендіру. Көптеген суретшілер жекешелендіріп ескерткіштерді мұра етіп сақтаған.

Табиғи қорғау, тарихи-мәдени, рекреациялық және экологиялық: бірегей бірқатар оны тағайындау үшін осы аумаққа қабақ танытқан дәрежелі өлшемдер төрт негізгі топтар сәйкестігі нәтижесінде анықталуы мүмкін.

1992 жылы археологиялық экспедициясының нәтижесінде ол әрқайсысы үшін қысқаша шот картасымен дайындалды, 1200 археология бірінші тізімге енді. Алайда, мұндай іс-шаралар жүйелі бейресми екенін атап өткен жөн.

А.В.Қонаевтың айтуынша, 1968 жылдан 1991 жылға дейінгі кезеңге арналған археологиялық мұраларды сақтау мемлекетте әр түрлі болды:

- табиғатты қорғау мақсаттарына арналған зерттеулердің ғылыми

қызығушылық үстемдігі;

- аумағында жүйелі зерттеудің болмауы;
- ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру жүйесінің болмауы, бухгалтерлік есеп және басқа да құжаттаманы біріздендіру;
- археологиялық мұра объектісінің барлық мүдделі тараптарының қарым-қатынасын реттейтін аймақтық нормативтік базасының болмауы;
- археологиялық мұра ұйымдастыру және сақтау барлық деңгейдегі биліктің кездейсоқ қатысуы.

Қойылған мақсаттарға жету үшін мекеме қызметтердің келесі түрлерін орындайды:

- ғылыми ізденіс және олардың ақпараттық қамсыздандыру;
- Автономды аймақтың тарихи-мәдениелік мұрасын сақтауды қамтитын нормативті-құқықтық актілерді құру мен экспертиза;
- Мұраны сақтау мен кадрлерді даярлау ортасында академиялық институттар, Жоғары оқу орындары мен басқа да ғылыми мекемелермен ғылыми байланыстарды ұйымдастыру.

Аймақтың табиғи мәдени мұрасын сақтауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру кезінде Орталықпен жиі жерді қолданушылардың мұраларды сақтау туралы заңды бұзушылығы анықталды.

### 3.2 МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МҰРА ӨҢІРДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Қазіргі кезде табиғи және мәдени мұраны сақтау мәселесі жалпы әлемдік болып саналады. Әсіресе бұл сұрақ Қазақстанда да өзекті мәселе болып отыр, өйткені 1990-шы жылдан бастап болып жатқан саяси және экономикалық өзгерістер мемлекет пен қоғам тұрғысынан мәдени құндылықтарды, табиғи мұраларды сақтауға деген назардың кемуіне әкеліп соқтырды. Қазіргі қоғамда мұраның ролі мен орнын зерттеу оны жаңа, кеңейтілген, табиғи және мәдени құрамдарды, материалды және рухани нысандар мен құбылыстарды жалпы ортақ әдіс тұрғысында біріктіру түсінігінде қарастыру қажеттілігін анықтайды. Қазіргі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайларда мұраны сақтау мәселесі оны жоғалтудың салдары тұнып тұрған жерлермен қатар, оларды сақтап қалудың нақты алғышарттары бар өңірлерге аударылады. Өңір әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде бес негізгі ішкі жүйелері арасындағы байланыстары ретінде көрсетілуі мүмкін:

- Жүйеқұрушы база;
- Жүйе баптау кешені;
- Экология;
- Халық;
- Нарық инфрақұрылымы.

Ресейлік кеңістікте дамып келе жатқан өңірлік мәдениетті мәдениеттің өмір сүруінің ерекше формасы ретінде зерттеу мәдениеттанушылардың, этнографтардың, саясаттанушылардың, өңіртанушылардың назараны өзіне қарай бұруда. Сонымен қатар өңір мәдениетін өңірлік мәдениеттен ажырата білген жөн. Өңірлік мәдениет – тек бір өңірге тән ерекше мәдениет, ал өңір мәдениеті өзіне жалпы (жалпыадамдық) сонымен қатар ерекше (бөлек) мәдениет арналарды қосады.

И.Я.Мурзинаның ойынша, сәйкес өңір мәдениеті – географиялық бекітілген, халықтық мәдениеттің негізгі бағасын таратады, тұрмыстық жөн-жосық пен тұрмыс сипаттамасының ерекшеліктерімен айырылады. Ал өңірлік мәдениет – жалпы халықтық мәдениеттің ерекше нұсқасы, функциялау сипатымен айырылатын, тұлғаның өзіндік типін құрастыратын, әлеуметтік және қожайындық-экономикалық байланыстардың өзіндік жүйесін құрастыратын және жалпыхалықтық мәдениетке жалпылай ықпал етеді.

Өңірлерді қорғаудың жолдарын оптимизациялау ретінде:

- Мұра ескерткіштерін өңірлік деңгейде таңдаудағы критерийлерін кеңейтілген формада жасау. Өйткені тіркелген және қорғалатын ескерткіштер қатарында үлкен рөл археология ескерткіштеріне бөлінеді, сондықтан назарды сонымен қатар басты орында ерекше қорғалатын табиғи аймақтар мен архитектуралық құрылыстар болатын табиғат пен мәдени ескерткіштеріне де бөлу қажет;
- Мұра ескерткіштерін сақтау мен қорғауға бағытталған конференцияларды көптеп өткізу. Өйткені мұра мәселесіне назар аударудың басты құралы, ол шығармашылық басылым. Сондықтан конференцияларды олардың қорытындысы басылым беттерінде шығарылатындай етіп өткізу қажет;
- Туристер назарын мұра ескерткіштеріне аудару қажет. Әрбір аумақтың табиғи-мәдени мұраны сақтаудың өз әдістері бар. Ең көп тараған түрі аумақтың туристік-рекреациялық ресурстары ретінде ұлттық және табиғи қорықтар құру болып табылады. Одан бөлек, туристердің назарын аудару ескерткіштерді қайта құру мен реставрацияға жұмсауға болатын ақша ағымдарын алуға әкеліп соқтырады.

Мәдени мұраны сақтау қызметін нәтижелі жүзеге асыру үшін аумақтарға бірігіп жұмыс істеуге азаматтық қоғам, бизнес-қауымдастық, ғылым, білім мен мәдениет институттарын шақыру қажет

Болашақ құрылыстар картосхемасы барынша дұрыс құру, өйткені регламенттелмеген құрылыстардың саны көп болғандықтан ескерткіштердің көп бөлігі бұзылып жатыр.

Ескерткіштерге техногенді ықпал ету мен аумақтың кейбір тұрғындары жағынан вандалдық әрекеттердің салдарынан табиғи және мәдени мұра ескерткіштерін реставрациялау мен консервациялауға бөліктелген рұқсатнамалар құру қажет.

Автономды аумақтарда құрылатын және орындалатын барлық іс шаралар мәдени жадыны сақтауға бағытталған. Жады адам өркениетінің дамуының басты қозғаушы күші мен кепілі болып табылатын сабақтастықты сақтайтын әлеуметтік дағдыны бұрынғы ұрпақтан болашақ ұрпаққа жеткізу механизмі болып табылады. Сондықтан жадыны сақтау жалғыз адамның сонымен қатар жалпы қоғам өмірінің негізгі және қажетті шарты. Тек қана көне емес, сонымен қатар этнографиялық мәдени нысандар да, қасиетті орындар да қорғалады. Әдетте оларды анықтау мен мемлекеттік қорғауға өткізу қызметтің бастамасы. Мәдени және табиғи мұра - қоғам дамуының маңызды компоненті, онсыз бір де бір мемлекет өмір сүре алмайды.

2008-2010 жылдары қазіргі заңға және 2007 жылы шыққан Үкіметтің қаулыларына сәйкес, біздің облысымызда 659 ескерткіш мемлекеттік қорғауға алынды. Соның тоғызы, атап айтқанда, Қобда ауданындағы «Абат-Байтақ» кешені, Байғанин ауданындағы Қарасақал, Дәуімшар кешендері, Сүндет атаның мавзолейі, Асан қожа кешені, Шалқар ауданындағы Тоқпан мавзолейі, Ақтөбе қаласындағы Кеңес Одағының батырлары Әлия Молдағұлова мен ұшқыш-космонавт Виктор Пацаевтың ескерткіштері және паравоз пішінді құрылыс-ғимарат – Теміржолшылардың мәдениет үйі республикалық дәрежеде қорғауға алынған.

Облыстағы қалған 650 ескерткіш жергілікті маңызы бар мұраларымыз. Бұл ескерткіштер облыс әкімінің ұсынуымен, Мәдениет министрінің келісімімен мемлекеттік тізімге енгізіледі. Өңірдегі қалған мыңнан аса ескерткіш әлі жалпы тізімде ғана тұр. Сол 1600-дің мыңнан астамы – археологиялық ескерткіш, 300-400-дейі – қала құрылысы сәулет өнері, 7-8 ансамбль бар.

Ескерткіш – ұлттық тарих пен мәдениеттің құнды жәдігерлері. Олар елдің өткенінен сыр шертетін халықтың байлығы ғана емес, тәрбие берудің құралы. Ақтөбеде осындай мәдени мұраларымыз қорғаусыз қалып, бұзақылардың мазағына айналып жатыр. Ескерткішті қорғау мен насихаттау мемлекеттік деңгейдегі шара болғанмен оған жергілікті билік пен тұрғындар барынша атсалысуы керек.

Өңірдегі аудандық, ауылдық әкімшіліктер тарапынан мемлекеттік жер телімдерін жалға беру алдында ол жерлерде археологиялық зерттеулер жұмыстарын жүргізу қағидалары орындалмай отыр. Соның салдарынан жалға берілген жерлердегі археологиялық нысандар көпшілік жағдайларда жойылып кетіп жатыр. Облыс аумағындағы жерлерді әртүрлі мақсатта пайдаланып отырған түрлі компаниялар бар. Олар жерді пайдаланбас бұрын археологтардың сараптамасын алуы керек. Бізде бұл талап орындалып жатқан жоқ. Компаниялар жер қатынастары басқармасынан жерге қатысты құжаттарын алады да, әрі қарай өз жұмыс тарын атқарады. Соның кесірінен қаншама қорған ысырылып кетіп жатыр. Мәселен, Кеңқияқтың маңындағы Тоқатөбе деген жерде, Жаңажолда, Хромтауда Қарабаз деген жерлерде қорғандар жойылған.

Үкімет тарапынан ескерткіштерді қатаң түрде қорғауға көңіл бөлініп отыр. Енді мәдени мұраларды бүлдіргендер үстінен қылмыстық іс қозғалатын болады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің осы жылғы жаңа редакциясында тарихи-мәдени ескерткіштерді қасақана жойғаны немесе оларға зақым келтіргені үшін 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру туралы жаза қаралған.

Тарихи құндылықтар мен ескерткіштерімізді қорғау, сақтау, қайта қалпына келтіру – біздің тарих алдындағы парызымыз бола бермек. Парызға берік болу – азаматтық, отаншылдық борыш.

### 3.3 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТАБИҒИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫ ТУРИЗМДЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДА- РЫ

Ақтөбе облысының экономикасында ішкі туризм тұрақты табысы аз сала. Табиғи және тарихи ресурстар секторы бойынша, маршруттардың, демалыс орталықтарының, бақылау орындарының жағдайын жақсарту қажет. Ақпараттық қамтамасыз ету шетел тіліндегі ақпараттар, маршруттың

кестесін, маршрутты ұйымдастырушылардың байланыс телефондарын және қалалық мәліметтер қызметінің телефондары болу керек. Бұл секторда нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, туристер ағынының деңгейін бақылау және анықтау. Сонымен қатар, көліктік, инфрақұрылымдық және кадрлық жағдайды жақсарту. Барлық секторлар Европа мен Азияны байланыстыратын жоспарланған көлік магистралінің Ақтөбе облысы аумағынан өтетінін ескеруі қажет.

Туризмді дамытудың негізгі шарттары – Орталық Азия аумағында туристік қызметтер нарығында бәсекеге қабілетті өнім құру. Ақтөбе облысының тартымдылығы – қазіргі қаланың европалық архитектурасы, тарихи және табиғи-ландшафты нысандары болып табылады.

Ақтөбе облысы туризмінің дамуы мен қалыптасуының әлсіз және күшті жақтарын талдау. Статистикалық мәліметтер, туристік фирмалар, облыстық өлкетану мұражайы, аудандық әкімшіліктер және басқада ұйымдардың ұсынған ақпараттары негізінде жүргізілген маркетингтік зерттеулер нәтижелері бойынша облыстың туристік кластерінің дамуының әлсіз және күшті жақтары, мүмкіншіліктері мен қауіп-қатерлеріне талдау (SWOT талдау) 5-кестеде келтірілген.

5 кесте

Туристік кластердің дамуына SWOT талдау

Күшті жақтары	Мүмкіндіктері
Тарихи, археологиялық, құлшылық етушілік және танымдық туризм объектілері.	Тарихи, экологиялық, рекреациялық мақсаттардағы әртүрлі туристік маршруттар ұйымдастыру.
Облыс аумағында өмір сүретін халықтардың мәдениетіндегі, салтындағы, дәстүрлеріндегі, сонымен қоса ұлттық асханадағы ерекшеліктер.	Туризм дамуын мемлекеттік деңгейде қолдау.
Көшпенділер өмірінің ұлттық стилі – көшпенділер мәдениеті.	Мультипликативті әсердің қалыптасуы.
Туризмді және демалысты біріктіру.	Туристік қызмет нарығының қатысушылары арасында серіктестік және коммерциялық қатынастардың кеңеюі.

Күшті жақтары	Мүмкіндіктері
Әлсіз жақтары	Қауіп-қатері
Туристік қызметтер нарығындағы облыстың белгісіздік және танымал жарнаманың болмауы.	Туристік саланы дамытудағы республиканың басқа облыстары жағынан бәсекелестік және қызмет көрсету нарығын жоғалту.
Қызмет көрсетудің әр деңгейіндегі қызметкерлердің нашар мамандануы.	Облыстағы туристік индустрия ішіндегі үйлестіктің болмауы.
Туристік қызметтерді іске асыруды және технологиялық жағдайларды дұрыс білмеуі. Туризмнің, демалудың және көңіл-көтерудің әртүрлі түрлерінің дұрыс дамымауы.	Мемлекет жағынан саланы дамытуға көрсететін қаржылық қолдауды жоғалту.

Ақтөбе облысында танымдық туризмді дамытуда үлкен орын алатын тарихи-мәдени ескерткіштер тобына жататындар облыс аудандарында шашыраңқы орналасқан (6-кесте). Сондықтан облыста танымдық туризмді дамыту қиындықтар туғызып келеді.

#### 6-кесте

#### Ақтөбе облысының жол инфрақұрылымын талдау

№	Туризм объектілерінің атауы	Туризм объектілеріне апаратын жолдар	Жолдың маңыздылығы және жағдайы
1	Дәуімшар, мавзолейі, сағана там, құлыптастар	Байғанин ауданы, Жарқамыс кентінен 37 шақырым	«Ақтөбе-Астрахань» бағытындағы республикалық маңызы бар Ақтөбе қаласынан 251 шақырым
2	Қарасақал некрополи XVII ғ. – XX ғ.	Байғанин ауданы, Жарқамыс кентінен 60 шақырым	«Ақтөбе-Астрахань» бағытындағы республикалық маңызы бар Ақтөбе қаласынан 251 шақырым

№	Туризм объектілерінің атауы	Туризм объектілеріне апаратын жолдар	Жолдың маңыздылығы және жағдайы
3	Асан-Қожа некрополи	Байғанин ауданы, Оймауыт кентінен 50 шақырым	«Ақтөбе-Астрахань» бағытындағы республикалық маңызы бар Ақтөбе қаласынан 251 шақырым
4	Сүндет мавзолейі XIX ғ.	Байғанин ауданы, Жарқамыс кентінен 38 шақырым	«Ақтөбе-Астрахань» бағытындағы республикалық маңызы бар Ақтөбе қаласынан 251 шақырым
5	Абат–Байтақ некрополи, мавзолей, құлыптастар	Қобда ауданы, Талдысай кентінен 12 шақырым	«Самара – Шымкент» бағытындағы республикалық маңызы бар Ақтөбе қаласынан 110 шақырым
6	Қобыланды батыр мавзолейі	Қобда ауданы, Қобда кентінен 105 шақырым	«Самара – Шымкент» бағытындағы республикалық маңызы бар Ақтөбе қаласынан 110 шақырым
7	Есет батыр мавзолейі	Алға ауданы, Бестамақ кентінен шығысқа 5 шақырым	«Самара – Шымкент» бағытындағы республикалық маңызы бар Ақтөбе қаласынан 40 шақырым
8	Алмат тамы мавзолейі	Ырғыз ауданы, Ырғыз кентінен 22 шақырым	«Самара – Шымкент» бағытындағы республикалық маңызы бар Ақтөбе қаласынан 401 шақырым
9	Қызылтам мавзолейі қирандылары	Ақтөбе қаласынан 56 шақырым	ауыл арасы жолдары
10	Есет Дәрібай мавзолейі	Шалқар ауданы, Аққайтым кентінен 40 шақырым	Ұсақ тас жолдары, жергілікті маңызы бар жолдар

№	Туризм объектілерінің атауы	Туризм объектілеріне апаратын жолдар	Жолдың маңыздылығы және жағдайы
11	Балғасын кешені	Шалқар ауданы, Талдықұм кентіне 15 шақырым	ауыл арасы жолдары
12	Тоқпан мавзолейі	Шалқар ауданы, Жаңақоныс кентінен 35 шақырым	ауыл арасы жолдары

Облыс аумағындағы ескерткіштерге неолит дәуірінің соңғы кезеңіне жататын Қосқұдық қонысынан табылған жыландар бейнесі, бір-біріне арналар арқылы қосылып жатқан дөңгелек терең ойық үңгімелер, сондай-ақ, Жем өзенінің жоғарғы ағысында Төлеубұлақ үңгірінен табылған символикалық белгілерді жатқызуға болады.

XIX ғасырдың 70-жылдарынан жүргізіліп келген экспедициялардың нәтижесінде және ғалымдардың пайымдауынша, облыстағы тарихи-мәдени сәулет өнерінің өрісі үлкен төрт топқа бөлінеді. Олар:

- Қобда-Елек бойы ескерткіштері;
- Солтүстік Арал аймағына жататын кесене-ғибадатханалар;
- Жем-Сағыз алабы аңғарларындағы қауымдар мен зираттар;
- Доңызтаудағы кесенелер тобы.

Осылармен қатар облыс жері республикалық, халықаралық маңызы бар табиғат ескерткіштерінен де кенде емес. Олардың зерттелмей, зерделенбей, қорғауға алынбай жатқаны әлі жетерлік. Европа мен Азияның түйіскен жеріндегі қолайлы географиялық аймақта орналасқан Ақтөбе облысы жердің асты мен үстінде кездесетін ескерткіштерінің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Бұл жерде эстетикалық экологиялық және ғылыми жағынан құнды, республикалық, халықаралық маңызы бар табиғаттың көркем орындары көп кездеседі. Облыстағы әрбір ауданның табиғи және тарихи-археологиялық туристік ресурстарын ескере отырып, туризмнің дамуын әрбір аудан үшін жекеше қарастыру керек. Осының негізінде, әр ауданға географиялық, экономикалық, туристік ресурстар жағдайын ескере отырып, туризмді дамыту жобаларын қарастыру керек. Қобда – Елек ескерткіштерінің тобы – XVIII ғасырдың басы мен XX ғасырдың аралығында салынған бейіттер кешенін құрайды. Оның ішінде Томпақ мешіті мен Бекқұл әулиенің қауымдарын атак керек. Бұл топ орта ғасырдағы сәулет өнеріне жатады, мұнда Абат – Байтақ, Қызылтам тәрізді

қауымдар бар. Абат – Байтақ қауымындағы құлыптастардағы жазуларға қарағанда, мұнда Кіші Жүздің негізінен табын (тарақты), кете, алшын, байбақты руларының адамдары жерленген.

Елек бойындағы ескерткіштердің құрылысына келетін болсақ, ондағы бейіттің басына құлыптас қойылады, ал қабірді жиектей тастан, не саз кірпіштен айнала қорған соғылады. Қойтас, сандықтас секілді сәулет үлгілері бұл өңірде кездеспейді. XIX ғасыр аяғында – XX ғасыр басында бұл беткейде мешіттердің құрылысы кеңінен қанат жайды.

Абат-Байтақ кесенесі – XIV ғ. соңы - XV ғ. бас кезінде салынған сәулет өнері ескерткіші. Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Талдысай кентінен оңтүстікке қарай 12 шақырым жерде Қобда өзенінің аңғарындағы Абат-Байтақ қорымында орналасқан. Абат-Байтақ кесенесі қалыпты қосқұмбезді шатырлы құрылыстардың тобына жатады және кейбір әдебиеттерде көрсетілгендей центрик емес порталды-күмбезді кесене. 8 және 16 қырлы өрімдердің біртіндеп күмбез ішіне қарай көтерілуі көрер көзге жеңілдік әкеледі. Бөлменің батыс және шығыс қабырғаларында арқалық ойықтар бар. Күмбез тұғырының сырты мен ойықтарын оймыштап әсемдеген. Абат-Байтақ кесенесі сәулет нақышы жағынан хорезмдік кесенелер мен XII ғ. аяғы - XVI ғ. бас кезіндегі Арслан, Текеш, Көк-Кесене, Кесене ескерткіштеріне ұқсайды. Абат-Байтақ кесенесі орналасқан қорым мемлекет қорғауына алынған. Біздің дәуіріміздің XIV-XV ғасырларына салынған Абат-Байтақ кесенесі туралы алғаш рет XIX ғасырда француз саяхатшысы Жозеф Кастанье құрған экспедициялық топ қорымда болып, мәлімет берген. Одан кейін XX ғасырдың 70-ші жылдарында тарихшы-ғалым М. Меңдіқұлов зерттеу жұмыстарын жалғастырып, 1979-1980 жж. С. Әжіғалиев басқарған экспедиция зерттеген. 1983 ж. жөндеу жұмыстары жүргізілген. Кесененің қазіргі сақталып тұрған биіктігі 14,5 м [2, 10-15 б.]. Солтүстік Арал аймағына жататын кесене – ғибадатханалар – Борсық құмы, Мұғалжар, Ырғыз алабы, Ырғыз - Өлкейік су айрығындағы көнеден қалған әр түрлі кесене – ғибадатхана құрылыстары көрнекілігімен көз тартады. Осында XV ғ. аяғында XVI ғ. басында салынған «Балғасын мұнарасы» мазары болған. Мүсірәлі, Нұрсейіт, Қарақұл, Қали, Назар, Омар, Жаныс, Кепер, Алмат Тобабергенұлының мазарлары күйдірілген және шикі кірпіштен салынған. Бұл ескерткіштерде орта ғасырлық дала сәулеті өнерінің дәстүрі сақталған. Облыстың шартарабында XVIII – XX ғасырларда салынған, шашыраңқы орналасқан басқа да мазарлар көп. Олардың ірілері, әрі сәулеттілігі жағынан көз тоқтатарлығы Ерболат әулие, Есет – Дәрібай, Мамай батыр, Мәні әулие, Қарабас әулие, Хан моласы тәрізді қауымдар.

Хан моласында Кіші жүздің ханы Әбілқайыр жерленген делінеді. Аталған қауым Өлкейік өзені бойында.

XVIII ғ. аяғы XX ғ. басы 200-ден астам ескерткіштерді қамтиды. Бұл зират Адайдың қырықмылтық бөлімінің батыры Дәуімшар (Есенеі) есімімен аталады. Аңыз әңгімелерге қарағанда мұнда қалмақтармен соғыста қаза болғандар жерленген. Дәуімшар қорымы дулыға тәрізді күмбездері бар тастан тілініп алған блоктар арқылы салынған. Әсіресе үш мазар ерекше көз тартады. Мұндағы «Мырза Мұрын» мазарының (1881-1882 жылдары) шеберлігі мүлде бөлек. Сондай-ақ шикі кірпіштен салынған үй там, сағана там мазарлары, қабір үстіндегі қойтастар да ерекше назар аудартады.

Доңызтаудағы кесенелер тобы – Үстірттің солтүстігі шет шыңы маңында орналасқан кесене – ғибадатханалар. Ол негізінен табындардың көктемгі және күзгі көш жолында жатыр. Доңызтау кесенелер тобы XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қалыптасқан. Мұнда ғибадатхана, тұрғын үй кешендері мешітпен қоса бой көтерген, тұрғылықты мекен, бейіттер де бар. Кесене терең де кең сайдың жарқабағында орналасқан.

Олардың ішінде Үлкен Жыбысқы, Ақсай (1, 2), Сүлікті, Ащыайрық, Беспай, Сұлтан ақын, Қайнар, Қошқар – Ата, Арыс әулие және т.б. ірі кешендер мен қауымдарды атап айтуға болады. Доңызтау дәстүрінде тасты тіліп салған ескерткіштер баршылық, олар әк тас, құм тастан, күйдірілген кірпіштерден өрілген. Кесене ескерткіштері (құлыптас, «қойтас», сандықтас, мазар, сағана там) композициялық құрылыс – безендірілуі жағынан қарапайым. Доңызтау тобы кесенелерінен сырттай терең генезис, архаизм айқын сезіледі.

Асан қожа қорымындағы сағана там XIX ғ. ескерткіші. Байғанин ауданы, Оймауыт ауылының оңтүстік-батыс тұсында 50 км жерде орналасқан. Қорым Жем өзені бойындағы 4,5 га жерді алып жатыр. Қорымда кірпіштен қаланған кесенелер, құймақ сағана тамдар, тас қоршаулар, сандықтастар, құлыптастар, қойтастар бар. Қорым құрылыстарына жоғары сапалы ойып, тесіп, қашап салынған бедерлер тән.

Қарақұл қорымы – 1860 жылдан мәлім. Байғанин ауданы, Дияр аулының солтүстік-батысында 45 км жерде. Таңба белгілеріне қарағанда Қарақұл қорымында Адай руының ұрпақтары жерленген. Ескерткіштерді осы әулеттің тас қашаушы шеберлері жасаған. Қорымның оңтүстік-шығыс тұсында түрлі бейіт құрылыстары: мавзолейлер мен сағанатамдар, қойтас, құлыптастар бар. «Қошқар мүйіз өрнек» бейнесі бұл аймақта сирек кезде-

сетін ескерткіш.

Қазіргі кезде Ақтөбе облысы туризмінің дамуында көптеген мәселелер туындап отыр. Олар:

- туристік және көліктік инфрақұрылымдардың жеткіліксіз дамуы;
- туризм ауқымы, сапа түрлері және туристер үшін ұсынылатын тұратын жерлердің талаптарға сай келмеуі;
- туристерге ұсынылатын қызметтердің төмен сапасы;
- көптеген мәдени және тарихи ескерткіштердің қанағаттанғысыз жағдайы, т.б.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасында 1978 жылы «Тарих және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы» құрылды. Бұл қоғамның құрылуына 1962 жылы Италияның Венеция қаласында қабылданған барлық елдер адамзаттың ортақ мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізу үшін сақтап, қорғауға міндетті деген «Венеция хартиясы» атты құжат себеп болған. Осы құжат негізінде 1976 жылы Кеңес Одағының заңы, 1978 жылы Қазақ ССР-нің Заңы қабылданды. Осы заңға сәйкес елімізде «Тарих және мәдени ескерткіштерді қорғау» қоғамдық ұйымы құрылды. Бұл қоғамдық ұйымның мыңдаған мүшелері болды. Зауыт-фабрикалардың жұмысшыларының барлығынан айына 15 тиыннан мүшелік жарна алынды. Сөйтіп, бұл қоғам 15 жылдай жұмыс істеп, Қазақстанда 25 мыңға жуық ескерткіш тіркелді. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы «Тарихи мәдени мұраларды қорғау және пайдалану» Заңы қабылданды. Бұрын «тарих және мәдени ескерткіштерді қорғау» дейтін болса, енді «тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану» мәселесіне баса мән берілді. Мұрамыз ретінде тек ескерткіштерді ғана емес бұрын айтылмай келген аңыздар, жыр-дастандар, күйлерді де қорғауға күш сала бастадық. Қазір республикада 30-35 мыңдай тарихи-мәдени мұра бар, оның 1600-і — Ақтөбе облысында тіркелген ескерткіштер.

Табиғи және мәдени ескерткіштерді қорғау мен қолданудың қазіргі бағытта бағдарлары табиғи-мәдени мұраны толықтай зерттеуге назар аударуды қажет екендігін көрсетеді, ол дәстүрлі мәдениет пен тарихи ландшафтың басқа да элементтерімен байланысты.

Ерекше назарды қорғалатын тарихи-мәдени аумақтарды құру алып отыр, олардың қатарына: тарихи қалалар, көшендер, тарихи шайқастар алаңы, тарихи жолдар, тарихи өнеркәсіптік аумақтар және т.б. Осындай аумақтар не қорық-мұражай формасында, немесе өзіне арнайы әкімшілік-аумақтық бірліктерді қосатын басқа да аумақтық құрылыстар формасында құрылуы керек. Кейде олардың қызметі аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы секілді мамандандырылуын анықтай алады. Мұра ескерткіштер экономикалық өмірдің белсенді жаңа құбылысы ретінде аумақтың арнайы ресурсы болып ұйғарыла бастады.

Соңғы жылдары тарихи мұраны бағалау жаңаша өтіп жатыр, бұрын ұмытылған есімдер мен тарихи оқиғалар қайтарылып жатыр, діни ескерткіштер қасиетті орындар қайта құрылып жатыр.

Кеңес үкіметінен кейінгі кезеңдегі басты бағыт-бағдарлардың ішінде жекелеген ескерткіштерді қорғаудан мұраның объектілерін, ол объект орналасқан орта мен мұраны сақтаушы ретінде адамды да сақтауды қамтитын жалпы табиғи-мәдени мұраны сақтауды ерекше айтып көрсетуге болады. Ол мұраның тек қана айрықша табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштерді емес сонымен қатар басқа да маңызды элементтер: халық мәдениетін, дәстүрлерін, қызметтерін, тарихи қалалық ортаны, ауыл құрастырымдары мен орналастыру жүйесін, этномәдени ортаны, табиғи ортаны және т.б. қамтитын жиынды қосады.

Мұндай бағыттар табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштерді іздеуде белсенді дами бастады. Әртүрлі аумақтарда ескерткіштерді инвентаризациялау жұмыстары бар тізімді көптеген жаңа объектілермен толықтырды. Олардың қатарына архитектурада, монументалды өнердің айрықша ескерткіштері ғана емес, сонымен қатар көптеген XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы архитектура құрылыстары өнеді. Айрықша назар архитектуралық немесе тарихи ансамбльдің бірлігіне аударылып отыр. Қазіргі мәдени дамудың тағы да бір маңызды бағыты – тарихи-мәдени аумақтардың жүйесін құру.

Халықаралық бірлестік мәдени мұрасы жағдайына және нағыз табиғи ортаның айрықша аумақтарын сақтауға ерекше назарды бұрыннан бөліп отыр. Айрықша бағалы және қорғалатын объектілердің халықтық тізімінен бөлек XX ғ. II жартысында мемлекет аралық бағдарлама аумағында мәдени ескерткіштері мен табиғи аумақтарды сақтау мен көмек көрсетуге тапсырма қойылды. Жалпы адамдық мағынадағы мұраның өзіндік рестрі ретінде 1972 жылы басталған бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғауға бағытталған ЮНЕСКО халықаралық конвенциясы құратын Бүкіләлемдік мұра нысандарының тізімі.

1990 жж. соңында табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштерің алғашқы жеке меншіктендіруі болды, қазіргі кезде, тарихи ескерткіштер мен жерлерді жалға алу мен сатып алу бағытында активті нарық құрылуда.

Мұндай стратегия тарихи қала мұрасын оның көпжақтылығында сақтауды, ландшафты сақтау, өнеркәсіптерді қазіргі әлеуметтік және экономикалық процестерге енгізуді ұсынады. Табиғи және мәдени мұраны сақтау мен қолданудың мамандандануында көрсетіледі. Одан бөлек, табиғи және мәдени мұра ескерткіштерін сақтау аумақтың туристік брэн-дін алға тартуда ерекше рөл атқарады. Өйткені, әдетте, аумақтың мұра ескерткіштері немесе көзге көрінер орындары туристердің ағылуына әкеліп соқтырады.

Осылайша, мұра бөлек қалалар мен аумақтардың әлеуметтік және экономикалық дамуының басты факторы. Ол осы арнайы ресурсты қолдану арқылы аумақтың дамуы мүмкін. Кейбір аумақтар үшін аумақтың тарихи-мәдени және табиғи байлығы олардың экономикалық және әлеуметтік дамуының нақты мүмкіндігіне айналады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бейсенова Ә.С. Қазақстан табиғатын зерттеу және физикалық география идеяларының дамуы (Ежелгі дәуірлерден бастап ХХ ғасырдың басына дейін). – Алматы: 1990.
2. Назарчук М.К., Сергеева А.М., Абдулина А.Г. Ақтөбе облысының географиясы. – Ақтөбе: «Принт – А», 2012. – 318 б.
3. Путеводитель геологических экскурсий // Научный ред. Баймагамбетов Б.К. – Ақтөбе: «Нобель», 2012. – 358 б.
4. Абдуллин А.А. Геология Казахстана. – Алматы, «Наука», 1981. – 303 с.
5. Сейітов Н., Жүнісов А.А. Қазақстан геологиясы. – Алматы, ҚазҰТУ, 2002. – 177 б.
6. Кушимова А.Г., Сергеева А.М., Конаров А.Ж. Современные рельефообразующие процессы в приэмбинском нефтеносном районе // Нефть и газ Казахстана. - 2004. - № 3. - С.23-27.
7. Султанғалиева Г.С., Ерофеева И.В. и др. История Актюбинской области. – Ақтөбе: 2006. – 698 с.
8. Сегедин Р.А. Рассказ о геологии Актюбинской области и богатствах ее недр. – Ақтөбе: 2002. – 106 с.
9. Ақтөбе энциклопедиясы. – Ақтөбе: «Отандастар-Полиграфия», 2001. – 312 б.
10. Назарчук М.К. Перспективы развития экологического туризма в Казахстане. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2001. - 80 б.
11. Агроклиматический справочник по Актюбинской обл. – Л.: гидрометеоиздат, 1994. – 27 с.
12. Баймухаметова Ж.У. К изучению флоры и растительности низовьев рек Тургая и Иргиза // ботанич. материалы. Т.15. – Алма-Ата: «Наука», 1987. – с.12-19.
13. Новикова А.Г., Стороженко Д.М. Краткая характеристика почв и земельных ресурсов Актюбинской обл. – Алма-Ата: «Наука», 1964. – 148 с.
14. Абдулин А.А. Геология Казахстана. – Алматы: «Наука», 1981. – 303 с.
15. Абдулин А.А. Геология и минеральные ресурсы Казахстана. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 400 с.
16. Сейітов Н., Жүнісов А.А. Қазақстан геологиясы. – Алматы: Қаз ҰТУ, 2002. - 177 б.
17. Сейтов Н. Тектоника плит и офиолитовые зоны Казахстана. – Алматы: «Наука», 1988. – 112 с.
18. Геологическое строение Казахстана /под ред. Г.Г. Бекжанова. – Алматы: Академия минеральных ресурсов Республики Казахстан, 2000. – 396 с.
19. Геологическое строение СССР и закономерности размещения полез-

- ных ископаемых. – Ленинград: «Недра», 1989. – 511 с.
20. Бакенов М. Қазақстанның минералды ресурстары. – Алматы: «Қазақстан», 1967. – 102 с.
21. Проблемы геологии и минералогии Западного Казахстана. – Алматы: «Наука», 1980. – 216 с.
22. Беспалов В.Ф. Геологическое строение Казахской ССР. – Алма-Ата «Наука», 1971. – 351 с.
23. Абдулин А.А. Геология Мугалджара. – Алма-Ата: «Наука», 1973. – 305 с.
24. Вопросы геологии и меденосности Мугалджар. – Алма-Ата: 1963 – 320 с.
25. Геологии СССР том XXI Западный Казахстан. Часть 1. Геологическое описание книга 1. – Москва: «Недра», 1970. – 312 с.
26. Геологии СССР том XXI Западный Казахстан. Часть 1 Геологическое описание книга 2. – Москва: «Недра», 1970. – 352 с.
27. Геологии СССР том XXI Западный Казахстан. Часть 2. Геологическое описание книга 2. – Москва: «Недра», 1970. – 231 с.
28. Сергеева А.М., Салықов Ғ.С. Ақтөбе облысы жер бедерінің қалыптасуы мен дамуының геологиялық, тектоникалық ерекшеліктері //Ақтөбе облысының географиялық даму мәселелері. Ғылыми-тақырыптық жинақ. – Ақтөбе: 2006. – 36-43 бб.
29. Вилесова Е.Н., Науменко А.А., Веселова Л.К., Аубекеров Б.Ж. Физическая география Казахстана. – Алматы: «Қазақ университеті», 2009.
30. Кубесова Г.Т. Природные предпосылки развития отдыха и туризма Актюбинской области // Актуальные вопросы теории и практики туризма: Сб. матер. респуб. научно-практ. конф. – Алматы: «Қазақ университеті», 1999. – 115-120 с.
31. Кубесова Г.Т. Природные достопримечательности Актюбинской области как объекты перспективного развития отдыха и туризма // Поиск – Изденіс. – 2003. - №4(2). С. – 91-94.
32. Кошим А.Ғ. Экологические аспекты современного геоморфогенеза в нефтедобывающих районах Западного Казахстана. – Алматы: 2010.
33. Айдарова А.З. Ақтөбе облысының геоморфологиялық ерекшеліктері //Ақтөбе облысының географиялық даму мәселелері. Ғылыми-тақырыптық жинақ. – Ақтөбе: 2006. – 29-35 бб.
34. Агелеуов Е.А. и.др. Легкие нашей Земли. – Актюбинск: 1992. – 110 с.
35. Хром Казахстана. – М.: «Металлургия», 2001. – 412 с.
36. Казахстан возможности инвестиций в минерально-сырьевой сектор. – Алматы: 1994. – 218 с.
37. Атлас Казахской ССР. Том 1. Природные условия и ресурсы. – М.: 1982.
38. Афанасьев А.В. Қазақстанның зоогеографиясы (сүт қоректілердің таралуы негізінде). – Алматы: ҚазКСР ҒА баспасы, 1960.- 259 бб.
39. Бекенов А.Б., т.б. Қазақстандағы киік: таралу жағдайы және қорғау проблемалары. Қазақстандағы зоологиялық зерттеулер. – Алматы: 2002.
40. Веселов В.В. Қазақстанның жер асты суларының ресурстарын гидрогеологиялық аудандарға бөлу және өңірлік бағалау: (1961-2002 жж. ішіндегі зерттеулер нәтижелерін талдау). – Алматы: 2002. - 438 бб.
41. Гаврилов Э.И. Қазақстанның фаунасы және құстардың таралуы. – Алматы: - 1999.
42. Естественно-научное обоснование создания особо охраняемой природной территории местного значения «Кобдинский» /Пояснительная записка. – ТОО «Экопроект». – Алматы: 2008. – 89 с.
43. Естественно-научное обоснование создания особо охраняемой природной территории местного значения «Кокжиде-Кумжарган» /Пояснительная записка. – ТОО «Экопроект». – Алматы: 2007. – 107 с.
44. Естественно-научное обоснование создания особо охраняемой природной территории местного значения «Оркаш» /Пояснительная записка. – ТОО «Экопроект». – Алматы: 2008. – 90 с.
45. Естественно-научное обоснование создания особо охраняемой природной территории местного значения «Мартүк» /Пояснительная записка. – ТОО «Экопроект». – Алматы: 2008. – 100 с.
46. Естественно-научное обоснование создания особо охраняемой природной территории местного значения «Эбита» /Пояснительная записка. – ТОО «Экопроект». – Алматы: 2007. – 85 с.
47. Естественнонаучное и технико-экономическое обоснования создания Иргиз-Тургайского государственного природного резервата. /Пояснительная записка. – ТОО «Экопроект». – Алматы: 2005.
48. Закон Республики Казахстан «Об особо охраняемых природных территориях» от 7 июля 2006 года № 175-III ЗРК.
49. Ключевые орнитологические территории Казахстана /Ред. С.Л. Скляр-ренко, Д.Р. Уэлш, М.Бромбахер. – Алматы: Ассоциация сохранения биоразнообразия Казахстана, 2008. – 318 с.
50. Ковшарь А.Ф., Давыгора А.В. Результаты российско-казахстанской экспедиции в Мугалджары и верхнюю часть бассейна Эмбы /Казахстанский орнитологический бюллетень. – Алматы: 2003. – С.32-34.
51. Ковшарь А.Ф., Давыгора А.В., Карпов Ф.Ф. Орнитологические наблюдения в Урало-Эмбинском междуречье (Темир, Сагиз, Уил, Б.Хобда) в июне 2006 г./Selevinia-2006. – Алматы: 2006. - С.63-81.
52. Красная книга КазССР. Ч. 2. – Алма-Ата: «Наука», КазССР, 1981. - 266 с.
53. Красная книга Казахстана. Т.1, Животные, Ч.1. – Алматы: «Қонжық»,

- 1996.- 327 с.
54. Об использовании законодательства Республики Казахстан, регулирующего отношения в области охраны природы /К парламентским слушаниям. – Актюбинское областное территориальное управление охраны окружающей среды. – Актөбе: 2006.
55. Отчет по анализу многолетних результатов режимных наблюдений на сети ГМПВ на территории Актюбинской области по состоянию на 31.12.2002 г. /Программа 047 «Мониторинг недр и недропользования». Книга 1. – Актөбе: ОАО «Актобегидрогеология», 2003.
56. Отчет по экологическому районированию территории Актюбинской области и входящих в нее эколого-географических районов. – Актөбе: ОАО «АктюбНИГРИ», 2004.
57. Петелина А.М. Актюбинская область //Общие природные и почвенные условия сельскохозяйственного производства областей Казахстана. Труды института почвоведения АН КазССР. Том 10. – Алма-Ата: – 1960. – С.15-30.
58. Предложения к программе развития особо охраняемых природных территорий Республики Казахстан на 2005-2010 гг. /Мирхашимов И.Х., Крайнюк В.Н., Устемиров К.Ж. и др. – Алматы: 2005. – 53 с.
59. Равнины и горы Средней Азии и Казахстана. – М.: «Наука», 1975. – С.190-209.
60. Схема размещения и развития особо охраняемых природных территорий Актюбинской области (1 этап). /Пояснительная записка. – ТОО «Экопроект». – Алматы: 2006. – 173 с.
61. Схема размещения и развития особо охраняемых природных территорий Актюбинской области (2 этап). /Пояснительная записка. – ТОО «Экопроект». – Алматы: 2007. – 80 с.
62. Технико-экономическое обоснование создания государственного природного заказника местного значения «Эбита» /Пояснительная записка. – ТОО «Экопроект». – Алматы: 2008. – 57 с.
63. Байғанин ауданы энциклопедиясы. – Ақтөбе: «NOBEL», 2008. - 459 б.
64. Қобда энциклопедиясы. – Ақтөбе: 2009. - 268 б.
65. Қарғалы ауданы: ғылыми-тарихи анықтама. – Ақтөбе, 2005. - 356 б.
66. Құрманбеков Б. Қобда ауданының тарихы. – Ақтөбе, 2015. – 256 б.
67. Ырғыз энциклопедиясы. – Алматы: «Дала» ЖШС, 2010 – 440 б.
68. Сағындықов Е.Н., Тәжібаев М.Қ., Нұрғалымова К.С. Ақтөбе қаласының тарихы (1869-1991). – Ақтөбе: 1998. – 162 б.
69. Тленшина Г.М., Султанғалиева Г.С., Абдоллаев Н.А., Абеннова Б.С. Из истории Актюбинской области. – Актөбе: 2006. – 278 с.
70. Самашев З. Некоторые замечания о проблемах петроглифоведения Казахстана // Арало-Каспийский регион в истории и культуре Евразии. – Актөбе: 2006. – С. 31-37.
71. Әжіғали С.Е., Тұрғанбаева Л.Р. Абат-Байтақ – Қазақ даласының інжу-маржаны/ Абат-Байтақ – жемчужина Казахской степи. – Алматы: 2004.- 32 с.
72. Ажигали С.Е. У берегов прикаспийской истории. – Алматы: Джулдас и компания, 2000. - 328 с.
73. Қобыланды батыр: аңыздар мен шындықтар тоғысында // Жауапты шығарушы Мырзабай Б.Б. – Ақтөбе: 2007. – 303 б.
74. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии: памятники Арало-Каспийского региона. – Алматы: Ғылым, 2002. - 652 с.
75. Әжіғали С.Е. «Кратер елінің» асыл мұрасы: көшпенді Арал-Каспий өңірінің тарихы мен мәдениеті туралы. – Алматы, 2006. – 64 б.
76. Батыс Қазақстан тарихы // Жалпы ред. басқарған Бисембаев А.А. Екі томдық. I том. – Ақтөбе: «Принт А», 2006. – 436 б.
77. Батыс Қазақстан тарихы. // Жалпы ред. басқарған Бисембаев А.А. Екі томдық. II том. – Ақтөбе: «Принт А», 2006. – 524 б.
78. Құрманбеков Б. Ақтөбе тарихы. – Алматы: «А-Полиграфия», 2014. – 152 б.
79. Оразымбетов С. Ырғыз. – Алматы: «Өлке», 1995. – 128 б.
80. Улицы города Актөбе: история и современность // под ред. Г.С. Султанғалиевой. – Актөбе: 2007. – 167 с.
81. Из истории Актюбинской области // под ред. А.П. Прусса. – Актюбинск: 1991. – 108 с.
82. Өлке тарихының өзекті мәселелері: Ізденістер, зерттеулер, тұжырымдар // Жауапты ред. Т. Төлепбергени. – Атырау: 2001. – 131 б.
83. Сагиндиков Е. Экономическое развитие города через призму восприимчивости реформ населением //Экономика Казахстана. – 1997. – №11-12. – С. 17-27.
84. Бекназаров Р.А. Мечети Северного Приаралья (конец XIX – начало XX вв.): историко-этнографическое исследование // Отан тарихы. 2007. № 2. С. 135–148
85. Бекназаров Р.А. Место захоронения Абулхаир хана: мифы и реальность в его определении // Казахстан-Спектр. 2008. № 2. С. 104–108
86. Бекназаров Р.А. Некоторые итоги систематизации материалов казахского шежире: на основе данных этнографических экспедиции // Отан тарихы. 2010. № 1. С. 195–200
87. Бекназаров Р.А. Т.Г. Шевченко и форт Карабутак: исследование на материалах Актюбинской этнографической экспедиции 2007 г. // Укра-

- на–Казахстан в современных международных отношениях и глобальных инновационных процессах. Сборник научных трудов. Киев, 2007. С. 497–507
88. Бекназаров Р.А. Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері / С.Е. Әжіғалидың жалпы редакциясымен. Монография. – Алматы, 2005. - 160 б.
89. Бекназаров Р.А. Новые данные о памятниках мемориально-культурной архитектуры на севере Арало-Каспия (бассейн реки Илек) // История и культура Арало-Каспия. Сб. ст. Вып.1 / Под общ. ред. С.Ажигали. Алматы, 2001. С. 184–195
90. Құрманбеков Б.Ж. Темір тарихы. – Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2011
91. Құрманбеков Б.Ж. Ырғыздың қилы тарихы. – Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2011
92. Құрманбеков Б.Ж. Батыс Қазақстанда сауданың дамуы (монография). – Ақтөбе: «Принт - А», 2008.

## АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЫЛНАМАСЫ

1869 жылы 14 мамырда Ақтөбе қаласы негізі алғашқыда әскери бекініс ретінде салынды. Бекініс құрылысын салуға Ақтөбе алқабының орталығындағы екі биік төбе ыңғайлы деп таңдап алынды.

1878 жылдан бастап Ақтөбеге алғашқы қоныс аударушылар орыс шаруалары келе бастады. Бастапқыда – 28 жануя келді. Бірінші көшелер – Крепостной, Гарнизон, Орынбор көшелері пайда болды.

1880 жылы Ақтөбе бекінісі Торғай облысының уездік қаласы Актюбинск болып аталды.

1880 жылдан бастап Ақтөбеде бірінші шағын май шайқайтын, жүн жуатын, тері илейтін 7-8 жұмысшысы бар зауыттар жұмыс жасай бастады.

1881 жылы 23 қаңтарда Ақтөбенің тұңғыш қалалық жоспарын Орынбор генерал – губернаторы бекітті. Жобаны архитектор Свинийский жасады.

1883 жылы қыркүйекте Ақтөбеде екі класстық орыс – қазақ мектебі ашылды.

1888 жылы 17 қазанда қалада орыс – қазақ қыздар училищесі, қазақ қыздары үшін 20 орындық интернат ашылды.

1891 жылы 25 мартта Ақтөбе бекінісі қала статусын алып, Ақтөбе уезінің орталығы болып бекітілді.

1893 жылы қаладағы бүкіл жылжымайтын мүліктерге, үй-жайларға, өндіріс орындарына есеп жүргізілді.

1894 жылы қаланы басқару үшін тұрғындардың қоғамдық басқармасының алғашқы депутаттары сайланды.

1896 жылдан бастап қала құрылысына қаржы бөлініп, алғашқы болып қалалық қасапхана салынды. Осы жылы аурухана ашылды. Оған бұрынғы уезд дәрігерінің пәтері берілді.

1901 жылы Ақтөбе арқылы өтетін Орынбор – Ташкент теміржолы салына бастады.

1903 жылы Ақтөбе паровоз депосы құрылды.

1910 жылы Ақтөбе қалалық банк ашылды. 1910 жылы қаладағы бірінші кинотеатр «Триумф» жұмыс істеді, кейін «Культфронт», «Пионер» аталады.

1913 жылы тұңғыш баспасөз органы «Актюбинский городской вестник»

журналы жарыққа шықты. Журналдың редакторы, шығарушысы В.И. Моценский болды. 1918 жылы 19 шілдеде «Актюбинский вестник» газетінің бірінші нөмірі шықты.

1918 жылы 27 қаңтарда қалада өкімет билігі большевиктер қолына көшті.

1923 жылы облыстық мемлекеттік архив құрылды.

1929 жылы облыстық тарихи өлкетану музейі ұйымдастырылды.

1932 жылы Ақтөбе облысы құрылды. Облыс орталығы Ақтөбе қаласы болды. Облыс құрамында 17 аудан болды.

1935 жылы қаңтарда Ақтөбе мұғалімдер институты ашылды.

1935 жылы қыркүйекте Ақтөбеде екі жылдық медициналық училище ашылды.

1937 жылы 8 шілдеде Ақтөбе педагогикалық училищесі ашылды. Алғашқыда 60 оқушымен сабақ басталады.

1937 жылдан бастап Ақтөбеде алғашқы екі қабатты үйлер – педучилище, поликлиника, мектеп ғимараттары салына бастады.

1939 жылы Қазақ драма театры құрылды.

1940 жылы Қазақстан қара металлургиясының тұңғышы Ақтөбе ферроқорыту зауыты салына бастады.

1941 жылы шілде - қарашада Ақтөбеде 312-атқыштар дивизиясы және 101-атқыштар ұлттық бригадасы құрылды.

1941 жылы II дүние жүзілік соғыс кезінде Ақтөбеге Днепропетровскіден «Большевик» артелі көшіріліп әкелініп, ол кейін «Актюбсельмаш» заводы болды.

1942 жылы авиажөндеу зауыты іске қосылды.

1942 жылы 7 мамырда Москвадан рентген заводы көшіріліп әкелінді, ол кейін «Актюбрентген» заводы болды.

1943 жылы Ақтөбе жылу орталығы бірінші өндірістік ток берді.

1943 жылы 22 қаңтарда Ақтөбе ферросплав заводы – Қазақстанның қара металлургиясының тұңғышы өнім бере бастады.

1945 жылы пединститутқа ақын Н.Байғаниннің аты берілді. 1958 жылы таратылды. 1966 жылдың маусымында қайта ашылып, Ақтөбе мемлекет-

тік педагогикалық институті өз қызметін бастады.

1948 жылы Ақтөбеде 6180 радио нүктесі болды.

1948 жылы Ақтөбе облыстық методикалық кабинеті негізінде мұғалімдердің білімін жетілдіру институты ашылды.

1950 жылы Ақтөбе мәдени – ағарту училищесі ашылды. Онда кітапхана ісі мен мәдени – ағарту жұмысы мамандықтары бойынша мәдениет қызметкерлері дайындалды.

1956 жылы қыркүйекте қалада автобус паркі ұйымдастырылды, онда алғашқыда 54 автобус болды.

1957 жылы 27 тамызда Ақтөбе хром қосындылары зауыты іске қосылды.

1957 жылы Ақтөбе кооператив техникумы ашылды.

1957 жылы Ақтөбе медицина институты ашылды.

1958 жылы қоғамдық негіздегі мәдениет университеттері облыстық мәдениет үйінде, теміржолшылар, металлургтер мәдениет үйлерінде жұмыс жасай бастады.

1959 жылы теміржолшылар клубының театр коллективі негізінде орыс жұмысшы театры құрылды. Кейін ол «халықтық» атағына ие болды. Ақтөбеде 1878 жылы – 488 адам, 1905 жылы – 8.5 мың адам тұрды.

1959 жылы Ақтөбеде 97 мың халық тұрды. 1989 жылы 254 мыңға жетті.

1960 жылдан бастап Ақтөбе телестудиясы жұмыс жасай бастады.

1962 жылы 3 мамырда Батыс Қазақстан өлкесі құрылды, оған Ақтөбе, Гурьев, Орал облыстары кірді. Орталығы Ақтөбе қаласы болды. Өлке 1964 жылы қарашада таратылды.

1964 жылы 13 қазанда Ақтөбеде облыстық орыс драма театры құрылды. XX ғасырдың 60-шы жылдарының екінші жартысынан бастап Ақтөбе қаласы өсіп, көркейе бастады. Тұрғын үйлер, мәдени – қоғамдық қызмет ету орындарын салу ісі, микроаудан құрылысы жедел жүре бастады.

1965 жылы «Спутник» магазині салынды.

1966 жылы Ақтөбе ауыл шаруашылығы техникумы жұмысын бастады.

1966 жылы 30 желтосанда республикадағы жалғыз «Космос» облыстық планетарийі жұмысын бастады.

1967 жылы «Октябрьдің елу жылдығы» атындағы Ақтөбе трикотаж фабрикасы іске қосылды.

1968 жылы «Октябрь» кинотеатры іске қосылды. Оған жылына 900 мың көрермен келген. Оған жоғары сапалы мәдени қызмет көрсететін кинотеатр атағы берілді.

1973 жылдан қалалық оқушылар сарайы жұмыс істеп келеді.

1973 жылы Ақтөбе қаласында Пролетар және Фрунзе қалалық аудандары құрылды. 1988 жылы шілдеде таратылды.

1974 жылы Ақтөбе жоғары азаматтық ұшқыштар училищесі ашылды.

1975 жылы 2 ақпанда сағатына 400 адамға қызмет ете алатын жаңа аэровокзал іске қосылды.

1976 жылы 17 ақпанда АЗХС Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

1976 жылы мамырда летчик – космонавт В.И.Пацаевқа ескерткіш орнатылды.

1977 жылы Октябрь революциясының 60 жылдығына арналған Радуга – 77 қалалық көркемөнерпаздар фестивалі өткізілді. Оардың 113-і лауреат атағына ие болды. Фестивальде Актюбрентген, металлуртгер мәдениет үйлерінің, мединституты көркем өнерпаздары ерекше өнер көрсетті. Ұлы Отан соғысының 40 жылдығына өткізілген фестиваль жеңімпазы «Әлия гүлі» халықтық ансамблі 1985 жылы Москвадағы Бүкілдүниежүзілік жастар мен студенттердің фестивалінің ашылу салтанатына қатынасты.

1980 жылы қалада 4 стадион, спорт сарайы, 2 жүзу бассейні, тир, 43 спорт залы болды.

1982 жылы 4 қаңтарда жүнді алғашқы өңдеу фабрикасы жұмыс жасай бастады.

1982 жылы 11тамызда қалада троллейбус линиясы іске қосылды.

1989 жылы Ақтөбеде 225 өнеркәсіп, азық – түлік, аралас товарлар дүкендері болды. 98 медициналық мекемелер – аураhana, поликлиника, дәріxана, профилакториялар жұмыс жасайды.

1992 жылы облыстық қазақ драма театры ашылды.

1997 жылы Ақтөбе облыстық драма театрына жазушы – драматург Тахауи Ахтановтың аты берілді.

1997 жылы маусымда «Альбион» резиденциясы ашылды.

1999 жылы 22 наурызда Батыс Қазақстандағы ең үлкен аланы он мың шаршы метр «Әлия» жабық базары ашылды.

1999 жылы «Нұрдаулет» мешіті мен сауда орталығы іске қосылды.

2000 жылы желтоқсанда Әбілқайырхан ескерткіші ашылды.

2003 жылы Мөңке биге ескерткіш орнатылды.

2003 жылы «Планета - Электроника» сауда орталығы ашылды.

2004 жылы сәуірде қаладағы ең үлкен «Колизей» мейрамханасы ашылды.

2005 жылы мамырда Ақтөбеге ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев келді. Облыстық ғылыми – әмбебап кітапханасында зиялы қауым өкілдерімен кездесу өткізілді.

2005 жылы Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұловаға ескерткіш орнатылды. Ескерткіш батырдың 80 жылдық мерейтойы күндерінде ашылды. Автор скульптор Б.Әбішев.

2006 жылы академик, композитор А.Қ. Жұбановтың 100 жылдық мерейтойы өткізілді. Мерейтой күндері А.Қ. Жұбановқа ескерткіш ашылды.

2006 жылы Ауған соғысында қаза тапқан жерлестерге арналған ескерткіш – құлпытас қойылды.

2007 жылы желтоқсанда КСРО халық әртісі, композитор Ғазиза Жұбановаға ескерткіш ашылды.

2007 жылы «Айна» сауда үйі жұмысын бастады.

2008 жылы Ақтөбе олыстық «Нұрғасыр» мешіті салынды. Мешітті Н.Ә.Назарбаев пен Д.А.Медведев ашты.

2008 жылы халық жазушысы Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романының әдеби кейіпкерлеріне арналған ескерткіш қойылды.

2008 жылы 14 желтоқсанда Әйтеке би Байбекұлына ескерткіш орнатылып, оны ҚР Премьер – министрі К.Мәсімов пен облыс әкімі Е.Сағындықов ашты.

2009 жылы «Бірлік пен келісім» атты сулы – жасыл бульвар демалыс орны ашылды.

2009 жылы қыркүйекте «Достық үйі» салынып бітіп, оны ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев ашты.

2009 жылы 10 қыркүйекте ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Ақтөбе облыстық теннистен балалар мен жасөспірімдер мектебін ашты. Мектеп халықаралық стандартқа сай 3га жерге салынған. 480 оқушы жаттығады.

2010 жылы 21қыркүйекте Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына арналып Ақтөбелік 46 Кеңес Одағының батырларына арналған «Батырлар аллеясы» салтанатпен ашылды.

2010 жылы тамызда Мега сауда ойын сауық кешені жұмысын бастады.

2010 жылы Облыстық диагностикалық орталық салынып, тұрғындарға медициналық қызмет көрсете бастады.

2010 жылы ҚР Тұңғыш Президенті атындағы саябағы ашылды.

2012 жылы мамырда облыстық балалар клиникалық ауруханасы ашылды. Ол 208 адамға арналып жаңа заманауи медициналық аппаратуралармен жабдықталған.

2012 жылы «Нұр Ақтөбе» шағын ауданы салына бастады.

2013 жылы ақпанда 200 дарынды балаларға арналған Назарбаев мектебі ашылды.

2013 жылы мамырда облыс әкімі А.Мұхамбетов ерекше жабдықталған емхана – «Дәру» оңалту орталығын ашты.

2013 жылы 30 желтоқсанда жазушы – драматург Т.Ахтанов пен ақын Қ.Шаңғытбаевқа ескерткіш ашылды.